ҒАЛЫМДАР
және олардың Исламдағы орны

www.al-hanifiya.kz редакциясы

Мазмұны

КІРІСПЕ

Расында, мақтаулар мен мадақтарға Аллаһ лайық! Оны дәріптейміз, әрі Одан жәрдем мен кешірім сұрап жалбарынамыз. Жанымыздың жамандықтары мен жаман іс-амалдарымыздан Аллаһқа сиынып, Одан пана тілейміз. Кімде-кімді Аллаһ тура жолға бастаса, онда оны ешкім де адастыра алмайды. Ал кімде-кімді адастырса, онда оны тура жолға салар ешкім жоқ. Біз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайық ешкім жоқ екеніне, Оның серігі жоқ, әрі Жалғыз екеніне куәлік етеміз, сондай-ақ Мұхаммед Оның құлы, әрі елшісі екеніне куәлік етеміз.

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер!» (Әли ʻИмран сүресі, 102-аят).

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар! Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардың (арасын үзуден) сақтаныңдар! Шәксіз, Аллаһ сендерді Бақылаушы» (Ниса сүресі, 1-аят).

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер! Аллаһ істеріңді оңғарып, күнәларыңды кешіреді. Сондай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол ұлы табысқа жетеді» (Ахзаб сүресі, 70-71-аяттар).

Одан кейін:

Шын мәнінде, ең жақсы сөз – бұл Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мұхаммедтің[1] жолы. Ең жаман амалдар – бұл дінге енгізілген жаңалықтар, ал әрбір дінге енгізілген жаңалық – бұл бид`а, ал әрбір бид`а – бұл адасушылық, ал әрбір адасушылық Тозақта.

Ғалымдар Исламда аса зор, өте маңызды орын алады, өйткені олар арқылы Аллаһ Тағала бұл дінді қорғайды. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Бұл білімді әрбір ұрпақтан әділеттілер[2] алып жүреді. Олар бұл білімді шектен шығушылардың бұрмалауынан, адасқандардың қоспалары мен надандардың түсіндірмелерінен сақтайды»*** (әл-Бәйхақи 10/209, әл-Хатыб 1/29. Бұл хадис көптеген жолдар арқылы жеткізіледі, әрі әрқайсысы бір-бірін күшейтеді. Бұл хадистің сенімділігін Ахмад, әл-Ләләкәи, хафиз Ибн ʻАбдул-Бәрр, әл-ʻУқайли, Ибн әл-Уәзир, әл-Қасталәни, әл-Әлбәни және ʻАбдул-Қадир әл-Әрнәут сияқты имамдар растады).

---

[1] Осы жерде және бұдан әрі пайғамбардың есімі аталған кезде "оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын" деген сөз қосылып айтылуы тиіс. Әрбір мұсылман адам Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) есімі аталған кезде дәл осылай айтуға міндетті. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Расында, Аллаһ та, Оның періштелері де пайғамбарға салауат жолдайды. Әй иман келтіргендер, оған салауаттар мен сәлем жолдаңдар!» (Әхзаб сүресі, 56-аят).

[2] Имам әл-Хатыб әл-Бәғдади айтқандай, ***«әділеттілер»*** дегеніміз – дінді бүкіл бұрмалаудан қорғап, тазалайтын хадис пен Сүннет біліміне ие адамдар. Қараңыз: "Тәфсир әл-Құртуби" 1/26.

Әһлю-Сунна имамы болған Ахмад ибн Ханбал (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын) былай деген: *"Әрбір заманда адасқандардан қиыншылықтар көрсе де, оларды тура жолға шақыратын білім иелерін елшілердің мұрагерлері еткен Аллаһ Тағалаға мадақтар болсын! Олар Аллаһтың Кітабы арқылы өлі жүректерді тірілтіп, Аллаһтың нұры арқылы соқырларды тура жолға бастайды. Олар қаншама Ібілістен жеңілген адамдарды тірілтіп, қаншама адасқандарды тура жолға бағыттады десеңші?! Олардың адамдар арасында қалдырған ізі нендей керемет, ал оларға қарсы сөйлеп, тіл тигізгендердің адамдар арасында қалдырған ізі нендей жаман! Олар шектен шығушылардың бұрмалауларынан, адасқандардың негізсіз пікірлері мен бид`а туын жоғары көтеріп, бүліктерді шырмауынан босатқан надандардың түсіндірмелерінен Аллаһтың Кітабын тазартады* (Қараңыз: "әр-Радду 'алә әз-занәдиқа уәл-жәһмия" 6).

Аллаһ Тағала Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне білім жоқ кезде ғалымдарға жүгінуді бұйырып былай деді:

«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар!»[3] (Нәхл сүресі, 43-аят).

Дегенмен мынадай сұрақ туындайды: «Аллаһ Тағала жүгініңдер деп бұйырған білім иесі кім, оны қалай танимыз?» Әрбір саналы мұсылман бір адамның ғалымдығының белгісі – оның ислами институтты бітіргендігі немесе дінге байланысты бірнеше мақала жазғандығы емес екендігін жақсы біледі. Өйткені тіпті дүниеуи ғылымдардың өзінде, мысалы медицина, физика, математика және т.б. жоғарғы оқу орнын бітірген әрбір түлек өз саласында ғалым бола бермейді ғой. Онда діни ғылымдар мен діннің өзі туралы не айтуға болады?!

Қазіргі таңда, мұсылмандар өзара көптеген келіспеушіліктерге түскеніне куә болудамыз, олардың әрбірі белгілі бір тұлғаны ғалым деп есептеп, оған сүйенеді, ал ол

---

[3] Аллаһ Тағаланың дініне келер болсақ, ол өз негізінде анық және түсінікті (мухкәм) болып табылады, бірақ адамдар оны біліп, түсінуде бір-бірінен ерекшеленеді. Адамдардың арасында бүкіл дінді толықтай анық (мухкәм) түсінетіндері бар, ал кейбір адамдар үшін діннің жартысы түсінікті да, екінші жартысы түсініксіз, ал басқалары үшін ол тіпті толықтай түсініксіз (муташәбих) болуы мүмкін. Аллаһ Тағала адамдарға белгілі бір мәселеде білімдері болмаса, әрі оны анық түсінуге шамалары жетпесе, онда ол жайында білім иелерінен сұрауды бұйырады. Шейх Салих Али Шейх былай деген: *"Құран мен Сүннетте анық (мухкәм) және анық емес (муташәбих) нәрселер бар екені мәлім. Сондай-ақ, мұндай нәрсе сахабалар мен ғалымдардың сөздері мен істерінде де кездеседі. Негізгі білімге ие адамдар анық емес (муташәбих) нәрседен анықты (мухкәм) айыра білумен және анық емес нәрсені анық мәселеге қайтарумен ерекшеленген. Егер де білім иелерінің осындай айрықша қасиеті болмағанда, онда әрбір адам білімді қамтып алуға мүмкіндігі болатын еді. Алайда, Аллаһ Тағала ғалымдар мен шынайы білім иелерінің орны айқын болуы үшін адамдарды мухкәм және муташәбих нәрселер арқылы сынайды"* (Қараңыз: "әл-Мәр'а әд-да'ия". Дәл осындай сөздерді шейхул-Ислам Ибн Тәймия да «Мәжму'ул-фәтәуә» 13/272-280 кітабында айтқан болатын).

болса түбегейлі қарама-қарсы көзқарастағы адам болып шығады.[4] Алайда ақиқат біреу-ақ, ол туралы Аллаһ Тағала былай деді:

«Ақиқаттан кейін адасудан басқа не бар?» (Юнус сүресі, 32-аят).

Имам әл-Қуртуби былай деген: *"Осы аяттан байқайтынымыз – не шындық, не адасу бар және үшінші нәрсе болуы мүмкін емес!"* (Қараңыз: "Тәфсир әл-Қуртуби" 8/336).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Менің үмметім жетпіс үш ағымға бөлінеді, олардың барлығы Тозақта, тек біреуінен басқа»***, – деді. Одан: *«Әй, Аллаһтың елшісі, олар кімдер?»*, – деп сұрағанда ол: ***«Олар – менің және менің сахабаларымның жолымен жүргендер»***, – деп жауап берді (Ахмад 4/102, Әбу Дәуд 2/503, әт-Тирмизи 3/367, Ибн Мәжәһ 2/479, әд-Дәрими 2/241, әл-Хәким 1/128. Хадистің

---

[4] Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтқандай, келіспеушіліктер (ихтиләф) үш түрлі болады:

Бірінші түрі – бұл құлшылықты орындау түріндегі келіспеушілік (ихтиләф тәнәуу`). Яғни, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір құлшылықты әртүрлі жасаған. Бұған шариғатта заңдастырылған түрлі сөздер мен істер жатады. Мысалы, Құранның оқылу түрлері. Бұл мәселеде сахабалар тартысып қалған кезде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: ***«Оқылудың екі түрі де дұрыс»***, – деп сөгіс айтты (Бухари 3/146). Сонымен қатар, бұл келіспеушіліктің түріне азан айтылуының түрлері, намазды ашатын дұғалар (ду`а истифтәх) түрлері, намаздағы отырыстар мен онда оқылатын зікірлердің түрлері, қауіп намаздарының түрлері және басқа да құлшылықтар түрлеріндегі келіспеушіліктер жатады. Құлшылықтардың бұл түрлерінің барлығы заңдастырылған. Соған қарамастан, құлшылықтардың кейбір түріне бір себептермен басқаларына қарағанда көбірек көңіл бөлінеді.

Екінші түрі – бұл бір-біріне қарама-қарсы келетін келіспеушіліктер (ихтиләф тәдод). Бұл бір-біріне мүлдем қарама-қарсы келген екі үкім. Мысалы: халәл мен харам, сунна мен бид`а.

Үшінші түрі – бұл түсініктегі келіспеушілік (ихтиләф әфһәм). Бұған мысал ретінде пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Бәну Құрайза елді мекеніне жетпейінше, сендерден ешкім `аср намазын оқымасын»***, – деген сөздерін әртүрлі түсінген сахабаларға Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы ешқандай сөз айтпағанын келтірсек болады (Қараңыз: "әл-Иқтида" 32-48).

Келіспеушіліктердің бірінші және үшінші түрі рұқсат етілген, ал екінші түрі тыйым салынған.

Діндегі қарама-қайшылықтар өз негізінде айыпталатын іс болып табылады, ал кең тараған: *«Менің үмметімдегі келіспеушіліктер – мейірім»* деген хадиске келер болсақ, бұл хабар имам әс-Субки айтқандай, ойдан шығарылған және ешқандай негізі жоқ болып табылады (Қараңыз: "әс-Силсилә әд-да'ифә уәл-мәуду'а" 58, 61).

Егер Аллаһ Тағала өзара тартысқа түспейтін адамдарды Өз мейіріміне алғанын айтып тұрса, онда қалайша келіспеушіліктер мейірім болмақ?! Аллаһ Тағала былай дейді:

«Алайда олар келіспеушіліктерін тастамады, тек оларға Аллаһтың мейірімі жауғандардан басқа. Міне, осы үшін Аллаһ оларды жаратты» (Һуд сүресі, 118-119-аяттар).

`Умар ибн `Абдул -`Азиз былай деген: *«Аллаһтың мейіріміне бөленгендер өзара келіспеушіліктерге түспес үшін жаратылған»*. Қараңыз: "Әхкәмул-Құран, 1/1072".

Ибн Мәс`уд: *«Келіспеушіліктер – бұл жамандық!»*, - деп айтқан (Қараңыз: Әбу Дәуд 1960. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растады).

Сонымен қатар, Аллаһ Тағала былай дейді: **«Не нәрседе талассаңдар да, оны Аллаһ пен елшіге қайтарыңдар! Егер Аллаһқа және Ахырет күніне иман келтірсеңдер. Бұл жақсырақ және соңы да қайырлы»** (Ниса сүресі, 59-аят). Имам әл-Музәни былай деген: *"Аллаһ тартыстарға сөгісін айтты да, келіспеушіліктер кезінде Құран мен Сүннетке қайтуды бұйырды. Егер де қарама-қайшылықтар діннен болғанда, онда Аллаһ Тағала оларды қайтармайтын еді. Сондай-ақ егер келіспеушіліктер Аллаһтың даналығынан болғанда, онда Ол Құран мен Сүннетке қайтуға бұйырмас еді"* (Қараңыз: "Жәми`ул-бәянил-`илм 2/910").

Тағы да Аллаһ Тағала былай дейді: **«Неге олар Құран туралы ойланбайды?! Егер де ол Аллаһ тарапынан болмағанда, олар оның ішінде көптеген келіспеушіліктер табатын еді»** (Ниса сүресі, 42-аят).

сенімділігін шейхул-Ислам Ибн Тәймия “Мәжму’ул-фәтәуә” 3/345, Ибн әл-Қайим “Мухтасар әс-Сауә’иқ” 2/410, имам әш-Шәтыби “әл-И’тисам” 1/189, хафиз әл-‘Ирақи “әл-Муғни ‘ан хамәлил-әсфәр” 3/199 және шейх әл-Әлбәни «Сахихул-жәми’» 5343 кітаптарында растады).

Имам әш-Шәтыби былай деген: *“Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)* ***«тек біреуінен басқа»*** *деген сөздерінен, біз ақиқаттың жалғыз екенін, әрі оның ішінде ешқандай қарама-қайшылықтың жоқ екенін түсінеміз. Егер де ақиқаттың ішінде қарама-қайшылықтар болғанда, ол* ***«біреуінен басқа»*** *деп айтпайтын еді”* (Қараңыз: “әл-И’тисам” 2/249).

Имам Мәлик былай деген: *“Аллаһпен ант етемін, ақиқат жалғыз ғана, сондай-ақ бір-біріне қарама-қайшы екі пікір бір уақытта дұрыс бола алмайды!”* (Қараңыз: “Жәми’ул-бәянил-‘илм” 2/82).

Сондай-ақ қазіргі таңда, біз Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған ғалымдарға деген құрмет пен лайықты қарым-қатынастың жоқтығына куә болып жүрміз. Ғалымдармен болған қарым-қатынастары негізінде, адамдар екіге бөлінеді: ғалымдарды шектен тыс ұлықтайтындар және ғалымдарды менсінбей, оларды жамандайтындар. Адамдардың ішінде «бүгінгі күні патшаларға ұнайтын нәрселерді ғана айтып даурығып жүрген ғалымдардың кесірінен мұсылмандар қорлық көріп жатыр», – дейтіндері де бар. Өкінішке орай, әһлю-Сунна уәл жәмә`а[5] ғалымдарын күпірлікте айыптайтындары да жоқ емес, олар Аллаһтың алдында айтқан әрбір сөзінің жауапкершілігін жете түсінбейді. Мысалы, кейбір надан адамдар түрлі сайттарда шейх Ибн Базды немесе әл-Әлбәниді талқыға салып, оларды адасушылық пен күпірлікте айыптауға батылы жетіп жүр. Дінге жаңалық енгізудің қарсыластары болған және дұрыс сенімнің (`ақиданың)[6] шығыстан батысқа дейін таралуына зор үлес қосқан адамдарды күпірлік пен адасушылықта айыптау – тек дінге жаңалық енгізушілер мен өз көңіл-қалауларына ергендердің ғана қолынан келеді!

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Мұсылман ғалымдарын күпірлікте айыптайтын надандардың опасыздығы туралы айтатын болсақ, бұл – айыпты істердің ең*

Имам Ибн Хазм былай деген: *«Аллаһ Тағала келіспеушіліктердің Одан емес екендігін атап өтті. Келіспеушіліктер күпірлік (дінсіздік) пен басқа да күнәлар сияқты болмыста ғана Аллаһтың қалауымен болып жатады»* (Қараңыз: “әл-Ихкәм, 5/64”).

[5] Шейхул-Ислам Ибн Таймия «әһлю-Сунна уәл-жәмә’а» термині туралы былай деді: *“Бұл Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін, сондай-ақ муһажирлер мен ансарлардың қатарындағы алғашқы буын өкілдерінің бірауызды келісіміне, әрі оларға шынайы түрде ілескендердің жолын мықтап ұстанатындар”* (Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтәуә” 2/375).

Ибн Тәймия тағы былай деді: *“Бид`а бөлінушілікпен (фурқа) байланысты, ал Сүннет бірлікпен (әл-жәмә‘а) байланысты. Міне, сондықтан айтады ғой: «әһлюс-Сунна уәл-жәмә’а» (Сүннет пен бірліктің жақтастары) мен «әһлюл-бид’а уәл-фурқа» (бид`а пен бөлінушілік жақтастары)”* (Қараңыз: “әл-Истиқамә” 1/42).

[6] Сенім (‘ақида) немесе ‘ақида негіздері – бұл адам сенетін, әрі «иманның алты тірегі» (әркәнул-иман) деп аталатын нәрсе. Иман - бұл Аллаһқа, періштелерге, Кітаптарға, елшілерге, Қиямет Күнге және тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына сену (Қараңыз: “әл-Иршәд иләә сахихил-и’тиқад” 9). Өз негізінде ақидаға жатпайтын, алайда мұсылман үмметінің имамдары кейіннен ‘ақида бөліміне еңгізген, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына тіл тигізбеу, мұсылман басшысына қарсы шықпау немесе дәрет алғанда шұлыққа мәсіх тарту сынды мәселелерге келер болсақ, оның себебі – аталған және соған ұқсас басқа мәселелерде адасқан ағымдардың пайда болуы (Қараңыз: “Шәрх люм‘атил-и‘тиқад” Салих Али Шейх).

ұлысы болып табылады. Сонымен қатар, осыны ең алғаш бастағандар - өз болжамдарына сүйене отырып, мұсылман имамдарын кәпір деп, дінде еш қате жібермедік деп есептейтін хауариждер[7] *мен рафидилер*[8]*".*[9] Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 35/100.

Адамдардың ішінде «ғалымдарсыз-ақ та өмір сүруге болады» деп есептейтіндері де бар. Олар 'Алидің мына сөзіне сүйенеді: *"Ақиқат адамдармен танылмайды, керісінше адамдар – ақиқат бойынша танылады".* Мұндай пікірді алға тартқан адамдар шынында, Құран мен Сүннетті ғалымдарсыз, өздігінше түсіне аламыз деп ойлайды ма?![10] Еш күмәнсіз, 'Алидің сөздері даналыққа толы, бірақ оны дұрыс түсіну керек. Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Шынында да, ақиқат бойынша адамдар емес, керісінше адамдар*

---

[7] Хауариждер – бұл мұсылман басшыларына сөзбен және қарумен қарсы шығатын, әрі мұсылмандарды үлкен күнәсі үшін күпірлікте айыптайтын ежелгі секталардың бірі. Олардың пайда болатыны туралы пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі көптеген хадистерінде хабарлап кеткен. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия мен хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Шынында, Ислам үмметіндегі ең бірінші бид`а мен бөліну хауариждердің бүлігінен басталды!"* Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" және "Тәфсир Ибн Кәсир"12/468.

Имам әл-Әжурри былай деген: *"Хауариждер Аллаһ пен Оның елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағынбайтын ең нашар қауым екендігіне әуелгі және кейінгі ғалымдар арасында ешқандай қарама-қайшылық болмаған. Олардың тұтқан оразалары, көптеген намаздары мен ынталы құлшылықтары – барлығы өздеріне ешқандай пайда бермейді. Тіпті, олардың ашықтан-ашық жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарғаны да пайда бермейді, себебі олар Құранды өз көңіл-қалауларына сәйкес тәпсірлейді! Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), тақуа халифтер мен сахабалар және олардың артынан тура ергендер бізді олардан сақтандырған болатын!"* (Қараңыз: "әш-Шәри'а" 1/21).

Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Хауариждер туралы кейбір салиқалы сәләфтардың айтқанынан артық не бар десеңші, олар мына аятағы адамдар – хауариждер деп түсіндірген:* **«Айт: "Сендерге амалдары бойынша зиянға ұшырағандардың хабарын берейін бе?" Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: "Рас жақсы іс істедік" деп ойлайды»** (Кәһф сүресі, 103-104-аяттар)**"**. Қараңыз: "әл-Бидайә уә-ннихая" 7/228.

Имам Әбул-'Алия былай деген: *"Мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлімінен кейін он жыл бойы мухкәм (анық, бірмағыналы Құран мен Сүннет мәтіндерін) оқып жүрдім, сонда Аллаһ Тағала маған екі ныгмет берді, алайда оның қайсысы жақсырақ екенін білмеймін: біріншісі, Ислам жолына салғаны; екіншісі, мені хауариж қылмағаны!"* Қараңыз: "әт-Табәқат әл-кубра" 7/113.

[8] Рафидилер – бұл тек 'Али ибн Әбу Талибтің ұрпағынан он екі имамды ғана мойындайтын ши`а-имамиялардың тармақтақтарының бірі. Олар 'Алиді ең жақсы сахаба деп есептейді. Олар сахабалардың көпшілігін пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін Құранды бұрмалаған екіжүзді деп есептеп, 'Айша анамызды зинақорлықта айыптайды. Имам Мәлик былай деген екен: *"Әбу Бәкрге тіл тигізген адамды қамшының астына алып сабау керек, ал 'Айша анамызға тіл тигізген адамды өлтіру керек!* Одан: *"Неге?"*, - деп сұрады. Сонда имам Мәлик: *"Себебі 'Айша анамызды зинақорлықта айыптаған адам Құранға қарсы келеді, Аллаһ Тағала айтады ғой*: **«Неге оны ('Айшаға айтылған ғайбатты) естіген сәтте: "Бұны, біздің айтуымызға болмайды. Аллаһ сақтасын! Бұл – ұлы жала", - деп айтпадыңдар? Аллаһ мұндайды мүлде қайта істемеулеріңді насихаттайды, егер мүмін болсаңдар»** (Нур сүресі, 16-17-аяттар)", - деп жауап қатты (Қараңыз: "әс-Саримул-мәслюл" 565).

Рафидилердің тағы бір жиеркеніште белгісі – адамдар өзінің шынайы сенімін (ақидасын) жасыруға рұқсат деп есептеуі. Өкінішке орай, қазіргі таңда бұл белгіні көптеген мұсылмандардың бойынан кездестіруге болады, олар бүгін бір сенімдемін десе, ертеңінен басқа сенімде екендігін айтады, ал ең соңында «пайда үшін шынайы сенімімді (ақидамды) жасырған едім» деп шыға келеді. Имам әш-Шәфи'и рафидилер туралы былай деді: *"Мен ешқашан дінге жаңалық еңгізу жақтастарының арасынан ши`а-рафидиялардан асқан өтірікшілерді көрмедім"* (Қараңыз: "Минһәжу-Ссунна" 1/39).

[9] Шарттарын (шурут) сақтамай, адамды Исламнан шығаратын (мәуәни') кедергілерді есепке алмай біреуді күпірлікте айыптау (такфир) өте үлкен күнәлардың қатарына жатады. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Мұсылманды күпірлікте айыптаған адам - оны өлтіргенмен тең!»*** (әт-Табәрани. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 6269).

*ақиқат бойынша танылады, дей тұрғанмен бәрі-бір де біз бұл ақиқатты адамдардан білеміз ғой" (*Қараңыз: "әл-И'тисам" 2/880).

Сондықтан, әрбір адам басқаларды ақиқат белгісімен бағалай алмайды, тек өзі ақиқатты білетін адам ғана бағалай алады!

Мұсылмандардың қазіргі таңдағы келелі проблеммаларының бірі – олар ғалымдардың кім екенін білмейді, әрі Исламдағы дәлелдің не екенін түсінбейді.[11] Олар ғалымнан ('алим) қарапайым ойшыл (муфәккир) немесе уағыздаушыны (хатыб) айыра алмайды, әрі түгелдей, бәрінен бірдей фәтуә[12] алады немесе өзінің көңіл-қалауына сәйкес келетінін іздейді. Имам Мәлик былай деген: *"Бір күні әр-Раби' қатты еңіреп*

Имам әл-Құртуби былай деген: *"Күпірлікте айыптау (такфир) – оның алдына көптеген адамдар келіп сүрінген қауіпті есік, ол есіктің алдында тек таңдаулылар ғана тоқтап, құтылды. Ал құтылумен не теңдесе алады!" (*Қараңыз: "әл-Муфхим" 3/111).

Имам Ибн 'Абидин былай деген: *"Күпірлік (куфр) – қауіпті нәрсе! Егер мен муміннің күпірлікке түспейтініне бір ғана ақтау тапсам, оны күпірлікте айыптамаймын" (*Қараңыз: "Фәтәуә-ссуғра" 4/224).

Хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр былай деген: *"Тек келіспеушілік болмаған нәрсенің негізінде ғана күпірлікте айыптау керек"* (Қараңыз: "әт-Тамхид" 17/22).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Күпірлікте айыптау жеке тұлғаның жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін, себебі әрбір қателік жасаған адам, бид`атшы немесе надан бола бермейді және әрбір адасушы адам, кәпір, пасық (фәсиқ) немесе тіпті жай күнәһар бола бермейді"* (Қараңыз: "Минһәжу-Ссунна" 5/250).

Ибн Тәймия тағы былай деді: *"Дәлел (хужжа) жеткізбейінше ешбір мұсылманға басқа бір мұсылманды күпірлікте айыптауына рұқсат етілмейді, тіпті қателессе де, адасушылыққа түссе де" (*Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 12/468).

Хафиз Ибн Хәжәр былай деген: *"Кімде-кімнің Исламы айқын болса, ол адам Исламнан дәл сондай айқын дәлелдің негізінде ғана шығады"* (Қараңыз: "Фәтхул-Бәри" 2/314).

Шейх Мухаммад ибн 'Абдул-Уәһһәб былай деген: *"Дұшпандарымның айтуы бойынша, мен өзімнің пайымдауларым мен кәпірлерді жақсы көргендігімнің негізінде немесе дәлел жетпеген надан адамдарды күпірлікте айыптайды екенмін-мыс. Мұның барлығы – үлкен жала, олар осы арқылы адамдарды Аллаһ пен Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолынан адастырғысы келеді!"* (Қараңыз: "Мәжму'у муәллифәт" 3/14).

Мухаммад ибн 'Абдул-Уәһһәб тағы былай дейді: *"Біз бүкіл ғалымдар бірауызды келіскен нәрседе ғана күпірлікте айыптаймыз, ал ол – екі куәлік (лә иләһә иллә-Лаһ, Мухаммад расулю-Лаһ)"* (Қараңыз: "әд-Дурару-ссания" 1/102).

Жоғарыда айтылған ғалымдардың сөздерінің бәрі күпірлікте айыптау (такфир) мәселесінің қауіптілігін көрсетеді, оның ішіне пасықтықта айыптау (тафсиқ) мен бид`ата айыптауды да (табди') жатқызуға болады. Әһлю-Сунна адамдары белгілі бір мұсылманның жасап жатқан нәрсесі күпірлік (куфр) екендігін айтып, дәлел жеткізбейінше, оны күпірлікте айыптамайды. Ал дәлел жеткізу құқығы – адамның білім деңгейіне байланысты болады.

Құран мен Сүннет әрекет пен әрекет етуші тұлғаның арасында айырмашылық бар екеніне нұсқайды, себебі әрбір күпірлік жасаған адам кәпір бола бермейді. Сондай-ақ, Исламның белгілі бір үкімін жоққа шығарушы мен ол үкімді қате тәпсірлейтін (тауил) тұлғаның арасында айырмашылық бар, өйткені бірінші адам кәпір да, екіншісі кәпір емес. Сонымен қатар, жалпы үкім мен жеке үкімнің айырмашылығы бар, мысалы, "Құран жаратылған" деген сөзді айтқан адам кәпір болатыны туралы ғалымдардың бірауызды келісімі (ижмә') бар, алайда бұған қарамастан, егер белгілі бір нақты мұсылман адам осындай сөзді айтатын болса, онда мұндай мәселені арнайы қарастыру керек. Бұл мәселені шейхул-Ислам Ибн Тәймия жақсы түсіндіреді: *"Кейбір мұсылман әмірлер «Құран – жаратылған және ешкім келесі өмірде Аллаһты көрмейді» дейтін жәһмилердің сөзін қайталаған болатын. Олар бұны адамдардың арасында таратып, өздерінің дағуатына жауап бермегендерді қинап жазалады, әрі оларды күпірлікте айыптады. Олар біреулерді тұтқынға алып, Құран – жаратылған деген сенімін мойындаттырмайынша оларды босатпайтын. Сондай-ақ олар тек осыны мойындағандарды ғана әкім етіп тағайындап, оларға қазынадан ақша бөліп көмек көрсетті. Бұған қарамастан, имам Ахмад Аллаһтан оларды Өз Мейіріміне алып, кешіруін тіледі. Өйткені, имам Ахмад оларды осылай істегенінің кесірінен Аллаһ елшісіне*

жылап отырды, әрі одан біреулер: “Басыңызға қайғы түсті ме?” – деп сұрады. Сонда ол: “Жоқ, алайда білімге ие емес адамдардан фәтуә ала бастады және Исламға өте қорқынышты нәрсе төніп тұр”, - деп жауап қатты (әл-Фәсауи 1/670, әл-Хатыб 1039).

Егер мың жыл бұрын өмір сүрген әр-Раби’, фәтуә беруге лайықты емес адамдардың фәтуә бергені үшін жылаған болса,[13] онда қазіргі таңдағы әрбір екіншісі әлдеқандай болып ғалымсымақтанып, мұсылмандардың жалпыға ортақ мәселелерін шешуді өз мойнына алған адамдар туралы не айтуға болады?! Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Шынында, адамдарға сондай уақыттар келеді: сол кезде өтірікшілерге сеніп, шыншылдарға***

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы келгенін түсінбейді деп есептеді. Олар пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген нәрсесін тікелей жоққа шығармайды, алайда олар мәтіндерді қате тәпсірлеп, осыған үйреткен адамдарға соқыр ерген болатын” (Қараңыз: “Мәжму‘ул-фәтәуә” 3/229-231).

Шейх Ибн ‘Усәймин былай деген: *“Ширк немесе күпірлік жасаған адамды мушрик, кәпір немесе малғұн (лағінеттелген) деп атауға рұқсат етілмейді, себебі бұл мәселенің үкімінің өз шарттары (шурут) мен тыйымдары (мәуәни’) болады. Белгілі бір адам өсімқорлықпен (әр-рибә) айналысса, біз оны малғұн (лағінеттелген) деп атамаймыз, себебі оған лағінеттің түсуіне кедергі келтіретін нәрселер бар шығар, мысалы надандық немесе күдік және т.б. Ширктің де мәселесі осындай. Біз ширк жасайтын белгілі бір нақты адамды мушрик деп атамаймыз, өйткені, мүмкін оған жақын жерде өмір сүретін ғалымдардың немқұрайлылығының кесірінен дәлел жетпеген шығар.* ... Өлген адамдардан бір нәрсе сұрау – ширк болып табылады, алайда ширк жасайтын жеке бір нақты тұлғаны, оған дәлел жеткені бізге белгілі болмайынша мушрик деп атауға рұқсат етілмейді”* (Қараңыз: “әл-Қаулюл-муфид шәрх Китаби-ттаухид” 29-30).

* Шейх ’Усәймин адамдарға дәлелді ғалымдар жеткізу керек екенін, әрі ғалымдардың немқұрайлылығы – адамды күпірлікте айыптауға кедергі болатын себептердің бірі болып табылатындығына нұсқайды. Ендеше бірде-бір ғалымы (‘алим) жоқ ТМД аймағы туралы не айтуға болады?!

Мұсылман адамды күпірлікте айыптау – бид`атшылардың бұлжымас белгісі болып табылады. Имам әл-Әсбәхани былай деген: *“Бір-бірін күпірлікте айыптайтын хауариждер, рафидилер мен қадарилер сияқты бид`атшыларға қарағанда әһлю-Сунна уәл-жәмә’а бір-бірін күпірлікте айыптамайды! Егер олардың жетеуі бір мәжілісте жиналса, олар міндетті түрде бір-бірін күпірлікте айыптағандықтан тарап кетеді. Олар яһудилер мен христиандар секілді, ол туралы Аллаһ Тағала былай дейді:*

«Яһудилер: “Христиандар тура жолға ілеспейді”, - деді, ал христиандар: “Яһудилер тура жолға ілеспейді”, - деді» (Бәқара сүресі, 113 -аят)” (Қараңыз: “әл-Хужжә”).

Такфир мәселесінде адамдар екі топқа бөлініп, шектен шықты. Біреулер тіпті Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кәпір деп атағандарды кәпір деп айтудан қорқады, мысалы яһудилер мен христиандарды. Ал басқалары қарама-қарсы жақта шектен шығып, өздерін басқа мұсылмандарды күпірлікте айыптауға құқылымыз деп есептей бастады. Жағдай соншалықты ушықты, тіпті жер бетінде өзін және бірнеше адамдардан басқалардың барлығын кәпір деп есептейтін адамдар пайда болды. Сондай-ақ олардың ойы бойынша, жер бетінде ислам жері (дарул-Исләм) жоқ.

Хузайфә Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айқанын жеткізді: ***«Шын мәнінде, мен сендер үшін Құранды оқитын, оның (Құранның) әдемілігі ол кісінің бойынан көрініп, Исламның жақтаушысы болатын адамнан қорқамын. Содан кейін ол Құранды арт жағына лақтырып қалдырады да, өзінің көршісіне қылыш ала жүгіріп, оны ширкте айыптайды».*** Хузайфә: *“Әй Аллаһтың пайғамбары, ол екеуінің қайсысы ширкке жақын: кінәлаушы ма әлде кінә тағылғаны ма?”* – деп сұрады. Сонда ол: ***«Жоқ, кінәлаушы»***, - деді (әл-Бухари “әт-Тарих” 297, Ибн Хиббән 81. Хадистің сенімділігін имам әл-Хайсами, хафиз Ибн Кәсир мен шейх әл-Әлбәни растады. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 3201).

Қазіргі кезде пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қорыққан құбылыстың орын алып жатқанын көріп жүрміз. Ақиқатқа еріп, кейін толықтай өз ақидасы мен мәнһәжын өзгерткен, әрі осы істеп жатқандарын дұрыс деп есептейтін қаншама адамдар бар десеңші?! Ақиқатқа еру – бұл керемет нәрсе, бірақ ең бастысы – сол ақиқатта қайтыс болу. Аллаһ Тағала бізді пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадисіндегі адамдардың қатарынан болудан сақтасын!

сенбейтін болады; сатқындарға тапсырып, сенімділерде күдіктенетін болады және сөз рууайбидаға беріледі». Адамдар: *«Рууайбида деген кімдер?»*, – деп сұрады. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Жалпыға ортақ үлкен мәселелер жайлы сөйлейтін ақымақ»*** (Ахмад 2/291, Ибн Мәжәһ 4036. Шейх Ахмад Шәкир мен шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді).

Біздің уақытымызда Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерінің ақиқаттығын, оның сөздерінің қалай айна қатесіз орындалып жатқанын көріп отырмыз. Дін туралы қарапайым білімі жоқ адамдар мұсылмандардың бүкіл әлемдік мәселелеріне шешуді мойнына алып жатқанын көріп те, естіп те жүрміз.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі қорыққан нәрседен бүкіл мұсылмандар қорқуға міндетті.

[10] Көптеген мұсылмандар «Сүннет» сөзінің шынайы мағынасын түсінбейді, әрі оны тек пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істеген сыртқы іс-амалдарымен шектейді. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Сүннет – бұл пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімі (ʻақида), сөзі мен ісі"* (Қараңыз: "әл-Хамәуия" 2). Біздің ізгі ата-бабаларымыздың түсінігі бойынша, «Сүннет» дегеніміз алғашқы ұрпақ мұсылмандарының ұстанған сенімі (ʻақида) мен жолы (мәнһәж). Хафиз Ибн Ражәб былай деген: *"Үмметіміздің имамдары «Сүннет» сөзінің астарында күдіктер мен көңіл-қалауынан аулақ болған пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен сахабалардың жолын меңзейтін. Кейіннен «Сүннет» сөзі Аллаһқа, періштелерге, Кітаптарға, елшілерге, Қиямет Күнге және тағдырға иман келтіру мәселесіндегі бұрмалаулардан тазарту мақсатында қолданыла бастады, сонымен қатар оған сахабалардың артықшылықтары және т.б. мәселелер кіреді. Сондай-ақ осы тақырыптарға байланысты жазылған кітаптар «Сүннет» атауын ала бастады. Бұл ғылымның «Сүннет» деп аталауының себебі – оның аса маңыздылығы еді. Кімде-кім осы кітаптардағы нәрселерге қарсы келсе, өзін қасіретке тастағанмен тең".* (Қараңыз: "Кәшфул-курбә" 1/320).

Біздің ізгі ата-бабаларымыз ақида мен мәнһәж туралы кітаптар жазып, оны «Сүннет» деп атады. Мәселен, олардың ішінде: имам Ахмадтың «Усулю-Ссуннасы», әл-Бәрбәһәридің «Шәрху-Ссуннасы», Ибн Әбу ʻАсымнің «Суннасы», ʻАбдуллаһ ибн Ахмадтың «Суннасы», Ибн Нәср әл-Мәруәзидің «Суннасы», Ибн Шәхиннің «Суннасы», әл-Хәлләләнің «Суннасы» және т.б.

Шынайы Ислам – бұл Сүннетке сай Ислам, міне, сондықтан өз заманының Сүннет имамы болған әл-Бәрбәһәри былай дейді: *"Біліңдер, Ислам – бұл Сүннет, ал Сүннет – бұл Ислам және екеуі бір-бірінсіз болуы мүмкін емес"* (Қараңыз: "Шәрху-Ссунна" 34).

[11] Қазақстан мұсылмандарына келер болсақ, негізгі аталып өткен мәселелерден басқа, араб елдерінде болған көптеген бүліктер, Қазақстанда Исламның алғашқы даму сатысында ене бастады, әрі мұндайға дайын емес мұсылмандар осы болып жатқан нәрселерді түсіне алмай дал болды. Қазақстанда білім мен ғалымның жоқтығын пайдаланып, түрлі ағымдар мен секталар өздерінің дағуаттарын бастап та кетті, соның ішіндегі ең қауіптісі – күпірлікте айыптау бүлігі.

[12] Көптеген мұсылмандар «фәтуә» сөзінің білмейді немесе бұл сөзді дұрыс түсінбейді. Олар ғалымдардың белгілі бір арнайы мәселеге байланысты жеке тұлғаға немесе аймаққа байланысты берген фәтуәсы мен діннің жалпы үкімдеріне байланысты айтқан сөздердің айырмашылығын біле бермейді. Сонымен қатар, кейбіреулер дін үкімдерін түсіндіру немесе ғалымдардың сөзін жеткізу – бұл фәтуә емес, тек дін үкімдерін жеткізу ғана екендігін түсіне бермейді. Фәтуә – бұл нақты белгілі бір шариғи мәселеге байланысты қойылған сұраққа атақты ғалымның дәлелге негізделген жауабы (Қараңыз: Ибн Хамдан "Сыфәтул-фәтуә уәл-муфти уәл-мустафти" 4).

[13] Фәтуә әрдайым дұрыс бола бермейді, әрі фәтуә беруге кез-келген адамның қақысы жоқ. Қазіргі кезде бүкіл әлем мұсылмандарының арасында бүлік туғызған фәтуәлардың бірі – бұл кәпір мемлекеттермен сауда-саттық қатынасын үзу, оның ішінде Америкамен бүкіл сауда қарым-қатынасын тоқтату қажеттілігі туралы фәтуә немесе митинглер мен ереуілдерге шығуға рұқсат етілгендігі туралы фәтуә. Бұл мәлімдеулердің қате екенін көптеген ғалымдар, соның ішінде Ибн Баз, Ибн ʻУсаймин, әл-Әлбәни, Салих әл-Фәузан, ʻАбдул-Мухсин әл-ʻАббәд, Салих әс-Сухайми, ʻАбдул-ʻАзиз әр-Ражихи және т.б. айтып түсіндірген болатын. Бұл мәселеге байланысты мына кітаптарды қараңыз: «әл-Фәтәуа әл-муһиммә фи табсырил-уммә» және «әл-Фәтәуә әш-шәрʻия фил-қадая әл-ʻасрия».

Мысалы, алдымен мұсылман басшысын кәпір деп айыптап, кейін оған қарсы шығу (хуруж); жиһәд мәселесі – ол қай жерде болып жатыр немесе болмай жатыр, я болмаса оны қашан бастау керек немесе қашан бастамау керек; күпірлікте айыптау мәселесі (такфир); адам өлтіру; өзгенің дүние-мүлкін иемдену және тағы басқа көптеген мәселелер.

Расында, ғалым емес, бірақ оны ғалым деп есептейтін адам өзі үшін, Ислам үшін және бүкіл мұсылмандар үшін өте ауыр зиян әкелуі мүмкін. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Шын мәнінде, мен өзімнің үмметім үшін оларды адасуға алып баратын имамдардан қорқамын!***» (Әбу Дәуд, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ, Ибн Хиббән, әл-Хәким. Хадистің сенімділігін имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизи, Ибн Хиббән, әл-Хәким, хафиз Ибн Кәсир және шейх әл-Әлбәни растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «Сахихул-жәми’» 2316).

Зияд ибн Худайр былай деген: *"Бір күні 'Умар ибн әл-Хаттаб менен: "Исламды не бұзатынын білесің бе?" – деп сұрады. Мен: "Жоқ", - дедім. Сонда ол былай деді: "Оны ғалымдардың қатесі, Аллаһтың Кітабы жөнінде екіжүзділердің таласы және адасуға алып баратын имамдардың шешімі бұзады"* (әд-Дәрими 1/71. Хабарды шейх ‘Абдул-Қадир әл-Әрнәут жақсы деп атады).

Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Адамдардың проблемалары – олардың ғалым деп санап жүрген надандардың (жәһил) кесірінен туындайды"* (Қараңыз: "әл-И'тисам" 1/145).

Имам Әбу Шәмә былай деген: *"Көбінесе адамдар белгілі бір наданды білімге ие, әрі тақуа деп есептеген кезде бид`аға ұрынады. Мұндай адамдар оның сөзіне құлақ асып, амалдарына қарап, оған ере бастайды, міне, осылайша олардың амалдары кері кетеді!"* (Қараңыз: "әл-Мә'рифә уә-ттарих" 1/670).

Тоқсан тоғыз адам өлтіріп, кейін тәубе жасағысы келген адам туралы оқиғаны еске алыңыздар! Ол білімге ие деп ойлаған, бірақ ол білімге ие емес бір кісіден өзінің жағдайын сұраған болатын. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Сендерге дейін өмір сүрген адамдардың ішінде тоқсан тоғыз жанды өлтірген бір кісі болды. Одан кейін ол жер бетіндегі ең білімді адамды іздей бастады. Оған бір монахты нұсқады және ол оған барып былай деді: "Мен тоқсан тоғыз адам өлтірдім, мен үшін тәубе бар ма?" Ол: "Жоқ!" – деп жауап берді. Сонда ол монахты өлтіріп, жүзге толтырып қойды. Алайда ол жер бетіндегі ең білімді адамды іздестіруін тоқтатпады, әрі адамдар оны бір ғалымға қарай сілтеді. Ғалымға барып: "Мен жүз адам өлтірдім. Мен үшін тәубе бар ма?" – деп сұрады. Сонда ғалым былай жауап берді: "Йә. Тәубе етушінің тәубесіне кім кедергі бола алады?!"***» (әл-Бухари 3480, Муслим 2766).

Тәубе жасағысы келген адамға тәубе етілмейді деген сөздің қандай зиян әкелгенін көріп отырмыз. Ол кісі өзінің күнәсін қайталады, тіпті сол жағдайда өліп кетуі де мүмкін еді ғой. Ал бізге белгілісі – амалдар тек оның аяқталуымен ғана бағаланады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Кейде адамдар Жаннаттың ісін істеп жүрген сияқты көрінеді, ал ол Тозаққа барады. Ал кейде адамдарға ол Тозақтың ісін істеп жүрген сияқты көрінеді, бірақ ол Жаннатқа кіреді. Шынында, амалдар – оның аяқталуымен бағаланады***» (әл-Бухари 6493).

Онымен қоса, әлгі білімі жоқ монах қате фәтуә шығарамын деп тіпті өзіне де зиян тигізді, бұл оның өлуіне түрткі болды!

Қазіргі кезде мұсылмандарды дүрліктіріп, араларына іріткі салу үшін бір ғана адам шығып, оны білімді деп санаса жетіп артады. Ол мұсылмандарды күпірлікте айыптағаны, әсіресе мұсылман басшыларға тиіскенінің өзі жеткілікті. Олар Құранның:

«Кім Аллаһтың түсіргенімен үкім етпесе, міне солар – кәпірлер» (Мәида сүресі, 44-аят) немесе:

«Олардың діндеріне ермейінше, яһудилер мен христиандар сірә сенен разы болмайды» (Бәқара сүресі, 120-аят) аяттарын өздерінше түсіндіріп, әрі оны жалынды сөздермен әдемілеп, қызбаланған күйде айтады. Сонымен қатар, мұсылмандарды қалай мазақ етіп, жәбір көрсетіп жатқаны туралы әсерлі әңгімелер айтып, адамдардың сезімдерімен ойнайды. Осылайша, олар мұсылмандардың арасына іріткі салып, адамдарды асығыс, алдын-ала ойластырылмаған әрекеттерге баруға итермелейді, ал бұл шариғатта қатаң тыйым салынған. Белгілі бір жағдайда не істеу керек екенін және жоғарыда айтылған аяттарды қалай дұрыс түсіну керек екендігін ғалымдардан сұрап алудың орнына, мұсылмандарды бос сөздермен әсерлендіреді. Көптеген мұсылмандар сондай уағыздаушыларға еріп, өз эмоцияларын басшылыққа ала отырып, жалғыз өзіне ғана емес, сонымен қатар бүкіл мұсылмандарға зиян әкелетін әрекеттер жасайды, оған мысал ретінде әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан жарылыстарды келтірсек болады. Біз ондай адамдардан былай сұраймыз: "Егер өз сезімдеріңде ойнайтын адамдарға соқыр еретін болсаңдар, онда ертең Дәжжәл келгенге не істейсіңдер? Аллаһ Тағала оған өлілерді тірілту, жаңбыр шақыру және тағы да басқа көптеген кереметтер көрсетуге мүмкіндік береді, ал ол болса, сол қасиеттер арқылы адамдарды азғырып арбайды. Міне, сондай уақыт болған шақта не істейсіңдер?" Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім Дәжжәлдің шыққанын естісе, одан қашсын, өйткені Аллаһпен ант етейін, бір адам өзін тақуамын деп есептеп оған келеді, содан соң оған көрсетілген кереметтерден кейін ол кісі оның ізінен еріп кете береді»*** (Ахмад, Әбу Дәуд. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 6301).

Мухаммад ибн Сирин былай деген: *“Дәжәл шыққан кезде, сен міндетті түрде өз көңіл-қалауына ергендердің оның ізінен ілескенін көресің”*[14] (*әл-Ләләкәи* 235. Иснады сенімді).

Жоғарыда айтылғанның, әрі қозғалып отырған мәселенің аса маңызды екенін ескерсек, ғалымдардың кім екенін, олардың белгілері қандай екенін білу үшін Құран мен Сүннетке қайтуымыз қажет. Себебі адамдар біреуді ғалым деп есептеп, алайда ол ондай емес адамдардың арбауына түсіп, адаспауымыз керек қой. Ұлы Раббымыз Аллаһ Тағала Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне түсініксіздік пен келіспеушілік туындаған шақта Өзіне және Өзінің пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүгінуге бұйырып былай деді:

«Не нәрседе талассаңдар да, оны Аллаһқа және Елшіге қайтарыңдар. Егер Аллаһ пен Ахырет күніне иман келтірген болсаңдар. Бұл жақсырақ, әрі нәтижесі хайырлы» (Ниса сүресі, 59-аят).

Шейх Мухаммад Әмин әш-Шәнқити былай деген: *“Аяттағы* **«не нәрседе»** *деген сөз – негіздердегі болсын, тармақтардағы болсын келіспеушіліктің бәрін қамтиды” (*Қараңыз: “Әдуәул-бәян” 1/333).

Мәймун ибн Миһран осы аят туралы былай дейді: *“Құранға қайтару – бұл Аллаһқа жүгіну, ал Сүннетке қайтару – бұл елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүгіну”* (Қараңыз: “әл-Ибәнә” 1/74).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *“Егер Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде бүкіл келіспеушіліктің түсіндірмесі болмағанда, онда Аллаһ Тағала келіспеушілік кезінде Құран мен Сүннетке жүгініңдер деп бұйырмас еді!”* (Қараңыз: “И’ләмул-муәқи’ин” 1/49).

---

[14] Ибн Сирин айтқаны ақиқат, себебі Дәжжәл шыққан кезде, оның ізінен хауариждер мен өз көңіл-қалауына ергендер ілеседі. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Менің үмметімнен шығыс жақтан адамдар пайда болады. Олар Құран оқиды, бірақ Құран оларды жұтқыншақтарынан әрі өтпейді! Олар әр ғасырда шығып, күл-талқан етіледі, әр ғасырда шығады, күл-талқан етіледі»***, - деп, осы сөзді жиырмадан астам мәрте қайталап былай деді: ***«әр ғасырда шығып, күл-талқан етіледі. Сөйтіп олардың әскерлерінің арасынан Дәжжәл шыққанға дейін осылай жалғасады!»*** (Ахмад 2/174, Ибн Мәжәһ 173. Хадистің сенімділігін хафиз әл-Бусайри мен шейх әл-Әлбәни растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «Сахихул-жәми’» 8171. Дәл осындай хадисті имам ән-Нәсаи 4103 да келтіреді, ал хафиз Ибн Хәжәр оны сенімді хадис деп атады).

Бұл хадисте «хауариждер біздің заманымызда жоқ, олар тек сахабалардың дәуірінде болған» - деген пікірді ұстанушыларға қарсы жауап айтылған. Бұл қате пікір, өйткені олар сол кезде де болған, қазір де бар, әрі Қиямет Күнге дейін болмақ. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген хадистерінде, хауариждер Дәжжәл көрінгенге дейін шығуын тоқтатпайтынын бізге хабарлады”* (Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтәуә” 28/495). Сонымен қатар, бұл хадистерде, Дәжжәл хауариждердің арасынан шығатынына нұсқау бар. Сондай-ақ, бұл хадистерде, Аллаһ Тағала жер бетінде бүлік пен бұзықтық тарататын хауариждерге ешқашан билік бермейтінін, әрі олар ешқашан ақиқатта тұрған адамдарды жеңе алмайтынына нұсқау бар! Осы хадистің түсіндірмесінде былай делінген: *“**«Күл-талқан етіледі»** деген сөздің мағынасы – хауариждер пайда болған сайын ақиқатта тұрған адамдар оларды (дәлелдің немесе қарудың көмегімен) жеңіп, үстемдік етеді дегенді білдіреді. Алайда хауариждерден бір топ адам қалып, уақыттың соңына таман Дәжжәлмен бірге шығады!”* (Қараңыз: хафиз әс-Суюти “Шәрху Сунән Ибн Мәжәһ” 1/233).

Осылайша, біз Исламның бастау алатын қайнарына қайтуымыз керек, әрі сәләфтар[15] мен осы үммет имамдарының пікірлеріне негізделіп, ғалымдардың кім екенін біліп алуымыз қажет!

Бұл еңбекте аса маңызды, әрі өте қажетті мәліметтер жиналған. Сондықтан, оларды дұрыс түсіну үшін бұл еңбекті ыждағаттылықпен мұқият оқып, оған біраз ой жүгіртуіміз қажет. Бұл тақырыпты түсінген көптеген мұсылмандар өздерін қызықтыратын сансыз сауалдарына жауап алады. Ғалымдардың шынайы белгілерін жақсылап меңгеріп алғаннан кейін, әрі қарапайым ойшыл мен нағыз ғалымның айырмашылығын түсінген соң мұсылман адам, Аллаһтың мейірімімен, дінді түсінуде кімнің ізінен ілесу керек екендігін, әрі ислам үмметінің жалпыға ортақ мәселелерін кім шешуге қақысы бар екендігін ұғып алады.

БІЛІМ МЕН ҒАЛЫМДАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Білімнің артықшылығы туралы

Білімнің ұлылығы мен артықшылығын көрсету үшін Аллаһ Тағала Өз пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білімін арттыруын тілеуді бұйырған аятты келтірудің өзі жеткілікті. Аллаһ Тағала былай дейді:
«“Раббым білімімді арттыр!”, - деп айт» (Таһа сүресі, 114-аят).

Хафиз Ибн Хәжәр былай деген: *«Бұл аятта білімнің артықшылығына нұсқау бар, себебі Аллаһ Тағала Өз пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білімнен басқа бір нәрсені арттыруын сұрауды бұйырған жоқ! Сондай-ақ, біз «білім» деп шариғат білімін айтамыз»* (Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 1/141).

Хузайфәдан жеткен хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Білімнің дәрежесі, құлшылықтың дәрежесінен артық, ал дін негізінде игілік жатыр»*** (әл-Хәким, әл-Бәззар. Сенімді хадис.«Сахихул-жәми‘» 4214).

Тағы да Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім мешітке жақсылық үйренуге немесе жақсылықты үйретуге келген болса, оған толық қажылық жасаған адамның сауабы жазылады»*** (әт-Табәрани. Хадистің сенімділігін имам әл-Хәким, хафиз әл-‘Ираки мен шейх әл-Әлбәни растады. Қараңыз: “Тахрижул-Ихъя” 2/317 және “Мәжмә‘у-ззауәид” 1/123).

Тағы да пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім білім іздену жолына шықса, қайтып келгенінше Аллаһтың жолында***[16]

---

[15] Сәләфтар – бұл басында пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі тұрған мұсылмандардың ең алғашқы үш ұрпағы.

[16] Көптеген мұсылмандар «фи сәбили-Лләһ» (Аллаһтың жолында) деген сөз тек жиһадқа қатысты деп қателеседі. Шынына келгенде, бұл сөзбен Аллаһ үшін жасалған кез-келген игі істі айтуға болады және бұған көптеген хадистер дәлел болады. Кә‘б ибн ‘Ужра былай деген: *“Бір күні Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларының арасында отырған кезде, олар таңертеңгісін өз үйінен нәпақа табуға шыққан төзімді, әрі қуатты жас жігітті көріп былай деді: “Оған қасірет болсын! Егер ол өзінің жастық шағы мен күш-қуатын Аллаһ Тағаланың жолында қолданғанда еді!” Бұл сөзге пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Егер өзінің жас сәбиін асырау үшін нәпақа табуға шықса, ол Аллаһтың жолында. Егер өзінің қартайған ата-анасын бағу үшін нәпақа табуға шықса, ол Аллаһтың жолында. Егер өзін асырау үшін нәпақа табуға шықса, ол Аллаһтың жолында. Егер ол көзбояушылық пен мақтаныш үшін шықса, онда ол шайтанның жолында»”*** (әт-Табәрани. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми‘» 1428).

болады» (әт-Тирмизи 2647. Имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизи мен шейх әл-Әлбани хадисті жақсы деген).

Имам әз-Зуһри былай деген: *“Аллаһтың дінін үйренуден асқан құлшылық жоқ”*. (Қараңыз: “Тухфәту талибил-‘илм” 24).

Білімнің артықшылығы туралы имам әш-Шәфи’и керемет сөздер айтты: *“Білімнің артықшылығы соншалықты, тіпті түк білмейтін адам да, өзін білімдімін деп есептейді және оны біреу «білімді» деп атаса қуанады. Ал надандықтың масқаралығы соншалықты, тіпті оған лайықты болған адамның өзі де ол сөзден аулақ болады және оны біреу «надан» деп атаса ашуланады!”* (әл-Бәйхақи “Мәнәқибу-Шшәфи’и” 155).

Білім – сөздер мен амалдардан бұрын

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Біл, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ, кейін күнәларыңның кешірілуін тіле!» (Мухаммад сүресі, 19-аят).

Имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында тарауларының бірін: «*Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!*» деп атап, дәлел ретінде осы аятты келтірді де, былай деді: «*Аллаһ Тағала бәрінен бұрын білімнен бастады!*» (Қараңыз: “Сахих әл-Бухари” 1/211).

Ибн әл-Мунир әл-Бухаридің сөздері туралы былай деді: «*Бұл жерде Бухари “амалдар мен сөздердің дұрыс болуының шарты – білім” деп айтпақшы болған*» (“Фатхул-Бәри” 1/211).

‘Али ибн Әбу Талиб былай деген: «*Білімсіз жасалған құлшылықтың хайыры жоқ, дұрыс түсінігі болмаған білімнің хайыры жоқ!*» (Әбу Хайсамә “Китабул-‘илм” 144, әл-Әжурри “Әхләқул-‘уләмә” 45. Иснады сахих).

Әл-Әзди былай деген: «*Бір күні мен Ибн ‘Аббәстан жиһәд туралы сұрағанымда, ол маған: «Саған жиһәдтан да жақсырақ нәрсе туралы хабарлайын ба?», – деді. Мен: «Әрине», – дедім. Сонда ол маған: «Мешіт соғып, онда адамдарды парыздарға, сүннеттерге, діннің фиқһына*[17] *үйрет!, - деп айтты*» (әл-Фәсәуи “әл-Мә’рифә” 3/503, Ибн ‘Абдул-Бәрр «әл-Жәми’» 1/31).

Имам Ахмадтан: “Егер адамда 500 дирһам болса, оны неге жұмсағаны дұрыс: жиһәдқа ма әлде білім іздедуге ме?”, – деп сұрағанда, ол былай жауап қатты: “*Егер ол адам сауатсыз болса, ол білім іздегені жөн*” (Қараңыз: “әл-Әдәбу-шшәр’ия” 2/40).

Ибн әл- Қайим былай деген: *“Білім – амалдардың имамы (әл-‘илму имәмул-‘амәл), ал амалдар – білімнің артынан еретін ізбасарлар”.*

Ол тағы былай деді: *“Білімсіз жасалған әрбір амал, оны жасаушыға пайда әкелмейді. Керісінше, бұл оған зиян әкеледі, бұл туралы ізгі ата-бабаларымыз былай дейтін: “Білімсіз құлшылық ететін адамның әкелетін зияны, оның пайдасынан да асып түсуі мүмкін”.*

Ол тағы да былай деді: *“Амалдардың қабыл болуы немесе қайтарылуы – олардың білімге сәйкестігіне немесе қайшы келгеніне байланысты. Егер амал білімге сай келсе, ол – қабылданады, ал егер сай келмесе – қайтарылады”* (Қараңыз: “Мифтаху дари-сса’ада” 83).

Дегенмен, «фи сәбили-*Лләһ*» сөзі арнайы бір нәрсені білдіретін кездері де болады, мысалы зекет беру керек болған адамдардың түрлерін баяндайтын аят. Ол жерде «фи сәбили-*Лләһ*» сөзі тек жиһәд пен қажылық турасында ғана айтылған. Сонымен қатар, кейбір ғалымдар оған білім талап ету жолын да қосқан.

[17] «Фиқһ» сөзінің тілдік мағынасы – бұл “түсіну”. Ал шариғаттағы мағынасы – “шариғи үкімдерді егжей-тегжейлі дәлелдерімен білу”. Қараңыз: “Шәрх әл-усул” 17.

Тек екі ғана басшылық бар – білімге еру немесе көңіл-қалауына еру және үшіншісі болуы мүмкін емес! Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһтан бір жол-жорықсыз, өз көңіл-қалауына ергеннен әрі адасқан кім бар?» (Қасас сүресі, 50-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді:

«Шынында, олардың көбісі білместіктен көңіл-қалауына еріп адастырады» (әл-Ән'ам сүресі, 119-аят).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Білімге ермеген әрбір адам, міндетті түрде көңіл-қалауына ереді!"* (Қараңыз: "әл-Әмру бил-мә'руф" 37).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *"Аллаһ Тағала амалдарды екіге бөлді және үшіншісі жоқ. Не Аллаһ пен Оның елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген нәрсеге еру, не көңіл-қалауына еру. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелмеген нәрсенің барлығы көңіл-қалауы*[18] *болып табылады"* (Қараңыз: "И'ләмул-муәққи'ин" 1/81).

Әбу Умәмәдан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Үш нәрсе қасірет болып табылады: сараңдыққа бағыну; көңіл-қалауына еру; адамның өз-өзімен таңырқауы»*** (әт-Табәрани 54/52, әл-Қада'и 325. Шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді).

Әбул-'Алия былай деген: *"Адамдардың арасында дұшпандық пен жек көрушілікті әкелетін көңіл-қалауларынан сақтаныңдар!"* (әл-Әжурри "әш-Шәри'а" 61).

Өкінішке орай, қазіргі кезде Құран мен Сүннетті басшылыққа алудың орнына, өз көңіл-қалауы мен эмоцияларын басшылыққа алатын мұсылмандардың саны өте көп! Мұсылман адам дін туралы бір нәрсе айтпастан бұрын немесе дінде бір нәрсені істеместен бұрын, ол туралы қажетті нәрселердің барлығын біліп алмайынша, сөйлемеу керек, істемеу керек, себебі білімсіз жасалған амал өзіне де, өзгеге де орасан зор зиян әкеледі. Расында, білімсіз амал ететін адам – қараңғылықта адасып жүрген адам сияқты. 'Умар ибн 'Абдул-'Азиз былай деген: *"Кімде-кім Аллаһқа білімсіз құлшылық етсе, онда ол пайдадан гөрі, зиян көп әкеледі"* (Ахмад "әз-Зуһд" 365. Иснады сенімді).

Ғалымдар мен білім ізденушілердің артықшылығы туралы

'Али ибн Әбу Талиб, Ибн Мәс'уд, Ибн 'Умар, Әбу Са'ид әл-Худри, Ибн 'Аббәс пен Хусейн ибн 'Алилерден жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Білім іздену әрбір мұсылманға парыз!»*** (Ибн Мәжәһ, әт-Табәрани, әл-Бәйхақи, Ибн 'Ади, Тәмам және басқалары. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 3913).

Ғалымдар – Аллаһ Тағала олардың дәрежелерін көтерген адамдар. Бұл туралы Құранда Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһ Тағала сендерден сондай иман келтіргендердің, білім берілгендердің дәрежелерін көтереді» (Мужәдәлә сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді:

---

[18] Осы сөздердің өзі-ақ «көңіл-қалауына еру дегеніміз – бұл тек адамға рахат әкелетін және тек адамға ыңғайлы нәрсе» деп анықтама беретіндерді жоққа шығарады. Шын мәнінде, бұлай анықтама беру қателік, себебі көңіл-қалауы – бұл білімге сәйкес келмейтін барлық нәрсе, тіпті егер құлшылыққа байланысты адамға қиындық әкелетін өте ауыр амал болса да!

«Былай де: «Білгендер мен білмегендер тең бола ма? Шын мәнінде, ақыл иелері ғана үгіт алады» (Зумәр сүресі, 9-аят).

Ғалымдар періштелермен бірге аталып өтеді, бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһ Тағала, періштелер және әділет үстінде тұрушы білім иелері, расында тым Үстем, Хикмет Иесі Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына куәлік берді» (Әли ʻИмран сүресі, 18-аят).

Имам Ибн Жәмә`а былай деген: *"Аллаһ Тағала Өзінен бастап, кейін періштелерді, кейін ғалымдарды атады. Бұның өзі ғалымдарға деген құрмет пен артықшылық ретінде жеткілікті"* (Қараңыз: «Тазкирату-ссами'» 27).

Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Бұл дүние және ондағы барлық нәрсе лағынеттелген,[19] тек үш нәрседен басқа: Аллаһты еске алу мен онымен байланысты нәрсе, ғалым және білім алушы»*** (әт-Тирмизи 2322, Ибн Мәжәһ 4113. Имам әт-Тирмизи және шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді).

Әбу Умәмә былай деген: *"Бір күні Аллаһ елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге болғанымызда екі адам туралы айтылды, олардың біреуі құлшылық етуші, ал екіншісі білімді еді. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Ғалымның жай құлшылық етушіден артықшылығы, менің сендердегі ең төмен адамның артықшылығындай. Шын мәнінде, Аллаһ, Оның періштелері, аспан мен жердегі барлық нәрсе, өз ініндегі құмырсқа да, судағы балық та, жақсылықты үйретуші адамға салауат айтады»"*** (әт-Тирмизи 2685, әл-Бәззар 133. Шейх әл-Әлбәни хадис жақсы деді).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Кімде-кім білім іздену жолына түссе, онда Аллаһ оған Жәннәтқа апарар жолды жеңілдетеді. Шынында, періштелер міндетті түрде білім ізденушіге разы болғанын білдіріп қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалым үшін міндетті түрде аспандағы, әрі жердегі бүкіл нәрсе, тіпті судағы балық та, Аллаһтан оның күнәларының кешірілуін тілейді! Ал ғалымның қарапайым құлшылық етушіден артықшылығына келер болсақ, оның артықшылығы – аспандағы толған айдың басқа жұлдыздардан артықшылығындай»*** (әт-Тирмизи 2682, Ибн Мәжәһ 223. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растады).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай дейді: ***«Сендерге білім ізденушілер келеді, сонда оларға: «Қош келдіңдер, сендерді Аллаһ елшісі бізге өсиет еткен еді», - деп айтыңдар да, оларды үйретіңдер!»*** (әт-Тирмизи 2651, Ибн Мәжәһ 247. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растады).

Әбу Дарда былай деген: *"Оқытушы мен оқушы игіліктерінде тең, ал басқа адамдарда игілік жоқ"* (Ибн ʻАбдул-Бәрр 1036).

---

[19] Бұл өмірдің лағынеттелуі мен жоққа шығарылуы дүниеуи игіліктер мен Аллаһтың кереметтеріне қатысты емес, себебі бұның барлығы Аллаһ Тағаланың Өз құлдарына көрсеткен мейірімі. Бұл игіліктер адамдарға тек пайда әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар Аллаһ Тағаланың ұлылығына дәлел болады. Бұл лағінет Аллаһтың бұйырғандарынан бас тарту, келесі өмірге немқұрайлы қарау және дүнеуи құндылықтарды Аллаһтың разылығы үшін жинамау сияқты адамдардың әрекеттеріне қатысты (Қараңыз: "Сайд әл-хатыр" 1/27).

‘Али ибн Әбу Талиб былай деген: *“Ғалым, күндерін оразамен өткізіп, түндерін намазбен өткізетін адам мен мужәһидтен (жиһәд жасайтын адам) де жақсырақ”* (әд-Думяты “әл-Мәтжуру-ррабих” 1/16).

Хасан әл-Бәсри былай деген: *“Ғалымдардың сиясы шәһидтердің қанынан да ауыр”*[20] (әл-‘Ажлюни “Кәшфул-хафә” 2/262).

Әбул-Әсуәд былай деген: *“Білімнен асқан ұлы нәрсе жоқ! Патшалар халықтарды басқарады, ал ғалымдар патшаларды басқарады!”* (әд-Думяты “әл-Мәтжуру-ррабих” 1/17).

Білім мен білім иелерінің артықшылықтары туралы имамдар көптеген кітаптар жазған, сондықтан осы тақырыпқа байланысты аяттар мен олардың тәпсірін, хадистер мен олардың түсіндірмесін, сондай-ақ бұл мәселеге байланысты айтылған сөздерді жинау үшін имамдарға өте көп томдық кітап жазуға тура келді.

Ислам дінінде ғалымдардың өте маңызды орын алатындығы туралы

Зайд ибн Әсләм Құрандағы:

«Біз қалағанымыздың дәрежесін арттырамыз» деген аят туралы былай деді: *“Бұл білім! Аллаһ Тағала кімді қаласа, осы дүниеде білім арқылы оның дәрежесін көтереді”* (Ибн Әбу Хатим 4/1335. Сенімді хабар).

Әбу Дардадан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді***: «Шынында, ғалымдар пайғамбарлардың мұрагерлері, ал пайғамбарлар болса, өздерінен кейін динар да, дирһам да қалдырмаған еді, олар тек білімді мұра етті. Кімде-кім бұл білімді алса, онда ұлы сыбағаға қол жеткізді»*** (Әбу Дәуд 3641, әт-Тирмизи 2682. Хадистің сенімділігін Ибн Хиббән, әл-Қанәни мен шейх әл-Әлбәни растады).

Саһл ибн `Абдуллаһ әт-Тустури былай деген: *“Кім пайғамбарлардың жиналысын көргісі келсе, ғалымдардың жиналысына қарасын, өйткені ол ғалымдар арқылы пайғамбарлар туралы біліп алады”* (Қараңыз: «Тәзкирату-ссәми’» 35).

Суфьян ибн `Уәйнә былай деген: *«Ең жоғары дәрежедегі адамдар – Аллаһ пен Оның құлдары арасында тұратындар, ягни пайғамбарлар мен ғалымдар»* (Қараңыз: «Тәзкирату-ссәми’» 36).

Ғалымдардың Исламдағы орны мен адамдардың оларға деген мұқтаждығы туралы имам әл-Әжурри керемет сөздер айтты: *“Сіздер қараңғы түнде қауіпті жол туралы және адамдар онсыз адасып кететін жарық туралы не ойлайсыздар? Сонда Аллаһ оларға, жолдарын көрсететін жарық берді, ал адамдар онымен аман-есен жүріп кетті. Алайда кейін біреулер келіп, ол жарықты алып қойды да, адамдарды қараңғылықта қалдырды. Олар туралы не ойлайсыздар?! Міне, адамдар арасындағы ғалымдар да дәл сондай. Адамдардың көбісі өздеріне жүктелген міндеттерді қалай орындау керегін мен тыйым салынған нәрселерден қалай аулақ болу керегін, әрі Аллаһқа қалай құлшылық ету керегін білмейді, сондықтан олар ғалымдарға мұқтаж. Ал қашан ғалымдар қайтыс болса, адамдар қараңғылықта адаса*

[20] Кейбір мұсылмандар осы сөзді пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты деп келтіреді. Шындығында, бұл сөздер – Хасан әл-Бәсридің сөзі, ал пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзі ретінде бұл әлсіз болып табылады. (Қараңыз: имам Ибн әл-Жәузи “әл-‘Иләл” 1/80). Сондықтан бұл сөзді хадис ретінде жеткізуге болмайды, бірақ оны имам Хасан әл-Бәсридің сөзі ретінде айтуға рұқсат.

бастайды. Ғалымдардың өлімімен білім жоғалып, надандық жайылады. Расында, біз Аллаһқа тәнбіз, әрі Оған қайтарыламыз, олардың өлімінен артық қандай қайғы бар десеңші?!” (Қараңыз: “Әхләқул-‘уләмә” 28-29).

Ал ғалымдарға көңіл бөлмей, оларсыз-ақ өмір сүре аламын дейтендерге келер болсақ, олар құрыды! Имам Ибн әл-Мубәрак былай деген: *“Ғалымдарға көңіл бөлмеген, Ахырет өмірін жоғалтып алды”* (Ибн ‘Асакир 32/344).

Сәһл ибн `Абдуллаһ әт-Тустури былай деген: *“Адамдар өз басшылары мен ғалымдарын құрметтеп жүре берсе, игілікте болады. Егер адамдар оларды құрметтесе, Аллаһ олар үшін екі дүниені де реттейді. Ал егер адамдар оларға көңіл бөлмей қойса, олар өзінің екі дүниесін де бүлдіріп алады” (*Қараңыз: “Тәфсирул-кубра” 5/260).

Шынайы білім – бұл ғалымдар

Ибн Ләбид былай деген: *“Бір күні Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге кейбір нәрселер туралы айтып болып:* ***«Бұл білім жоғалған кезде болады!»*** *- деді. Сонда мен оған былай сұрақ қойдым: “Егер Құранды біздің өзіміз, балдарымыз және немерелеріміз оқып жатса, онда білім қалайша жоғалмақ?!”. Бұған пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Анаң сенен айырылып қалсын, әй Ибн Ләбид! Яһудилер мен христиандар да Тәурат пен Інжілді оқымай ма, алайда олар не пайда алып жатыр?!»*** *- деп жауап берді”* (Ахмад 4/218, әт-Тирмизи 2653, Ибн Мәжәһ 4/48. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни мен шейх Муқбил растады).

Осылайша, біз кейбір адамдардың: «Араб тілін үйреніп алсаң болды немесе бір кітапшаны оқысаң: ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін; шындықтың қай жерде екенін және кімнің дәлелі күштірек екенін біліп алуға болады» деген сөздерінің анық адасу екенін түсінеміз! Шынайы білім – бұл ғалымдар, тілді білу мен кітаптарға ие болу емес. Құрайыштар `Утбәны пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөйлесуге жібергені туралы оқиғаны келтірсек жеткілікті болады. `Утбәны тыңдап болған соң, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған «Фуссыләт» сүресінің алғашқы он үш аятын оқиды да, келесі аятпен тоқтады:

«Егер де олар бет бұрса, (оларға) айт: “Мен сендерді ‘Ад және Сәмудпен болған азаптармен ескертемін”» (Фуссыләт сүресі, 13-аят).

Құрайыштарға қайтып келіп `Утбә былай деді: *“Мен оған сендердің айтқан нәрселеріңнің барлығын жеткіздім”.* Олар: *“Ол саған бір нәрсе деп жауап берді ме?”* – деп сұрады. `Утбә: *“Қағбаны көтерген Аллаһпен ант етемін! Ол бізді `Ад және Сәмудпен болған азаптармен ескерткенінен басқа ешнәрсені де түсінбедім”*, - деді. Олар болса: *“Саған өкініш болсын! Ол сенімен араб тілінде сөйлессе де, түк түсінбедің бе?”* – деді. Ол: *“Жоқ. Аллаһпен ант етемін, мен оның азап туралы айтқанынан басқа ешнәрсе түсінбедім”*, - деді (‘Абд ибн Хумәйд 1141, Әбу Я’лә 101. Хадистің барлық жеткізушілері сенімге лайықты).

`Утба араб тілін өте жақсы білгеніне, әрі Құрайыш тайпасынан шыққанына қарамастан, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оқып берген аяттарын түсінбей қойды. Егер араб тілін білу, шындықты түсіну үшін жеткілікті болғанда, онда ғалымдырдан еш пайда болмас еді және Құран мен Сүннетті түсіндірудің қажетілігі туындамайтын да еді. Егер араб тілін білу ғана жеткілікті болғанда, онда оны білетін адамдар шындықты естіп, бірден қабылдайтын еді. Ең

бастысы – бұл Аллаһ Тағала Өзінің ықыласты құлдарына беретін дұрыс түсінік. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Біз Құранды еске алу үшін жеңіл еттік, бірақ еске алатындар бар ма?» (Қамәр сүресі, 17-аят).

Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Аллаһ Тағала бізге Құранды тілімізге жеңіл қылып, оны түсінуді қалайтындарға жеңілдетті" (*Қараңыз: "Тәфсир Ибн Кәсир" 4/264).

Имам Хатыб әл-Бәғдади былай деген: *"Білім – бұл дұрыс түсінік пен мәліметке ие болу, хабарлардың көптігі емес!*[21]*"* (Қараңыз: «әл-Жәми'» 2/174).

Имам әз-Зәһәби былай деген: *"Білім – бұл көптеген хабарлар емес, алайда ол Аллаһтың жүрекке салатын нұры, ал оның (білімнің) шарты – бұл оның артынан ілесу және бид`аттар мен өз көңіл-қалауларынан қашу"* (Қараңыз: "әс-Сияр" 13/323).

Білім – бұл үзілмейтін тізбек. Оны Аллаһ Тағала Жәбрейілге жеткізді, ал ол өз кезегінде пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірді. Дәл солай, пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны өз сахабаларына, ал олар тәби`индерге жеткізді. Міне осылайша, білім бүгінгі күнге дейін ұстаздан шәкіртке, ауыздан ауызға жалғасып келеді. Имам әл-Әсбәхани былай жазған еді: *"Шын мәнінде, жаңалық енгізушілердің әрбір тобы өздерін пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына еретіндігін мәлімдейді. Ал шынына келетін болсақ, олар Аллаһ та, Оның елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рұқсат етпеген нәрселерді дінге енгізді. Аллаһ Тағала бұны жоққа шығарды, өйткені Ол шындық пен дұрыс `ақиданы тек хадис ғұламалары мен сәләфтардың жолында ғана болатындай етті. Себебі олар өз діндері мен `ақидаларын сәләфтардан алушы еді, осылай ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Олар осыны таби`индерден, ал таби`индер сахабалардан, ал сахабалар пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабылдап алды!"* Қараңыз: "әл-Хужжә" 2/233.

Имам әл-Әуза'и былай деген: *"Ғалымдар білімді ауыздан ауызға беріп келгенше, білім өте құрметті еді. Ал ол кітаптарға түскен кезде, лайықты емес адамдардың қолына түсті".*[22] *(*Қараңыз: әс-Сияр" 7/114).

Имам Ибн Жәмә'а былай деген: *"Басында білім талап етуші тек кітаптарға ғана сүйенуден сақ болсын. Кез-келген білімді оқып-үйрену кезінде ол білімді ең жақсы оқытатын, басқаларға қарағанда оны жетік меңгерген, әрі өзі үйренген кітапты ең жақсы білетін адамға сүйенсін"* (Қараңыз: «Тазкирату-ссами'» 113).

Дегенмен, бұл айтқандарымыз Исламда кітаптың ешқандай ролі жоқ, ол ешқашан бағаланбайды дегенді білдірмейді, олай деуден аулақпыз. Хадис және сахабалар мен имамдардың сөздері келтірілген сенімді, әрі көпшілікке танымал кітаптарға сүйену рұқсат етіліп қана қоймайды, сонымен қатар олар дәлел ретінде жүреді. Ибн Бурһан «әл-Әусат» кітабында былай жазады: *"Барлық ислам фәқиһтері хадиспен амал ету үшін хадисті жеткізушіден тікелей есту міндетті емес деп есептейді. Егер көшірме (кітап)*

[21] Яғни білім – бұл жаттап алған нәрселердің мөлшерінде емес.

[22] Имам әл-Әуза'и айтқаны ақиқат, себебі біз қазіргі таңда діннің негіздеріне байланысты қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайтын адамдардың өздері оқып алған кітаптардың негізінде (мысалы, шейхул-Ислам Ибн Тәймияның «Мәжму'ул-фәтәуә» сияқты ауыр кітаптарын оқып алып, тіпті не оқығанын өздері де түсінбей) мұсылмандарды күпірлікте айыптайды немесе діннің қиын мәселелеріне қатысты фәтуә беретінін көріп, куә болып жүрміз.

сенімді болса, оған сәйкес амал етуге рұқсат етіледі, тіпті ол тікелей автордың өзінен естімесе де” (Қараңыз: «Шәрх әт-Тақриб» 49).

Имам әл-‘Изз ибн ‘Абду-Ссәләм «Жәуәбу суәл» кітабында былай дейді: *“Фиқһтің сенімді, әрі берік кітаптарына келер болсақ, оларға сүйеніп, сілтеме жасаудың рұқсаттығына біздің кезіміздегі ғалымдар бірауыздан келіскен, себебі иснадпен жеткен хабарлар секілді бұлар да сенімге лайық. Сондықтан адамдар грамматика, тілтану, медицина және басқа да ғылымдардағы танымал кітаптарға сүйенеді. Олардың бұлай істеуінің себебі – бұл кітаптар сенімге лайықты, әрі фальсификациядан аулақ”.*

Құран аяттарына тәпсір мен хадистерге түсіндірме жазу арқылы біздің үмметтің имамдары білімді осылайша бекітіп, сақтады. Бұл туралы Әнәс ибн Мәлик пен ‘Абдуллаһ ибн ‘Амрдан жеткен хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп бұйырады: ***«Білімді жазу арқылы бекітіңдер!»***[23] (әл-Хәким, әт-Табәрани. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 4434).

Шынайы ғалымдар ең маңызды нәрседен бастайды

Ғалымдар өзінің дағуатын ең басты нәрседен – таухидтен бастайды! Сонымен қатар шынайы ғалымдар дінді үйреткен кезде негіздер мен ең оңай нәрселерден бастап, кейін бірте-бірте күрделірегіне көше береді.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Бірақ тәрбиелеуші болыңдар, өйткені сендер Кітапты үйретесіңдер және оны зерттеп үйренесіңдер» (Әли ‘Имран сүресі, 79-аят).

Имам әл-Бухари **«тәрбиелеуші болыңдар»** деген сөздерге қатысты Ибн ‘Аббәстың былай деп айтқанын жеткзеді: *“Яғни, дана ғалым (болыңдар)”*. Имам әл-Бухари былай деген: *“Былай айтылды:* **«Тәрбиелеуші (ұстаз)»** *(раббәни) – бұл адамдарды оқыту барысында үлкен білімге көшуден бұрын алдымен ең кішкентай білімнен бастайтын ғалым”* (Қараңыз: “Сахих әл-Бухари” 1/345).

Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды Исламға шақыра бастаған кезде қырық жаста еді. Он жыл өткен соң, оны Аллаһ жетінші аспанға көтерді де, онда мұсылман үмметіне күніне бес рет намаз оқуды парыз етті. Осы жерде мына сұрақ туындайды: пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы он жылдың ішінде адамдарды не нәрсеге шақырды? Ораза мен зекет кейінірек һижраның екінші жылы парыз етіп жүктелді. Кейін қажылық та міндет болды. Бұл тайымдарға да қатысты, өйткені көп уақыт бойы өсімқорлық, зинақорлық, ұрлық, тіпті адам өлтіру сияқты үлкен күнәларға тыйым салынбаған еді. Ал шарап ішуге келер болсақ, ол тек он үшінші жылдан кейін ғана харам етілді. Ал ендеше, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бен сахабалар осынша уақыт бойы не істеді?! Жауабы біреу ғана: пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осынша уақыт бойы тек *“Лә иләһә иллә-Лллаһ”* («Аллаһтан басқа

---

[23] Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге білімді қалай бекіту керек екендігін айтып жатыр. Дегенмен, көптеген мұсылмандар бұл бұйрыққа құлақ аса бермейді. Шейхтің сабағына келіп, бір сағаттай отырып, ешнәрсе жазбастан, олар барлық айтылған нәрселерді меңгеріп, жаттап алдым деп ойлайды. Бұл олай емес, өйткені сабақты тыңдап, әрі оны жазып отыру керек. Осы үмметтің имамдары: *“Дана ғалым дегеніміз – бұл естігендерінің ішінде ең жақсысын жазып алатын, сонымен қатар жазып алғандарының ішіндегі ең жақсысын жаттап алатын, сондай-ақ жаттап алғандарының ішіндегі ең жақсысын басқаларға айтып беретін адам”*, - деп рас айтқан (Қараңыз: “Тухфәту талибил-‘илм” 159). Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Шын мәнінде, білім – оны оқып-үйренумен алынады»*** (әд-Дарақутни. Жақсы хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 2328).

құлшылыққа лайықты ешкім жоқ») куәлігінің мағынасын түсіндіріп, осы куәлікке сәйкес қалайша өмір сүру керек екенін насихаттап, оларды Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырды. Танымал хадистің бірінде, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Му'азды Йеменге адамдарды Исламға шақыру үшін жіберген кезде, өзі бұрын не нәрседен бастаған нәрседен бастап Аллаһқа шақыруды бұйырып былай деді: ***«Сен Кітап иелеріне барасың. Оларды ең бірінші кезекте шақыратын нәрсең – "лә иләһә иллә-Лләһ" болсын. Егер олар саған осыда бағынса, онда Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазды орындаумен міндеттегенін білдір. Егер олар саған бұл мәселеде бағынса, онда Аллаһ байларды олардың кедейлеріне зекет беруімен міндеттегенін айт»*** (әл-Бухари 3/225, Муслим 19).

Ибн әл-Қайим осы хадисті келтіріп былай дейді: *"Таухид – пайғамбарлар дағуатының (шақыруының) кілті болып табылады!"* (Қараңыз: "Мәдарижу-ссаликин" 3/443).

Исламның барлық үкімдері маңызды, алайда алдымен аса маңызды және ең басты нәрседен бастау керек. Көп нәрселер бірте-бірте парыз етіліп, бірте-бірте харам етілді ғой. Құранның өзі де тұтас күйінде бірден түскен жоқ, керісінше Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық уақытында жиырма үш жыл бойы түсірілген.

Ал біздің уақытта араб елдерінде оқып келген көптеген студенттер туралы айтар болсақ, олар пайғамбарлар мен олардың мирасқорлары – ғалымдар сияқты ең маңызды нәрседен бастаудың орнына, екінші кезекті мәселелермен айналысып, уақытын құр босқа жоғалтып жүр. Өкінішке орай, жұртты таухидке оқып-үйретудің орнына, олар бірден тыйымдар мен қайтарылған нәрселерді түзеуге кіріседі, содан осының себебімен халықты өзінен алыстатып, дағуатының басында-ақ өз сабақтарына тыйым салынуы мен осының салдарынан туындаған қиыншылықтарға жолығады. Біз мұндай уағыздаушылардан былай сұрайық: "Қайсысы маңыздырақ: Аллаһ сол үшін бүкіл нәрсені жаратқан, әрі Өзінің бүкіл пайғамбарларын жіберген таухидтен бастау ма, әлде пайда мен зиян мәселелерін ескермей, адамдардың әдетіне еніп, сіңіп кеткен амалдар мен қайтарылған нәрселерді түзетуден бастау ма?"[24]. Барлық пайғамбарлар өз дағуатын (шақыруын) таухидтен бастап, ширк пен ырымшылдыққа шалдыққан ауру жүректерді емдеген, содан кейін ғана олар қалған күнәларды түсіндіріп, салиқалы істерді көрсете бастаған. Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Әй, Мұхаммед) сенен бұрын қандай пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ендеше Маған ғана құлшылық қылыңдар", - деп қана уахи етіп жібердік» (Әнбия сүресі, 25-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді:

«Расында, әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар да, тағуттардан[25] аулақ болыңдар!», - дейтін елшілер жібердік» (Нәхл сүресі, 36-аят).

---

[24] Бұл әңгіме ешқандай сектаға кірмеген, әрі дұрыс негіздері бар студенттерге қатысты айтылған, алайда даналықтың жоқтығынан олар өздерінің дағуатын бірінші кезектегі нәрседен бастамаған болатын. Ал ендеше, «таблиғ жәмә'аты», «хизбу-тахрир», «ихуанул-муслимин», «нұршылар», «такфиршілер» және т.б. ағымдар мен топтарға кіріп кеткен студенттер туралы не айтуға болады? Олар өздерінің дағуатын неден бастап жүр?!

[25] **Тағут – бұл Аллаһтан басқа құлшылық қылынатын тәңірдің барлығы.** Қазіргі кезде бұл сөз шала сауатты мұсылмандардың арасында өте кең таралған, олар бұл сөзді барлық нәрсеге қатысты қолдана береді, әсіресе араб елдерінің басшыларын осылай атайды. Бұл сөзді адамға қаратып айту дегеніміз – оны кәпір деп атаумен тең. Осы сөзді адамға қаратып айту үшін мынаның бірі болуы керек:

Ғалымдар – дінді дұрыс түсінуге көмектесетін адамдар

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Міне осы мысалдарды адамдар үшін келтіреміз. Бірақ оларды білімге ие болғандар ғана түсінеді» (‘Анкәбут сүресі, 43-аят).

Ибн әл-Қайим өзінің әйгілі өлең шумақтарында ұлы сөздерді айтқан болатын: *“Надандық - өлімге апаратын ауру, оның шипасы екі нәрседе: Құран мен Сүннет – бұл дәрі, ал дәрігері – дана ғалым!” (*Қараңыз: “Шәрху усули сәләсә” 18).

Білсең егер, бауырым,
Білімсіздік – ауыру.
Құран, Сүннет – дәрісі,
Аурудан керек арылу.

Болып жүрсең әбігер,
Ғалым деген дәрігер.
Құран менен Сүннеттен,
Тауып берер дәрілер.

‘Абдуллаһ ибн ‘Аббәстан жеткен хабарда, алты мың хауариждер құралған топ халиф ‘Али ибн Әбу Талибтен бөлініп шығып, «Харура» деген жерде қоныстанғаны туралы баяндалады. Адамдар қайта-қайта ‘Алиге келіп былай дей берді: *“Әй мүміндердің әміршісі, адамдар сізге қарсы шықты!”*. Ол бұған: *“Оларды қойыңдар, өйткені өздері бастамайынша, мен олармен соғыспаймын, әрі менің ойымша, олар жуық арада осыны істейді”*, - деп жауап берді. Барлық жағдай осындай күйде болған кезде, Ибн ‘Аббәс бесін намазынан кейін ‘Алиге келіп: *“Әй, мүміндердің әміршісі, ол адамдарға барып сөйлесуге рұқсат ет”*, - деді. ‘Али оған: *“Олар саған жауыздық жасайды ма деп қорқамын”*[26],

---

өзіне құлшылық қылғанға разы болса немесе өзіне құлшылық қылуға адамдарды шақырса, оған мысал – перғауын; ғайыпты білемін деп мәлімдесе, оған мысал – сәуегейлер, балшылар, құмалақшылар мен сиқыршылар; Аллаһтың түсіргенімен үкім етпейтін, әрі бұны рұқсат етілген деп есептеп немесе шариғаттан артық заң бар деп санаса. Алайда, адамның өзінің ықтиярынсыз оған құлшылық қылатын болса, оны тағут деп атауға болмайды, оған мысал ретінде христиандар ‘Иса (оған сәлем болсын) мен оның анасы Мәриямға, олардың қалауынсыз құлшылық қылады (Қараңыз: шейх Мухаммад ибн ‘Абдул-Уәһһәбтің “Мә’нә әт-тағут” 9-24 кітабына шейх Салиха әл-Фәузанның түсіндірмесі).

[26] Опасыздық – хауариждердің басты белгісі болған, әрі бола бермек. Олар үшін мұсылмандарды өлтіру ешқандай қиындық туғызбайды, міне сондықтан, ‘Али Ибн ‘Аббәс үшін қорыққан болатын. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Мұсылмандар үшін хауариждер яһудилер мен христиандардан да жаман. Олар өздерімен келіспейтін мұсылмандарды өлтіруде ыждағаттылық танытады. Олар мұсылмандардың қанын төгіп, мал-мүлкін тартып алуды, сондай-ақ олардың балаларын өлтіріп, мұсылмандарды күпірлікте айыптауды рұқсат етеді!”* (Қараңыз: “Минһәжу-Ссунна” 5/248).

Хафиз Ибн Кәсир хауариждер пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы ‘Абдуллаһ ибн Хаббәб пен оның жүкті әйелін тұтқынға алғаны туралы баяндайды. Хауариждер одан: “Сен кімсің?” – деп сұрады. Ол: *“Мен – Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы ‘Абдуллаһ ибн Хаббәбпын, ал сендер маған үрей салып тұрсыңдар”*, - деп жауап берді. Олар оған: “Қам жеме! Бізге әкеңнен естіген нәрселерді айтып берші”, - деді. Ол былай деді: *“Мен әкемнің былай дегенін естідім: «Мен Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Бүліктердің уақыты келеді, ол кезде отырған адам тұрған адамнан, ал тұрған адам жүріп бара жатқан адамнан, ал жүріп бара жатқан адам жүгіріп бара жатқан адамнан жақсырақ болады»****, - деп айтқанын естідім”*. Олар кейін оны байлап тастап, өздерімен бірге ала жөнелді. Олар жол-жөнекей бір зиммийдің* доңызын көрді. Олардың біреуі доңызды қылышпен ұрып, терісін кесіп тастады. Екіншісі оған: “Сен не үшін былай істедің? Бұл

- деді. Сонда Ибн ʻАббәс былай деді: *“Мен жұмсақтық танытып, оларға тіл тигізбеймін!”*. Содан соң ʻАли оған рұқсат беріп былай деді: *“Олармен Құран арқылы дауласпа, Сүннет арқылы даулас!”* Ибн ʻАббәс: *“Мен Аллаһтың Кітабын олардан жақсырақ білемін!”*, - деп жауап берді. Сонда ʻАли оған былай деді: *“Дұрыс! Алайда, Құранды әртүрлі тәпсірлеуге болады ғой”*.[27]

Ол хауариждерге түстен қайта келіп, олардың түскі ас ішіп отырғанының үстінен түсті. Ибн ʻАббәс былай деген: *“Оларға келіп, мен құлшылық қылуда бұлардан асқан адамдарды көрген емеспін.*[28] *Олар мені көріп былай деді: “Саған сәлем болсын, әй Ибн ʻАббәс. Сені бізге не алып келді?”*. Ол: *“Мен сендерге пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан – муһажирлер мен ансарлардан және оның ағасының баласы (ʻАлидің) атынан келдім. Құран оларға түсірілді және олар оның мағынасын сендерден жақсырақ біледі,*

зиммийдің малы ғой!”, - деді. Содан кейін ол доңыздың иесіне барып, оны разы қылғанша, онымен өте жұмсақ түрде әңгімелесті. Сондай-ақ, олардың біреуі ағаштан түскен құрманы жей бастағанда, екіншісі оған: “Сен бұны рұқсат сұрамастан, әрі ақшасын төлеместен алдың ғой!”, - деді. Ол дереу аузындағы құрманы шығарып тастады. Алайда бұған қарамастан, олар ʻАбдуллаһ ибн Хаббәбты бауыздап, оның әйелінің: *“Мен – жүкті әйелмін, сонда сендер Аллаһтан қорықпайсыңдар ма?”*, - деген сөздеріне қарамастан, оның да басын шауып, қарнын жарып, ішіндегі баласын лақтырып тастады” (Қараңыз: “әл-Бидая уән-нихая” 10/583).

Хауариждердің іс-әрекеттеріне назар салыңыздар! Олар екінші дәрежелі істерде тақуалық танытып, ал мұсылманды өлтіру сияқты үлкен қылмыстарда немқұрайлы. Аллаһ Тағала оларға лайықты жазасын берсін!

* Зиммий – мұсылман жерлерінде өмір сүріп, оларға жизья (салық) төлейтін кәпір адам. Жизья балалардан, әйелдерден, қарттардан, қайыршылардан, ақыл-есі кем кісілерден және аурулардан алынбайды (Қараңыз: Ибн әл-Қайим “Әхкәму әһли-зиммә” 1/43-51).

[27] Сүннетке жүгінбей Құранды толық түсіну мүмкін емес, өйткені, егер Құранның жалғыз өзі ғана жеткілікті болғанда, онда Аллаһ Тағала Өзінің елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны түсіндіруді бұйырып, былай деп айтпаған болар еді:

«Саған адамдар үшін түсірілгенді түсіндірерсің деп Құранды түсірдік» (Нәхл сүресі, 44-аят).

Құранды түсіну үшін Сүннетке жүгінбеу – көптеген секталардың адасуына себеп болды. Әбу Нәдр жеткізген хабарда, ол ʻИмран ибн Хусайн деген сахабамен бірге отырған болатын және ол сахаба пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін айтып отырған-ды, әрі осы кезде бір адам оған наразылығын білдіріп былай деді: “Одан да бізге Аллаһтың Кітабы туралы айтқаның жақсы еді”. Сол кезде ʻИмран қатты ашуланып былай деді: *«Ақиқатында, сен ақымақсың! Аллаһ Тағала Құранда зекет туралы айтты, ал екі жүз дирхамның қанша бөлігін төлеу керек екендігіне қай жерде нұсқау бар?! Намаз туралы атап өтті, ал бесін намазының төрт ракағаттан тұратынына қай жерде нұсқау бар?! Қа`баны тауаф ету туралы айтты, ал тауафтың саны жетеу екендігі аяттың қай жерінде көрсетілген?! Ақиқатында, Сүннет мұның барлығын тәпсірлеп, түсіндіреді!»* (әл-Әжурри “әш-Шәри’а” 104. Сенімді иснад).

[28] Адамды ең алдымен оның сеніміне қарай бағалау керек, ал оның басқа қасиеттері екінші кезекті мәселе болып табылады. Егер адамдарды олардың құлшылықтағы тырысуларына қарап бағалау керек болғанда, онда хауариждердің дәрежесін сахабалардың дәрежесінен де жоғары көтеріп қою керек болар еді, өйткені Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шын мәнінде, сендердің намаздарың, олардың намаздарымен салыстырғанда және сендердің оразаларың, олардың оразаларымен салыстырғанда, өздеріңе болмашы болып көрінеді»*** (Муслим 1064). Алайда, іс жүзінде бәрі басқаша, өйткені хауариждер мұсылмандардың арасындағы ең алғашқы бүлік туғызып, бөлінуіне себепші болған еді. Расында, дұрыс сенімнің ізінен тек ізгі амалдар ереді. Міне, дәл осы сипат шынайы әһлю-Сунна мұсылмандарын басқа ағымдар мен жәмә’аттардан айрықша ерекшелеп тұрады.

ал сендердің араларында олардың біреуі де жоқ![29] *Мен сендерге олардың айтқанын жеткіземін және сендердің айтқандарыңды оларға жеткіземін".*

Олардан кейбіреулер: *"Онымен сөйлеспеңдер!"* – деп айқайлай бастады. Ол кездері әлі хауариж болып жүрген Ибн әл-Кәуә адамдарға қарай бет бұрып, Ибн 'Аббәстан сақтандырып былай деді: *"Әй, Құранға ерушілер! Расында, сендер мына Ибн 'Аббәсты білмейтін болсаңдар, онда мен оны жақсы білемін, міне дәл соның халқы туралы Аллаһ Тағала былай деді:*

«**Олар – керісуші адамдар болып табылады**» (Зухруф сүресі, 58-аят). *Оны қожайынына ('Алиге) қайтарыңдар және Аллаһтың Кітабынан қайтпаңдар!"*[30]

Ал басқалары (Ибн 'Аббәсқа) былай деді: *"Айта бер, біз сені тыңдаймыз"*. Сонда Ибн 'Аббәс оларға 'Алидің келесі шарттарын жеткізді: *"Сендер харам етілген қанды төкпейсіңдер, жолдарда қарақшылық жасамайсыңдар және зиммийлерге жәбір көрсетпейсіңдер. Міне, егер осы айтылғандардың ішінде бір нәрсені жасайтын болсаңдар, онда біз сендермен соғысамыз!"*[31]

---

[29] Дәл сол сияқты адасқан секталар мен ағымдардың ішінде ешқашан ғалымдар болмаған, болмайды да! Хафиз Ибн Ражәб былай деген: *"Бид`а мен адасушылықтың адамдарына келер болсақ, олар өздерін ғалымдарға ұқсатқысы келеді, бірақ бәрі-бір ғалымдармен теңесе алмайды. Олардың надандығы мен адасушылығын ашып көрсете отырып, әшкерелеу – рұқсат етілген, әрі сол арқылы оларға ілесуден сақтандыру қажет"* (Қараңыз: "Фәрқ бәйнә ән-нәсыха уә әт-та'иир" 33).

Сондай-ақ Ибн 'Аббәстың бұл сөздерінде пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары дінді қалай түсінсе, дәл солай түсіну керек екендігіне дәлел бар.

[30] Бұл да хауариждердің сипатының бірі – ғалымдарға мұқтаж емеспіз деп есептеп, олардың маңыздылығын жоққа шығару.

[31] 'Али ибн Әбу Талибтің шарттарына ерекше назар аударыңыздар! Егер хауариждер бұл шартты бұзса, онда 'Али оларға қарсы соғысқа аттанбақшы! Ал қазіргі таңда көптеген мұсылмандар әлемнің түкпір-түкпірінде жиһәдтың атын жамылып, осыларды істеп жүрген жоқ па?! Олар әйелдерді, балаларды, қауіпсіздік кепілдігін алып, мұсылмандардың жеріне кірген кәпірлерді, тіпті мұсылмандар бір-бірінің қанын төгіп жатқан жоқ па?! Немесе кәпірлердің дүние-мүлкін тартып алып, оны рұқсат етілген деп санап жүрген жоқ па?! Мұның барлығы жиһәдқа еш қатысы жоқ, әрі Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндай бұзақылықтан аулақ. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім му'аһадты (мұсылмандармен келісім-шартта болған кәпір) өлтірсе, онда ол Жәннәттің иісін де сезбейді, ал Жәннәттің хош иісі қырық жылдық қашықтықтағы жерден шығып тұрады»*** (әл-Бухари 2995).

Ибн Хәжәр былай деген: *"Хадисте мұсылмандармен келісім-шарты бар кәпір туралы сөз болуда, мейлі ол – жизья төлеу болсын, елбасшымен бітім болсын немесе қарапайым мұсылман адам тарапынан берілген қауіпсіздік кепілдігі (әмән) болсын"* (Қараңыз: "Фәтхул-Бәри" 12/259).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: ***«Ақиқатында, біреуге қауіпсіздік кепілдігін беріп, кейін өзі оны өлтірген адамға менің еш қатысым жоқ, тіпті өлтірілген адам – кәпір болса да!»*** (Ахмад 5/223. Ибн Мәжәһ 2/896. Хадистің сенімділігін хафиз әл-Бусайри мен шейх әл-Әлбәни растады).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Кез-келген кәпірге қауіпсіздік кепілдігін беруге болады, әрі бұл кепілдікті әрбір мұсылман бере алады!"* (Қараңыз: "Саримул-мәслюл" 95). Сондай-ақ мұсылман әйел де қауіпсіздік кепілдігін бере алады. Оған дәлел мына оқиға: Меккені жаулап алғаннан кейін пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына меккеліктерді, мұсылмандарға деген өзінің ерекше опасыздығымен, иттігімен танылған бес адамнан басқа өлтіруге, әрі кек алуға тыйым салғаны бәрімізге мәлім. Әлгі бесеуін пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қай жерде тіпті Қағбаның көлеңкесінде болсын кездессе де өлтіруге бұйырды. Міне, Ибн Хубәйр – сол бесеудің бірі еді. Умм Ханидің бауыры 'Али Ибн Хубәйрді көріп қалып, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығын орындауға асығып, оның ізінен жүгірді. Ал Ибн Хубәйр қорыққаннан Умм Ханидің үйіне қашып келіп, одан пана сұрады. Умм Хани пайғамбардың

Ибн ʻАббәс тағы былай деді: *"Маған мынадай хабар жетті: сендер Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызының күйеуі болып табылатын оның немере інісін (ʻАлиді) кінәлап жатырсыңдар. Ол пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алғашқы иман келтіргендердің бірі, ал сендер оған наразысыңдар ма?! Шынымен де солай ма?!"* Олар: *"Біз оған үш нәрсе үшін қатты наразымыз"*, - деді. *"Қандай?"* – деп сұрады Ибн ʻАббәс. Олар: *"Біріншіден, ол Аллаһтың дінінде үкім шығару үшін адамдарды тағайындады, ал Аллаһ Тағала:* **«Үкім тек Аллаһқа ғана тән»,** - деді ғой [32] (Әнʼам сүресі, 57-аят).

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы бесеуді өлтіріңдер деген бұйрығын білмейтін, сол себепті ол Ибн Хубәйрді өзінің қорғауына алды. Кейін Умм Хани Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзімен сөйлеспейінше, оған ешкімнің қолын тигізбей, жәбір көрсеткізбеді. Имам әл-Бухари риуаят еткен хадисте, Умм Хани пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп былай деді: *"Әй Аллаһтың елшісі, менің бауырым (ʻАли) өзімнің қорғауыма алған Ибн Хубәйрді өлтіремін деп жатыр!"*. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деді: ***«Әй Умм Хани, сен өзің қорғауыңа алғанды, біз өзіміздің қорғауымызға аламыз»*** (әл-Бухари 357). Егер тіпті әйел адамның берген қауіпсіздік кепілдігі есепке алынып, мына кәпірдің қаны мен мал-мүлкі басқаларға харам етілсе, онда бүтіндей бір мемлекет өзінің еліне кірерде беретін қауіпсіз кепілдігін сақтау туралы не айтуға болады?! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Бүкіл мұсылмандардың қаны тең дәрежеде құнды, ал мұсылмандардың ішіндегі ең ықпалсыз адам біреуге қауіпсіздік кепілдігін беретін болса, оны басқаларының барлығы сақтауы тиіс»*** (Әбу Дәуд 2751, Ибн Мәжәһ 2685, Ибн әл-Мунзир 11/151. Шейх әл-Әлбәни айтқандай, сенімді хадис).

ʻУмар ибн әл-Хаттаб былай деген: *"Егер мұсылман адам кәпірге: "Маттарс" десе, оған қауіпсіздік кепілдігін берген болады. Егер мұсылман адам кәпірге: "Қорықпа" десе, оған қауіпсіздік кепілдігін берген болады. Егер мұсылман адам кәпірге: "Лә тадхал" десе, оған қауіпсіздік кепілдігін берген болады. Расында, Аллаһ Тағала тілдердің барлығын біледі!"* (ʻАбдур-Раззақ 5/219, Саʼид ибн Мәнсур 2599).

«Маттарс» және «Лә тадхал» деген сөздер парсы және эфиоп тілдерінде «қорықпа» деген мағынаны білдіреді.

Имам Ахмад пен Ибн Тәймия былай деген: *"Кәпір адам өзіне берілген қауіпсіздік кепілдігі деп түсінген нәрсенің барлығы – оған шынымен қауіпсіздік кепілдігін берілетіндігі Сүннетте келген!"* (Қараңыз: "әл-Инсаф" 10/348, "Бәяну-ддалил" 64).

Имам Ибн Мунәсыф былай деген: *"Сөзбен болсын, жазумен болсын, тіпті ымдап ишарат ету болсын – кез-келген тілде дұшпан өзіне берілген қауіпсіздік кепілдігі (әмән) деп түсінген нәрсенің барлығы – оған шынымен бұл кепілдікті береді, тіпті егер мұсылман басқа нәрсені меңзеп тұрса да!"* (Қараңыз: "әл-Инжәд" 2/45). Жоғарыда келтірілгендердің негізінде мына нәрсе анық түсінікті болады: мұсылман еліне кірейін деп жатқан кәпірдің төлқұжатына қойылатын виза – оған берілген қауіпсіздік кепілдігі болып табылады. Бұған ешқандай күмән жоқ.

Міне, дәл осы айтқанымыз кәпірлердің елінде өмір сүріп жатқан немесе виза алып, сол елге уақытша кіруге рұқсат алған мұсылмандарға да қатысты. Мұсылман адамға сол барған еліндегі кәпірлерді өлтіруге, оларды тонап, дүние-мүлкін ұрлауға тыйым салынады, өйткені мұның барлығы – опасыздық пен қауіпсіздік кепілдігін (әмән) бұзу болып табылады. Кейбіреулер дәлел ретінде келтіретін: ***«Шынында, соғыс – бұл айлакерлік»*** деген хадистегі қулықтың осы айтқандарымызға түк қатысы жоқ. Егер кәпірлер өз елінде мұсылмандарды кіргізген болса немесе мұсылман адам кәпір елінде өмір сүрсе, осының өзі олардың өзара келісім-шартқа отырғандығын білдіреді, тіпті бұл адын ала талқыланбаса да. Имам Ибн Жәузий "әл-Қауәнинул-фиқһия" кітабында былай дейді: *"Қауіпсіздік кепілдігін бұзу мен әскери қулықтың арасындағы айырмашылық – қауіпсіздік кепілдігі дұшпандарға сенімділік береді. Ал әскери қулық болса, соғыс құпиясын жасыру шараларымен ерекшеленеді. Бұл әрекеттер дұшпанды жаңылыстырып, қарсыласымыз шегініп жатыр немесе соғысқысы келмейді деген сияқты қате пайымдаулар жасау үшін істелінеді. Бұл – дұшпандар аңдамай қалған сәтте, оларға тап беру үшін жасалады. Әскери қулықтың түрлеріне – қарсыластың назарын негізгі нысанадан басқа жаққа аудару мақсатында (белгілі бір іс-әрекетті) өтірік сылтаурату, жаудың арасына іріткі салу, торуылдар ұйымдастыру, ұрыс кезінде тактикалық шегіну*

Екіншіден, ол Му'ауия және 'Айшамен соғысқан кезде, олжалар мен тұтқындар алмады. Егер олар кәпір болғанда, онда олжаларды, тұтқындарды алуға рұқсат еді, ал егер олар мүмін болғанда, онда тұтқын алуға да, олармен соғысуға да рұқсат етілмеген болар еді!

Үшіншіден, мұсылмандар оған ант беріп, оны өздерінің әміршісі етіп тағайындағанына қарамастан, ол өзінен мүміндердің әміршісі (әмирул-муминин) деген атақты алып тастады. Егер ол мүміндердің әміршісі болмаса, онда ол кәпірлердің әміршісі ғой!" – деді.

'Абдуллаһ: *"Тағы сұрақтар бар ма?"* – деп сұрады. Олар: *"Жоқ, осы жеткілікті!"* – деді.

Ибн 'Аббәс: *"Егер мен сендердің көзқарастарыңды Аллаһтың Кітабы мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннеті арқылы жоққа*

және т.б. жатады. Бұған өзіңді солардың бірі деп көрсету, дұшпанның дінін өтіріктен ұстану, қарсыластың сеніміне кіру үшін олардың алдында ықыласты кеңесші ролін атқарып, опасыздық жасау сияқты әрекеттер жатпайды. Бұл тәсілдерді қолдануға болмайды, әрі мұның бәрі – сатқындық болып табылады". Имам әл-Мәрғинәни "әл-Һидая" кітабында былай дейді: *"Егер мұсылман адам дұшпандардың еліне саудагер ретінде кірсе, ол сол елдің қауіпсіздік кепілдігін алған мұсылман адам болып табылады. Ондай мұсылман адамға олардың дүние-мүлкі мен өміріне қол сұғуына рұқсат етілмейді, себебі ол өзіне берілген қауіпсіздік кепілдігінің есесіне оларға қарсы ешнәрсе істемейтініне кепілдік берді. Осыдан кейін олардың дүние-мүлкі мен өміріне қол сұғу – опасыздық болып саналады, ал опасыздық тыйым салынған".* Имам әш-Шәфи'и "әл-Умм" кітабында былай дейді: *"Егер дұшпандар мұсылмандардың біреуін тұтқынға алса, кейіннен бостандыққа жіберіп, әрі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, онда олардың берген қауіпсіздік кепілдігі – мұсылманның оларға берген қауіпсіздік кепілдігі болып табылады, сондай-ақ мұсылман адам опасыздық танытып, оларды өлтіруіне және сатқындық жасауына қақысы жоқ".* Имам Ибн Қудамә былай деген: *"Кімде-кім дұшпанның жеріне қауіпсіздік кепілдігін алып кірсе, опасыздық қылып, олардың дүние-мүлкіне қол сұғуына немесе өсімқорлықпен айналысуға қақысы жоқ. Оларға қатысты опасыздыққа келер болсақ, бұл – тыйым салынған, себебі олардың берген қауіпсіздік кепілдігі – оларға қатысты сатқындық жасалмайды дегенді білдіреді. Тіпті, бұл шарттар сөзбе-сөз келісілмеген болса да, өйткені осы іс-әрекеттің өзінде-ақ бұл шарттардың мәні айқын көрініп тұр"* (Қараңыз: "әл-Муғни" 13/152).

Хафиз Ибн Хәжәр "Фәтхул-Бәри" 341 және Шәмсул-Хаққ 'Азым Әбәди «'Аунул-Мә'буд» 7/318 кітаптарында айтып өткендей, кәпірлердің дүние-мүлкіне қол сұғу – рұқсат етілмейді, тек жиһәд кезінде және кәпірлердің елі бағынылдырылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Имам ән-Нәуәуи жеткізген хабарда, имам әр-Рафи'и былай дейді: *"Егер адам дұшпандардың территориясына қауіпсіздік кепілдігін алып кірсе, онда сол территориядағы қойманы өзімен бірге алып кетуіне рұқсат етілмейді, ол қойманы күшпен тартып алса да, жай тауып алса да. Сонымен қатар, олардың иелігіндегі нәрсеге опасыздық жасай алмайды, расында, олардың иелігіндегі нәрсені қайтаруға міндетті!"* (Қараңыз: «әл-Мәжму'» 6/51).

Шейх Ибн Баз бастаған Тұрақты комитеттің (әл-Ләжнәту-ддәима) ғалымдарына: «Кәпірлердің елінде өмір сүріп, осы елге зиян тигізу үшін мемлекеттен электр қуаты мен суды ұрлауға болады ма?» - деп сұрақ қойылды. Сондай-ақ, оларға: «Электр қуатының, судың, газдың, телефонның және т.б. ақысын төлеуден бас тартуға болады ма?», - деген сауал қойылды. Олар былай жауап берді: *"Бұған рұқсат етілмейді, себебі бұл - дүние-мүлікті еш қақысыз жеу және сенімді бұзу болып табылады"* (Қараңыз: «Фәтәуә әл-Ләжнә» 23/441).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім му'аһадты (мұсылмандармен келісім-шарты бар кәпір) жәбірлесе немесе оның құқықтарын шектесе, немесе оның мүмкіндіктерінен тыс нәрселерді жүктесе, немесе <u>оның қалауынсыз одан бір нәрсені тартып алса</u>, онда шын мәнінде, Қиямет Күні мен оған қарсы куәлік беремін»*** (Әбу Дәуд 3/437, әл-Бәйхақи 9/205. Хадистің сенімділігі шейх әл-Әлбәни растады).

Бұл мәселеде яғни келісім-шартта болған кәпірдің қаны мен дүние-мүлкін рұқсат етілмеген деп барлық имамдар бірауызды келіскен, тек хауариждер осы бірауызды келісімге қарсы шықты. Имам әш-Шәхристани былай деген: *"Хауариждер мұсылмандармен келісім-шарты бар немесе жизья төлейтін кәпірлердің қаны мен дүние-мүлкін рұқсат етілген деп санаған. Сонымен қатар, хауариждер осыны рұқсат емес деп есептейтіндерден міндетті түрде бас тарту қажет деп есептеген!"* (Қараңыз: "әл-Миләлю уәннихал" 1/118).

шығарсам,[33] *сендер өз пікірлеріңнен бас тартасыңдар ма?"* – деп сұрағанда, олар: *"Иә"*, - деп жауап берді.

Сонда ʻАбдуллаһ былай деді: *"Ол Аллаһтың дінінде адамдарды үкім шығарушы етіп тағайындауына байланысты айтар болсақ, онда Аллаһ Тағала былай демеді ме:*

«Әй иман келтіргендер! Сендер ихрамда аң өлтірмеңдер! Сендерден біреу оны қасақана өлтірсе, оның жазасы - өлтіргеніндей бір мал. Оны сендерден екі әділ кісі үкім етеді» (Мәидә сүресі, 95-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала күйеуі мен әйелінің арасындағы келіспеушілік туралы былай дейді:

«Егер екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер! Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Аллаһ та екеуінің арасын үйлестіреді» (Ниса сүресі, 35-аят).

Аллаһтың атымен сендерді шақырамын! Айтыңдаршы, адамдардың қанына, өміріне және оларды өзара татуластыруға қатысты адамдардың үкім шығаруы (осыдан да) қатты маңыздырақ емес пе?!" Олар: *"Әрине, маңыздырақ"*, - деді.

Ибн ʻАббәс: *"Қалай, енді бірінші мәселе бітті ме?"*, - деп сұрағанда, олар: *"Иә, Аллаһпен ант етеміз"*, - деді.

ʻАбдуллаһ былай деп жалғастырды: *"Сендер: «ʻАли соғысты, бірақ ол Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істегендей тұтқын да, олжа да алмады», - дедіңдер. Сонда сендер Айшаны күң ретінде алып, оған күңге қатысты нәрселерді жасайын деп пе едіңдер?! Егер: "Иә" – десеңдер, онда кәпір боласыңдар. Егер сендер Айша біздің анамыз емес десеңдер, онда да күпірлікке түсесіңдер, себебі Аллаһ Тағала былай дейді:*

«Пайғамбар – мүміндерге олардың өздерінен де жақын, ал оның жұбайлары – мүміндердің аналары» (әл-Әхзаб сүресі, 6-аят).

Кейін ʻАбдуллаһ былай деді: *"Қалай, енді мұнымен де іс бітті ме?"* Олар: *"Иә, Аллаһпен ант етеміз"*, - деп жауап берді.

ʻАбдуллаһ өз сөзін жалғастырып, былай деді: *"Сондай-ақ, сендер ʻАли өзінің мүміндердің әміршісі деген атағынан бас тартты дедіңдер. Худайбия бітімі жасалған күні, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мушриктермен жасасқан келісім-шартта «Мұхаммед – Аллаһтың елшісі» деп жазғысы келгенде, мушриктер наразы болып: «Егер біз сенің Аллаһтың елшісі екендігіңе сенгенде, сені қуып жібермейтін едік.*

Егер кәпірлерге қатысты шариғаттың үкімі осындай болса, онда қазіргі таңда хауариждер рұқсат деп санайтын мұсылмандардың қаны мен дүние-мүлкі туралы не айтуға болады?! Хафиз Ибн ʻАбдул-Бәрр былай деген: *"Егер тіпті қауіпсіздік кепілдігі берілген жауласушы кәпірдің қаны тыйым салынған болса, онда Аллаһтың қорғауында таңын аттырып, кешін батыратын мүмін туралы сен не ойлайсың?! Оған қатысты опасыздық немесе тіпті оның қанын төгуге қалай қарайсың?!"* (Қараңыз: "әл-Истизкәр" 14/84).

[32] Әбу Рафиʼ былай деп баяндайды: "Хауариждер ʻАлиге қарсы шыққан кезде, олар үнемі: **«Үкім ету тек Аллаһқа ғана тән»**, **«Үкім ету тек Аллаһқа ғана тән!»** - деп қайталай берді. Сонда ʻАли: «*Ақиқат айтып, бірақ онымен өтірікті меңзеп жатыр!*» - деді" (Муслим 1774). Біздің кезімізде де дәл солай қайталанып жатыр, хауариждердің соңынан ерген кейбір адамдар сол аяттарды келтіріп, әрі оны басшылыққа ала отырып, көптеген рұқсат етілмейтін әрекеттерге барып жүр. Міне, осыдан түсінетініміз – хауариждер де өз пайымдауларына дәлелдер әкеледі, алайда олар Құран аяты мен хадистің мағынасын дұрыс түсінбейді. Бұл жөнінде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хауариждер туралы айтқан хадисінде былай дейді: ***«Олар Құран оқып, оны өздерінің жағында деп ойлайды, алайда Құран оларға қарсы болады!»*** (Муслим 1066).

[33] Міне, дәлелдің не екендігі – Аллаһтың Кітабы мен Оның пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннеті!

«'Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед» деп жаз», - деді. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың талаптарына көніп: ***«Әй 'Али, мұны өшір де, «'Абдуллаһ ұлы Мұхаммед» деп жаз, ал мен – Аллаһ елшісі екенімді Ол біледі!»*** *- деді".*

Осыдан кейін Ибн 'Аббәс: *"Қалай, мұнымен де біттік пе?"* – деп сұрағанда, олар: *"Аллаһпен ант етеміз, иә"*, - деді.

Бұл пікірталастың соңы, Аллаһтың мейірімімен, Ибн 'Аббәстың даналыққа толы сөздері хауариждерге қарсы бұлтартпас дәлелге айналып, олардың екі мыңы қайтадан 'Алидің жағына шықты. Ибн 'Аббәс былай деді: *"Олардан (хауариждерден) екі мың адам қайтып оралды, ал адасушылықта қалғандары өлтірілді. Оларды Муһәжирлер мен ансарлар өлтірді".*[34] Ахмад 1/621, 'Абдур-Раззақ 10/157-158. әл-Хәким 2/150-152, әт-Табәрани 10/312-314, әл-Бәйхақи 8/309, Ибн Са'д 3/231. Бұл деректің барлық нұсқалары сенімді болып табылады.

Сондай-ақ, білім иелері дінді дұрыс түсінуге көмектесетініне дәйек ретінде 'Уруә ибн әз-Зубәйрдің басынан өткен оқиғаны келтірсек болады. Ол былай деп баяндаған: *"Бір күні мен 'Айшадан мына аят туралы сұрадым:*

«Расында, әс-Сафа мен әл-Мәруә - Аллаһтың белгілерінен. Сонда кім қажылық немесе умра орындаса, ол екеуінің арасында тауап етуде күнә жоқ» (Бәқара сүресі, 158-аят). *"Бұл туралы не айтасыз? Осы екі қыраттың (әс-Сафа мен әл-Мәруә) арасында тауап етпеуге болады ма? Онда тұрған ешнәрсе жоқ сияқты ғой".* Сонда 'Айша былай деді: *"Жоқ! Егер де ол сен айтқандай болса, онда аятта:* «Олардың арасынан өтпеген адам күнә жасаған болмайды», *- деп айтылар еді. Бұл аят Ислам қабылдамас бұрын өз қажылықтарын Мәнәт пұтының қасынан бастайтын ансарларға қатысты түскен еді. Ал Ислам қабылдағаннан кейін олар Сафа мен Мәруә арасында тауап жасауға қауіптенді. Сол кезде олар өз әрекеттерінің дұрыс-бұрыстығын білмей, пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп осы туралы сұрағанда, Аллаһ Тағала осы аятты түсірді"* (әл-Бухари 4495, Муслим 1277).

'Уруә - ең білімді табиғиндердің қатарына жататынына, әрі Мәдина қаласының атақты жеті фәқиһтерінің[35] бірі болғанына қарамастан, ол аятты қалай қате түсініп қалғанына назар аударыңыздар! 'Уруәға қарағанда көбірек білімге ие болған 'Айша оған аяттың мағынасын түсіндіріп берді!

Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлімінен кейін зекет беруден бас тартқандардың да жағдайы осындай, өйткені олар Аллаһ Тағаланың мына сөздеріне сүйенген болатын:

«(Мұхаммед) олардың малдарынан садақа ал,[36] сол арқылы өздерін тазартып, ұлықтау үшін» (әт-Тәубә сүресі, 103-аят). Олар бұл бұйрық тек пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғана қатысты деп ойлады. Бұл адамдар араб тілін

---

[34] Біз Ибн 'Аббәстың хауариждермен болған пікірталасының мазмұнын жақсылап игеріп алу үшін бірнеше рет қайталап оқуға кеңес береміз. Себебі, ғалымдар айтқандай, бұл оқиғада аса зор пайдалар бар.

[35] Фәқиһ – фиқһ мәселесін жақсы игерген ғалым (Қараңыз: № 18-сілтеме).

[36] Имам ән-Нәуәуи айтқандай, Аллаһ Тағаланың Құрандағы үндеулері үш түрге бөлінеді: Біріншісі, бұл – барлық иман келтіргендерге деген үндеу. Екіншісі, бұл – тек пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген үндеу. Үшіншісі, бұл – пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген үндеу, бірақ сонымен қатар бұл үндеудің түрі бүкіл үмметке де қатысты (Қараңыз: "Шәрх сахих Муслим" 2/231).

өте жетік білген, бірақ білім иелеріне жүгінбегендіктен адасушылыққа түсті. Сол себепті Әбу Бәкр олармен зекетті қайтадан бермейінше, соғысты!

Ғалымдардың дінді дұрыс түсінуге көмектескені жайлы осындай мысалдар өте көп.

Ибн Уәһб былай деген: *"Егер мен имам Мәлик пен имам әл-Ләйс ибн Са'дты көріп үлгермегенімде, адасушылыққа түсер едім!"* (Қараңыз: "Шәрх әл-Мууәтта" 1/29).

Әл-Жәмә'а – бұл ізгі ата-бабалардың (сәләф) ізімен жүретін ғалымдар

Бір күні имам Ибн әл-Мубәрактан хадистегі: «***Аллаһтың Қолы әл-жәмә'аның үстінде***» деген нені білдіреді деп сұрады (Ибн Әбу Асым 1/42. Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деп атады). Ол: *"Әбу Бәкр мен 'Умар!"* – деп жауап берді. Оған: *"Әбу Бәкр мен 'Умар қайтыс болып кетті ғой!"* – деді. Ибн әл-Мубәрак: *"Пәленше мен түгенше"*, - деп жауап қатты. Оған тағы да: *"Пәленше мен түгенше қайтыс болып кетті ғой"*, - деді. Сонда ол былай деді: *"Әбу Һамза әс-Суккәри, міне – сол әл-жәмә'а"* (Қараңыз: "Сунәну-Ттирмизи" 5/335 және "әл-И'тисам" 2/771).

Имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи былай деген: *"Әбу Һамза әс-Суккәри – бұл Мухаммад ибн Мәймун. Ол тақуа ғалым болатын. Ал Ибн әл-Мубәрак бұл сөзді ол әлі тірі кезде айтты"* (Қараңыз: "Сунәну-Ттирмизи" 5/336).

Исхақ ибн Рахауәйһ былай деген: *"Кезінде әл-жәмә'а – Әбу Һамза болатын, ал біздің кезімізде бұл Мухаммад ибн Әсләм және оның ізінен ергендер"*. Ибн Рахауәйһ тағы былай дейді: *"Егер сен надандардан «сәуәдул а`зам» жайында сұрасаң, олар: «Бұл адамдардың жамағаты*[37]*» – дейді. Бірақ олар жәмә`ның пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолымен ерген ғалым ('алим) екенін білмейді. Кімде-кім сонымен бірге болса, сол әл-жәмә`аның қатарында, ал кім оған қарсы шықса, сол жәмә`адан шыққаны"* (Қараңыз: "Хилиятул-әулия" 9/239).

Имам әл-Бухари былай деген: *"Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-жәмә'аға еруге бұйырды, ал бұл – білім иелері"* (Қараңыз: "Сахих әл-Бухари" 1/648).

Имам әт-Тирмизи былай деген: *"Ғалымдар "әл-жәмә'а" сөзіне берген түсініктемесі – бұл фиқһ, 'илм мен хадистің ғұламалары"* (Қараңыз: «әл-Жәми'» 4/467).

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Шын мәнінде, ижмә' (бірауызды келісім) болсын, хужжә (дәлел) болсын, сәуәдул-а'зам (ұлы қауым) болсын, бұлардың барлығы – ақиқатқа ерген ғалым, тіпті егер ол жалғыз өзі болса да, тіпті егер жер бетіндегілердің барлығы оған қарсы келсе де!"* (Қараңыз: "И'ләмул-муәқи'ин" 3/397).

Имам әш-Шәтыби тағы былай дейді: *"«Әл-жәмә'а» - бұл арасында бірде-бір ғалым болмаған қарапайым адамдардың тобы деп есептейтіндер қатты қателеседі, сондай-ақ бұл ғалымдардың емес, керісінше қарапайым адамдардың түсінігі!"* (Қараңыз: "әл-И'тисам" 2/267).

Міне, осы "әл-жәмә'а" терминінің шариғи мағынасы, ал қазіргі таңда, өкінішке орай, бұл терминді қатты бұрмалап жіберді. "Әл-жәмә'а" – бұл ақиқатқа ерген пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары, сондай-ақ олар - "әһлю-Сунна" (Сүннет адамдары); "таифәтул-мәнсура" (жеңіске жететін топ); "фирқату-ннәжия" (құтқарылған топ); "сәләфу-ссалих" (ізгі ата-баба); "сәуәдул-а'зам" (ұлы қауым) болып табылады. Ал пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

[37] Яғни, қарапайым адамдар тобы.

болсын) сахабалары қайтыс болғаннан кейін бұл – ғалымдар, әрі олар әртүрлі қалада тұрса да, әл-жәмә'аға ереді![38]

Әт-Таифәтул-мәнсура (жеңіске жететін топ) – бұл ғалымдар

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Менің үмметімдегі бір топ адам[39] <u>ақиқатты ашық ұстануды тоқтатпайды</u>, әрі ол (топқа) қарсы шыққандар оларға ешқандай зиян тигізбейді!»*** (әл-Бухари 4/187).

Сондай-ақ пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Менің үмметімнен бір топ адам Қиямет Күнге дейін <u>ақиқат үшін соғысуын тоқтатпайды!</u>»*** (Муслим 1037).

Сонымен қатар пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Менің үмметімде, оларға <u>көмек көрсетілетін</u> бір топ адамның болуы тоқтамайды!»*** **(**әт-Тирмизи 2192, Ибн Хиббән 6834, Ибн әл-Жә'д 1076. Хадистің сенімділігін имам Әбу Иса әт-Тирмизи және шейх әл-Әлбәни растады).

Жоғарыда аталып өткен хадистерде жеңіске жететін топтың мынадай ерекшеліктері сипатталған:

1. Олар ақиқатты ашық және айқын ұстанады;
2. Олар Қиямет Күнге дейін ақиқат үшін соғысады[40];

---

[38] Әл-жәмә'а терминінің шариғи мағынасы негізгі екі нәрсеге келіп тіреледі:

Біріншісі, бұл – ақиқатқа еру, ал бұл сәләфтардың жолына еру, ол туралы жоғарыда айтылды. Ибн Мәс'уд былай деген: *"Әй 'Амр ибн Мәймун! Шынында, көптеген жамағаттар шынайы жәмә'аға қарама-қайшы келеді, себебі жәмә'а – бұл ақиқатқа сәйкес келетін нәрсе, тіпті егер сен өзің жалғыз болсаң да!"* (әл-Ләләкәи 160, сенімді иснад. Қараңыз: "Мишкатул-мәсабих" 1/61).

Екіншісі, бұл – бір әміршінің қасында жиналған мұсылмандар жамағатында болу. Саһл ибн 'Абдуллаһ әт-Тустури былай деген: *"Бұл үммет жетпіс үш топқа бөлінеді, жетпіс екісі құрығандар, себебі олардың барлығы әміршіден алыстайды. Тек бір ғана топ құтылады, бұлар - әміршімен бірге болғандар"* (Қараңыз: "Құтул-құлюб" 2/242).

Имам Ибн Жәрир әт-Табәри тағы былай дейді: *"Әл-жәмә'аға еруге деген бұйрық – мұсылмандар қасында жиналған әміршіге бағынуды білдіреді. Кімде-кім оған ант бермесе (яғни оған бағынбаса), міне, сол адам әл-жәмә'адан шыққан болып есептеледі"* (Қараңыз: "Фәтхул-Бәри" 13/47).

Ал қазіргі кездегі түрлі жамағаттар құруға шақыратын адамдарға келер болсақ, олар Исламда бұл уақытқа дейін болып көрмеген бір жамағаттың түрін ойдан шығарады, әрі ол шынайы әл-жәмә'а ұғымына қарама-қайшы келеді. Біріншіден, олар мұсылман әміршісінің айналысында өз жамағатын құрмайды. Екіншіден, сәләфтардың жолына сай келмейтін өзіндік арнайы әдіс-тәсілдері мен бағдарламалары бар жамағат құрады!

[39] ***«Менің үмметімдегі бір топ адам»*** деген сөз – жалпы толықтай үммет туралы емес, керісінше мұсылмандардың ішіндегі нақты бір топ екендігін көрсетеді.

[40] Кезінде хауариждер осы хадистің мағынасын қате түсініп, өздерін жеңіске жететін топ деп есептеді, өйткені бір кездері олардан басқа ешкім соғыспаған. Хадисті осылайша түсіну дұрыс емес, себебі пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі тоқтамастан соғысқан жоқ, тіпті керек десеңіз, пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандардың әлсіз болуы себепті он жыл мерзімге мүшриктермен бітім жасасты. Шейх Әбу Бәтын бұл хадис жөнінде былай деді: *"Бұл – олар үнемі қылыштың көмегімен соғысады деген сөз емес! Жоқ, олар әрдайым дәлелдің (хужжә) көмегімен соғысып, тек кейде ғана қылыштың көмегімен соғысады!"* (Қараңыз: "әр-Расаилю-Ннәждия" 9/228).

Бұл хадисті дәл осылай түсіну керек яғни жиһәд Қиямет Күнге дейін жалғаса береді, бірақ ол тоқтамастан бола береді дегенді білдірмейді. Бұл һижра туралы айтылған мына хадис сияқты: ***«Тәубе қабыл болып жатқанынша, һижра да тоқтамайды. Ал күн батыстан шықпайынша, тәубенің қабыл етілуі үзілмейді»*** (Ахмад, Әбу Дәуд. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 7469). Міне, енді осы

3. Оларға үнемі Аллаһ Тағаланың көмегі мен жеңісі беріледі.

«Жеңіске жететін топ» кімдер екені жайында үмметіміздің ұлы имамдарының айтқан сөздері:

Ибн әл-Мубәрак былай деген: *“Олар – хадис ғұламалары (әсхабул-хадис)”* (Қараңыз: “Шәрафу әсхабил-хадис” 26).

Ибн Мәдини былай деген: *“Олар – хадис ғұламалары”* (Қараңыз: “Сунәну-Ттирмизи” 6/356).

Имам Ахмад былай деген: *“Егер олар – хадис ғұламалары болмаса, онда мен олардың кім екендігін білмеймін!”* (әл-Хәким “Мә’рифәту ‘улюмил-хадис” 4).

хадистен, Қиямет Күнге дейін хижра күн сайын тоқтамай жасала береді деп түсіну қажет десек, қалай болады?! Әрине, қате болады.

Тіпті керек десеңіз, Язид ибн Харун, Ахмад пен әл-Бухари сынды ұлы имамдардың айтуы бойынша, **«*Менің үмметімнен бір топ адам ақиқат үшін соғысуын тоқтатпайды!*»**, - деген сөзде, хадис ғұламалары туралы айтылған (Қараңыз: “Шәрафу әсхабил-хадис” 1/26-43. “Фәтхул-Бәри” 13/205).

“*Еш күдіксіз, бұл үммет Қиямет Күнге дейін жиһәд жасауды тоқтатпайды. Олар қуат (қууә) пен қабілет (қудра) болса, қарудың көмегімен соғысады да, ал әлсіздік пен күш-қуат жоқ кезде, тіл пен дәлелдің көмегімен соғысады*” (Қараңыз: “Дауәбитул-жиһәд фи Суннәти-ннәбәуия” 11).

Сонымен қатар, кейбір адамдар Исламдағы жиһәд – бұл тек кәпірлермен ғана қарулы соғыс деп, жиһәдтың басқа түрлерін, мысалы, нәпсімен, шайтанмен, екіжүзділікпен, бид`атшылармен болатын жиһәдтың маңыздылығын жоққа шығарып, мәнісін төмендетіп жібереді. Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *“Білім мен дәлелдің көмегімен жүргізілетін жиһәд – бұл Аллаһтың пайғамбарлары мен елшілерінің, әрі Оның таңдаулы құлдарының жиһәды! Сонымен қатар, қылыш пен найзаның көмегімен жүргізілетін жиһәдтан гөрі дәлел мен тілдің көмегімен жүргізілетін жиһәд маңыздырақ!”* (Қараңыз: “әл-Кәфия әш-шәфия” 19).

Ибн әл-Қайим тағы былай дейді: *“Жиһәд екі түрлі болады: жаумен және өз нәпсіңмен, әрі жауға қарсы жиһәдтан гөрі өз нәпсіңе қарсы жиһәд әлдеқайда артық. Шын мәнінде, кімде-кім өзіне бұйырылғанды орындап, тыйым салынғаннан аулақ болу үшін өз нәпсісіне қарсы жиһәд жасай алмаса, онда ол жауға да қарсы жиһәд жасай алмайды. Алайда, дұшпанның тағы бір үшінші түрі бар, әрі онымен шайқаспаған адам, жауға да, өз нәпсісіне де қарсы жиһәд жасай алмайды. Ол – шайтан. Оған қарсы жиһәд жасау – жаумен де, өз нәпсімен де жиһәд жасаудың негізі болып табылады. Аллаһ Тағала былай дейді:*

«Расында, шайтан – сендердің жауларың, ендеше оған жау ретінде қараңдар. Ол өз тобын Тозақ тұрғындары болуға шақырады» (Фәтыр сүресі, 6-аят). *Шайтанға жау ретінде қарау бұйрығы – оған қарсы жиһәд жасап, онымен шайқасуда барлық күш-жігеріңді сарп етудің маңыздылығын көрсетсе керек. Өйткені шайтан – Аллаһ Тағаланың құлдарымен соғысуын тоқтатпайтын, әрі әлсіремейтін жау!”* (Қараңыз: “Задул-мә‘ад” 3/6).

Ибн әл-Қайим тағы да былай дейді: *“Білім мен жиһәдтің көмегімен Дін орнатылады, сондықтан да жиһәд екі түрлі болады: біріншісі, бұл – қолдың, әрі қылыштың көмегімен жасалатын жиһәд және осы жиһәдтың түріне көбісі қатысады. Екіншісі, бұл – дәлел мен түсіндірудің көмегімен жасалатын жиһәд, ал ол Аллаһ Тағаланың таңдаулы елшілері мен имамдардың жиһәды. Жиһәдтың бұл түрі, оның пайдасының маңыздылығы мен жаулардың көптігі себепті, екеуінің ішіндегі ең жақсысы болып табылады. Аллаһ Тағала Меккеде түскен «әл-Фурқан» сүресінде былай дейді:*

«Егер Біз қаласақ, әрбір мекенге сақтандыратын ескертуші жіберер едік. Сондықтан, кәпірлерге бағынба да, оларға қарсы (Құран арқылы) ұлы жиһәд жаса!» (Фурқан сүресі, 51-52-аяттар). *Бұл – Құранның көмегімен кәпірлерге қарсы жасалатын жиһәд, сондай-ақ бұл екіжүзділерге де қарсы жиһәд болып табылады. Шын мәнінде, екіжүзділер мұсылмандармен соғысқан жоқ, керісінше, олармен бірге болды, тіпті мұсылмандармен бірге жауларға қарсы соғысты. Алайда, бұған қарамастан, Аллаһ Тағала былай дейді:*

«Әй пайғамбар! Кәпірлермен және екіжүзділермен соғыс, әрі оларға қатал бол!» (Тахрим сүресі, 9-аят). *Ал екіжүзділерге қарсы жиһәд дәлел мен Құранның көмегімен болғаны бәрімізге мәлім”* (Қараңыз: “Мифтаху дари-сса’ада” 1/70).

Ахмад ибн Синəн былай деген: *“Олар – сəлəфтардың (ізгі ата-бабалар) жолымен жүретін білім иелері!”* (Қараңыз: “Шəрафу əсхабил-хадис” 26).

Имам əл-Бухари пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын): ***«Менің үмметімнен бір топ адам Қиямет Күнге дейін ақиқат үшін соғысуын тоқтатпайды!»*** - деген хадисін келтіріп: *“Олар – білім иелері!”* – деді (Қараңыз: “Фəтхул-Бəри” 13/205).

Имам Ибн Хиббəн бір тараудың атын: *“Қиямет Күнге дейін хадис ғұламаларына көмек көрсетілетіндігі туралы ескерту”*, - деп атап, мына хадисті келтірді: ***«Менің үмметімде көмек көрсетілетін бір топ адамның болуы тоқтамайды!»*** (Қараңыз: “Сахих Ибн Хиббəн” 1/153).

Шейхул-Ислам Ибн Тəймия былай деген: *“Адамдардың арасынан «Жеңіске жететін топ» болуға баршадан көбірек лайықтылар – бұл хадис пен Сүннетті білетін ғалымдар”* (Қараңыз: “Мəжму’ул-фəтəуə” 3/347).

Жоғарыда аталып өткен ғалымдардан басқа, жеңіске жететін топ – бұл ғалымдар мен хадис ғұламалары екендігі туралы сəлəфтар жəне оларға ілесуші мына имамдар да айтқан: Язид ибн Һарун, Ибн Құтайбə, əт-Тирмизи, Ибн Жəрир əт-Табəри, Ибн Əбу ‘Асым, əл-Əжурри, Ибн Бəтта, əл-Лəлəкəи, əл-Хəким, Хатыб əл-Бəғдади, Ибн Сабит, əл-Бəғауи, Ибн əл-Жəузи, Ибн Муфлих, əш-Шəтыби, Ибн Əбил-‘Изз, əн-Нəуəуи, Ибн Хəжəр, Ибн Ражəб, əл-‘Айни, əс-Саффəрини, əл-Қасталəни, əс-Синди, Əбу Бəтын, Сиддық Хасан Хан, Шəмсуль-Хақ ‘Азым Əбəди, Ахмад əл-Хакими, ‘Абдур-Рахмəн əс-Са’ди, əл-Əлбəни, ‘Убəйдуллаһ əл-Мубəракфури, Ибн Баз, Хамəд əл-Əнсари, Ибн ‘Усəймин жəне т.б. Онымен қоса, барлық əһлю-Сунна ғалымдары таифəтул-мəнсура – бұл білім иелері екендігіне бірауызды келіскен. Имам əн-Нəуəуи былай деген: *“Ғалымдар «таифəтул-мəнсура» - бұл білімді алып жүрушілер екендігіне бірауызды келіскен”* (Қараңыз: “Тахзибу əсмəи уə-ллюғат” 1/18).

Білім ғалымдардың қайтыс болуымен жойыла бастайды

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) былай деді: ***«Шын мəнінде, Аллаһ Тағала Өзінің құлдарынан білімді жайдан-жай ала салмайды. Ол білім иелерін алу арқылы білімді алып кетеді, сөйтіп Ол жер бетінде бірде-бір ғалымды қалдырмаған кезде, адамдар өздеріне надан жетекшілерді таңдап алады. Олар сұрақтар қояды, ал надан жетекшілер білімсіз фəтуəлар бере бастайды, сөйтіп өздері де адасады, өзгелерді де адастырады!»*** (əл-Бухари 100, Муслим 3/737).

Бір күні Ибн Мəс’уд: *“Ислам қалай жойылатынын білесіңдер ме?”* – деп сұрады. Адамдар: *“Қалай?”* – деді. Сонда ол былай деп жауап қатты: *“Киім ұзақ киілгеннен кейін тозатынындай. Халықтардың арасында екі білім иесі болады, біреуі қайтыс болады, сол кезде білімнің жартысы жойылады. Екіншісі де қайтыс болады, міне сонда білім толықтай жойылады”* (əт-Табəрани, əл-Хатыб. Қараңыз: “əл-Фəқиһ уəл-мутафəқих” 147).

Дəл солай Ибн ‘Аббəс та сұрады: *“Жер бетінен білім қалай жойылатынын білесіңдер ме?”*. Адамдар: *“Жоқ”*, - деді. Сонда Ибн ‘Аббəс: *“Ғалымдардың қайтыс болуымен жойылады”*, - деп айтты (Əбу Хайсамə “Китабул-‘илм” 53).

Ибн əл-Қайим тағы да былай дейді: *“Кəпірлерге қарсы жиһəдтан гөрі, екіжүзділерге қарсы жиһəд жасау ауырлау. Бұл жиһəдтың түрі – таңдаулылар мен пайғамбарлар мирасқорларының жиһəды, əрі бұны дүниежүзінде тек санаулы адам ғана жасайды. Бұл жиһəд түрін жасайтын адамдардың саны аз болғанына қарамастан, олар Аллаһ Тағаланың құзырында орасан зор орынға ие!”* (Қараңыз: “Задул-мə’ад” 3/15).

Зәйд қайтыс болған кезде Ибн ʻАббәс келді, өйткені білім иесі қайтыс болды. Ибн ʻАббәс оны зембілге (орыс. «носилка») салып көтеріп келе жатқанда Зәйдтың басынан бас киімі түсіп қалды, бұны көрген Ибн ʻАббәс оны дұрыстап, қайтадан басына кигізген жоқ. Зәйдты енді көмейін деп жатқанда ғана барып қайтадан кигізді. Зәйдтың қабірін көміп болған соң, Ибн ʻАббәс бір нәрсе айтқысы келгендей, қабірдің бас жағына келді де, сөйлей алмай қатты тұтығып қалды. Сосын: *"Кімде-кім Аллаһ Тағала қалай білімді алып кететінін көргісі келсе, мынаған қарасын. Міне, осылай Аллаһ ғалымдардың қайтыс болуымен білімді алып кетеді!"* – деп көз жасын тоқтата алмай жылай бастады (әт-Табәрани 5/109, Ибн Са'д 2/361).

Имам Мужәһид былай деген: *"Ғалымдар кетті, сөйлеушілерден басқа ешкім қалмады. Сендердің араларыңдағы ең ынталыларының өзі, сендерге дейін болған адамдардың ішіндегі ойын-сауықпен көңілін көтеріп жүрген адамға ұқсайды"*[41] **(**Әбу Хәйсамә "Китәбул-ʻилм" 69).

Ғалымның қайтыс болуы – бүкіл бір халықтың жойылуынан да жаман

Хасан әл-Бәсри былай деген: *"Былай деп айтылды: «Ғалымның қайтыс болуы – Исламдағы үлкен тесік (зиян, шығын), әрі күнді түн ауыстырып жатқанынша оны ешнәрсе жаба алмайды!»"* (әд-Дәрими 324). Имам әл-Бәғауи мен хафиз әд-Думьяты келтірген хабарда, дәл осындай сөздерді ʻАли ибн Әбу Талиб пен Ибн Мәс'уд та айтқан болатын.

Сәләфтар (ізгі ата-бабалар) былай дейтін: *"Ғалымның қайтыс болуы – бұл қасірет! Бір ғалымның қайтыс болуы – бүтіндей бір халықтың жойылуынан гөрі салмақтырақ"* (Қараңыз: "Мифтаху дари-сса'ада" 1/68).

Халәл ибн Хабәб бір күні Са'ид ибн Жубәйрдан: *"Әй Әбу ʻАбдуллаһ! Адамдар қашан опат болады?!"* – деп сұрады. Сонда ол былай жауап қатты: *"Ғалымдар жоқ болған кезде"* (әд-Дәрими 251).

Шынайы білімге ие ғалымдар қалмаған кезде надандық пен зұлымдық тарайды, соның бірі – мағынасыз адам өлтіру. Әбу Һурайра былай дейді: *«Білім жоғарыға көтеріліп кетеді де, надандық кең етек жаяды және харж көбейеді»*. Одан: "Харж дегеніміз не?" – деп сұралады. Ол: *«Адам өлтіру!»* - деп жауап қайтарады (Әбу Хайсамә "Китабул-ʻилм" 118, иснады сенімді). Дәл осындай сөздерді пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен имам әл-Бухари мен имам Муслим өздерінің «Сахихтерінде» келтіреді.

ҒАЛЫМДАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ БҰЙРЫҒЫ МЕН ОЛАРДЫ ЖАМАНДАУДЫҢ ҚАТАЛ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

Бізге Аллаһ Тағала мен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғалымдарды лайықты түрде құрметтеуімізді бұйырды. Міне, осы бұйрық біздің білім мен өз дінімізді қаншалықты құрмейтінімізді көрсетеді. Аллаһ Тағаланың Өзі дәрежесін көтерген адамдарды біз қалайша қадірлеп, құрметтемейміз?! Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһ Тағала сендерден сондай иман келтіргендердің, білім берілгендердің дәрежелерін көтереді» (Мужәдәлә сүресі, 11-аят).

---

[41] Мужәһид бұл сөздерді 1300 жылдан астам уақыт бұрын айтқан болатын. Егер ол біздің кезіміздегі жағдайды көрсе, не дейді екен? Елестету өте қиын.

ʻУбәда ибн Самиттен жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Арамыздағы үлкендерді сыйламайтын, кішілерге ізет көрсетпейтін, сондай-ақ білім иелерін лайықты түрде құрметтемейтін адам бізден емес***» (Ахмад, әл-Хәким, әт-Табәрани. Хафиз әл-Мунзири мен шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деп атады. Қараңыз: «Сахихул-жәмиʼ» 5443).

Имам әл-Мунәуи былай деген: *"Ғалымның қақысын сақтау – бұл білімге көрсетілген құрмет, әрі Аллаһ Тағала оны білім беру арқылы дәрежесін көтергенін және оның артықшылығын түсіну"* (Қараңыз: "Фәйдул-Қадир" 5/389).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: «***Адамдарға алғыс айтпайтын адам, Аллаһқа да шүкір етпейді***» (әт-Тирмизи. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәмиʼ» 6601).

Енді, адамдардың ішінде алғысқа ең лайықтылары ғалымдар болмағанда, басқа кім болушы еді?! Неге біз о дүниеміз бен бұ дүниемізді ретке келтіретін ғалымдарды құрметтеп, оларға алғыс білдіре алмаймыз? Яхъя ибн Муаз былай деген: *"Ғалымдар Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіндегі адамдарға өз аналары мен әкелерінен де асқан мейірімді!"*. Одан: *"Бұл қалайша?"* – деп сұрады. Сонда ол былай жауап берді: *"Ата-аналар өз балаларын бұ дүниедегі оттан қорғайды, ал ғалымдар адамдарды о дүниедегі Оттан қорғайды!" (*Қараңыз: "Нәсыха аһл әл-хадис" 167).

Тауус былай деген: *"Ғалымдарды құрметтеу – Сүннет болып табылады"*. ʻАбдур-Раззақ 20/32.

Имам әл-Мәуәрди былай деген: *"Ақиқатында, ғалымдар билігі мен байлығы үшін емес, өздерінің білімі үшін құрметтеуге лайықты "* (Қараңыз: "Әдәбу-ддунья уә-ддин" 94).

Ғалымдарды құрметтеу және олармен болған қарым-қатынасымызда әдеп сақтау туралы сәләфтар өте көп сөздер айтқан, алайда біз тек ʻАли ибн Әбу Талибтің айтқанымен шектелеміз: *"Шынында, ғалымдардың мынандай хақылары бар: сен барлығына бір сәлем беріп, кейін оған арнайы жеке сәлем беруің; оған қарама-қарсы отыруың; оның көзінше қолыңды сермемеуің; оған көзіңді қыспауың, әрі көп сұрақ қоймауың; ол жауап беріп жатқанда оған көмектеспеуің; ол ерініп тұрса, айтқаныңнан қайтпай тұрып алмауың, әрі егер ол белгісіз бір себептермен оған қарсы болса, оның қайта-қайта мазасын алмауың; ол тұрып жатқанда, оның киімінен тартпауың; оның құпияларын ашпауың; ол жоқ кезде, жамандап, оған тіл тигізбеуің; оның қателерін аңдымауың, ал егер ол қателесетін болса, оған үзір іздеуің; ешқашан оған: "Менің естуім бойынша, пәленше былай-былай деп жатыр" немесе "Түгеншенің көзқарасы сенің айтқаныңа сәйкес келмейді" – деп айтпауың; оның көзінше басқа білім иелерін сипаттамауың; ұзақ әңгіменің себебімен өзің тұрып кетіп қалмауың; оған қызмет көрсетуді өзіңді кемсіту деп санамауың, ал егер оған бір нәрсе керек болса, басқа біреулер істеймін дегенше сен жасап бітіруің. Сондай-ақ, сен мынаны жақсылап есіңде сақта: білім иесі құрма ағашы (пальма) секілді, ал сен, өзіңе сол ағаштан бір нәрсе түскенінше күтуге тиіссің"* (Ибн ʻАбдул-Бәрр 1/129).

Әһлю-Сунна ғалымдарын құрметтеп, жақсы көретін адам – әһлю-Суннадан, ал оларды жамандап, тіл тигізетін адам – дінге жаңалық еңгізу жақтастарының қатарынан

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шын мәнінде, Аллаһ Тағала былай деген:*** **«Маған жақын адамдармен жауласқан адамға Мен соғыс жариялаймын!» (**әл-Бухари 6502).

Үмметіміздің екі ұлы имамы Әбу Ханифа мен әш-Шәфи'и былай деген: *"Егер Аллаһқа жақын адамдар – бұл ғалымдар болмаса, онда Аллаһтың жақын адамдары жоқ!"* (Қараңыз: "әт-Тибъян" 32).

Сәләфтар үшін тура жолдың белгісі – бұл ғалымдар мен ақиқат жақтаушыларына деген махаббат, себебі оларға деген махаббат – бұл дін мен білімге деген махаббат, ал оларды жек көру – бұл дін мен білімді жек көру! Ғалымдарды білмеу немесе бірінші жақтың дәйегі күштірек болғаны үшін екінші бір ғалыммен белгілі бір мәселеде келіспеу – бұл бір басқа, ал тура жолға қарама-қайшы келетін, анық бид`а мен адасқан партиялармен келіспегені үшін ғалымдарға тіл тигізіп, оларға жала жабу – бұл тіптен басқа нәрсе.

Бір күні имам Ахмадқа: *"Шынында, Ибн Әбу Кутайлә хадис ғұламаларын жамандап, тіл тигізеді"*, - деді. Бұны естіген имам Ахмад қатты ашуланып: *"Бид`ашы, бид`ашы!"* - деп айқайлап жіберді. әз-Заһәби "әс-Сияр" 11/299.

Ахмад ибн Синән: *"Бұл өмірде хадис ғұламаларын жек көрмейтін бірде-бір бид`ашы жоқ"*, - деген [42] (Қараңыз: "Китабул-имәра" 1472).

Имам әт-Тахауи былай деген: *"Тура жолда болған, фиқһты түсінетін, әрі келіспеушіліктерді айыра алатын алғашқы ғалымдар және олардың ізінен ерген ұрпақтың ғалымдары ізгілік иелері еді. Біз оларды тек жақсылық жағынан ғана еске аламыз, ал кімде-кім олар туралы жаман сөз айтатын болса, ол тура жолда емес"* (Қараңыз: «'`ақидату-Ттахауия» 24).

Имам Әбу 'Усман әс-Сабуни былай деген: *"Сүннет ұстанушылардың сипаттарының бірі – олар имамдар мен Сүннет ғалымдарын, әрі оған көмектесетіндер мен оны ұстанатындарды жақсы көреді және Отқа шақыратын бид`атшылардың жетекшілерін жек көреді!"* (Қараңыз: «'`ақидату-ссәләф» 171).

Имам Әбу Хатим былай деген: *"Бид`атшылардың сипаты – олар ізгі ата-бабалардың жолын ұстанатындарды қаралап жамандайды" (әл-Ләләкәи* 1/179).

Имам әс-Саффәрини былай деген: *"Шынында, ғалымдардың еңбегі баршаға мәлім және олардың артықшылығы өте зор. Кімде-кім олардың артықшылығын кемсітсе, ол ең төмен, әрі адамдардың ішінде ең оңбағаны, ал кімде-кім оларды жек көрсе, ол Ібілістің тобынан"* (Қараңыз: "Ләухул-әнуәр" 2/355).

Шейх 'Абдул-Ләтыф Али Шейх былай деген: *"Бид`атшылардың әдеті – дәйектері таусылып, тығырыққа тірелкен кезде, олар Сүннет ұстанушыларын қаралап, тіл тигізе отырып, өздерін мақтай бастайды"* (Қараңыз: «Санәул-бәди'» 65).

Имамдар жалпылама сөздермен тоқтамады, сонымен қатар олар әһлю-Суннаның белгілі бір жеке имамды қаралап, тіл тигізген адамды да адасушылықта айыптады. Бір күні имам әш-Шәфи'и былай деді: *"Кімде-кім Ахмад ибн Ханбәлді жек көрсе, ол кәпір (дінсіз)!"*. Әр-Раби' ибн Сулеймән оған: *"Мұндай адамды күпірлікпен байланыстырып қойдыңыз ба?"* – деп сұрады. Сонда ол былай деді: *"Иә. Кімде-кім Ахмадты жек көрсе, онда ол Сүннетке қарсы шыққаны, ал Сүннетке қарсы шыққаны –*

[42] Ал шейх әл-Әлбәни, Ибн Баз, Муқбил, Мәдхәли хадис ғұламалары емес пе (мухаддис)?! Сонда оларды жек көретін, әрі оларға жала жауып, жамандайтын адамдар кім болғаны?!

сахабаларға қарсы шыққаны, ал сахабаларға қарсы шыққаны – пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы шыққаны, ал пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы шыққан адам – Ұлы Аллаһ Тағалаға қатысты кәпір болып табылады!" (Қараңыз: Қады Ибн Әбу Я'лә "әт-Табәқатул-Ханәбилә").

Имам әш-Шәфи'идің сөздері Ахмадты пайғамбар деңгейіне көтеріп, ұқсату емес, керісінше бұл сөздер имам Ахмад өте үлкен білімге ие екендігін меңзейді. Ғалымдардың нақты қатесін айтпастан, оларды қаралап, тіл тигізетін адам – дінге бүтіндей қастандық жасаған болып табылады, әрі соңында аса қатерлі нәтижелереге ұшырауы әбден мүмкін!

Имам Әбу Жә'фәр ибн Харун былай деген: *"Егер сен имам Ахмад ибн Ханбәлді жамандап жатқан адамды көрсең, ол адам адасқан, дінге жаңалық еңгізудің жақтасы екенін біл!"* (Қараңыз: "Жәрху уә-тта'дил" 308).

Имам Әбу Хатим былай деген: *"Егер сен Әбу Зур'аны жек көретін адамды көрсең, оның бид`атшы екенін біл!" (*Қараңыз: "Тарих әл-Бәғдад" 10/329).

Ал имам Әбу Зур'а, кезінде былай деген болатын: *"Егер сен Суфьян әс-Сәуриге тіл тигізіп жатқан куфалықты көрсең, оның рафидий екеніне күдіктенбе. Егер сен Мәкхул мен әл-Әуза'иге тіл тигізіп жатқан Шам аймағының адамын көрсең, оның насыбий екеніне күдіктенбе. Егер сен 'Абдуллаһ ибн әл-Мубәраққа тіл тигізіп жатқан Хорасанның тұрғынын көрсең, оның мурджий екеніне күдіктенбе. Сонымен қатар, осы айтқан ағымдардың барлығы Ахмад ибн Ханбәлді жек көретінін біл!" (*Қараңыз: "әт-Табәқатул-Ханәбәлә" 1/199).

Имам Ну'айм ибн Хаммәд былай деген: *"Егер сен Ахмад туралы жаман сөз айтып жатқан Ирактың адамын көрсең, ол адамның дінінде бәрі дұрыс емес екенін біл. Егер сен Уәһб ибн Жәрир туралы жаман сөз айтып жатқан Басраның адамын көрсең, оның дінінде бәрі дұрыс емес екенін біл. Егер сен Исхақ ибн Рахауәйһ туралы жаман сөз айтып жатқан Хорасанның адамын көрсең, оның дінінде бәрі дұрыс емес екенін біл"* (Қараңыз: "Тарихул-Бәғдад" 6/348).

Имам Әбу Хатим былай деген: *"Егер сен имам Ахмадты жақсы көретін адамды көрсең, ол адамның сунний екенін біл!" (*Қараңыз: "әс-Сияр" 11/197).

Құтайба ибн Са'ид былай деген: *"Егер сен Яхъя ибн Са'ид әл-Қаттан, 'Абдур-Рахман ибн Мәһди, Ахмад ибн Ханбәл, Исхақ ибн Рахауәйһ және солар сияқты хадис ғұламаларын жақсы көретін адамды көрсең, шынында, ол Сүннетте екенін біл! Ал осыған қарсы адам – бид`атшы екенін біл!"* `Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 71).

Міне, бұлардың барлығы қазіргі күнгі мухаддистерге де қатысты. Шейх Уәлид ибн Сайф Нәср былай деген: *"Егер сен әл-Әлбәни, Ибн Баз және Ибн 'Усәймин сияқты ғалымдарды жақсы көретін адамды көрсең, оның Сүннет ұстанушысы екенін біл!"* (Қараңыз: "Сабилюл-Жәннә" 9).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Хадис ғұламалары мен олардың мазһабына тіл тигізетін адам – надан, бид`атшы және екіжүзді екендігіне еш күмән жоқ!"* (Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 4/96).

Имам Ибн 'Асәкир былай деген: *"Шынында, ғалымдардың еті уланған және оларды сөгетіндермен не болатыны мәлім! Аллаһ Тағала ғалымдарға тіл тигізетін адамның жүрегін өзі өлместен бұрын өлтіреді"* (Қараңыз: "Табәйин кизб әл-муфтара" 27).

Егер мұсылманның сыртынан оған ұнамайтын нәрсе айтылса, қайтыс болған бауырының етін жегенмен тең болады, ал енді еттері уланған ғалымдардың сыртынан айтылған ғайбат туралы не айтуға болады?! Ғайбат – бұл мұсылманның сыртынан онда бар нәрсе, бірақ ол сөзді естісе, оған ұнамайтын нәрсе туралы айтылған сөз.[43] Ал енді мұсылманның не ғалымның бойында жоқ нәрсені айту туралы не десек болады?! Қаншама ғалымдарға жазықсыз жала жабылды десеңші?! Ибн ʻУмар жеткізген хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Кімде-кім мүміннің бойында болмаған нәрсені сыртынан айтса, Аллаһ Тағала оны "радғатул-хабәлға" тастайды»*** (Әбу Дәуд 3597, Ахмад 5385. Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деді). Басқа сенімді хадисте: *"Радғатул-хабәл деген не?"* – деген сұраққа пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай жауап берді: ***«Бұл Тозақ мекендеушілерден сығылып алынған нәрсе!».***

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: ***«Шын мәнінде, адам еш мән берместен сондай бір сөз айтуы мүмкін, бірақ сол сөздің кесірінен Тозаққа жетпіс жыл құлайды»*** (әт-Тирмизи 2314, Ибн Мәжәһ 3970).

Шейх Ибн ʻУсәймин былай деген: *"Ғайбат айту – тыйым салынған және ол үлкен күнәлардың қатарына жатады, ал егер ол мұсылман басшылары мен ғалымдарға қатысты айтылған болса, онда тіптен жаман болып есептеледі. Шынында, қарапайым адамдарға қатысты ғайбат айтудан гөрі, басшылар мен ғалымдарға қатысты ғайбат айту қатерлірек. Бұның себебі, ғалымдарға қатысты ғайбат айту – білімді өзінде сақтап, әрі өзгелерді үйрететін ғалымның білімінің маңыздылығын төмендетеді. Міне, осыдан кейін адамдар ғалымдардың білімін жоққа шығарып, дінге зиян тигізеді! Ал мұсылман басшыларға қатысты ғайбат айтуға келер болсақ, онда бұл олардың ықпалын әлсіретеді де, кейін адамдар оларға қарсы шыға бастайды. Адамдар мұсылман басшыларын қарсы көтеріліс жасаған кезде, анархия етегін кеңге жаяды*[44]*"* (Қараңыз: "Шәрх рияд әс-салихин" 1/340).

Бид`атшылардың ғалымдарды жамандап, оларға жала жабуының себептері, әрі олардың мәлімдеулеріне жауап

Әһлю-Сунна ғалымдарының бірін жамандап, оған тіл тигізіп немесе күпірлікте айыптайтын адамдардың жолдары да, тәсілдері де бір. Бұған себеп, ғалымдар олардың

---

[43] Ғайбаттың анықтамасын пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі былай деп берді: ***«Ғайбат – бұл мұсылманның сыртынан онда бар нәрсені айту»*** (әл-Хараиты. Сенімді хадис. Қараңыз: "әс-Силсилә әс-сахиха" 1992).

[44] Бір күні ʻАбдуллаһ ибн ʻУкәймә былай деді: *"Усман қайтыс болғаннан кейін ешқашан адам өлтіру үшін ешкімге көмектеспеймін"*. Одан: "Ал сіз ʻУсманның өлтірілуіне қатыстыңыз ба?!" – деп сұрады. Ол: *"Менің ойымша, 'Усманның кемшіліктері туралы әңгімелер оның өлтірілуіне сыбайласу болды"*, - деді (Ибн Саʼд 6/115).

Шейх ʻАбдур-Рахман әс-Саʼди былай деген: *"Адамдар мұсылман басшысы туралы пікірталастардан аулақ болып, оларды жамандаумен айналыспауы қажет. Керісінше, олар Аллаһтан мұсылман басшыларын ақиқатта ныгайтуын тілеуі тиіс. Шынында, мұсылман басшыларына тіл тигізуде қоғам үшін де, жеке тұлғалар үшін де өте үлкен залал мен зиян бар. Басшыларды жамандап, тіпті оларға насихат айтқысы да келмейтін біреулерді кездестіруге болады, ал бұл – басшыларға байланысты сатқындық болып табылады!"* (Қараңыз: "Нур әл-бәсаир уәл-әлбәб" 66).

Алайда, ғалымдар мұсылман басшыларын жамандап, олар туралы пікірталас жүргізуге тыйым салса, оны қызбалыққа салынған жастар дұрыс түсінбейді. Ғалымдар басшыларға тіл тигізуді оларға жағу үшін емес, оның салдары ауыр екенін білгендіктен мұсылмандардың жағдайын ойлап, оларға қарсы шықпауды насихат етеді!

адасушылығын көрсетіп, бид`аын бетіне басқан кезде, өз көңіл-қалауына ерген адамдар ғалымдардың сөзіне құлақ салып, ойланудың орнына, оларды жерден алып, жерге салып жамандай бастайды. Қазіргі кездегі ағымдар шейх Ибн Баз, әл-Әлбәни, Ибн ʻУсәймин, Салих әл-Фәузан және т.б. сияқты ғалымдарды үкіметтің адамы дей отырып, жамандап, ғайбаттап, әрі оларды пасықтық пен күпірлікте айыптайтынын осыған мысал ретінде келтіруге болады. Бұл ғалымдарды қаралайтын адамдар сауатсыз мұсылмандардың алдында өз дәрежелерін көтеріп, олардан асқан білімді, батыл екенін көрсеткісі келеді. Мұндай адасқан топтар ғалымдардың деңгейін төмендеткісі келіп былай дейді: "Иә, бұл ғалымдар өз кабинеттерінде отырып алып, нақты қалыптасқан жағдайды білмейді", "Саясат мәселесінде оларға сенуге болмайды", "Олар басшыларға жағатын фәтуә беруге мәжбүр, өйткені олар басыбайлы бағыныштылар ғой", "Олар етеккір мәселесінің ғалымдары" және т.б. Дәл осындай сөздерді бұларға дейін көптеген жылдар бұрын өмір сүрген өз көңіл-қалауларына ергендер айтқан болатын. Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Бізге бид`атшылар жетекшілерінің бірі философияның фиқһтан жоғары екенін көрсеткісі келіп былай дегені жетті: "Шынында, имам әш-Шафиʼи мен Әбу Ханифаның білімі етеккір (хайд), бала туғаннан кейінгі қан кету (нифас) мәселелерінен әрі асып шықпайды". Міне, ауытқығандардың сөзі осындай, Аллаһ оларды құртсын!"* (Қараңыз: "әл-Иʻтисам" 2/239).

Әбу Саʼда былай деген: *"Бір күні Уәсыл адамдардың алдында сөйледі, ал ʻАмр ибн Шуʼайб*[45]*: "Оны тыңдаңдар!*[46] *Ал Хасан әл-Бәсри, Ибн Сирин, Ибраһим ән-Нәхаʼи мен әш-Шәʼбидің сөздеріне келер болсақ, олардың сөздері етеккір кезінде пайдаланылып, кейін лақтырылып тасталған төсемнен (орыс. «прокладка») басқа дәнеңе де емес", - деді"* (әл-ʻУқайли "әд-Дуʼафә" 3/285).

Ислам үмметінің имамдарын етеккір мәселесінің ғалымы деп қаралауды бастаған кім екендігіне ерекше назар аударыңыздар! Олар сауатсыз мұсылмандардың алдында ғалымдардың артықшылығын төмендету үшін осындай сөздерді айтады. Білімі таяз мұсылмандар күпірлікте айыптау (такфир), жиһәд, мұсылман басшысына қарсы шығу (хуруж) және т.б.[47] сияқты өте маңызды мәселелерді ғалымдарға жүгінбес үшін бид`атшылар бар ынта-жігерін осыған арнайды. Шейх Ибн ʻУсәймин былай деген: *"Адамдар тіпті пайғамбарларға зиян тигізген, бірақ олар сабыр қылды. Тіпті біздің пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы да: «олжаны әділетсіз бөлді және Аллаһ үшін емес» деген сыңайлы сөздер айтылды! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы бұл сөздер һижра жыл санауы бойынша сегізінші*

---

[45] Уәсыл мен ʻАмр ең алғашқы муʼтазилилер мен «Құран жаратылған» деген көзқарасты ең бірінші таратқан адамдардың бірі.

[46] Яғни оның тілі өте шебер, сондықтан көркем сөйлейтін еді. Шешендік - көптеген бид`атшылардың қаруы болған. Солардың ішінде, имам әл-Ләләкәи айтқандай, Жәһм ибн Сафуән. Дәл осы үзілмес үрдіс біздің кезімізде де жалғасып келе жатыр. Қазіргі таңдағы көптеген ойшылдар мен уағыздаушылар адамдарды біліммен емес, керісінше шешендік арқылы бастап жүр. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақиқат айтқан екен: ***«Шын мәнінде, шешендікте сиқырлық бар»*** (әл-Бухари 5146, Муслим 869).

[47] Шейх Әбу Бәтын былай деген: *"Егер сен күпірлікте айыптаумен айналысатын адамнан тазалану немесе сауда-саттық және соған ұқсас мәселелерде сұрақ қойсаң, ол саған жауап бере алмайтыны адамды қатты таң қалдырады, өйткені ол туралы білмейді ғой. Ол осы мәселелерге байланысты ғалымдардың сөздерін іздестіреді, әрі ғалымдар қалай жауап берсе, дәл солай қайталайды. Ендеше өте үлкен, әрі қауіпті мәселе такфир туралы не айтуға болады?!"* (Қараңыз: "Минһәж әһл әл-хаққ" 77).

жылы айтылды, ягни оның миссиясының бастапқы кезінде емес, керісінше Аллаһ Тагала оны бекітіп, оның шынайылыгы анық болганнан кейін, әрі Аллаһ оның кереметтерін көрсеткеннен кейін айтылды. Егер мұндай сөздерді сахабалардың бірі[48] *пайгамбарга (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан болса, онда сен адамдардың: «Бұл галым осындай да, осындай, әрі оның мынадай-мынадай нәрселері бар» деп кемшіліктер таңганына таң қалмай-ақ қой. Мұндай адамдарды галымдарды қаралауга шайтан итермелейді, себебі, егер олар галымдарды қараласа, олардың сөздерінің адамдар арасында салмагы болмай қалады да, Аллаһтың Кітабына алып баратын адам қалмайды. Егер галымдардың сөздері сенімге лайық болмаса, адамдарды Аллаһтың Кітабына кім алып барады?! Адамдар шайтан мен оның тобының ізінен еретін болады! Осы себепті, қарапайым адамдарга айтылган гайбаттан гөрі, галымдардың сыртынан айтылган гайбат өте үрейлі. Қарапайым адамның сыртынан айтылган гайбат – бұл жеке гайбат, ал егер ол зиян әкелсе, онда тек гайбат айтқан мен гайбатталган адам гана жапа шегеді. Алайда галымның сыртынан айтылган гайбат – бүкіл Исламга зиян әкеледі, өйткені Исламның байрагын көтеретін осы галымдар гой, ал егер олардың абыройы төмендесе, олармен бірге Исламның байрагы да төмендейді, әрі бұл Ислам үмметінің барлыгына зиянын тигізеді"* (Қараңыз: "Шәрх Рияд әс-салихин" 1/106).

Дей тұрғанмен, мына жайт та адамның таңдайын қақтырады: ғалымдарды қаралайтын адамдардың көңіл-қалауына кейбір ғалымдардың сөзі сәйкес келсе, олар бұны қолданып, оны көтермелеп, жұрт арасында тарата бастайды. Ақиқатында, бұл яһудилердің сипаты! Әнәс жеткізген хабарда, ‘Абдуллаһ ибн Салəм есімді бір яһуди Ислам қабылдағаннан кейін пайғамбарға (оған Аллаһтығ игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны хабарланады: *"Әй Аллаһтың елшісі, шынында, яһудилер өтірікшілер, егер олар менің Ислам қабылдаганымды сіз олардан сұрамас бұрын естісе, олар маган өтірік жала жаба бастайды". Яһудилер келген кезде пайгамбар (оган Аллаһтыг игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Сендердің араларыңда ‘Абдуллаһ ибн Салəм қандай дәрежеде?»*** *- деп сұрады. Олар: "Ол – біздің арамыздагы ең білімдісі және арамыздагы ең білімдінің баласы, әрі ол – біздің арамыздагы ең жақсысы және арамыздагы ең жақсының баласы!" - деді. Сонда Аллаһ елшісі:* ***«Егер ‘Абдуллаһ Ислам қабылдаса, не деп айтар едіңдер?»*** *- деп сұрады. Олар: "Бұдан Аллаһ сақтасын!" – деді. Сол кезде ‘Абдуллаһ шыгып былай деді: "Аллаһтан басқа құлшылық қылуга ешбір тәңір лайықты емес екендігіне куәлік беремін, әрі Мұхаммед – Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік беремін!" – деді. Сонда олар: "Ол – біздің арамыздагы ең нашары және арамыздагы ең нашарының баласы!" – деп жамандай бастады"* (әл-Бухари 3329).

Міне дәл осылай, бүгінгі күні өз көңіл-қалауына ергендер өздерімен келіскендерді қолдап, қолпаштайды да, ал олармен келіспейтін, әрі олардың адасушылығын әшкерелегендерге күйе жағып, даттайды, тіпті қоқан-лоқы да көрсетеді! Мұның бәрінен де қатты таң қалдыратыны – ұлы ғалымдарды «үкіметтің адамы» дей отырып, оларға саясат пен жиһәд мәселесінде сенуге болмайды[49] деп есептейтін надандардың

[48] Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында бір жыл, бір ай, бір сағат болған немесе жай көріп қалып, оған иман келтіріп және мұсылман күйінде қайтыс болған адам сахаба деп есептеледі. Бұл туралы Мәлик, Ахмад, Ибн Мәдини, әл-Бухари, Ибн Тәймия және т.б. сияқты имамдар айтқан (Қараңыз: "Табәқатул-ханәбилә" 1/241, "Мәжму'ул-фәтәуә" 20/298).

[49] Егер саясат мәселесінде ғалымдарға сенуге болмайтын болмаса, онда: «Ал басқа кімге сенуге болады өзі?!» деген сұрақ туындайды.

көбісі, бұған қарамастан, сенім (‘`ақида) мәселесінде дәл сол ғалымдарға сеніп, оларға жүгінеді! Олар мұсылман адамның діні мен өміріндегі ең маңызды `ақида мәселесін дәл сол ғалымдарға сеніп тапсырады! Ол мәселе – адамды Тозаққа не Жәннәтқа жетелейтін иман мен имансыздық (куфр) мәселесі! Бірақтан, олар діннің басқа мәселелерін ғалым деген атаққа лайықты емес баз біреулерге сеніп тапсырады, тіпті жиһәд, такфир немесе басшыға қарсы шығу секілді өте ауыр мәселелерді сеніп тапсырады. Ақиқатында, бұл нәрселер өте қатты таңқалдырады! Бұл әрекетті надандық пен көңіл-қалауына еру деуден басқа қалай түсіндіруге болады?

Көптеген сауатсыз мұсылмандар адамның мойнына түскен қиыншылықтар мен сынақтар – оның көзқарасының дұрыс болуының шарты деп есептейді. Олардың ойынша, шынайы ғалым – бұл түрмеде отырып шыққан адам, әрі ақиқатты айтқаннан кейін қудаланбауы мүмкін емес. Мынадай сұрақ туындайды: «Мұндай шарттарды кім орнатқан?». Кейбіреулер Құрандағы мына аятты дәлел қылып келтіреді:

«Адамдар: “Сендік” деумен сыналмай қаламыз деп ойлай ма? Рас олардан бұрынғыларды да сынаған едік» (‘Анкәбут сүресі, 2-3-аяттар).

Құранның мағынасын ең жақсы білетін, ең білімді тәпсірші Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Шын мәнінде, сендердің бақыттыларың сынақтан алыс болғандарың! Сендердің бақыттыларың сынақтан алыс болғандарың, ал кімде-кім сынаққа ұшыраса, сабыр қылсын»*** (Әбу Дәуд. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 1637).

Осы үмметтегі пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейінгі ең жақсы адам Әбу Бәкр былай деген: *“Маған сынаққа ұшырап, соған сабыр қылғаннан гөрі, игілікте болып, соған Аллаһқа шүкірлік айтқаным ұнамдырақ”* (Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 6/179).

Сонымен қатар, сынақ тек азап көріп, түрмеде жатумен шектеледі деп кім айтты? Осы дүниедегі өміріміз толықтай азғыру мен сынақ емей немене? Бұл аздай, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі оның ішінде әйелдер мен байлықты атап өтті![50] Мұндай сынақтарға көптеген ғалымдар кезікті, соның ішінде шейхул-Ислама Ибн Тәймия – оны адасқан ағымдар атын атаған кезде, міндетті түрде оны жала жауып, күйе жағады, тіпті кейде кәпір деп те атайды, Мухаммад ибн ‘Абдул-Уәһһәб – сопылардың бұдан асқан жауы жоқ, тіпті оны ағылшын шпионы деп те атайды.

---

[50] Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқан: ***«Шын мәнінде, әрбір үмметтің өз сынағы бар. Ақиқатында, менің үмметімнің сынағы – байлық»*** (әт-Тирмизи, әл-Хәким. Хадистің сенімділігін хафиз Ибн ‘Абдул-Бәрр және шейх әл-Әлбәни растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «Сахихул-жәми’» 2148).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: ***«Өзімнен кейін еркектерге, әйелдерден басқа зиянырақ болған сынақ қалдырған жоқпын»*** (әл-Бухари 5096, Муслим 2740).

Хафиз Ибн Хәжәр өзінің “Фәтхул-Бәри” кітабында былай деп жазды: *“Бұл хадисте, басқа сынақтардан гөрі, әйелдермен болған сынақ ауыр екеніне нұсқау бар, бұған тағы Аллаһ Тағаланың сөзі нұсқау болады:*

«Адам баласы үшін әйелдер, балалар, алтын күмістен жиналған қазыналар, сәнделген аттар, малдар және егіндерді қызыға сүю әдемі көрсетілді» (Әли ‘Имран сүресі, 14-аят). *Міне, барлық сынақтың бастауы - әйелдер екенін нұсқау үшін Аллаһ Тағала басқа сынақтардан бұрын ең бірінші әйелдермен болатын сынақты атап өтті!”.*

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Өз-өзіңді азаптау мен қиыншылыққа тырысу арқылы Аллаһтың разылығы мен махаббатын іздеуге болмайтынын білу керек.*[51] *Кейбір надандар амал қаншалықты қиын болса, соншалықты жақсырақ, әрі сауаптың мөлшері қиыншылықтың деңгейіне байланысты деп ойлайды. Жоқ! Бұл түбегейлі қате сенім! Амалға берілетін сауаптың мөлшері әкелетін пайдасына байланысты”.* Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтәуә” 25/281.

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Өз-өздеріңе қатысты қатал болмаңдар, әйтпесе Аллаһ сендерге қатал болады!»*** (Әбу Дәуд. Сенімді хадис. Қараңыз: “әс-Силсилә әс-сахиха” 3124).

Бір күні Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соншалықты төзуге келмейтін, тіпті балапанға ұқсап қалған бір адамның халін білуге келді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: ***«Сен дұға қылмайсың ба, Раббыңнан жақсылық сұрамайсың ба?»*** - деп сұрады. Ол: *“Мен: “О Раббым, егер Сен мені о дүниеде жазалаймын деп шешсең, одан да мені осы дүниеде жазала” деймін”,* - деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған: ***«Субхан-Аллаһ! Шын мәнінде, сен бұны көтере алмайсың, сен бұған төзе алмайсың! Сен неге былай айтайсың:***

“Раббымыз, бізге осы дүниеде де, о дүниеде де жақсылық бер, әрі Тозақ отынан сақта!”», - деп айтты (әт-Тирмизи 3/128. Хадистің сенімділігін имам Әбу ‘Иса әт-Тирмизи мен шейх әл-Әлбәни растады).

Ғалымдарға тағылған айыптаулардың бірі – бұл оларды «үкіметтің адамы әрі басшылардың теріс қылығына көз жұма қарап, оларға ғана ұнамды нәрселерді ғана айтады-мыс. Мұндай сөздерді айтатын адамдар «ғалымдар күнә жасап, әділетсіздік қылатын басшыларды еш кінәламайды» деп өз сөздеріне дәйек ретінде келтіреді.

Бұл бид`атты оп-оңай бірнеше дәлелмен әшкерелеуге болады. Біріншеден, ғалымдар басшыларды кінәлап жатыр ма, жоқ па екендігін олар қайдан біледі?! Екіншіден, басшыларды кінәлау жұрттың көзінше болу керек деп кім айтты?! Көптеген

---

[51] Өз-өзін азаптау мен өзіне қиыншылық көрсету – амалдың дұрыстығын көрсетпейді. Шариғат амалдың қиындығына емес, оның дұрыстығы мен пайдасына қарайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шын мәнінде, дін өте жеңіл, бірақ кімде-кім оны қиындата бастаса, дін оны жеңіп кетеді»*** (әл-Бухари 39).

Әнәс былай деген: *“Бір күні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі ұлы екі жағынан демеп келе жатырған бір қарт адамды көрді де:* ***«Оған не болған?»*** *- деп сұрады. Оның ұлдары: “Ол қажылыққа жаяу баруға нәзір берген еді”, - деді. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Шын мәнінде, Аллаһ Тағала оның өзін азапқа салғанына мұқтаж емес»,*** *- деп, оған атқа мініп жүруді бұйырды”* (әл-Бухари 1865, Муслим 1642).

Сонымен қатар, Ибн ‘Аббәс былай деген: *“Бір күні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хутба айтып тұрған кезде, түрегеліп тұрған бір адамды көріп, ол туралы сұрайды. Адамдар: “Ол - көлеңкеге тығылмастан, күннің астында отырмастан қақиып тұрып, ешкіммен сөйлеспеспей ораза ұстауға нәзір берген Әбу Исраил ғой”, - деді. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Оған сөйлессін, көлеңкеге барып отырсын, ал оразасын соңына дейін жалғастырсын деп бұйырыңдар»****, - деді”* (әл-Бухари 6704).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамға оразасын соңына дейін жалғастырып, қалған амалдарын тыйым салды, себебі ораза – Аллаһ жақсы көретін құлшылық. Ал оның оразадан басқа істеген амалдары – тіпті егер оны біреу солай есептесе де, Аллаһқа жақындататын құлшылық емес”* (Қараңыз: “Мәжу’ул-фәтәуә” 11/614).

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһ сендерге оңайлық қалайды, қиыншылық қаламайды» (Бәқара сүресі, 185-аят).

мұсылмандар жұма намазында немесе өз лекцияларында араб елдерінің басшыларын жамандап, қаралап жатқан адамдарды батыр санайды. Мұндай нәрсе біздің ізгі ата-бабаларымыздың (сәләфтар) жолына қайшы келеді, өйткені басшылардың сыртынан ғайбаттап немесе жұрттың көзінше оларды кіналау пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына сай келмейді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Ең күшті жиһәд – бұл әділетсіз басшының бетіне айтылған шынайы сөз»*** (әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ, әл-Хәким. Хадистің сенімділігін хафиз әд-Думьяты мен шейх әл-Әлбәни растады. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 1100).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшыларға қалай насихат айту керек екендігін айтып былай деді: ***«Кімде-кім басшыға насихат айтқысы келсе, бұны ашық емес, жасырын айтсын»*** (Ахмад 3/403, Ибн Әбу 'Асым 1097. Хадистің сенімділігін имам әл-Хәким, Ибн Баз мен әл-Әлбәни растады).

Замандастарымыздың кейбіреулері бұл хадисті әлсіз деп, аталмыш хадиске қарсы әрекеттер жасаса да, оның мағынасы алдындағы хадиспен және сахабалардың іс-әрекетімен бекітіледі. 'Умар ибн әл-Хаттаб халиф болып тұрған кезінде былай дейтін: *"Әй адамдар! Расында, сендер бізге жасырын насихат айтып, жақсылықта көмектесулеріңе біздің сендерде қақымыз бар!"* (Ханнаә ибн әс-Сарий "әз-Зухд" 2/602).

Шәқиқ былай деген: *"Бір күні Усамә ибн Зайдтан: "Сен неге 'Усманмен сөйлесу үшін бармайсың?" – деп сұралады. Ол: "Арамызда болған әңгіменің барлығын сендерге айтып беруді қалайсыңдар ма?! Аллаһпен ант етемін, мен онымен жалғыз сөйлестім және арамызда болған нәрсені бірінші болып ашқым келмейді", - деп жауап берді"* (әл-Бухари 3267, Муслим 2989).

Ибн 'Аббәстан басшыға насихат айту туралы сұрағанда, ол: *"Егер сен осыны істегің келсе, онда араларыңда ешкім болмайтындай етіп істе және өзіңнің имамың (басшы) туралы ғайбат айтпа!"* – деп жауап қатты (Ибн Әбу Шәйбә 15/74, Са'ид ибн Мәнсур 4/1657. Сенімді иснад).

Міне, Аллаһтың дінін дұрыс түсінген біздің үмметтің ғалымдарының сөздері осындай. Ибн ән-Нухас, әс-Синди, әш-Шәукәни, Ибраһим ибн 'Абдул-Ләтыф және т.б. имамдар былай дейтін: *"Басшыға насихат айтуды адамдардың көзінше емес, жасырын жасау керек"* (Қараңыз: «әл-Мәтбу'» 24/50 және "Сайлюл-жәрар" 4/556, "әд-Дарару-ссания" 9/119).

Көптеген имамдар мұсылман басшысын жаман істерден қайтаруды жалғыз өзімен болған кезде жасаудың қажеттілігін айтқан болатын, әрі бұл сенімді Сүннетте бекітілген және осыған бұл үмметтің сәләфтары ерген (Қараңыз: "Шәрх Муслим" 6/619, имам әл-Құртуби, "Фәтхул-Бәри" 13/57, "Танбихул-ғафилин" 60).

Ғалымдарды жамандайтын адамдар бізге не ұсынады: ғаламтордағы надан ақымақтар секілді немесе араб елдеріндегі көпшілік уағыздаушылары секілді Сүннетке қарсы шығып, басшылардың сыртынан ғайбат айтуымыз керек пе?! Ешқашан олай болмайды!

Содан соң, ғалымдар басшыларға насихат айтатын шығар, алайда олар құлақ аспай, өзінің қалағанын істеп жатқан тәрізді, ал ғалымдар дәрменсіз болып қалуы мүмкін. Немесе ғалымдар өзі үшін қауіптенетін шығар, ал бұл – олар үшін ақтау болып табылады ғой. Одан кейін, ғалымдар үндемесе, олар қашаннан бері үкіметтің адамы

немесе басшылардың күнәларын құптайды дегенді білдіре қалды?! Са'ид ибн Жубәйр былай деген: *"Мен Ибн 'Аббәстан: "Басшыны жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтарайын ба?" – деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді: "Егер ол сені өлтіреді деп қорықсаң, онда жоқ"* (Ибн Әбу Шәйбә 15/74, Ибн Әбу Дәуд 1/113. Сенімді иснад).

Сондай-ақ, Әбу әд-Дарда былай деген: *"Біз кейбір адамдардың бетіне күліп қараймыз, алайда жүрегіміз ол адамды лағынеттеп тұрады"* (әл-Бухари 2/243).

«Ғалым қаншалықты басшыға жақын болса, ол соншалықты Аллаһтан алыс» деген сыңайлы сөздерге келер болсақ, оның Исламда ешқандай негізі жоқ, тіпті пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына қарсы келеді: ***«Шын мәнінде, Аллаһ сендердің үш нәрселеріңе разы, үш нәрселеріңе разы емес. Ол сендердің тек Аллаһқа ғана құлшылық қылып, басқа ешкімді серік қоспағандарыңа разы; Аллаһтың жібін бірігіп ұстап, бөлінбеулеріңе разы; сендердің үстіне қойған басшыларыңа насихат айтуларыңа разы. Өсектерді таратқандарыңда разы емес; ысырапшылық пен көп сұрақ қоюларыңа разы емес»*** (Ахмад 2/367, әл-Бәғауи 1/202. Хадистің иснады сенімді).

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сөзін үш рет қайталап былай деді: ***«Дін – бұл адалдық көрінісі (нәсыха)!»*** Одан: *"Әй Аллаһтың елшісі, (ол адалдық көрінісі) кімге қатысты?"* – деп сұрады. Ол: ***«Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның елшісіне, мұсылман басшыларына[52] және қатардағы мұсылмандарға қатысты»***, - деді (Муслим 55).

«Ғалым қаншалықты басшыға жақын болса, ол соншалықты Аллаһтан алыс» деген сөз пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) анық, әрі екімағыналы емес сөзіне айқын қарама-қайшы келіп тұрған жоқ па?!

Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі басшыларға кіріп, насихат айтуға адамдарды ынталандырып, әрі ол үшін үлкен сауап болатынын айтып және осы істің маңыздылығын білдірді. Му'аз ибн Жәбәлдан жеткен хадисте, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Мына бес амалдың бірін істеген адам Құдіретті Аллаһ Тағаланың қорғауында болады: науқасты зиярат ету; жаназаға қатысу; әскери жорыққа шығу; басшыны (шындықта) қолдап, оған құрмет көрсету үшін кіру; өзінің зұлымдығынан адамдарды қорғап, әрі өзгелердің зұлымдығынан өзін қорғау үшін үйде отыру»*** (Ахмад 5/241, Ибн Әбу 'Асым 1021, әл-Бәззар 1649. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хиббән, Ибн Хузаймә, әл-Хәким және шейх әл-Әлбәни растады). Хадистің басқа нұсқасында: ***«Міне, осы амалдардың біреуін істеп өлген адам Жәннәтқа кіреді»***, - делінген.

Онымен қоса, үмметіміздің имамдарының көбісі басшыларға кіріп, оларға насихат қылған, әрі пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығын орындап, олармен жақсы қарым-қатынаста болған. Хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр "Жәми'ул-бәян" 1/180 кітабында басшылармен жақсы қарым-қатынаста болған мынадай имамдарды атап өтеді: Ибн Шиһәб әз-Зуһри, әш-Шә'би, Әбул-Миқдам, Хасан әл-

---

[52] Мұсылман басшыларына қатысты "нәсыха" дегеннің астарында – оған тыйым салынған нәрседен басқа барлық мәселеде бағыну; оған көмектесу, оған насихат айту, ол үшін Аллаһтан дұға тілеу, оған ант беру, қарумен де, тілмен де қарсы шықпау тұспалданады (Қараңыз. "Шәрху әрбә'инә-Ннәуәуи" 45, Салих Али Шейх).

Бәсри, Әбу Зинәд, әл-Әуза’и, әш-Шәфи’и және т.б. көптеген ғалымдар. Сондай-ақ, бұл тізімнің қатарына Мухаммад ибн ‘Абдул-Уәһһәбты да қосып қоюға болады.

Біздің үмметтің осындай ұлы имамдары басшыға жақын болғаны себепті Аллаһтан алыс болған немесе үкіметтің адамы болған деп енді кім айта алады?! Ибн Әбу Хатим былай деген: *“Бір күні имам Мәликке: “Басшы әділетсіз болған кезде, сен оған кіресің бе?” – деп сұрады. Ол: “Аллаһ сені мейіріміне алсын, оған ақиқат туралы басқа кім айтады?!” – деді”* (Қараңыз: “әд-Жәрху уә-тта’дил” 1/30).

Имам Ахмадтан Исхақ ибн Рахауәйһ туралы сұралғанда, ол: *“Ол туралы менен емес, Исхақтан мен туралы сұрау керек!”* – деді. Оған: “О Әбу ‘Абдуллаһ, біз сізден ол жайында хадис туралы сұрап жатқан жоқпыз, бірақ оның басшыларға кіретіні, әрі олардан ақша алатындығы туралы сұрап жатырмыз!” - деді. Ахмад: *“Иә, ол басшыларға кіреді, олардан ақша алады, оларды Сүннетке шақырады және Сүннетке үйретеді. Мүмкін ол басшылардың алдында біреулерді мақтайтын да шығар, нәтижесінде басшы сол мақтаған адамды бір қаланың әкімі етіп тағайындар, ал ол болса тұрғындарды Сүннетке шақыратын болады. Сонда осының сауабының барлығын Исхақ алады”*, - деді (Қараңыз: “әл-Жәлису-ссалих” 204).

Имам әш-Шәукәни былай деген: *“Артықшылық жіне білім иелерінің басшылармен өте жақсы қарым-қатынаста болған тарихи мысалдарды, олардың соншалықты көптігінен санап бітіру мүмкін емес”* (Қараңыз: “Раф’ул-әсатын фи хукмил-иттисал би саләтын” 80).

Сонымен қатар, имам Әбу Ханифаның шәкірті Әбу Юсуф халифаттың жоғарғы соты болғаны сияқты хафиз Ибн Хәжәр да кезінде жоғарғы сот болған.

Көптеген мұсылмандар пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек тақуа, ізгі басшыларға ғана бағынуға бұйырды деп ойлап қателеседі. Хузайфәдан жеткен хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Менен кейін менің жолыммен жүрмейтін, әрі менің Сүннетіме сай өмір сүрмейтін басшылар шығады. Сондай-ақ, сендердің араларыңнан жүрегі адам кейіпіндегі шайтанның жүрегіне ұқсайтын адамдар шығады».***[53] Хузайфә: *“Егер олардың кезінде өмір сүрсек, біз не істейік?”* – деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Билік иесін тыңдаңдар да, бағыныңдар, тіпті егер ол сені арқаңнан ұрып, мал-мүлкіңді тартып алып жатса да!»*** – деді (Муслим 1847).

Енді, осы хадисте тақуа, әділетті басшы туралы сөз болуда деп кім айта алады?! Қол сұғып жатқан кез-келген адамнан өз өмірің және өз дүние-мүлкіңді қорғау – міндетті екеніне қарамастан, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандардың әміршісін ерекшелеп, осы жалпы ережеден тысқары қалдырды. Имам Ибн әл-Мунзир былай деген: *“Еш қақысыз өмірің мен дүние-мүлкіңе қол сұғылып жатқанда, оны қорғау міндетті екеніне білім иелері бірауызды келіскен. Алайда, бұнымен қоса, бүкіл хадис ғұламаларының айтуынша, осы жалпы ережеге билік иесі кірмейді. Бұған билік иесінің тарапынан болған әділетсіздікке сабыр ету және оған қарсы шықпау туралы хабарлар нұсқау бола алады!”* (Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 5/148).

---

[53] Осы хадистің түсіндірмесінде, жүрегі шайтанның жүрегіне ұқсайтын адамдар – бұл хауариждер деп айтылған (Қараңыз: “әл-Хауәриж” 22-23).

ʻАди ибн Хатим: *“Әй Аллаһтың елшісі, біз сізден тақуа басшыға бағыну туралы сұрамаймыз, бірақ егер олар мынадай-мынадай іс-әрекеттер жасаған кезде не істейміз?”* – деп әділетсіздік туралы сұрады. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Аллаһтан қорқыңдар, билік иесін тыңдаңдар да, бағыныңдар!»*** (Ибн Әбу ʻАсым 2/508. Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деді).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылман әміршісіне, тіпті олар әділетсіз, әрі оның жолымен жүрмейтін, тіпті Сүннетті бұрмалайтын болса да, оларға бағынуды бұйыратын хадистері өте көп.

Ибн Кусайб әл-ʻАдауи былай деген: *“Бір күні мен Ибн ʻАмирдің минбарының қасында Әбу Бәкрамен*[54] *бірге болдым. Ибн ʻАмир жұқа киімде хутба оқып тұрған болатын, сол кезде Әбу Биләл: “Пасықтардың киімін киетін біздің басшымызға (әмир) қараңдар!” – деді. Сонда Әбу Бәкра оған былай деді: “Үніңді өшір, мен Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім:* ***«Кімде-кім басшыны қорлайтын болса, Аллаһ Тағала ол адамды қорлайды»****”* (Ахмад 5/42, әт-Тирмизи 2224. Шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді).

Мұʼауия былай деген: *“Бір күні Әбу Зарр «Рабза» атты жерге шыққанда, ол Ирактық бір топ адамды кездестірді. Олар: “Әй Әбу Зарр, басшы сенімен не істегені туралы бізге хабар жетті. Егер қаласаң, ту көтер және саған қанша адам қаласаң, сонша адам қосылады”, - деді. Бұған Әбу Зарр былай деді: “Әй мұсылмандар, тынышталыңдар, тынышталыңдар! Шынында, мен Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естідім:* ***«Менен кейін бір басшылар болады, оларды ұлықтаңдар. Ал кімде-кім оларды қорлағысы келсе, Исламды тесіп алады және барлығын орнына келтірмейінше, ол адамның тәубесі қабыл етілмейді»****”*[55] (Ибн Әбу ʻАсым “әс-Сунна” 499. Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деді).

Имам Әбу Нуʼайм әл-Әсбәһани былай деген: *“Басшысымен шыншыл болған адам, тура жолмен жүргені, ал олармен шыншыл болмаған, тура жолдан адасып, шекарадан асқаны”* (Қараңыз: “Фәдыләтул-ʻадилин” 140).

---

[54] Бұл жерде Әбу Бәкра әс-Сақафи деген сахаба туралы сөз болуда, Әбу Бәкр әс-Сыддық емес.

[55] Назар салыңыздар, билік иесінің зорлық-зомбылығын айта отырып, соған қарамастан пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға бағынуға бұйырады, ал басқа жағынан алып қарайтын болсақ, пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хауариждерді көптеген хадистерде өлтіруді бұйырады! Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Соңғы кезеңдерде жаратылыстың ең жақсысының (пайғамбардың) сөзін айтатын ақылдары таяз жастар шығады, алайда олар Исламнан атылған садақтың оғы секілді шығып кетеді. Мұндай адамдардың иманы жұтқыншақтарынан төмен өтпейді, сондықтан оларды қай жерде кездестірсеңдер де, өлтіріңдер! Шын мәнінде, оларды өлтірген адам Қиямет Күні сол үшін сауап алады»*** (әл-Бухари 3611).

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Олар жаратылыстың ең нашары. Оларды өлтірген немесе олардың қолынан өлген адамға Туба (Жәннәттағы ағаш) болады»*** (әл-Хәким 2/146. Сенімді хадис).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндай бұйрығы былай түсіндіріледі: мейірімсіз қатал басшыдан гөрі, хауариждердің дін мен мұсылмандарға тигізетін зияны орасан зор. Бұл туралы шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай дейді: *“Бид`атшылардың жетекшілері жай күнә жасаушыларға қарағанда, үмметке көбірек зиян тигізеді! Міне, дәл сол себепті пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хауариждерді өлтіруді бұйырып, әділетсіз мұсылман басшыларымен соғысуға тыйым салды!”* (Қараңыз: “Мәжмуʼул-фәтәуә” 7/284).

Дегенмен, хауариждермен соғысу – бұл тек оларға дәлел жеткізгеннен кейін ғана мұсылман басшыларының жасайтын міндеті (Қараңыз: «ʻУмдатул-қари» 19/369).

Имам әл-Бәрбәһәри былай деген: *“Егер сен мұсылман басшыларына тіл тигізіп жатқан адамды көрсең, оның өз көңіл-қалауының жақтаушысы екенін біл. Ал егер сен басшыларға жақсылық тілеп, Аллаһқа дұға қылып отырған адамды көрсең,*[56] *оның Сүннетке еруші екенін біл”* (Қараңыз: “Шәрху-Ссунна” 113).

Басшыларға кіріп шығудан сақтандыратын кейбір хабарлар туралы айтар болсақ, оларды дұрыс түсіну керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Кімде-кім басшыға кіріп шықса, азғыруға кезігеді»*** (Ахмад. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 6296).

Бұл хадисте басшының ықыласына ие болып, материалды табыс табу, әрі барлық нәрседе оның көңілінен шығу мақсатында, оған кіріп шығуға талпынудан сақ болу керек екендігі туралы сөз болуда. Ал біздің үмметтің кейбір имамдарының басшымен суық қарым-қатынаста болғандығы туралы мысалдарға келер болсақ, негізінен, бұған себеп – олар білімді өте қатты бағалаған, әрі құрметтеген, сондай-ақ олар басшының үйіне білімді алып барудың білімді кемсіту деп есептеген. Сонымен қатар, имамдардың әрқайсысы белгілі бір уақытта басшымен араласқан кезде қалай өз-өзін ұстау керек екендігін жақсы білген, әрі мұсылмандарға да, өздеріне де пайда әкелетін іс жасаған.[57] Сондай-ақ олар мұсылмандарға зияны тиетін әрекеттерге бармаған. Бұған мысал ретінде мына оқиғаны келтіруге болады: адамдар келіп имам Ахмадтан «халиф Уәсиққа қарсы көтеріліс жасау рұқсат етіле ме, жоқ па?» деген сыңайдағы сұрақ қойған кезде, Ахмад оларға бұны тыйым салып былай деді: *“Сендер оны жүрекпен қайтаруларың керек және оған бағынудан бас тартпауларың керек, әрі бойұсынбауларының кесірінен мұсылмандарға қиыншылық туғызбаңдар және өз қандарыңды да төкпеңдер, мұсылмандардың да қанын төкпеңдер!”*[58] (Қараңыз: “әт-Табәқат Ибн Әбу Я’лә” 1/144).

---

[56] Мұсылман басшыларына тіл тигізудің тыйым салынғандығы немесе олар үшін Аллаһтан дұға тілеуге ынталандыру дегеніміз – бұл оларды мадақтау дегенді білдірмейді. Бұл екеуі екі бөлек нәрсе. Имам әл-Фудайл ибн ‘Ийәд былай деген: “*Егер менде міндетті түрде қабыл болатын дұға болғанда, мен оны басшылар үшін сұрар едім*”. Одан: “Бұл қалай сонда, әй Әбу ‘Али?!” – деп сұрады. Ол былай жауап қатты: “*Егер мен ол дұғаны тек өзіме ғана қолдансам, онда бұл жеткіліксіз, ал егер мен ол дұғаны басшы үшін қолдансам, онда бұл дұға барлығына жақсы. Өйткені, егер басшы тақуа болса, онда халықтар мен қалалар тақуа болады!*” (Қараңыз: «әл-Хилия» 8/91 және «Табәкат әл-ханәбилә» 2/36).

[57] Ал кейбір имамдарды басшылар қазы етіп тағайындағанда, олар басшыға бағынбағаны және соған ұқсас хабарларға келер болсақ, бұл басшыға бағынбауға дәлел емес, өйткені бұл – белгілі бір имамның шешімі (ижтиһәд) ғана. Кейбір имамның іс-әрекеті бізге дәлел емес, әсіресе олардың іс-әрекеті Құран мен Сүннетке қайшы келген кезде, ал Құран мен Сүннет бізге басшыға күнәлі емес нәрселердің барлығында бағынуды бұйырады. Шейх әл-Мубәракфури былай деген: *“Егер мұсылмандардың басшысы рұқсат етілген немесе мустахаб амалдарды бұйырса, онда ол бұйрықты орындау парыз болады!”* (Қараңыз: “Тухфәтул-әхуәзи” 5/365).

[58] Уа, мұсылмандар! Уәсиқ деген кім екенін білесіңдер ме?! Ол Құран – Аллаһтың сөзі екендігін теріске шығарған, әрі Құранды жаратылған деп есептеген басшы болған. Бұл аздай, Уәсиқ осы идеясы үшін жұртпен соғысып, мұсылмандардың қанын төккен. Ол өлтірген адамдардың ішінде имам Ахмад әл-Хуза’и де болған. Сәләфтардың арасында «Құран жаратылған» деген сөз діннен шығаратын күпірлік екеніне бірауызды келісім бар. Имам Ахмад та «Құран жаратылған» деген сөзді айтқан адам кәпір болады деп есептеген, бұған қарамастан, ол басшыға қарсы шығуға тыйым салған, өйткені басшыға қарсы шығудың соңы мұсылмандардың өздеріне қасірет болып айналып келіп, әрі бұдан да үлкен зиянға соқтырады. Имам Ахмад Уәсиқты кәпір деп атаған жоқ, себебі оған адасып жүргені туралы дәлел (хужжә) жетпеген деп есептеді. Енді, осыдан кейін, Уәсиққа қарсы шығуды тыйым салып, оны кәпір демегені үшін кім имам Ахмадты үкіметтің адамы деп атай алады?! Ал енді қазіргі кезде бүкіл дүниежүзінде не болып жатқанына қараңыз! Имам Ахмадтың білімінің жүзден бір бөлігіне де

Имам Ибн Жәмә’а басшыға қатысты он міндетті атай отырып былай деді: *“Оның ұлықтығын, қақысын, ол қаншалықты құрметке ие екендігін білу керек және оны сыйлау қажет. Біз оны Аллаһ Тағала көтерді деп мойындай отырып, бұларды істеуге тиіспіз. Сондықтан, Ислам үмметінің ұлы ғалымдары өздерінің дүниеден безгендеріне, күмәнді нәрседен аулақ болуына, әрі басшылар иемденген нәрсені иемденуді қаламайтындығына қарамастан, басшыларға тиісті қақысын берген және олар шақырса, барған. Ал өздерін дүниеден безуге байланыстыратын, алайда басшыларға қатысты әдепсіздік көрсететін кейбір адамдарға келер болсақ, бұл Сүннетке қарама-қайшы нәрсе”* (Қараңыз: “Тахрирул-әхкәм фи тадбирил-әһлил-Исләм” 63-65).

Егер ғалымдар, кейбір ақымақтардың оны қалайтынындай, басшылармен қарым-қатынасты үзсе, әрі олардан алшақтайтын болса, олардың орнына надан адамдар немесе ғалымсымақтар келеді де, мұсылмандардың емес, керісінше тек өз пайдасын көздейтін болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: **«*Аллаһ Тағала адамдарға қандай пайғамбар жібермесін, әрі ол өзінен кейін қандай мирасқор қалдырмасын, мирасқордың міндетті түрде екі сыбайлас тобы пайда болатын еді; бірінші топ оны жақсылыққа итермелеп, оған түрткі болды, екінші топ оны жамандыққа итермелеп, оған түрткі болды*»** (әл-Бухари 7198).

Сонымен қатар, ғалымдарға тағылған айыптаулардың бірі – олар қазіргі таңда жиһәдқа шақырмайды-мыс. Олар ғалымдарды ең бірінші кезекте жиһәдқа шақырудың орнына, Таухидке, Сүннетке еруге және бид`атан аулақ болуға шақырады деп кінәлайды.

Бүгінгі күні мұсылмандар Ислам үмметінің ішінде де, сыртында да пұтқа табынушылық пен ширкке батқанын өз көздерімен көріп, куә болып жүр, әрі кейбір мұсылмандарды бұл жағдай түк ойландырмайтыны адамның таңдайын қақтырады. Олар осы құбылысты құрту үшін ешнәрсе істемейді де, керек десеңіз, тіпті ширкпен күресетін ғалымдарды тілдеп сөгеді, әрі ғалыммен байланысуға басқа адамдарды тежеуге тырысады. Олар ең басты нәрсені ысырып қойып, әділетсіз басшылар, жиһәд пен күпірлікте айыптау (такфир) сияқты мәселелерде қам жиді. Олар әрбір бұрышта, басшылардың озбырлығы мен кәпірлердің мұсылмандарды қалай қорлап жатқаны туралы айқай салады. Бәрінен бұрын қатты таң қалдыратыны – мұсылмандардың көпшілігі ширкке батып, қабірлерге сиынып, өлілерден дұға тілеп жүргенін естіген кезде, оларда жаңағыдай қызбалық байқалмайды,оларға бұл түк әсер етпейді.

“Біздің үммет қансырап жатыр, әй мұсылмандар, ояныңдар, қашанға дейін шыдаймыз, кеттік соғысайық!” – деген сөздерді өте жиі естуге болады. Өкінішке орай, олардың ешқайсысы ешқашан: “Біздің үммет ширк пен бид`атқа батып кетті! Әй

жетпейтін кейбір адамдардың өзі оқып алған кішкентай кітапшаның немесе ғаламтордағы мақаланың негізінде оңға да, солға бүкіл араб мемлекеттерінің басшыларын күпірлікте айыптайтынына қарашы! Ал енді шейх Ибн Баз, әл-Әлбәни мен Ибн ‘Усәйминдерден гөрі имам Ахмад басшыларға қаталырақ болған дейтін адамдардың дәлелі қайда?! Бағдат қаласында адамдар басшыға қарсы шыққаны туралы хабарды Ахмадқа жеткізіп: *“Олармен бірге басшыға қарсы шығайық па?”* – деп сұрады. Сонда имам Ахмад қарсылық білдіріп: *“Субхан-Аллаһ! Қан, қан – бұны құптамаймын да, бұған бұйырмаймын! Қан төгілу, дүние-мүлікті тартып алу және рұқсат етілгеннің шекарасынан асып кететін бүліктен гөрі, біздің қазіргі кезде сабыр етіп отырған нәрсеміз жақсы!”, - деді* (әл-Халләл “әс-Сунна” 1/132).

Бірауызды келісім (ижмә’) бойынша, «Құран жаратылған» деген сөз діннен шығаратын күпірлік екенін имам әл-Әжурридің “әш-Шәри’а” 1/489 кітабын және имам әл-Бухаридің “Халқу әф’алил-‘ибәд” 25 кітабын қараңыз.

мұсылмандар, ояныңдар, өз пайғамбарларыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына оралыңдар!", - деп айтпайды. Бұл сөздерді тек білім иелері мен дінде ненің ең маңызды екенін түсінетін адамдар ғана айтады.

Өкінішке орай, көптеген мұсылмандар діннің негізі не екенін білмейді я ұмытып та кеткен шығар. Мәлик ибн Динәр: *"Осы өмірдің иелері бұл өмірден ондағы ең жақсы нәрсенің дәмін татпай кетті"*, - деп рас айтқан. Одан: *"Әй Әбу Яхя, ол не нәрсе?"* – деп сұралғанда, ол: *"Аллаһ Тағаланы тану!"* – деп жауап берді (Әд-Динури 1879, Әбу Нуʼайм 2/358).

Еріксіз мынадай сұрақ туындайды: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«*Шын мәнінде, ең жақсы сөз – бұл Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мұхаммедтің жолы. Ең жаман амалдар – бұл дінге енгізілген жаңалықтар, ал әрбір дінге енгізілген жаңалық – бұл бид`а, ал әрбір бид`а – бұл адасушылық, ал әрбір адасушылық Тозақта!*»** деп әрбір жұма намазының алдындағы хутбада айтатындай, сахабалар үнемі ширк пен бид`а істеген бе? Не үшін бұл сөздерді жұма сайын үнемі сонша қайталай берді?" (Муслим 867).

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болар алдында өз сахабаларына былай деді: **«*Шын мәнінде, сендерге дейін болған адамдар өз пайғамбарларының қабірлерін құлшылық қылатын орындарға айналдырған. Бірақ сендер қабірлерді мешіттерге айналдырмаңдар, өйткені мен оны сендерге тыйым саламын*»** (Муслим 532).

Осылайша, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең алдымен өте қорқынышты күнә - ширктен сақтандырып, оны әрдайым олардың есіне салып отырғанын, әрі бүкіл мүмкіндігін пайдаланып таухидті қорғағанын көруге болады. Уа мұсылмандар, қалай ойлайсыңдар: егер ширк пен ширкке алып баратын бид`адан пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына ол кезде әлі олардың арасында ширк те, бид`а да болмағанына қарамастан, өте жиі одан сақтандырып, сол тақырыпты үнемі қайталай берген болса, онда қазіргі кезде, мұсылмандардың арасында жалғыз бид`а емес, тіпті ширктің кең етек жайған заманда біз не істеуіміз керек?!

Сонымен қатар, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті жиһәдтің кезінде де таухид туралы айтуды тоқтатпаған. Әбу Уәқид әл-Ләйси былай деген: *"Бірде Аллаһ елшісі* ﷺ *сахабаларымен бірге Хунайнға жол тартады. Олармен бірге жақын арада Ислам қабылдаған мұсылмандар болады.*

Кенет, көпқұдайшылар көпке дейін жанынан шықпай, әркез бата сұрай отырып қару жарақтарын ілетін (Зәт әл-ануат деген) бір талдың жанынан өтіп бара жатқанда жақын арада Ислам қабылдаған мұсылмандар: "Иә, Аллаһтың елшісі! Біз де олардыкіндей Зәт әл-ануат болуын қалаймыз"-дейді. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһу әкбар! Бұл бұрынғылардың салты. Жаным қолында болғанмен ант етемін, сендер Исрайл ұрпақтарының Мұсаға айтқан сөзін айтып тұрсыңдар: **«Бұлардың тәңірлері сияқты бізге де тәңір жасап бер. Мұса оларға: "Шынында сендер надан қауымсыңдар»** (Әʼраф сүресі, 138-аят). ***Шын мәнінде, сендер өздеріңнен бұрын болғандардың жолдарымен жүретін боласыңдар!*», -** дейді" (Ахмад 5/218, әт-Тирмизи 2181, Ибн Хиббән 6702, әл-Хумәйди 848. Хадистің сенімділігін имам Әбу ʻИса әт-Тирмизи, әл-Мунәуи, шейх әл-Әлбәни мен шейх ʻАбдул-Қадир әл-Әрнәут растады).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламды енді қабылдаған мұсылмандардың айтқан сөздеріне қалай елең ете қалғанына назар аударыңыз! Бұл жорық Меккені ашқаннан кейін болған, әрі иманында әлі бекімеген мұсылмандар іштей ренжіп, жорықты тастап кету мүмкіндігіне қарамастан, пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды дереу айыптады, себебі жиһәдтың мақсаты да осы болатын: Аллаһтың сөзін ұлықтап, ширкті құрту! Мұсылмандардың бірігуі немесе мұсылман жауынгерлерінің көптігінен гөрі, ширктен аулақ жүріп, оның алдын алу маңыздырақ боылып саналады. Ал өздігінен мұсылмандардың түрлі сенімдеріне көңіл бөлмей, оларды біріктіруге тырысу ешқашан Исламның мақсаты болып табылмаған. Исламның мақсаты – бұл біртұтас, сау ислами сенімнің негізінде бірігу![59] Имам әл-Фудайл ибн ‘Ийәд былай деген: *"Адамдарның жандары жауынгерлер сияқты: бір-бірін танығандар, бірігеді, ал бір-бірін танымағандар, бөлінеді. Сүннет ұстанушы адам бид`ашыға көмектесуі мүмкін емес, әйтпесе ол екіжүзділіктің белгісі болады"* (Қараңыз: "Шәрх усул и'тиқад" 1/138).

Міне, жалғыз осыған ғана бүкіл пайғамбарлар шақырған, тек бір нәрсеге: «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, ендеше Оған құлшылық қылыңдар!**».

Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі және өз жанұясы үшін ширкке түсіп қалудан қорқып Аллаһтан былай деп тілейтін:

«Раббым! Осы қаламды бейбіт қыл![60] Мені және ұлдарымды пұттарға құлшылық қылудан аулақ ете гөр!» (Ибраһим сүресі, 35-аят).

Ол неге Аллаһтан дәл ширктен сақтауын сұрады?! Неге ол өз кезіндегі Аллаһтан қысым көрсетуші, әрі әділетсіз, рақымсыз басшыдан қорғауды сұрамады?! Оған жәбірлеуші басшылар үлкен зиян тигізуі мүмкін еді ғой! Өйткені, ширк – екі дүниеде де ең үлкен ауыр жаза болып табылады. Ибраһим әт-Тайми былай деген: *"Егер пайғамбарлардың атасы болған және ханиф болған Ибраһимның өзі ширктен қорықса, одан кейін ширкке түсіп қалмаймын деп кім өзіне кепілдік бере алады?!"* (Қараңыз: "Тәфсир әт-Табәри" 7/460).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Шын мәнінде, Аллаһтың пайғамбары Нұхқа, оған сәлем болсын, ажалы жақындағанда, ол өз ұлына: "Мен саған "лә иләһә иллә-Лләһты" өсиет етемін, өйткені ақиқатында, егер таразының бір жағына жеті қат аспан мен жеті қат жерді қойса және екінші жағына "лә иләһә иллә-Лләһты" қойса, онда таразының осы сөз тұрған жағы ауыр***

---

[59] Көптеген сауатсыз мұсылмандар ақиқатты естіген кезде, өздері ойлап тапқан партиялар мен жамағаттардың бөлінуінен қорқып: «Бұл бүлік (фитна)» деп қашқақтағанын көруге болады. Имам әл-Әуза'и әдемі былай деген: *"Сәләфтардың ізінен ер, тіпті егер барлық адамдар сенен бас тартса да. Адамдардың пікірінен аулақ бол, тіпті егер олар өз сөздерін әдемі етіп көрсетсе де"*. Қараңыз: "әш-Шәри'а" 1/193. Басқалардың қарым-қатынасы нашарлап кетеді деп қорқатын қаншама мұсылман ақиқатқа ерудeн қорқады десеңші?! Аллаһ Тағала бізді мұндайдан сақтасын!

[60] Бейбітшілік (әмн) – қазіргі күні көптеген адамдар бағаламайтын нәрсе, тіпті көбінесе одан айырылуға мұсылмандардың өздері себепкер болып жүр, ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***"Сендерден кім амандық пен саулықта, әрі осы күнге жететін тамағы бар күйінде өзі (не жанұясымен бірге) таң аттырса, оны бүкіл әлем мен оның ішіндегі барлық нәрсеге ие болды деп санауға болады"*** (әт-Тирмизи 2346, Ибн Мәжәһ 4141. Хадистің сенімділігін Әбу 'Иса әт-Тирмизи мен шейх әл-Әлбәни растады).

тартады! Және де мен саған ширкті тыйым саламын"» (Ахмад 6583 және хадисті сенімді деп атаған әл-Хәким 1/148. Сондай-ақ, "әс-Силсилә әс-сахиханы" 134 қараңыз).

Сондай-ақ, Я`қуб пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім төсегінде жатқанда өз ұлдарынан:

«"Менен кейін кімге құлшылық қыласыңдар?", - деп сұрады. Сонда олар: "Сенің Тәңіріңе, Ибраһим, Исма'ил, Исхақ аталарыңның Тәңірі - Жалғыз Бір Тәңірге құлшылық қыламыз. Сондай-ақ Соған бой ұсынамыз", - деген еді» (Бәқара сүресі, 133-аят).

Ұлдары да пайғамбар болып табылғанына қарамастан, Я`қубтың соңғы өсиеті бірқұдайшылық еді!

Таухид! Міне, осы қай кезде, қай жерде болмасын, ең басты нәрсе болып табылады!

Сонымен қатар, ғалымдарға тағылған айыптаулардың тағы да бірі – маңыздырақ нәрсемен айналысудың орнына, олар тек бид`аны әшкерелеумен ғана айналысады.
Мұндай сөздерді тек қана дінде бірінші кезектегі нәрсенің не екенін білмейтін, түсінбейтін адам айта алады. Адасқандар мен дінге жаңалық еңгізудің жақтастарын әшкерелеу – Аллаһтың жолындағы жиһәд болып табылады. Бұл туралы Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Аллаһ Тағала маған дейін белгілі бір қауымға қандай да бір пайғамбар жібермесін, әрдайым оның Сүннетіне еріп, бұйрықтарын орындайтын ізбасарлары мен сахабалары болатын. Содан соң, олардан кейін өздері айтқанын істемейтін, әрі өздеріне бұйрылмаған нәрселерді істейтін адамдар келді. Міне, соларға қарсы қолымен жиһәд жасаған адам - мүмін. Оларға қарсы тілімен жиһәд жасаған адам - мүмін. Оларға қарсы жүрегімен жиһәд жасаған адам - мүмін, ал одан кейін қышаның дәнінің салмағына да тең келетін иман жоқ!»*** (Муслим 50).

Бұл хадис пайғамбарлардың ілімін бұрмалаған бид`атшыларға қарсы жиһәд жасаудың артықшылығын көрсетсе керек!

Исламды ішінен қорғау өте маңызды. Имам әл-Әуза'и былай деген: *"Егер бид`аттар таралса, әрі оларды білім иелері жоққа шығармаса, онда адамдар бид`атты Сүннетке айналдып алады"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 19).

Имам Әбул-Фәдл әл-Хамдани былай деген: *"Бид`атшылар мен хадисті ойдан шығаратындар (дін үшін) дінсіздерден де жаман, себебі дінсіздер дінді сыртынан бүлдіруге тырысады, ал аналар іштей бүлдіруге тырысады. Олар қаланың ішінде өмір сүріп, қаланың жағдайын бүлдіруге ниет етіп, сыртта тұрған дінсіздерге қорғанның есігін ашып берген адамдарға ұқсайды. Олар Ислам үшін кәпірлерден де жаман"* (Ибн әл-Жәузи "әл-Мәуду'ат" 1/51).

Имам әл-Бухари мен Муслимнің шейхы – Яхя ибн Яхя былай дейді: *"Сүннетті қорғау – Аллаһтың жолында жиһәд қылудан да жақсырақ"*. Одан: *"Адам өз дүние-мүлкін жұмсайды, қиындықтарды көтереді және соғысады, ал анау бұдан да жақсырақ па?!"* – деп сұрады. Ол: *"Иә, әлдеқайда жақсы!"* – деді (Қараңыз: "Заммул-кәләм" 111).

Имам әл-Бухаридің ұстазы имам әл-Хумәйди былай деген: *"Аллаһпен ант етемін, мен үшін кәпірлермен соғысқаннан гөрі, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір хадисін жоққа шығаратын адаммен соғысқан ұнамдырақ"* (әл-Хараули 1/228).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Бид`атшыларды әшкерелейтін адам – мужәһид болып табылады"* (Қараңыз: "Нәкдул-мәнтық" 12).

Шейх Ибн Баз былай деген: *"Егер Сүннетті ұстанушылар үндемесе және Құран мен Сүннетке қарама-қарсы келетіндердің қателерін түсіндірмесе, олар Кітап иелеріне – ашуға ұшырағандар мен адасқандарға ұқсап кетеді"* (Қараңыз: "Фәтәуә Ибн Баз" 3/72).

Үмметіміздің имамдары адасқандар мен дінді бұрмалайтындарды әшкерелеп, тіпті әлгілер өзінің істеп жатқанын жете түсінбей, тек жақсылықты қалағанына қарамастан, олардың адасуларын теріске шығаруға ерекше зейін аударған. Олар белгілі бір бид`атты теріске шығару үшін арнайы еңбектер жазды. Осы еңбектердің ішінде имам Ахмадтың «әр-Радду ʻалә әз-занәдықа уәл-жәхмия», имам әд-Дәримидің «әр-Радду ʻалә Бишр әл-Мәриси», имам әл-Бухаридің «Халқу әфʼалил-ʻибәд», шейхул-Ислам Ибн Тәймияның «әр-Радду ʻалә әл-Әхнәи» мен «әр-Радду ʻалә әл-Бәкри» кітаптарын ерекше атап өтуге болады. Мұндай еңбек өте көп және бұның өзі адасушылықты теріске шығарудың (әр-радд) әһлю-Суннаның ерекшелігі болып табылатындығына дәйек болса керек. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Хадис жеткізушісінің жағдайы мен бид`атшының ауытқуын анықтау шариғатта міндетті болып табылады. Бұл Құран мен Сүннетке қарсы келетін бид`атшылардың жетекшілеріне де қатысты, шынында, олардың жағдайын түсіндіріп, үмметті олардан сақтандыру – бірауызды келісім бойынша, міндетті болып табылады!"* (Қараңыз: "Мәжмуʼул-фәтәуә" 28/231).

Хафиз Ибн Ражәб былай деген: *"Аллаһқа, Оның Кітабы мен елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты адалдық көрінісі – Құран мен Сүннеттің көмегімен адасқандарды әшкерелеп, оны түсіндіретін ғалымдардың істері жатады. Сондай-ақ, бұған ғалымдардың әлсіз сөздерін жоққа шығару да жатады"* (Қараңыз: "Жәмиʼул-ʻулюми уәл-хикәм" 96).

Шейх ʻАбдур-Рахман ибн Хасан былай деген: *"Ибн ʻАббәс, әш-Шәфиʼи, Мәлик пен Ахмадтың айтқанындай, Құран мен Сүннетке қарама-қайшы келетін адамды әшкерелеу*

міндетті болып табылады, әрі олар бұл мәселеде бірауызды келісімде болған![61]*"* (Қараңыз: "Фәтхул-Мәжид" 344).

Мұсылмандарды (әсіресе түрлі сайттар мен форумдарда) оқыған, естіген нәрселерінің кез-келгеніне сене беруге болмайтынын, ал кейін кімнен шыққаны белгісіз, әсіресе үлкен ғалымдар туралы тексерілмеген ақпаратты әрі қарай таратудан айтып сақтандыру қажет. Әрбір мұсылман мынаны білуі тиіс: өтірікші болу үшін өтірік айту міндетті емес. Адам өтірікші болу үшін тексерілмеген ақпаратты таратқанының өзі жеткілікті. Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Адам өтірікші болу үшін өзінің естігенін тек әрі қарай айтудың өзі жеткілікті***» (Муслим 1/10).

Сонымен қатар, Аллаһ Тағаланың Өзі ақпаратты тексеруді бұйырып былай деді:

---

[61] Білім иелерінің бірі дінді бұрмалап жатқан адамдардан сақтандырып, оларды әшкерелей бастаған кезде көптеген мұсылмандардың зығырданы қайнап ашуланады. Олар бұны ғайбат деп атайды, ал өздері еш негізсіз мұсылмандардың сыртынан өз көңіл-қалауына сүйеніп ғайбат айтады, тіпті жала (бухтан) жабады. Ал, олардың идеологтары мен жақтастарының адасуы туралы әңгіме болған кезде, олар дереу ғайбат деген ұғымды есіне алып, қолдана бастайды. Бұл – олардың ғайбаттың тыйым салынған түрі мен рұқсат етілген түрі туралы білмейтіндігін және надандығын көрсетеді. Шүбәсіз, ғайбат өз негізінде үлкен күнә болып табылады. Алайда, Аллаһ Тағаланың шариғаты кейбір жағдайларда адамның сыртынан сөйлеуге рұқсат етеді. Сондай жағдайлардың бірі – ашықтан-ашық күнә жасайтын адам мен діннің негіздерін білмей істесе де, әдейі істесе де бұрмалайтын адамнан сақтандару. Себебі, дінді бұрмалайтын адамның абыройынан гөрі, Ислам ұлығырақ! Ал кейде ғайбат айту тіпті міндетті болады. Бұған дәлелдер өте көп. Мәселен, хауариждердің арғы атасы Зул-Хууәйсара соғыстан түскен олжаға разы болмай, пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *"Әй Мұхаммед! Аллаһтан қорық, әділетті болсаңшы!"*, басқа бір нұсқасында ол пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *"Бұл ісің ықыласты болмады!"*. Ол кетіп қалған соң, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың алдында Зул-Хууәйсараның сыртынан: «***Мына кісінің ұрпақтарынан Аллаһтың Кітабын жұмсақ дауыспен оқитын адамдар шығады, бірақ олардың оқығаны жұтқыншақтарынан төмен өтпейді, әрі олар діннен атылған садақтың оғы нысанын тесіп өткені секілді шығып кетеді!***» (әл-Бухари 4351, Муслим 1064).

Енді осы хадиске қарап, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылманды ғайбаттады деп айтуға кімнің батылы жетеді?!

Ибн әл-Мубәракқа бір сопы келіп: "Сен ғайбат айтып жатсың!" дегені жеткізіледі. Сонда Ибн әл-Мубәрак былай деді: *"Үніңді өшір! Егер біз түсіндірмесек, қайсысы ақиқат, қайсысы жалған екенін қайдан білеміз?!"* (Қараңыз: "әл-Кифәя" 1/45).

Ахмадтың ұлы 'Абдуллаһ былай деген: *"Бір күні Әбу Тураб менің әкеме келді, ал әкем: "Пәленше жеткізуші сенімді емес, ал түгенше сенімді", - деп айта бастады. Әбу Тураб: "Әй шейх, ғалымдарның сыртынан ғайбат айтсаңызшы!", - деді. Сонда әкем оған: "Саған қасірет болсын! Бұл ғайбат емес, бұл – насихат!", - деп жауап берді"* (Қараңыз: "Тарихул-Бәғдад" 12/316).

Осы ұлы имамдар мұсылмандардың сыртынан ғайбаттады деп кім айта алады?! Шынында, дін үкімдерін білмейтін надандардан басқа, мұндай сөздерді ешкім айта алмайды!

Хасан әл-Бәсри былай деген: *"Егер адамның пасықтығы анық байқалса, ол туралы ескерту ғайбат болмайды, мысалы әйелге ұқсас еркек туралы немесе хауариж туралы"* (Ибн Әбу әд-Дунья "әс-Самт" 237).

Имам Ахмад былай деген: *"Бид`атшыға ғайбат жоқ!"* (Қараңыз: "Табәқатул-ханәбилә" 2/274).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия Хасан әл-Бәсридің: *"Пасық адам туралы айтуды қаламайсыңдар ма? Адамдар аулақ болуы үшін оның қателігі туралы айтыңдар!"* деген сөзін келтіріп былай деді: *"Хасан әл-Бәсри және басқа да имамдар айтқанындай, егер адам күнәні ашық, әрі айқын жасайтын болса, олардың бид`аты мен азғындығы туралы ашып хабарлау ғайбатқа жатпайды. Мұсылмандардың жазалауына мұндай адам лайықты, әрі ең кем дегенде, бұл – адамдар сақтанып, аулақ болу үшін ол адамды кінәлауға тиісті. Егер ол адамға тиесілі азғындығын, күнәсін немесе бид`атын күнәламай, әрі ол туралы айтпаса, осы мәселеде адамдар оған еріп кетуі мүмкін"* (Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 15/268).

«Әй иман келтіргендер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар! Әйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер» (Хужурат сүресі, 6-аят).

Имам Мәлик былай деген: *"Естігенінің барлығын айта беретін адам құтылмайтынын біл! Егер ол естігенінің бәрін айта беретін болса, ешқашан имам бола алмайды"* (Муслим 1/18).

Мысалы, кейбіреулер шейх әл-Әлбәнидің хадистегі біліміне жұртты күдіктендіру үшін былай дейді: "Ол бірінші белгілі бір хадисті сенімді (сахих) деп атайды да, кейін шамалы уақыт өткен соң, басқа бір жерде дәл сол хадисті айтып, оны әлсіз (дә'иф) дейді". Бұның не сөкеттігі бар екен? Бүкіл адамзат, әсіресе хадистану секілді оңай емес ғылымда қателеседі ғой. Керек десеңіз, бұл шейх әл-Әлбәнидің абыройын кемсітпейді, керісінше дәрежесін одан сайын көтереді, себебі бұл оның хадистерді тынбай, үздіксіз зерттегенін көрсетеді: ол қол жеткізген нәрсесінде тоқтап қалмай, өзін-өзі қайта-қайта тексерген, әрі егер қателескенін түсінсе, өз атағын ойлап үндемей қалған жоқ, керісінше ашық өзінің қателіктерін мойындады. Бұның барлығы тағы да оның тақуалығын көрсетсе керек, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын. Хадистің сенімділік дәрежесіне байланысты пікірін өзгерту шейх әл-Әлбәниге дейін болған үлкен мухаддистерге тән қасиет, соның ішінде хафиз Ибн Хәжәрды ерекше атап өтуге болады. Мысалы, ол «әт-Талхис» кітабына белгілі бір хадистерді сенімді немесе әлсіз деп атаған еді, ал кейін «Фәтхул-Бәри» кітабында дәл сол хадистерді сенімді немесе әлсіз деп атады. Имам әз-Зәһәби де өзінің «әл-Кәбәир» кітабында кейбір хадистерді жақсы десе, кейін ол хадистерді қайта қарап, дәл сол хадистерді «әл-Мизан» кітабында әлсіз деді. Белгілі бір хадистерге байланысты пікірін өзгерту шейхул-Ислам Ибн Тәймияда да, Ибн әл-Қайимде де, хафиз Ибн Кәсирде де, имам әш-Шәукәниде де және хадис саласында зерттеуші ғалымдарда да болған (Қараңыз: "әл-И'ләм би әхири әхкәм" 18-36).

Олар бұл арқылы шейх әл-Әлбәнидің атын кір келтіре алмайтынын білген соң, басқа тәсіл қолданып былай дейді: "Сіздердікі, расында да, дұрыс, шейх әл-Әлбәни хадис мәселесінде мықты, бірақ ол фәқиһ емес қой!"[62]. Олар қаншалықты ақымақ, әрі қаншалықты ақиқаттан алыс еді! Дінді мухаддистерден артық кім біле алады?! Бізге Құранды түсіндіріп беретін діннің қайнар бұлағы хадис емес пе?! Шын мәнінде, мухаддистер – діннің нағыз ғұламалары! Имам Ибн әл-Мубәрак былай деген: *"Адамдардың ішінде тура жолда ең берік тұратындар – хадис ғұламалары"* (Қараңыз: "Шәрфу әсхабил-хадис" 117).

Ол тағы былай деді: *"Мен дінді – хадис ғұламаларынан, философияны – му'тазалилерден, өтірікті – рафидилерден, бұрмалауды – өз көңіл-қалауына ерген адамдардан таптым"* (Қараңыз: "әс-Сауә'иқул-мурсалә" 2/359).

Суфьян әс-Сәури былай деген: *"Періштелер аспандардың қорғаушысы болса, хадис ғұламалары жердің қорғаушылары болып табылады"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 85).

Имам Ахмад былай деген: *"Хадис ғұламалары – білім жайлы айтатындардың ең жақсылары"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 95).

[62] Шейх әл-Әлбәниді фәқиһ емес дейтіндердің айтуынша, ол хадистің мағынасын өз мәнінде түсінбестен, тек олардың сенімділік дәрежесін анықтаумен ғана айналысқан.

Әбу Бәкр ибн 'Ийәш былай деген: *"Бұл дүниеде хадис ғұламаларынан артық ешкім жоқ"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 96).

Халиф Харун әр-Рашид былай деген: *"Мен ақиқатты іздеген кезде, оны хадис ғұламаларынан таптым"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 110).

Имам әш-Шәфи'и былай деген: *"Мен хадис ғұламаларынан болған бір адамды көрсем, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзін көргендей боламын"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 90).

Бір күні Ибн Әбу Шәйбә хадис ғұламаларының қатарынан болған әдепсіз жас жігіттерді көрді де былай деді: *"Мыналар туралы айтар болсақ, шынында, мыналардың қатарынан емес ынталы құлшылық етушіден гөрі, мыналардың қатарынан болған пасық (фәсиқ) адам жақсы!"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 93).

Имам әл-Әсбәһани былай деген: *"Ақиқатында, тура жол хадис ғұламаларымен бірге"* (Қараңыз: "Хужә фи бәянил-хужә" 2/223).

Шейх Әбул-Хасанәт әл-Люкнәуи былай деген: *"Кімде-кім өтірік нанымдарды басшылыққа алып кетпей, ашық ақыл-парасатымен фиқһ пен дін негіздері мұхитына сүңгіп, ғалымдар арасында өзара келіспеушілік бар негізгі, әрі екінші кезекті мәселелердің көбісінде хадис ғұламаларының мазһабы ең дұрысырақ мазһаб екенін көреді. Мен әртүрлі пікірлерді салыстырған кезімде, үнемі мухаддистердің пікірі ақиқатқа жақынырақ болып шығатын еді. Енді, егер олар пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мирасқоры болып, әрі оның шариғатының шынайы таратушылары болса, онда басқаша қалай болу мүмкін?! Аллаһ Тағала бізді олардың қатарынан қылсын және қайтыс боламын дегенше оларға деген махаббатымыздан айырмасын!"* (Қараңыз: "Имәмул-кәләм" 156).

Міне, мұндай сөздер өте көп. Мухаддистер – бұл тек фәқиһтерге хадистерді жеткізіп береді, әрі әрбір мухаддис белгілі бір мазһабты қатты ұстанған деп мәлімдейтіндерге келер болсақ, мұның барлығы өтірік! Ешбір мухаддис ешқашан хадиске қайшы келетін белгілі бір мазһабқа ермеген, бұған мысалдар өте көп. Шейхул-Исламға біздің үмметтің имамдары белгілі бір мазһабқа соқыр ерген бе, жоқ па деген сұрақ қойылды. Олардың барлығы мужтәһид[63] болған, әрі арасында белгілі бір мектепті ұстанғандары да болған, бұған қарамастан, олардың ешқайсысы ешкімге соқыр еліктемеген, сондай-ақ олар тек Сүннет пен хадисті ұлықтаған деп жауап берді! (Толық мәліметті мынадан қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 20/39).

Имам Әбу 'Арубә әл-Харрани былай деген: *"Хадис ғұламасы болмаған фәқиһ – ақсақ фәқиһ"* (Қараңыз: "Шәрафу әсхабил-хадис" 143).

Ақиқатында, әрбір мухаддис – фәқиһ, бірақ әрбір фәқиһ – мухаддис емес.[64]

---

[63] Мужтәһид – белгілі бір діни мәселеге байланысты дербес шешім шығаруға қақысы бар дәрежеге жеткен адам.

[64] Шейх әл-Әлбәниден: *"Фиқһ ғылымы мен хадис ғылымының арасында қандай байланыс бар? Сондай-ақ, мухаддис фәқиһ болып табылады ма, әлде ол жәй мухаддис па?"* деп сұрағанда, ол былай жауап берді: *"Бұл фәқиһ мухаддис болуға міндетті, мухаддис фәқиһке емес, өйткені өз негізінде, мухаддис – фәқиһ болып табылады. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары фиқһты оқып-үйренген бе?! Олардың үйренген фиқһы – бұл Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алғаны емес пе?! Демек, олар хадис үйренген! Ғалымдардың сөздері мен олардың фиқһын оқып-үйренетін фәқиһтер туралы айтар болсақ, олар фиқһтың қайнар бұлағы болып табылатын өз пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін оқып-үйренбейді. Оларға былай айтылады: «Хадис туралы ғылымдарды оқып-үйренуге тиіспіз, себебі хадистердің қайсысы сенімді, қайсысы әлсіз екенін білмей, біз шынайы фәқиһті елестете алмаймыз. Сонымен қатар, біз фәқиһ емес мухаддисті де елестете алмаймыз». Құран мен Сүннет*

Шейх әл-Әлбәниді мурждий деп айыптайтындарға келер болсақ, бұл – бид`атшылардың қатарындағы шейхтің жаулары мен көреалмаушылардың ойдан шығарған зор өтірігі, әрі жазықсыздан-жазықсыз жабылған жала болып табылады! Қазіргі кездегі әһлю-Суннаның ғалымдары бұл жаланы, шейхтің тірі кезінде де, о дүниелік болғаннан кейін де бірауызды жоққа шығарған еді. Мысалы, шейх ибн Усәйминнен шейх әл-Әлбаниді мурждия `ақидасына[65] қатысы бар деп кінәлап жатқандығына байланысты сұрағанда, ол былай деп жауап берді: *"Шейх әл-Әлбәниді иржамен айыптаған әрбір адам қатты қателеседі. Ол адам не шейх әл-Әлбанидің кім екенін білмейді, не иржаның не екенін білмейді. Әл-Әлбәни – әһлю-Сунна адамы, Суннаның қорғаушысы, хадис ғылымының имамы, сондай-ақ біз ол кісімен қазіргі таңда тең келетін*

---

*бүкіл фиқһтың қайнар бұлағы болып табылады. Ал қазіргі таңдағы фиқһ туралы айтар болсақ, бұл - Құран мен Сүннеттің емес, ғалымдардың фиқһы. Иә, әрине олардың фиқһының бір бөлігі Құран мен Сүннеттен құралған, ал қалған бір бөлігі хадистерге қарама-қайшы келетін тек осы ғалымдардың жеке пікірі мен ижтиһәды ғана негізделді" (*Қараңыз: "әл-Мәнһәжу-ссәләфий" 60).

[65] Мурждиялар – Ислам дініндегі ертеде адасқан секталардың бірі. Кейіннен бұл секта көптеген топтарға бөлініп, әрқайсысының адасуы әртүрлі болып кетті. Дегенмен, негізінде барлық мурждиялардың ортақ көзқарасы бойынша, амал иманға кірмейді, иман – бұл тек жүрекпен анық сену мен тілмен айту. Сондай-ақ, олардың ақидасы бойынша, иман көбеймейді де, азаймайды да, әрі егер жақсы амалдар кәпірлерге о дүниеде көмектеспейтін болса, онда күнәлар мүмінге ешқандай зиян тигізбейді. Мұндай адасушылық әһлю-Сунна уәл-жәмә'әның ақидасына үш қайнаса да, сорпасы қосылмайды, әрі мұндай сенімдегі өрескел қателікке шейх әл-Әлбәнидің еш қатысы жоқ. Ол үнемі өзінің еңбектерінде, лекцияларында, иман – бұл сенім, сөздер мен амалдар, сондай-ақ ол көбейеді, азаяды деп айтады. Бұл нәрсе шейх әл-Әлбәнидің кітаптарымен, лекцияларымен таныс кез-келген адамға мәлім. Имам әл-Бухари былай деген: *"Мен білімді мыңнан астам ғалымнан жаздым! Сондай-ақ, мен тек иман – бұл сөздер мен амалдар деп айтатындарынан ғана жаздым. Иман – бұл тек сөз ғана деп айтатындардан жазған емеспін" (*Қараңыз: "Усулю и'тиқади әһли-Сунна" 5/889).

Хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр былай деген: *"Иман – бұл сөздер мен амалдар және ниетсіз амал жоқ екеніне фиқһ пен хадис ғұламалары бірауызды келісімде. Сондай-ақ, олар иман Аллаһқа бойұсынумен көбейіп, Оған бағынбаумен азаяды деп есептейді"* (Қараңыз: "әт-Тамхид" 9/238).

Имам әл-'Айни былай деген: *" Сәләфтар мен олардың жолын ұстанатындардың бірауызды келіскен нәрсесі – бұл иманның үш бөліктен тұратыны: жүрекпен сену, тілмен растау және дене мүшелерімен амал жасау" (*Қараңыз: «'Умдатул-Қари» 1/103).

Кейбіреулердің иманға амалды қоспағанын, сәләфтар бид`а деп атап, оларды қатал түрде кінәлаған.

Имам әл-Әуза'и былай деген: *"Біздің үмметтің бұрынғы сәләфтары сөздер мен амалдары бөлмеген" (*Қараңыз: "Шәрху нуния" 2/133).

Иман – бұл сенім, сөздер мен амалдар, сондай-ақ ол көбейіп, азаятынына көптеген Құран аяттары мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистері дәлел бола алады. Бірақ, біз тек атап өткендеріміздің барлығын қамтитын бір ғана хадисті келтірумен шектелеміз. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Иманның жетпістен астам тармағы бар, әрі ең жоғарғысы – "лә иләһә иллә-Лаһ" сөзі, ал ең кішісі – жолдан зиян әкелетін нәрселерді алып тастау. Ұялшақтық та – иманнан»*** (әл-Бухари 9, Муслим 35).

«Иманның жетпістен астам тармағы бар» - иманның көбеетінін, азаятынын меңзейді.

«"Лә иләһә иллә-Лаһ" сөзі» - сөз иманнан екенін меңзейді.

«Жолдан зиян әкелетін нәрселерді алып тастау» - амал иманнан екенін меңзейді.

«Ұялшақтық та – иманнан» - жүректің амалы иманнан екенін меңзейді.

Имам әл-Бәрбәһәри былай деген: *"Кімде-кім: "Иман – сөздер мен амалдар, ол көбейеді де, азаяды", - десе, сол мурждиядан толықтай құтылған болады"* (Қараңыз: "Шәрху-Ссунна" 67).

Шейх әл-Әлбәни Ибн Әбил-'Изздің «Шәрх 'ақидати-Ттаһәуия» кітабының кіріспесінде 'Абдул-Фәтах Әбу Ғуд пен оның ұстазы әл-Кәусариді теріске шығарып былай деді: *"Иман – бұл жүрекпен сену, тілмен растау мен дене мүшелерімен амал жасау және ол көбейеді, әрі азаяды!"* (Қараңыз: "Муқаддимә 'алә шәрхи 'ақидати-Ттаһәуия" 56).

адамды білмейміз. Алайда, кейбір адамдардың жүрегінде өшпенділік жасырынған, олар адамның мүмкіндіктерін көргенде, ол туралы ғайбат айта бастайды, дәл екіжүзділер секілді, мұнафиқтар мұсылмандардың садақаны аз мөлшерде немесе көп мөлшерде бергеніне күліп еді ғой. Біз бұл адамды (шейх әл-Әлбаниді) кітаптарынан және де оның өзі өткізген отырыстарынан (мәжлис) білеміз. Ол дұрыс жолға (мәнһәж)[66] *ерген, әрі сенімінде (`ақидасында) сәләфи кісі. Аллаһтың Өзі такфир қылмаған, бірақ Аллаһтың құлдарына такфир жасайтын кейбір адамдар, сол такфиріне келіспейтін адамдарды муржий деп атайды. Бұл үлкен өтірік және жала жабу, сондықтан мұндай сөздерді тыңдамаңдар және ешкімнен қабылдамаңдар!"* (Тыңдаңыз: "Тасжиләту мәжәлис әл-худа" 4-ші кассета).

Дәл осы сияқты сөздерді шейх Салих әл-Фәузан, 'Абдул-'Азиз ар-Ражихи, Салих әс-Сухайми және тағы басқа үлкен ғұламалар айтқан болатын. Олар шейх әл-Әлбанидің сенімі муржиялардың сеніміне түк сәйкес келмейтінін анық дәлелдеп берді. Сондай-ақ, олар шейхті муржий деп кіналайтындар – тек қана адасқан ағымдар екенін дәйекті түрде жеткізді.

Уа мұсылмандар, діннің не екенін, иржаның не екенін білетін, әрі шейх әл-Әлбәнимен жеке таныс болған ұлы ғалымдарға сенейік пе, әлде я иржаның не екенін білмейтін, я шейх әл-Әлбәнидің кім екенін білмейтін сауатсыздың сөзіне сенейік пе?!

Шейх 'Абдул-Мухсин әл-'Аббәдтан шейх әл-Әлбәниден қайтаратын адамдар туралы сұрағанда, ол былай деді: *"Шынында, шейх әл-Әлбәниден сақтандыру деген бір таң қалатын жағдай екен! Сүннетке қызмет еткен, өмірін Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін зерттеп, жұртқа таныстыруға арнаған,*

Сонымен қатар, муржиялардың адасушылықтарының бірі – мұсылман басшыларымен қарым-қатынаста олар хауариждер сияқты. Суфьян ибн 'Уәйнә мен әл-Әуза'и секілді екі ұлы имам былай деген: *"Шынында, муржиялар басшыға қарсы шығуға шақырады!"* (Қараңыз: «әс-Сунна» 1/218/368). Имам Ибн әл-Мубәрактан муржияға қатысы бар ма екенін сұрағанда, ол: *"Егер мен басшыға қарсы шығуды рұқсат етілмеген деп есептесем, қайдағы мен муржиямын?!"* – деп жауап берген болатын (Ибн Шәхин "әл-Китабу-ләтыф" 17).

Міне, сондықтан имам Ахмад былай деді: *"Шынында, хауариждер – муржиялар болып табылады!"* (Қараңыз: "әс-Сунна" 74).

[66] Мәнһәж – бұл Аллаһтың бұйрығын жер бетіне орнату әдістемесі, жолы. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Біз сендердің (пайғамбарлар) әрқайсыңа шариғат пен мәнһәж орнаттық» (Мәида сүресі, 48-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Сендердің араларыңда, Аллаһ қанша қаласа, сонша (уақыт бойы) пайғамбарлық болады, кейін Аллаһ оны тәмәмдағыса келген кезде аяқтайды (тәмәмдайды). Содан кейін, Аллаһ қанша қаласа, сонша (уақыт бойы) пайғамбарлық мәнһәжына (жолына) сәйкес халифат басқаруы болады, кейін Аллаһ оны тәмәмдағысы келген кезде аяқтайды (тәмәмдайды)»*** (Ахмад, әл-Бәззар, әт-Табәрани. Хафиз әл-'Ирақи мен шейх әл-Әлбәни хадистің сенімділігін растады. Қараңыз: "әс-Силсилә әс-сахиха" 5).

Аллаһ Тағала Өз пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мәнһәжына қарама-қарсы келетіндерге былай деп ескертеді:

«Пайғамбардың әміріне қайшы келетіндер өздеріне фитна келуден және ұлы азап келуден сақ болсын!» (Нур сүресі, 63-аят).

Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Мұндағы* **«пайғамбардың әмірі»** *деген сөз – оның жолы, мәнһәжы, Сүннеті, шариғаты секілді ұғымды білдіреді"* (Қараңыз: "Тәфсир Ибн Кәсир" 4/356).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді:

«Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!» (Ниса сүресі, 115-аят).

ненің сенімді, ненің сенімсіз екенін түсіндіруге арнаған адамнан сақтандырады ма?! Адамдар бұл кісі үшін Аллаһтан дұға тілеулері тиіс, оны мақтап, оның білімінен пайда алулары керек. Қазіргі кездегі хадис ғылымымен айналысатын кез-келген адам мына екі кісіге мұқтаж, бұлар – Хафиз ибн Хәжәр мен шейх әл-Әлбәни. Хадиске байланысты шейх әл-Әлбәниден алынатын пайданың үлкендігі Хафиз ибн Хәжәрдан алынатын пайда секілді. Сондықтан, әл-Әлбәниден қайтарған адамның ісі, ақиқатты тану мен Сүннетке жетуден қайтарғанмен тең. Ол көптеген мақтауларға және ол үшін Аллаһтан дұға тілеуге лайықты кісі!" (Тыңдаңыз: «Шәрх Сунан Әби Дәуд» № 297 кассета).

Шейх Мұқбил былай деген: "*Шейх әл-Әлбәни мен оның білімін тек өз көңіл-қалауына ерген бид`ашыдан басқа ешкім жамандамайды. Мұндай адамдар Сүннет ұстанушыларын жек көреді, әрі одан адамдарды алшақтатқысы келеді!"* (Қараңыз: "Иқамәтул-бурхан" 6-7).

Шейх ʻАбду-Ссәләм ибн Бәржистен шейх әл-Әлбәни туралы: "Ол муржий ме?" деп сұрағанда, ол: *"Шейх әл-Әлбәни, Аллаһ оны Өз Мейіріміне алсын – Сүннет білімінің иесі, сонымен қатар, шейх Ибн Баз Араб түбегіндегі Сүннет ұстанушыларының жетекшісі болғандай, ол да Шам аймағындағы Сүннет ұстанушыларының жетекшісі! Енді шейх әл-Әлбәниді иржада айыптайтын адамдар туралы айтар болсақ, екеуінің біреуі: я ол хауариж, я болмаса иржаның не екенін білмейтін надан!"* – деп жауап берді (Тыңдаңыз: "Дифа' ʻан әл-Әлбәни").

Сондай-ақ, бүгінгі күні бид`атшылар шейх Мухаммад Әмән әл-Жәми, шейх Мұқбил ибн Һади және шейх Раби' әл-Мәдхали сияқты үлкен ғалымдарға жала жабады, оларға тіл тигізіп жамандайды. Мұндай үлкен ғалымдарды өсектеп, жала жабуға түрткі болған себеп – олар ең бірінші болып Сайд Кутбтің, әл-Маудудидің және Хасан әл-Баннаның `ақидаларындағы өрескел қателіктері мен адасушылықтарын әшкерелеп, жұртқа жария еткен еді. Міне, осыдан кейін бұлардың кейбір араб мемлекеттеріндегі беделді шәкірттері осы ғалымдарды еш негізсіз жамандай бастады, себебі оларды білімнің көмегімен теріске шығара алмады.[67]

Ал енді, осы ғалымдар туралы, ғаламтордағы форумдардан емес, сандырақтаған сауатсыз студенттерден емес, ауыздан ауызға тараған өсек-аяңдардан емес, қазіргі замандағы ұлы имамдарға жүгініп, солардың пікірін білейік.

Мухаммад Әмән әл-Жәми туралы Шейх Ибн Баз былай дейді: *"Ол маған өзінің білімімен, артықшылығымен, дұрыс `ақидасымен, Аллаһ Тағалаға шақырудағы ынталылығымен және бид`аттардан сақтандыруымен танымал. Шейх Мухаммад Әмән әл-Жәми осы жылы (һижра жыл санауы бойынша 1416 ж.) жиырма жетінші ша'банға қараған түні қайтыс болды. Аллаһ Тағала оны Өз Мейіріміне алсын"* (Қараңыз: "Әлқабу танфирия" 8).

[67] Бұл кісілердің жақтастарының айтуы бойынша, Сәйд Құтб, әл-Мәудуди және Хасан әл-Бәнна сияқты көптеген қателік жасаған адамдар аз емес қой, дәл соларға екпін жасаудың қажеті не?! Шынына келсек, олардың өрескел қателерін түрлі жолдармен ақтап жүрген шәкірттері бұл мәселеге екпін жасады. Ал шынайы ғалымдарға келер болсақ, әрине, олар артынан көп адам ерген жетекшілердің адасушылығын әшкерелейді, теріске шығарады. Адасқан адамның артынан ешкім ермесе, оны әшкерелеп, оны теріске шығарудың не керегі бар? Ізінен көп адам ерген адасқанның қателігін теріске шығару керек. Міне, дәл осы Сайд Кутб, әл-Маудуди мен Хасан әл-Банна сияқты идеологтардың кітаптарынан қазіргі кездегі ағымдар мен түрлі жамағаттар өз ақидасын алады. Осы бүлік туралы білім иелері өте керемет айтты: "*Егер олар осы өмірден өз кітаптарымен бірге қабірге кеткенде, онда біз олардың адасуы туралы айтпаған болар едік*".

Тағы шейх Ибн Баз былай деді: *"Мен оның кітаптарын оқып, одан пайда алуға кеңес беремін"* (Тыңдаңыз: «әл-Йунәби'у фи санәи 'алә шейх Раби'»).

Шейх Салих әл-Фәузан мен шейх 'Абдул-Мухсин әл-'Аббәдтар да шейх Мухаммад Әмән әл-Жәми әһлю-Суннадан, `ақидасы дұрыс, мәнһәжы тура, әрі бид`атшыларға өте қатал болғанын айтқан болатын (Қараңыз: "Әлқабу танфирия" 9-10).

Шейха Муқбил мен шейх Раби'а әл-Мәдхалиге келер болсақ, шейх әл-Әлбәниден олар туралы сұрағанда, ол: *"Олар Құран мен Сүннетке және сәләфтардың жолына шақырушылар, әрі осы тура мәнһәжға қайшы келгендермен шайқасады. Ал кімде-кім оларға қарсы келсе, екеуінің біреуі: я ол надан (жәһил), я болмаса өз көңіл-қалауына еруші. Егер ол жәһил болса, оны үйрету керек, ал егер ол өз көңіл-қалауына еруші болса, оның жамандығынан Аллаһтан пана тілеу керек. Біз Аллаһтан оны тура жолға салуын немесе белін сындыруын сұраймыз"*, - деп жауап берді (Тыңдаңыз: "Силсилә худа уән-нур" № 851 және "әл-Мууәзанату бид'а әл-'аср".

Бид`атшылар шейх әл-Мәдхалидің мойнына өзі қатысы болмаған нәрсені қиып салып, жала жапты. Ол туралы не айтпады десеңізші?! Ол жиһәд пен әл-жәмә'аны жоққа шығарады деп жала жапты.[68] Шейх әл-Мәдхали туралы бізге ғалымдар хабар берді, әрі оған сипаттама да берді, мұндай хабардан кейін шынайы мұсылман адам үшін зор білімге ие болған ұлы имамдардың деңгейіне әлі жетпеген адамдардан гөрі, шейх әл-Мәдхалимен жеке таныс болған ғалымдардан сұраған жақсырақ. Осыдан кейін ешкім шейх әл-Мәдхали туралы оны дұрыс танымайтын адамнан сұрамайтын шығар деп үміт етеміз.

Шейх 'Убәйдуллаһ әл-Мубәракфури былай деген: *"Мен шейх әл-Мәдхалиді өте терең таным мен орасан зор артықшылыққа ие және дұрыс түсініктің иесі деп танимын. Ол `ақидасымен де, амалымен де сәләфтардың жолына ереді, әрі Құран мен Сүннетті өте қатты ұстанады және олардың қорғаушысы болып табылады, сондай-ақ, ол бид`атшылар мен өз көңіл-қалауына ергендерге аса қатал"* (Қараңыз: «әс-Санәул-бәди'» 13).

Шейх Ибн Баз былай деген: *"Шейх әл-Мәдхали әһлю-Сунна уәл-жәмә'аны ұстанушылардың ең жақсыларынан және ол бізге өзінің кітаптарымен, лекцияларымен танымал"*. Ол тағы былай деді: *"Ол Құран мен Сүннетті өте қатты ұстанады және оған қарсы келген кез-келген адамнан сақтандырады"*. Шейх Ибн Баз тағы да: *"Әй шейх Раби', әрбір адасқанды теріске шығар, егер Ибн Баз қателессе, оның қатесін түзе, егер Мухаммад ибн Ибраһим қателессе, оның да қатесін түзе!"*, - деді (Тыңдаңыз: "Таудихул-бәян" және қараңыз: «Санәул бәди'» 18).

Шейх әл-Әлбәни былай деген: *"Шынында, қазіргі кезде жәрх уә-тта'дилдің туын көтерген біздің бауырымыз – доктор Раби' әл-Мәдхали. Оны теріске шығарғысы келген адам, оны білімнің көмегімен істей алмайды, себебі білім Раби'пен бірге"* (Тыңдаңыз: "аль-Мууәзанәту бида'атил-'аср").

[68] Мұндай сөздерді таратып жүргендер, тіпті дін туралы өте қарапайым танымдық білімі бар ақыл-есі дұрыс мұсылман адамның ешқайсы жиһәдты жоққа шығармайтынын есепке алмағанымен қоса, көптеген аяттар мен хадистерде айтылған жиһәдты ғалымдар жоққа шығарады деуге барды. Жиһәдты жоққа шығару – күпірлік! Алайда, жиһәдтың атын жамылып, жер бетінде бүлік таратуды немесе онсыз болмайтын жиһәдтың өзіндік шарттары бар деу – надан адамдар үшін жиһәдты жоққа шығарумен бірдей сияқты. Сонымен қатар, әл-жәмә'а мәселесі де дәл сондай. Шейх әл-Мәдхали ешқашан Исламда әл-жәмә'а жоқ деп айтқан емес, өйткені бұл туралы пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі хабарлады. Әһлю-Сunnаның барлық ғалымдары секілді шейх әл-Мәдхали де өзін әл-жәмә'а деп атайтын түрлі топ мен секталардың пайда болуы туралы айтты.

Шейх Ибн ʻУсәймин былай деген: *"Шейх Раби' Сүннет ғалымдарының қатарынан және ол игілік иелерінен, оның `ақидасы дұрыс, ал мәнһәжы тура"* (Қараңыз: «Санәул-бәди'» 26).

Сонымен қатар, Ибн ʻУсәйминнен "Мында шейх Мәдхалидің кітаптары туралы сұрақ бар еді", - деп сұрағанда, ол: *"Бұл сұрақ менің жауабыма мұқтаж емес, өйткені бұл – имам Ахмадтан Исхақ ибн Рахауәйһ туралы сұрағанда, ол: "Ол туралы менен емес, Исхақтан мен туралы сұрау керек!" деп жауап бергені сияқты"*, - деді (Тыңдаңыз: "Итхафул-кирам").

Шейх Муқбил былай деген: *"Мен өз бауырларыма шейх әл-Мәдхалидің кітаптарын оқып, одан пайда алуына кеңес беремін, өйткені ол кісіде білім өте зор".*[69] (Қараңыз: "Фәдаиху уә нәсаих" 36).

Шейх әл-Мәдхалидің "қорқынышты" қателері бар деп мәлімдейтіндер ақыры дәлелмен, әһлю-Сунна ғалымдарына сілтеме жасай алмады. «Мадхалилік» деп аталатын ағым бар дегені аздай, олар өздеріне ұнамайтындардың барлығын мадхалишы деп мазақ қылады. Бәрінен бұрын қатты таң қалдыратыны – олар шейх әл-Мәдхали туралы естіп те көрмеген адамдарды да сол сектаға сыртынан қосып жібереді. Осындай жағдайда еріксіз Исламның жаулары ойлап тапқан «уәһһабилік» термині еске түседі. Өздерін Сүннетті ұстанушылармыз деп есептейтін бауырларымыздың «мадхалилік» терминін ойлап тапқандығы қатты қынжылтып, өзекті өртейді. Бұл дегеніміз, осы үмметтің имамдары айтқанындай, әрдайым сектанттардың белгісі болған емес пе - әсіресе жоқ ағымды ойлап тауып, оны бид`атқа қарсы шығатын ғалымның атымен атау. Мұның барлығы адамдарды сол ғалымнан және сол ғалымның білімінен аулақ болуы үшін істелінеді. Исхақ ибн Рахауәйһ, Әбу Хатим және әл-Бәрбәһәри сияқты имамдардың айтуынша, бид`атшылардың көп белгілерінің бірі – бұл бейхабар адамдарды тура жолдан тайдыру үшін Сүннет иелерін теріс аттармен атау. Мысалы, Аллаһ Тағаланың сипаттарын жоққа шығарған жәһмилер Сүннет иелерін Аллаһ Тағаланың Өзі және Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған сипаттарын жоққа шығармағандықтан «мушаббиһа» (ұқсатушылар) деп атады (Қараңыз: "Шәрху усули иʼтиқад" 1/179, 23/532 және "Шәрху-Ссунна" 79).

Шейха әл-Мәдхали, Әмән әл-Жәми және басқа ғалымдарды қаралап жамандайтын адамдар тек осымен ғана тоқтап қалмайды, олар жоғарыда аталып өткен ғалымдарды, олармен бірге болғандарды, оларды жақтағандарды, әлі күнге дейін жақтайтындарды жек көреді.

Сонымен бірге, қазіргі замандағы ғалымдар, тіпті шейх әл-Мәдхалимен кейбір мәселелерде келіспеген ғалымдар «мадхалилік» деген ағым бар деп ешқашан

---

[69] Кейбіреулер: "шейх әл-Әлбәни, Ибн Баз, Ибн ʻУсәймин және тағы басқа ғалымдар шейх әл-Мәдхалиді әлі адаспаған кезінде осылай мақтаған" деп Аллаһтан қорықпастан, ашық өтірік айта бастайды. "Кейін олардың өлімінен кейін әл-Мәдхали тура жолдан ауытқып кетті" дейді. Мұндай зердесіз өтіріктің артын оп-оңай ашуға болады: осы ғалымдардың тірі кезінде-ақ шейх әл-Мәдхалиге жала жабылып, түрлі айыптаулар айтыла бастаған еді, соған байланысты студенттер жиі-жиі осы ғалымдардан әл-Мәдхали туралы сұрайтын еді. Сонымен қатар, Салих әл-Фәузан, ʻАбдул-ʻАзиз әр-Ражихи, Салих әс-Сухайми, ʻУбәйд әл-Жәбри, Ахмад ән-Нәжми, ʻАбдуллаһ әс-Сабил, Салих әл-Люхайдан және тағы да басқа ғалымдар шейх әл-Мәдхалиге ізет білдіре отырып, құрметпен жақсы сөздер айтатын, әлі де айтып жүр және оның ақидасы мен мәнһәжы дұрыс деді.

айтпағанын ескеріп қою керек. Бұл туралы тек бүлік туғызғысы келетіндер ғана аса қызығушылық танытады, ғалымдар емес!

Уа мұсылмандар, әһлю-Сунна ғалымдарының Исламдағы орнын ұмытпаңдар және ғалымдарды жамандау – дінді жамандау екенін естеріңен шығармаңдар! Ибн ‘Умар былай деген: *“Табук жорығына барған кезімізде бір кісі: “Мына біздің Құран оқушыларымыздан асқан мешкей, өтірікші және шайқаста қорқақ адамдарды көрмедік”, - деді. Сонда ‘Ауф ибн Мәлик: “Сен өтірікшісің, сен екіжүздісің! Мен бұл туралы міндетті түрде Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткіземін”, - деді. Осыдан кейін ‘Ауф пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болған жайттың барлығын жеткізу үшін жүріп кетті. Бірақ, ол пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген кезде осы іске байланысты аян оны озып кеткенін көрді. Әлгі кісі Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешірім сұрау үшін келген кезде пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйеге отырып, сапарға шыққалы жатыр еді. Әлгі кісі: “Әй Аллаһтың елшісі, біз жәй ғана мылжыңдап көңіл көтеріп отқан едік”, - деді. Ол пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түйесінің айылына байланып қалған тәрізді болды, әрі оның аяғы тасқа ұрылды, ал өзі: “Біз әншейін әңгімелесіп отырып әзілдедік”, - деп қайталай берді. Ал Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған мына аятты қайта-қайта оқи берді:*

«Егер олардан сұрасаң: “Әрине біз әншейін сөзге кірісіп, ойнап едік” дейді. Оларға: “Аллаһпен, аяттарымен және Елшісімен қылжақтадыңдар ма?”, - де. Кешірім сұрамаңдар! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар» (Тәубә сүресі, 65-66-аяттар). *Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлгі кісіге түк назар аудармады және айтылған сөзге ешнәрсе қоспады”* (Ибн Әбу Хатим 10046, әт-Табәри 16928. Хадистің сенімділігін шейх Муқбил мен шейх ‘Абдул-Қадир әл-Әрнәут растады).

Әлгі кісі өз сөздерін айтқан кезде, пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және сахабаларды астарлап айтқан еді, сонымен бірге ол өз сөздерінің ішінде білім иелерін де қосып айтқан болатын. Шейх Салих әл-Фәузан былай деген: *“Бұл хадисте ғалымдарға құрметтеу қажеттілігі, әрі оларды мазақ етіп, келемеждеудің рұқсат етілмегендігі көрсетілген. Әлгі екіжүзді: “Мына біздің Құран оқушыларымыздан асқан мешкей, өтірікші және шайқаста қорқақ адамдарды көрмедік” деді. Ол осы сөздері арқылы ғалымдарды айтқан болатын, ал ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары, олар бүкіл үмметке үлгі болып табылады. Адам ғалымдарды тілдеген кезде, ол сол арқылы Ислам үмметін нашарлатады, ғалымдардың артықшығын төмендетіп, оларға байланысты күдік туғызады”* (Қараңыз: “Иғанәтул-мустафид” 2/191).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Әйелін күйеуіне қарсы қоятын және құлды қожасына қарсы қоятын адам бізден емес!***[70]**»** (Әбу Дәуд, әл-Хәким. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми’» 5437).

Егер пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күйеуі мен әйелінің, құл мен қожасының арасын бөліп, бір-біріне қарсы қоятын адамды бізден емес десе, онда мұсылмандарды әһлю-Сунна ғалымдарына қарсы қоятын адамдар туралы не айтуға болады?!

[70] Хадистердегі: ***«Бізден емес»*** деген сөз айтылып жатқан күнәнің тым ауыр екенін көрсетеді.

Имам әз-Зәһәби ұлы бір сөздер айтты: *"Рафидилер мен хауариждер бұрынғының үлкен ғалымдары туралы қандай жаман сөздер айтты десеңші?! Мысалы, әл-Фудайл*[71] *жөнінде. Адамдардың тілінен кім аман қалды екен? Дегенмен, адамның білімі мен артықшылығы бекіген кезде, оның сыртынан айтылған сөздер еш зиян тигізбейді. Ақиқатында, ғалымдар туралы айтылған сөздер әділеттілік пен тақуалықтың таразысына өлшенуі керек"* Қараңыз: "әс-Сияр" 4/448).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *"Ғалым мен наданды салыстыру мүмкін бе?! Шын мәнінде, ғалымдардың ұлылығын тек солардың қатарындағылар ғана біледі"* (Қараңыз: "Һидаятул-хияри" 234).

Аллаһ Тағала біздің жүрегімізге осы үмметтің шынайы имамдары мен ғалымдарына деген махаббатты салсын! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«*Адам кімді жақсы көрсе, сонымен бірге болады*»** (әл-Бухари 3688).

МАЗҺАБҚА НЕМЕСЕ ҒАЛЫМҒА СОҚЫР ЕРУ ТУРАЛЫ (әт-тақлид)

Бұл тақырыпта ғалымдарға және сенімді хадистерге анық қайшы келген кезде белгілі бір ғалымның ізінен соқыр еретін көптеген мұсылмандардың шектен шығуы туралы аса маңызды сөздерді қозғау керек, себебі ғалымдардың ішінде бірде-бір қате жібермейтін адам болмайды.

Ислам – бұл ұстамды дін, әрі онда шектен шығуға орын жоқ. Ғалымдардың орнын білу, әрі оларды құрметтеу дегеніміз – оларға соқыр еру дегенді білдірмейді. Имамдар айтқандай, ғалымдар бізге олардың соңынан соқыр ілесу үшін емес, Құран мен Сүннетті дұрыс түсіну үшін керек. Имам әш-Шәфи'и өзінің ұлы сөздерін айтқан болатын: *"Фәқиһтердің сөздері мен олардың пайымдауларын қолдану – бұл тек су жоқ кезде ғана қолдануға болатын таяммум секілді. Егер белгілі бір мәселеде Құран, Сүннет және сахабалардың сөздері тура бір мағыналы мәтінде келсе, онда бұл мәтіндермен қолдану міндетті (уәжиб) болып табылады және белгілі бір ғалымның сөзіне бола олардан бас тартуға рұқсат етілмейді!"* (Қараңыз: "әр-Рисалә" 599).

Имам әш-Шәтыби рас айтты: *"Егер шариғат үкімдерін тану барысында ғалымдарды құрал ретінде алудың орнына мақсат ретінде алсақ, онда біз адасамыз"* (Қараңыз: "әл-И'тисам" 2/872).

Мұсылмандардың арасында кейбір имамдарды шектен тыс ұлықтап, оларға қарсы титімдей сын айтқызбай, белгілі бір ғалымның соңынан еруге шақыратындары бар, олар тіпті оның пікірін пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзінен де жоғары қоюға дейін барады.

Білім талап етіп жүрген мұсылман өзінің шейхының жақтаушысы болып, тек оның сөздері мен көзқарасы ғана ақиқат деп есептей отырып, жұртты фанаттық дәрежеде өзінің ұстазына шақыратынын өте жиі кездестіруге болады. Мұның барлығы терең адасу және Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа адамдармен мұндай қарым-қатынаста болмауы керек. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Кімде-кім өзіне бір адамды таңдап алып, әрі достық немесе қастық мәселесін*

[71] Имам әл-Фудайл ибн 'Ийяд – бид`атшылармен қарым-қатынаста өзінің қаталдығымен ерекшеленген өз кезеңінің ұлы имамы. Ол былай деген: *"Бид`атшыны жақсы көретін адамның амалдарын Аллаһ Тағала жоқ қылады да, оның жүрегінен Ислам сәулесін өшіреді!"* (*әл-Ләләкәи* 263, Әбу Ну'айм 8/103).

оның сөзімен, ісімен өлшесе, онда **«олар діндерін бөлшектеп, топтарға бөлінгендер»** *деген адамдардың қатарынан болады"* (Рум сүресі, 31-аят) (Қараңыз: "Фәтәуәл-кубра" 2/239).

Шейх әл-Әлбәниден: "Белгілі бір ғалымның сөзін ұстанатын жастар бар, ал басқа бір жастар өзге ғалымның пікірін ұстанады, нәтижесінде олар бұны әртүрлі ағымдарға ұқсатып, бір-бірін жек көре бастайды", - деп сұрады. Сонда ол: *"Мұндай нәрсе Исламда рұқсат етілмеген! Біз әрдайым Исламда сектанттық рұқсат етілмейді, әрі мұндай шектен шығушылық Исламда тыйым салынған деп айтамыз: біреулері тек бір ғана ғалымның пікірін ұстанады, ал басқалары өзге бір ғалымның пікірін ұстанады. Алайда, пайғамбарлар мен елшілерге қарағанда ешбір ғалым қателіктен сақтандырылмаған. Әрбір мұсылман бір-біріне сүйіспеншілік пен ықыластылық таныта отырып өмір сүру қажет және осы өмірдегі ешбір адамға беріліп, оған соқыр еруден аулақ болу керек, тек бір адамнан басқа, ол – Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)!"* – деп жауап берді (Тыңдаңыз: "Силсиләтул-худа уә-ннур" № 573).

Салим ибн ʻАбдуллаһ былай деген: *"Бір күні мен Ибн ʻУмармен бірге мешітте отыр едім, оған Шам аймағынан белгісіз бір адам келіп, ʻумраның қажылыққа дейін (хаж әт-тамәтту') жасалуын сұрады. Ибн ʻУмар: "Бұл жақсы, керемет іс", - деді. Әлгі кісі: "Тіпті сіздің әкеңіз (ʻУмар ибн әл-Хаттаб) бұны тыйым салған болса да ма?" – деп сұрады. Сонда Ибн ʻУмар былай деді: "Саған қасірет болсын! Егер Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі жасаған және өзгелерге жасауға бұйырған нәрсені менің әкем тыйым салса, қайсысына бағынасың: әкеме ме, әлде Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына ма?!". Әлгі кісі: "Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына", - деп жауап берді"* (Ахмад 5700, Әбу Я'лә 3/1317. Иснадтың сенімділігін иман ән-Нәуәуи растады).

Егер сахабалардың ішінде ең білімділерінің бірі болған ʻУмардың сөзіне осылай деп жатса, онда қалған адамдардың сөздері туралы не айтуға болады? Тағы да Ибн ʻУмар былай деген: *"Кімде-кім Сүннетке қарсылық көрсетсе, күпірлік (куфр) көрсеткені"* (әс-Сираж 21/122. Шейх әл-Әлбәни иснадын сенімді деді).

Ахмад ибн Ханбал былай деген: *"Хадистің иснады мен оның сенімділігі туралы адамдардың хабардар бола тұра, Суфьян әс-Сәуридің*[72] *пікіріне еретіні мені қатты таң қалдырады. Аллаһ Тағала былай айтты:*

«Сондықтан пайғамбардың әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір фитна жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» (Нур сүресі, 63-аят) *Ал сен фитнаның не екенін білесің бе? Фитна – бұл ширк. Кімде-кім пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзінің тіпті бір бөлігін жоққа шығарса, оның жүрегіне адасушылық кіреді де, ол құриды"* (Қараңыз: "әл-Ибәнә" 1/260).

Имам Ахмад тағы былай деген: *"Кімде-кім Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисін теріске шығарса, ол құрдымға кеткелі тұр"* (Ибн әл-Жәузи 182).

Осы келтірген имам Ахмадтың сөздерінде, сенімді мәтіндерден бас тарту – адамды күпірлікке апаратын жүректің адасушылыққа әкелетінін көрсетеді.

Имам әт-Тахәуи былай деген: *"Тереңге бармайтын, әрі ақымақ адамнан басқа ешкім соқыр еліктемейді" (*Қараңыз: "Расмул-муфти" 1/32).

[72] Суфьян әс-Сәури – табиғиндердің шәкірті (таби-таби'ин), айналасында діни-құқықтық мектеп қалыптасқан өз кезеңінің ұлы имамы, бірақ оның мазһабы танымал төрт мазһаб сияқты жұртқа кең таралмаған.

Хафиз әс-Суюты былай деген: *"Шынында, соқыр еретін адам – ғалым деп аталмайды!"* (Қараңыз: "Шәрх Сунән Ибн Мәжәһ" 1/70).

Имам Ибн Хазм былай деген: *"Шынында, оған соқыр ілесетін ғалымдардың өздері соқыр ілесудің (тақлид) дұшпаны болған. Ғалымдар өздерінің жақтастарына өзінің пікіріне соқыр ілесуге тыйым салатын еді. Осы тұрғыда имам әш-Шәфи'и, Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын, ең ынталы болды, себебі ол басқаларға қарағанда өте жиі, әрі жүйелі түрде сенімді хабарларға және дәлелге сәйкес келетінін қабылдаудың міндетті екенін ескертетін. Сонымен қатар, ол өзіне соқыр ілесетіндерге дұшпан болып, айналасындағыларды бұдан сақтандырды. Аллаһ Тағала оған осы ісі үшін Өз мейірімін төксін, әрі оның сауабы өте көп қылсын, өйткені ол ұлы игіліктің себепкері болды!"* (Қараңыз: "Усулюл-әхкәм" 6/118).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Қиямет Күнінің белгілерінің бірі – білім кішілерден алынатын болады***» (Ибн әл-Мубәрак 61, әт-Табәрани 908. Хадистің сенімділігін хафиз 'Абдул-Ғанни әл-Мәқдиси мен шейх әл-Әлбәни растады).

Имам әл-Ләләкәи бұл туралы былай деді: *"Егер кіші пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалардың және табиғиндердің сөздерін алатын болса, онда ол – үлкен болып саналады. Ал егер үлкен шейх Сүннетті қалдырып, Әбу Ханифаның сөзін алатын болса, онда ол - кіші"* (Қараңыз: "Шәрху усули-Ссунна" 1/85).

Бәрінен де ең жиеркеніштісі, әрі сорақысы – адам өзінің мазһабы немесе өзінің шейхының белгілі бір мәселеде пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайшы келіп тұрғанын біле тұра, оның пікірін ұстанып қала береді. Көбінесе мұндай адамдар сол көзқарасты негізсіз дәйектермен күшейтуге тырысады, тіпті басқаларды соған үйретеді. Хафиз Ибн Ражәб былай деген: *"Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы жеткен әрбір адамға осы естігенін жұртқа жеткізіп, осыған еруге шақыру міндетті (уәжиб), тіпті егер бұл танымал пікірге қайшы келсе де, өйткені кез-келген танымал адамнан гөрі пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлықтау мен еліктеуге лайықтырақ"* (Қараңыз: "Иқазул-хамәм" 93).

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Аллаһ Тағала және Елшісі, қашан бір іске үкім берсе, мүмін ер және мүмін әйел үшін олардың істерінде таңдау жоқ. Сондай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне қарсы келсе, сонда рас ашық адасқан болады» (Ахзаб сүресі, 36-аят).

Зерттеуші (мухаққиқ) имам Ибн Дақиқул-'Ид сенімді хадистерге қайшы келетін төрт мазһабтағы пікірлерді келтіре отырып, оларды ауқымды кітапта жинады, әрі сол кітаптың кіріспесінде былай деді: *"Расында, бұл үкімдерді имам-мужтәһидтерге телу тыйым салынады және бұл имамдарға мұндай мәселелерде сүйенбес үшін, әрі сол арқылы оларды өтірікте айыптамас үшін оларға еретін фәқиһтер оны білу керек"* (әл-Фуләни 99).

Имамдарды өтірікте айыптау дегеніміз – бұл олардың барлығы айтқан мына сөздерді жоққа шығару дегенді білдіреді: *"Сенімді хадис – міне, осы менің мазһабым"* (Қараңыз: "әл-Хашийя" 1/63, "Иқазул-химәм" 62, «әл-Мәжму'» 1/63).

Аллаһқа сансыз мадақ, әһлю-Сунна имамдарының ешқайсысы жеке өзінің ізінен еруге шақырған жоқ, тек пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалардың және табиғиндердің ізінен еруге шақырды.

Имам Әбу Ханифа былай деген: *"Біздің пікірімізге сүйеніп ешбір адамға фәтуә беруге болмайды немесе біздің оны қайдан алғанымызды білмейінше, сөзімізді алуға рұқсат етілмейді"* (Қараңыз: "әл-Хашия" 6/293, "И'ләм әл-мууәққи'ин" 2/309, "әл-Мизан" 1/55).

Ол тағы былай деді: *"Менің дәлелімді білмей, бірақ менің сөзіме сүйеніп фәтуә беру тыйым салынады (харам)!"* (Қараңыз: "Расмул-муфти" 1/29, "әл-Мизан" 1/55).

Өкінішке орай, Әбу Ханифаның мазһабын ұстанатын көптеген адамдар оның сөзі мен дәлеліне назар аудармастан, оған соқыр еліктейді. Сондай-ақ, Әбу Ханифа өзінің шәкірті Әбу Юсуфке: *"Саған өкініш болсын, әй Я`қуб! Менен естіген нәрсенің барлығын жаза берме! Шынында, мен бүгін былай есептесем, ертесіне басқаша есептеймін немесе ертең осылай ойласам, арғы күні басқаша ойлаймын"* (Қараңыз: "әл-Мизан" 1/62). Имам Әбу Ханифа осылай айтқан айтуының себебі, ол көбінесе өзінің пайымдауын салыстыруға (қияс) негіздеп жасайтын еді, кейіннен егер қарастырылып жатқан мәселеге байланысты пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисін тапса немесе дәйектелген қияс тапса, алдыңғы пікірінен бас тартатын.

Әбу Ханифа тағы былай деді: *"Егер мен Аллаһтың Кітабына қайшы бір нәрсе айтсам, менің сөзімді тастаңдар да, Аллаһтың Кітабына еріңдер!"*. Одан: "Ал егер сіздің сөзіңіз Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзіне қайшы келсе ше?" – деп сұрады. Ол: *"Менің сөзімді тастаңдар да, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисін алыңдар!"* – деді. Одан: "Ал егер сіздің сөзіңіз сахабалардың сөзіне қайшы келсе ше?" – деп тағы сұрады. Сонда Әбу Ханифа былай деді: *"Менің сөзімді тастаңдар да, сахабалардың сөзіне еріңдер!"* (Қараңыз: "Фәтхул-Мәжид" 241).

Әбу Ханифаның мазһабын зерттеген ізгі мұсылмандар оның бұйрығына ерді. Мәселен, Әбу Ханифаның ізбасарларының бірі Мухаммад ибн әл-Хасан былай дейді: *"Әбу Ханифаның пікірін бойынша, жаңбыр тілеу (истисқа) намазын оқудың қажеті жоқ. Ал біздің пікірімізше, имам адамдармен бірге екі рака'ат намаз оқып, содан соң дұға жасау керек, әрі өзінің киімін теріс айналдырып киюі қажет"*[73] (Қараңыз: "әл-Мууәтта" 1/158).

Сондай-ақ, имам Мәлик ибн Әнәс былай деген: *"Ақиқатында, мен тек жай ғана адаммын, әрі қателесуім де, дұрыс айтуым да мүмкін. Менің сөздеріме қараңдар, оның Құран мен Сүннетке сәйкес келетінін – қабылдаңдар да, сәйкес келмейтінін – қалдырыңдар!"* (Қараңыз: «әл-Жәми'» 2/32, «Усулул-әхкәм» 6/149).

Имам әш-Шәфи'и былай деген: *"Егер адамға Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен бір нәрсе жетсе, басқа біреудің сөзіне бола, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөзін қалдыруға рұқсат етілмейтініне бүкіл мұсылман қауымы бірауыздан келісті"* (Қараңыз: "И'ләмул-мууәққи'ин" 2/361, "әл-Иқаз" 68).

Имам әш-Шәфи'и тағы былай дейтін: *"Егер кез-келген мәселеде менің айтқанымның және Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сенімділігі бекітіліп, жеткен хабардың арасында сәйкессіздік табылса, онда мен өзімнің айтқандарымнан бас тартамын, мейлі ол менің тірі кезімде болсын, мейлі мен қайтыс болғаннан кейін болсын"* (Әбу Ну'айм 9/107, әл-Хараури 1/47).

Міне, дәл осындай сөздерді имам Ахмад та айтқан болатын, ол тақлид мәселесінде өте қатты болған, әрі өзінің де, өзгенің де ізінен соқыр еруден қатты қайтарған. Имам Ахмад: *"Әл-Әуза'идің, Мәликтің, Әбу Ханифаның пікірі – бұл тек әншейін пікір ғана және*

[73] Бұл намаз туралы көптеген сенімді хадистерде айтылған, ол хадистерді имам Ахмад 4/41, әл-Бухари 1027, Муслим 894, Әбу Дәуд 1165, әт-Тирмизи 555, ән-Нәсаи 1/226 және басқалары өз жинақтарында келтіреді.

менің көз алдында олардың бәрі тең, ал дәлел тек алғашқылар (сәләфтар) болған нәрседе" - деді (Қараңыз: «әл-Жәми'» 2/149).

Имам Ахмад тағы да былай дейді: *"Фәқиһке адамдарды өзінің мазһабымен жүруге ұмтылдыруға рұқсат етілмейді"* (Қараңыз: "әр-Радул-муфхим" 16).

Егер Ислам үмметінің ұлы имамдары туралы осындай сөздер айтылса, онда тіпті ғалым емес біреудің артынан соқыр еру туралы не айтуға болады?!

Имамдардың мұндай сөздері өте көп, әрі бұдан кейін Құран мен Сүннетке қайшы келген кезде белгілі бір ғалымның артынан соқыр еретін адамдар үшін еш сылтау жоқ. Имамдардың қателескенінде тұрған ешқандай айып жоқ, өйткені қателік атаулыдан ешкім сақталмаған. Олар қандай жағдайда да ұтып шығады, себебі пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Егер ижтиһад танытқан қазы бір шешім шығарып, дұрыс тапса, екі есе сауап алады, ал егер ол ихтиһад танытып, қателессе, бір ғана сауап алады»***[74] (әл-Бухари 3/268, Муслим 1716).

Ал өзінің мазһабын ақтағысы келіп: "Сен білесің, ал біздің имам білмеген бе?!" немесе: "Олар бүкіл хадисті білген және олар хадистің түбіне жеткен" – дейтін адамдар тек өздерін ғана алдап қоймай, өзгелерді де алдайды. Көптеген сахабалар, оның ішінде Әбу Бәкр, 'Умар, 'Усман, 'Али үнемі пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында еріп жүруге тырысқандығына қарамастан, діннің кейбір үкімдерін білмеген. Дей тұрғанмен, сахабаларды тұтас алғанда, олар бүкіл білімге ие, әрқайсысы бүкіл білімді біледі демейміз, біреуі білмеген нәрсені, басқасы біледі. Егер тіпті сахабалардың өздері кейбір үкімдерді білмеген болса, онда ғалымдар кейбір үкімдерді білмегеніне таң қалатыны несі бар? (Қараңыз: шейхул-Ислам Ибн Тәймияның «Раф'ул-мәләм 'ан әимматил-а'ләм» кітабы).

Кез-келген имам мен ғалымның сөзін Құран мен Сүннетпен салыстырып өлшеу керек және сәйкес келгенін ғана қабылдау қажет. Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Адамдардың сөздері мен істері пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері мен істерімен салыстырылады, оның сөзі мен ісіне сәйкес келетіндер – қабылданады, ал онымен сәйкес келмейтіндер, ол пікірдің иесі кім болса да – жоққа шығарылады"* (Қараңыз: "Тафсир Ибн Кәсир" 3/415).

Біз бүкіл әһлю-Сунна имамдарын жақсы көреміз және жақсы көруге тиіспіз, алайда біз пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кез-келген имамнан да артық жақсы көруіміз қажет, тіпті өзімізден де артық жақсы көруіміз міндет және оның сөзін күллі адамзаттың сөзінен артық қою қажет. Ибн 'Аббәс былай деген: *"Бір күні Му'ауия менен: "Сіз 'Алиге ересіз бе, әлде 'Усманға ма?" – деп сұрады. Мен оған: "Жоқ, мен 'Алиге де, 'Усманға де ермеймін, мен Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еремін!" – деп жауап бердім"* (Ибн Бәтта "әл-Ибәнә" 1/137).

Соқыр ілесудің (әт-тақлид) нәтижесі кейбір мазһабшылардың өзара жауласып, тіпті бір-бірін күпірлікте айыптауға дейін апарды. Тіпті, олар он тоғызыншы ғасырға дейін тек өз имамының артынан намаз оқыды. Мысалы, ханафи мазһабын ұстанатын Мухаммад ибн 'Абдуллаһ әт-Турки әл-Бәләсағуни Дамаск қаласында қазы қызметін

---

[74] Имам ән-Нәуәуи былай деген: *"Ғалымдар айтатын: «Бұл хадисте, ижтиһад жасай алатын ғалым-қазы туралы айтылып жатқанында мұсылмандардың барлығы бір аузыздан келіскен. Ал енді оларға қатысы жоқ адамдар жайында айтар болсақ, онда оған үкім шығару рұқсат етілмейді, ал егер ол үкім шығаратын болса, онда ол ешқандай сауап алмайтыны аздай, дұрыс айтса да, қателессе де шешімі қабылданбайтын күнаһар боп саналады!"* (Қараңыз: "Шәрху сахих Муслим" 12/378).

атқарған. Ол былай дейтін: *"Егер менде мүмкіндік болса, онда шафиғилерден жизя алар едім"* (Қараңыз: "Лисанул-мизан" 5/402). Сондай-ақ, имам әз-Зәһәби өзінің "Тарихул-Исләм" кітабында келтіргендей, Мухаммад ибн 'Абдуллаһ әт-Турки әл-Бәләсағуни мәликилерді қатты жек көретін болған. Мазһабты қатты ұстанып, шектен шыққан кейбіреулер тіпті өз мазһабын қорғау үшін өтірік хадистер ойлап тапқан. Бұған мысал ретінде, фанатик, ханафи мазһабын ынтыға ұстайтын Мәмун әл-Харауиді келтірсек болады, ол Әбу Ханифаның пікірін бекіту үшін өтірік хадистер ойлап тапты. Соның бірі: «Намаз уақытысында қолын көтерген адамның намазы жоқ»[75] (Қараңыз: "әл-Мәуду'ат" 1/81).

Бұл кісіні имамдар өтірікші, кәззап деп атады. Ол бұнымен қоймай, тағы да мынадай өтірік хадис ойлап шығарды: «Менің үмметімде Мухаммад ибн Идрис (имам әш-Шәфи'и) деп танылатын адам пайда болады, әрі ол менің үмметіме Ібілістен де үлкен зиян тигізеді. Сондай-ақ, үмметімнің жарық сәулесі болатын және Әбу Ханифа деп танылатын адам пайда болады» (Қараңыз: "әс-Силсилә әд-дә'ифа" 570).

Шын мәнінде, имам Әбу Ханифаның ізінен соқыр еріп, оны ұлықтап жіберген адасқан фанатиктерге, имамның (басқа да ғалымдардың) еш қатысы жоқ.

Белгілі бір мазһабқа соқыр еруге басқаларды міндеттегенімен қоймай, өзімен келіспегендерді адасқан деп айыптайтын адамның өзі қатты адасқан болып саналады, өйткені бұған байланысты Құранда да, Сүннетте де ешқандай әмір келген жоқ. Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа, бұл дүниеде ізінен соқыр еріп, оған ғана еліктейтіндей бірде-бір адам жоқ! Ибн 'Аббәс былай деген: *«Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөзінен басқа, кез-келген адамның сөзі қабылдануы да, жоққа шығарылуы да мүмкін»* (әт-Табәрани "әл-Кәбир" 11/339. Хафиз әл-'Ираќи иснадын жақсы деді).

---

[75] Ханафилердің пікірінше, намазда қол көтеру мәкруһ болып саналады. Алайда, руку`қа барарда және руку`тан тұрған кезде қол көтеру пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен сенімді жолмен жетіп бекітілген, әрі бұл тақырыпқа байланысты сахабалардан көптеген хадистер жеткен, тіпті олардың көптігі соншалық, ғалымдар ол хадистерді "мутауәтир" *(көптеген жолмен жеткен)* санатына жатқызды. Намазда қол көтермеу туралы тек Ибн Мәс'удтан жеткен хабардан басқа ешқандай дәлел жоқ. Дегенмен, бұл хабардың сенімділігі жөнінде имамдар арасында көптеген келіспеушіліктер бар. Бұл хабарды әлсіз деп атағандардың ішінде имам Ахмад, Ибн Әбу Хатим және әд-Дарақутни бар. Ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазда қолын көтермеген деген басқа хабарлар туралы айтар болсақ, олардың барлығы өтірік болып табылады. Соған байланысты имам Ибн әл-Жәузи былай деген: *"Бұл тақырыпқа байланысты сенімді хабарларға қайшы келетінін біле тұра, мұндай хадистерге ақымақтан басқа ешкім сүйенбейді!"* (Қараңыз: "Нәйлюлә-әутар" 2/479). Тіпті егер Ибн Мәс'удтан жеткен хабардағы, яғни пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек намаздың басында ғана қолын көтерген деген хабар сенімді (сахих) болған күннің өзінде, бәрі-бір бұл пікірге еру дұрыс болмас еді, өйткені бұл хабар "нәфий" (теріске шығарушы) категориясына жатады. Ал бүкіл фәқиһтердің арасында, соның ішінде ханафи фәқиһтерінде де, мынадай маңызды қағида бар: *"Теріске шығарушы (нәфий) мәтіннен гөрі, бекітуші мәтінге (мусбит) артықшылық беріледі"*. Бұл қағида тіпті бекітуші мәтін бір ғана хабарда жеткен болса да, өз күшін сақтай береді. Онда намазда қол көтеру туралы хадистер сияқты көптеген жолмен жеткен хабардың бекітілгені туралы айтпаса да түсінікті. Осы қағидаға сәйкес және осыған қарсы дәлелдің жоқтығына байланысты, намазда қолды көтеру міндетті болып табылады. Міне, осындай дәлел келтіргеннен кейін өз мазһабын соқыр ұстанатындар бірден көзге көрініп қалады. Өкінішке орай, Әбу Ханифаның алғашқы, әрі кейінгі ізбасарларының ішінде аз ғана бөлігі намазда қол көтереді, тіпті қол көтермеу деген нәрсе олардың айрықша белгісіне айналды (Қараңыз: "әс-Силсилә әд-дә'ифә" 1/570).

Ғалымдар былай деген: *"Егер адам мазһабтарға немесе бір ғана мазһабқа фанаттық дәрежеде еретін болса, ол дінге жаңалық еңгізудің жақтаушысы болғаны!"* (Қараңыз: имам әс-Сан'анидің "Иршәдул-нәқад илә тайсирил-ижтиһәд" кітабы).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия тақлидті айыптап былай деді: *"Егер адам Әбу Ханифа немесе Мәлик, әш-Шәфи'и немесе Ахмадтың мазһабын ұстанып, әрі белгілі бір мәселеде басқа имамның мазһабы дұрысырақ екенін көріп, оған ерсе, онда ол дұрыс істеді. Мұндай әрекет пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа, белгілі бір адамның соңынан соқыр ілесетіндерден гөрі жақсырақ, әрі ақиқатқа жақын және Аллаһ пен Оның елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұнамдырақ. Мәликке, немесе әш-Шәфи'иге, я болмаса Әбу Ханифаға, немесе Ахмадқа соқыр ілесіп, басқа имамның сөзінен гөрі, тек өзімнің иманымның ғана сөзі дұрыс деп есептейтін адам – сауатсыз адасқан болады, бәлкім кәпір де болуы мүмкін. Кімде-кім белгілі бір имамға соқыр еруге міндетті деп есептейтін болса, ол тәубеге келуі тиіс, әйтпесе оны өлім жазасына кесу керек.*[76] *Әрбір мұсылман адам мүміндер мен ғалымдармен дос болуға, оларға көмек беруге, әрі ақиқаққа еруге міндетті, ол ақиқатты қайдан тапса да. Ғалымдардың ішінде біреуі ижтиһад танытып дұрыс тапса, екі сауап алады, ал кім қателессе, ижтиһады үшін бір сауап алып, қатесі кешірілетінін білу қажет" (*Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 2/248-255).

Шейх 'Абдул-Қадир әл-Әрнәут былай деген: *"Сонымен қатар, мұсылман адам белгілі бір ғалымның мазһабымен шектеліп қалмауға міндетті екені сәләфтардың `ақидасына жатады. Ол барлық мазһабтың пікірлеріне қарау керек және (қозғалып жатқан мәселеге байланысты) дәлелі күштірегіне сүйенуі тиіс, әрі ең сенімдісін қабылдау қажет. Ал мұндайдың байыбына жете алмайтын қарапайым адам туралы айтар болсақ,*[77] *оның мазһабы жоқ, оның мазһабы – өзінің сұрап жүретін адамы"* (Қараңыз: "әл-Уәжиз фи мәнһәжи-ссәләф" 12).

Адамдар тек ақиқат айтатын пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен еруден бас тартып, қателік жіберуі мүмкін, әрі басқа ғалымдар оған қарсы келе отырып, анық дәлелдермен оған қарсы жауап беретін адамға соқыр сене береді. Бүкіл Исламды білімімен қамтыған бірде-бір ғалым жоқ. Сондықтан, әрбір

---

[76] Шейхул-Ислам Ибн Тәймия айтқандай, егер адам Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндеттемеген нәрсеге саналы түрде басқа адамдарды міндеттесе, онда ол күпірлікке түседі, себебі Аллаһ және Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінде заңдастырмаған нәрсені ол келіп заңдастырып жатыр. Сондай-ақ егер оған дәлел жеткізілгеннен соң тәубесіне келмей, бұрынғысынан бас тартпаса, онда мұсылман басшысы оны діннен қайтқан адам ретінде өлім жазасына кесу керек.

[77] Шейх 'Абдул-Қадир айтқандай, Исламға енді келіп жатқан білімсіз адам белгілі бір ғалымның соңынан ерсе, еш күнә алмайды. Шейх 'Абдул-Қадир былай деген: *"Қарапайым сауатсыз мұсылманның мазһабы - өзінің имамы болып табылады және сол имамның артынан ергені түсінікті нәрсе, өйткені ол басқа ешнәрсе істей алмайды. Білім алуды енді бастап жатқан адамға келер болсақ, егер ол әлсіз пікірден күштірек пікірді айыра алмайтын болса, өзінің шейхынан естіген нәрсесіне сәйкес амал етеді. Егер ол қалыптасып бекіген білім талап етуші болса, әрі фиқһты оқып, барлық имамдардың дәлелін білетін болса, мұндай жағдайда ол әлсіз пікірден күшті пікірді айыра алады. Және менің ойымша, мұндай адамға мазһабқа соқыр еру (тақлид) рұқсат етілмейді"* (Қараңыз: "әл-Му'жәмул-жәми' фи таражимил-'уләмә уә таләбәтил-'илм әл-му'асырин").

Дегенмен, мұсылман адам бір мәселені білмесе, өзінен білімдірек, әрі тақуа кісіден сұрап, соған еруі тиіс. Сондай-ақ, ол өз көңіл-қалауына сәйкес келетін пікірді таңдап алып, соған еріп, «мен білмеймін ғой» деп ақталуға болмайды, бұл рұқсат етілмейді. Бұл туралы көптеген ғалымдар айтқан болатын, солардың ішінде әл-Хатыб әл-Бәғдәди, имам әш-Шәтыби және т.б (Қараңыз: "әл-И'тисам" 2/861).

адам Аллаһтың Кітабында және Сүннетте келген айқын дәлелдерді қабылдап, ондағы бұйрылған нәрсені орындауға міндетті. Бұған қарсы келетіндер – тек Құран мен Сүннет туралы бейхабар, әрі оны оқып-үйренуге ынтасы да жоқ мазһабқа соқыр ерушілер ғана. Егер олар өздерін ізгі имамның ізінен еріп жүрміз деп пайымдайтын болса, шын мәнінде, олар имамдарға қайшы келіп, олардың жолымен жүріп жатқан жоқ. Мұндай адасушылық өте қауіпті, өйткені олардың пайда болуы – бид`аның пайда болуына, діннің күйреуіне себеп болады.

ʻАди ибн Хәтим былай деген: *"Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына аятты оқығанын естідім:* **«Олар өз ғалымдары мен монахтарын, Аллаһтан өзге тәңір етіп тұтып алды» (**Тәубә сүресі, 31-аят**).** *Мен: "Бірақ, біз оларға құлшылық қылған жоқпыз ғой!", - дедім. Сонда пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Ал Аллаһ рұқсат еткен нәрсені олар сендерге тыйым салған кезде, сендер де бұны тыйым салынған деп есептеп, ал Аллаһ тыйым салған нәрсені олар рұқсат еткен кезде, сендер де бұны рұқсат етілген деп есептеген жоқсыңдар ма?»****, - деп сұрады. Мен: "Иә", - дедім. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Міне, оларға құлшылық етті дегеніміз осы»****, - деді" (*әт-Тирмизи 3094, әл-Бәйхақи 10/198, Ибн Жәрир 16631. Имам Әбу ʻИса әт-Тирмизи, шейхул-Ислам Ибн Тәймия және шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деді).

Адамдарды шектен тыс дәріптеу, кейіннен оларды ұлықтап құлшылық етуге дейін апарады, оған мысал ретінде ʻИса ибн Мәрьямды, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі немересі әл-Хасан мен әл-Хусәйнді, ʻАбдул-Қадир әл-Жәйләниді және т.б. келтіруге болады.

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Тіпті егер Мұса пайғамбар тірі болғанда, ол менің ізімнен еруге міндетті болар еді»*** (Ахмад 3/378,471. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растады).

Егер тіпті Аллаһ Тағаламен тікелей сөйлескен Мұса пайғамбардың (оған сәлем болсын) өзі соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен еруге міндеттелетін болса, онда пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына қайшы қарапайым адамның сөзіне еретіндер туралы не айтуға болады?!

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Ғалымдар мен басшыларға қарағанда, пайғамбарлар, оларға сәлем болсын, өрескел қателіктерден сақталған, ал ғалымдар мен басшылар сақталмаған. Сондықтан, егер тіпті ғалымдар мен басшылардың қателіктерін көрсету керек болса да ақиқатты түсіндіруге болады, тіпті міндетті болып табылады"* (Қараңыз: "Мәжмуʼул-фәтәуә" 19/123).

Шүбәсіз, шейхул-Ислам айтқандай, кез-келген ғалымның қатесі бар, бірақ бұл олардың артықшылығын еш кемітпейді, себебі Аллаһтың үкімі сондай. Имам әз-Зәһәби былай деген: *"Егер белгілі бір мәселеде ижтиһәд қылып қателескен имамдардың барлығын бид`атшы деп айыптап, олардан бөлінетін болсақ, онда бұдан Ибн Нәср да, Ибн Мәжәһ та, бұлардан үлкендері де құтылмас еді!" (*Қараңыз: "әс-Сияр" 14/39).

Саʼид ибн әл-Мусайиб былай деген: *"Еш кемшілігі болмаған бірде-бір ғалым да, тақуа да немесе қадірлі адам да жоқ. Алайда, егер адамның кемшілігінен гөрі артықшылығы басым болса, оның артықшылығы кемшілігін ысырады. Дәл сол сияқты егер артықшылығынан гөрі кемшілігі басым болса, оның кемшілігі артықшылығын ысырады".* Сондай-ақ, былай

айтылды: *"Бірде-бір ғалым қателіктен сақтандырылмаған және кімде-кімнің дұрыс пікірінен гөрі қатесі аз болса, ол – ғалым ('алим). Ал кімде-кімнің қатесінен гөрі дұрыс пікірі аз болса, ол – надан (жәһил)"* (Ибн 'Абдул-Бәрр "Жәми'у бәянил-'илм" 2/48).

Әйткенмен, бүгінгі күннің көптеген нададары: "Барлық ғалымдар қателеседі ғой", - деп өз көзқарастарына қайшы келетін жерін айтып, ғалымды қателескен деп кінәлайды. Шынтуайтына келгенде, ғалымның қатесін білім иелері көрсетуі тиіс, олар өз сөздерін Құран мен Сүннеттен алынған анық дәлелдер арқылы дәйектейді, ал қарапайым студенттерге мына имам немесе ғалым белгілі бір мәселеде қателесті деп айтуларына болмайды. Ғалым қателессе немесе онымен келіспеген кезде не істеу керектігін шейх Ибн 'Усәймин керемет түсіндіріп берді: *"Егер белгілі бір үлкен ғалымға кінә тағылып жатса, сен оның солай айтқан-айтпағанын анықтауға көз жеткізуге міндеттісің, өйткені көптеген адамдар ғалымдарға айтпаған нәрсесін айтты деп кінә тағады, сондықтан бұны тексеру керек! Егер сен шынында ол ғалым сондайды айтқанына көз жеткізсең, онда келесі кезеңге өтесің, ал бұл – оның айтқаны расында жаман нәрсе ме, жоқ па екеніне ой жүгіртесің?! Кейде бір қарағанда ғалымның сөзі адамға жаман тәрізді көрінеді, алайда егер шамалы ой жүгіртсең, оның сөзі – ақиқат болып шығады. Егер солай болса, біз ғалымды қорғауымыз керек және оның сөзін адамдардың арасында тарату қажет, сондай-ақ, оның айтқаны ақиқат екенін адамдарға таратуға тиіспіз, тіпті егер адамдардың барлығы бұған қарсы болса да. Егер саған жаман болып көрінетін нәрсені шынымен де ғалым айтқан болса, сен онымен байланысып, оған құрмет пен ізет білдіре отырып сұрауға міндеттісің: "Мен сіздің былайша-былайша айтқаныңызды естідім, маған осыны түсіндіріп бересіз бе?! Себебі сіз менен гөрі, көбірек білімге иесіз ғой". Егер ол саған жауап берсе, ол мәселені онымен талқылай аласың, бірақ оған құрмет пен ізет көрсете отырып талқыла!"* (Тыңдаңыз: "Шәрху әрбә'инә-ннәуәуи" хадис 7).

Кейбіреулердің намаз, ораза, қажылық және т.б. өте маңызды құлшылыққа байланысты мәселеде дұрысырақ, әрі дәлелге негізделген пікірді ынталана ізденудің орнына, белгілі бір мазһабқа немесе шейхке соқыр түрде еретіні адамның зығырданын қайнатады. Ал өмір мен өлім, жиһәд, такфир, хуруж және т.б. аса ауыр мәселелерге байланысты әңгіме көтерілген кезде әлгі адам өз мазһабына немесе шейхының сөзіне пысқырып та қарамайды, әрі өз көңіл-қалауына ерік беріп, соған ереді!

Өкінішке орай, көптеген мұсылмандар көбінесе өз көңіл-қалауына сәйкес келетін мәселеде ғана кейбір имамдарға ереді, тіпті ол имамның пікірі анық қате болса да. Мысалы, музыка тыңдайтындар, уәлидің рұқсатынсыз әйелге үйленетіндер,[78] уақытша неке құратындар және т.б. Алайда, ғалымдардың сөздері өздігінен дәлел бола алмайды. Шейхул-Ислам Ибн Тәймия шындықтың шырайын шығарып тұрып былай деді: *"Шынында, ғалымдардың сөздері шариғи дәлелдермен бекітілуі тиіс, ал шариғи дәлелдер олардың сөздерімен бекітілмейді!"* (Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 26/202).

[78] Әйелдің уәлиі болмаса да, неке дұрыс болып есептеледі деген пікір ханафилердің арасында кең тараған. Әйткенмен, бұл пікір қате және сенімді хадистерге қайшы келеді. Уәлисіз неке жоқ. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Уәлисіз неке жоқ»*** (Әбу Дәуд, Ахмад, Ибн Мәжәһ. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 7555). Бұл хадистің сенімділігіне бүкіл имамдар бірауызды келіскен. Осы хадистің сенімділігін Ахмад, Яхъя ибн Мә'ин және әл-Бухари сияқты имамдар растағанының өзі жеткілікті. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Әйел адам басқа бір әйелді күйеуге бере алмайды және өз-өзін күйеуге бере алмайды»***, ал осы хадисті жеткізуші Әбу Һурайра мына сөздерді қосты: *"Өз-өзін күйеуге берген әрбір әйел зинақор"* (Ибн Мәжәһ 1882, әд-Дарақутни 3/227. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растады).

Сұләймән әт-Тайми былай деген: *"Егер бүкіл ғалымның жеңілдіктерін (рухса) жинасаң, онда сен бүкіл жамандықты жинаған боласың!"* ('Али ибн әл-Жә'д "әл-Муснәд" 1359).

Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Ғалымның қателескен пікіріне сүйенуге, әрі оған сол мәселеде соқыр еруге болмайды, себебі оның қатесі шариғатқа қайшы!"* (Қараңыз: "әл-Мууәфиқат" 4/170).

Мұсылман адам Құран мен Сүннеттегі дәлелдерге еру керек, ғалымның жеңілдететін пікіріне немесе керісінше, қиындық әкелетін пікірге емес. Ол бір ғана ғалымның пікірімен шектелмеуі тиіс, әрі кез-келген мәселеде қай ғалымның пікірі күштірек, соған ілесуі керек, дәл осы сипат – Аллаһ Тағала тура жолды нәсіп еткен құлдарының сипаты! Аллаһ Тағала былай дейді:

«Сондай сөзге құлақ салып, сонда оның ең көркеміне ілесетіндер, міне солар – Аллаһ өздерін тура жолға салғандар. Солар, ақыл иесі!» (Зумәр сүресі, 18-аят).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Әһлю-Сунна уәл-жәмә'а мазһабы көне мазһаб болып табылады, әрі ол Әбу Ханифа, Мәлик, әш-Шәфи'и мен Ахмад бұл дүниеге келмей жатып болған. Сондай-ақ, шынында, бұл – сахабалардың мазһабы, ал олар өз кезегінде бұны пайғамбардан (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) қабылдаған. Ал бұған қарсы болған адамды әһлю-Сунна уәл-жәмә'а дінге жаңалық еңгізудің жақтаушасы деп есептейді!"* (Қараңыз: "Минһәжу-Ссуннә" 2/601).

ДӘЛЕЛ ТАЛАП ЕТУ ТУРАЛЫ

Барлық нәрсені Білуші Аллаһ Тағала былай деді:

«Олар Алладан өзге, оған ешбір билік (дәлел) түсірілмеген және ол жөнінде өздерінде де ешбір мәлімет болмаған нәрселерге құлшылық етеді» (Хәж сүресі, 71-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деді:

«Расында, Мұсаны мұғжизаларымызбен, әрі ашық билікпен (дәлелмен) жібердік» (Ғафир сүресі, 23-аят).

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Аллаһ Тағала айғақ пен дәлелді* **«билік»** *деп атады, себебі дәлелге ие болған адам – билік пен күш-қуатқа да ие болады, әрі ол дәлел билігі арқылы надан адамдарға үстем болады. Қолдың күшіне сүйенген билікке қарағанда, білім билігі күштірек, әрі айбынды. Өйткені, дәлел арқылы күшпен жете алмайтын нәрсеге жетуге болады. Сондай-ақ, қол билігі денелерді ғана басқаратын болса, дәлел билігі жүректерді басқарады"* (Қараңыз: "Мифтаху дари-сса'ада" 1/244).

Ислам діні дәлел мен білімге негізделген, әрі ол көңіл-қалауға, ой-пікір мен логикалық пайымдауларға негізделмеген. 'Али ибн Әбу Талиб былай деген: *"Егер де дін ақыл-ойға негізделгенде, онда мәсихты мәсінің үстіннен емес, астынан сүрткен дұрысырақ болар еді. Алайда, мен Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) масихты мәсінің үстінен тартқанын көрдім"* (Қараңыз: Әбу Дәуд 1/162. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хазм, хафиз Ибн Хәжәр, шейх әл-Әлбәни растады).

Дәлел мен ақпарат көзіне сілтеме талап ету дінімізде үлкен орын алады. Өйткені, бұл – дінімізді сырттан кіргізілетін түрлі қоспалар мен бұрмалаудан қорғайды. Имам

Ибн әл-Мубәрак былай деген: *“Иснәд*[79] *– діннен. Егер де иснәд болмағанда, әркім қалағанын айта берер еді!”* (Муслим 1/15).

Имам Суфьян әс-Сәури былай деген: *“Иснәд – мүміннің қаруы! Егер мүміннің бұл қаруы болмаса, ол не арқылы күреседі?!”* (Қараңыз: “Фәйдул-Қадир” 1/433).

Кімде-кім дәлел талап етпей тек сөздерге сүйенетін болса, тіпті ол ғалымның сөзіне сүйенсе де, онда олар туралы имам әш-Шәфи’и былай деген: *“Білімді еш дәлелсіз ізденетін адам, түн ішінде отын жинап, отынмен бірге өзін шағып алатын жыланды да қосып алған адам тәрізді!”* (әл-Бәйхақи “әл-Мәдхал” 1/211).

Белгілі бір іс-әрекетке дәлел сұраған кісіні бүлік туғызушы деп санайтын кейбір мұсылмандар қатты адасып жүр. Біз ондай адамдардан былай деп сұраймыз: Қашаннан бері дәлел талап ету бүлік болып саналатын болды?! Сонда Аллаһ Тағала Құранда бізге дәлел талап етуді бұйыруы – бүлік туғызуға шақырғаны ма?! Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Мұхаммед оларға): “Егер айтқандарың рас болса, дәлелдеріңді келтіріңдер!” де» (Бәқара сүресі, 111-аят).

Шейх ’Абдур-Рахман әс-Са’ди былай деген: *“Яһудилер өздерінен басқа ешкім Жәннәтқа кірмейді деді. Христиандар да өздерінен басқа ешкім Жәннәтқа кірмейді деді. Олар Жәннәт тек өзіміз үшін арналған деп есептеді. Алайда, дәлелмен, дәйекпен бекітілмейінше, кез-келген бос пайымдау қабылданбайды. Егер олар ақиқатты айтқан болса, дәлелдерін әкелсін. Кез-келген адам өз сөздерін растау үшін дәлел келтіруге міндетті. Егер ол дәлел әкеле алмаса, онда оның негізсіз сөздері мен оған қарама-қарсы басқа негізсіз сөздердің арасында еш айырмашылық жоқ. Дәлелдер арқылы ғана түрлі пайымдау мен мәлімдемеулердің қабылданатынын немесе теріске шығарылатынын анықтау мүмкін”* (Қараңыз: “Тәфсирул-Кәрими-Ррахмән” 42).

Дәлел талап ету – бұл әрбір мұсылманның қақысы, себебі дәлел арқылы адам түрлі күдіктер мен күмәндардан арылады.

‘Абдур-Рахмән әл-Әсәм былай деген: *“Бір күні Әнәс ибн Мәликтен намаздағы тәкбирлер*[80] *туралы сұрағанда, ол былай жауап қатты: “Тәкбірді тұрғанда, иілгенде, сәждеге барғанда, сәждеден бас көтергенде және келесі рәкәтқа тұрғанда айту керек”. Сонда адамдар одан: “Сен бұны кімнен естідің?!”, – деп сұрады. Әнәс: “Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Әбу Бәкрден, ‘Умардан естідім”, – деді де, үндемей қалды. Сонда одан: “Ал ‘Усманнан ше?”, – деп сұрағанда, ол: “Бұны ‘Усманнан да естідім”, – деп жауап берді”* (Ахмад 3/257. Сенімді иснад).

Егер тіпті сахабалардың өздерінен дәлел талап еткен болса, онда басқа адамдар жайлы не айтуға болды?! Алайда, кейбір мұсылмандар қарапайым білім ізденушіден дәлел сұрауға да ұялып қателеседі.

Исламдағы дәлел дегеніміз не?

«Сенің дәлелің қандай?» деген сұраққа: «Бір мұсылман бауырым айтты», – деген жауапты өте жиі естуге болады. Біз бір мұсылман бауырдың сөздері, тіпті білімді болса да, дәлел болып саналмайтынын білуіміз керек! Исламдағы дәлел – бұл Құран; Сүннет;

---

[79] Иснәд – бұл хадис жеткізушілерінің тізбегі. Сондай-ақ, иснәд деп – саған бір нәрсе туралы хабар берген адамның айтқан сөзіне сілтеме көрсету атайды.

[80] Тәкбир – бұл “Аллаһу Әкбәр” деп айту (Аллаһ Ұлық).

ғалымдардың бірауызды келісімі (ижмә’), бұған тағы басқа сахабалардың ешқайсынан оған қарсылығы болмаған, бір сахабаның айтқан сөзі де жатады; Құран мен Сүннет мәтіндері жоқ кезде салыстыру (қияс). Бұдан басқасының барлығы Исламда дәлел болып саналмайды.

Құран мен Сүннетке дәлел:

Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Мен сендерге екі нәрсе қалдырдым. Олардан кейін сендер ешқашан адаспайсыңдар – Аллаһтың Кітабы және менің Сүннетім!***» (әл-Хәким. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 2937).

Бірауызды келісімге (ижмә') дәлел:

'Умар мен Әнәстан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: «***Расында, Аллаһ Тағала Мұхаммедтің үмметін толығымен адасу үстінде жинамайды!***» (Ахмад 5/145, Ибн Мәжәһ 3950, әл-Хәким 1/115. Хадистің сенімділігін хафиз әс-Суюты мен шейх әл-Әлбәни растады).

Сонымен бірге, ижмә'қа дәлел ретінде Ибн Мәс'удтың келесі сөздерін де келтіруге болады: *"Бүкіл мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе, Аллаһтың алдында да жақсы. Ал бүкіл мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе, Аллаһтың алдында да жаман!*[81]*"* (Ахмад 1/379, әт-Таялиси 23, әл-Бәззар 130. Хабардың сенімділігін әл-Хәким, әз-Зәһәби, Ибн Хәжәр, әс-Сахауи, Ибн 'Абдул-Хади мен әл-Әлбәни растады).

Сахабалардың сөздеріне дәлел:

Аллаһ Тағала былай деді: **«Ал кімде-кім өзіне тура жол айқындалғаннан кейін пайғамбардың жолына қарсы келіп, <u>әрі мүміндердің жолына ермесе</u>, онда біз оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!»** (Ниса сүресі, 115-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деді: **«(Мұхаммед,) айт: "Аллаһқа мақтаулар болсын және Оның таңдаулы құлдарына (Аллаһтың) сәлемі болсын!"»** (Нәмл сүресі, 59-аят).

Ибн 'Аббәс былай деген: *"Таңдаулы құлдар – бұл Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары"* (Қараңыз: "Фәтхул-Қадир" 4/148).

Аллаһ Тағала тағы да былай дейді: **«Және Маған бет бұрғандардың жолына ер!»** (Луқмән сүресі, 15-аят).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *"Әрбір сахаба Аллаһқа бет бұрған болып табылады, сондықтан олардың жолына еру керек, себебі Аллаһ оларды тура жолға салды"* (Қараңыз: "И'ләм әл-мууәққи'ин" 4/120).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Менің үмметім жетпіс үш ағымға бөлінеді, олардың барлығы Тозақта, тек біреуінен***

---

[81] Бид`атты рұқсат деп санайтын кейбіреулер бұны дәлел ретінде келтіреді, бірақ бұл хабар діни жаңалықты енгізуге рұқсат етілгендігін көрсетпейді, өйткені бұл жерде бүкіл мұсылмандар туралы айтылуда, санына байланысты немесе көпшілік деп тұрған жоқ. Имам әл-'Изз ибн 'Абду-Ссәләм былай деген: *"Егер осы хабар сенімді болса, онда бұл жерде «мұсылмандар» дегеніміз – бұл тек сахабалардың бірауызды келісімі"* (Қараңыз: "Фәтәуә әл-'Изз" 1/42).

басқасы». Одан: *«Әй, Аллаһтың елшісі, олар кімдер?»*, – деп сұрады. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Олар менің және сахабаларымның артынан ергендер»***, – деп жауап берді (әт-Тирмизи 2641, әл-Хәким 1/128. Хадистің сенімділігін шейхул-Ислам Ибн Тәймия, Ибн әл-Қайим, имам әш-Шәтыби, хафиз әл-ʻИрақи мен шейх әл-Әлбәни растады).

Егер сахабаның сөздері, оның ижтиһәдінің нәтижесінде немесе Кітап иелерінен келген хабар болмаса, әрі басқа бір сахабалар оның сөзіне қарсы пікір айтқаны белгілі болмаса, онда сахабаның сөзі – қабылдау керек болған дәлел болып табылады. Өйткені, сахабалар Құранды өздігінше түсіндірмеген, әрі ғоиб (жасырын, көмес) және дін мәселелерінде өз атынан сөйлемеген. Бұған барлық табиғиндер мен имамдар бір ауыздан келіскен. Сахабалардың сөздерін дәлел ретінде тек ақиқаттан ауытқыған аш'арилер, му'тазилер, философтар және кейбір ханафилер ғана жоққа шығарған (Қараңыз: "әл-Ихкәм" 4/120, "әт-Тахсыл" 2/319).

Имам әш-Шә'би[82] былай деген: *"Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан жеткен нәрсені қабылда! Ал, өз ой-пікіріне сүйеніп айтылған сөздерге си (дәретіңді сындыр)!"* (ʻАбдур-Раззақ 11/256).

Са'ид ибн Жубәйр былай деген: *"Бәдір шайқасына қатысқан сахабаларға белгілі болмаған нәрсе – діннен емес"* (Қараңыз: "Жәми'ул-бәянил-ʻилм" 1425).

Имам әл-Әуза'и былай деген: *"Білім дегеніміз – Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан жеткен нәрсе, ал бірде-бір сахабадан жетпеген нәрсе – білім емес"* (Қараңыз: "Жәми'ул-бәянил-ʻилм" 1420).

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Исламдағы барлық имамдар сахабалардың сөзін қабылдау керектігін айтады"* (Қараңыз: "И'ләмул-мууәққи'ин" 4/124).

Салыстыруға (қияс) дәлел:

Қияс туралы айтар болсақ, оны барлық ғалымдар дәлел деп санамаған. Алайда, дұрысырақ пікір бойынша, Құран мен Сүннетте тікелей дәлел келмесе, әрі қатты қажет болып жатса, қияс дәлел болып есептеледі. Бұған Құран аяттары, хадистер мен сахабалардың сөздері нұсқау бола алады. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деді:

«Ол сондай Аллаһ, Кітапты және Таразыны шындықпен түсірді» (Шура сүресі, 17-аят).

Шейх Ибн `Усәймин былай деген: *"Таразы дегеніміз – ол арқылы амалдар өлшенетін, әрі үйқастық пен салыстырма жасалынатын нәрсе"* (Қараңыз: "Шәрх әл-усул" 477).

Бір кісі пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын*): "Бір ай бойы ораза тұту керек болған анам қайтыс болды. Енді, мен оның орнына оразасын өтеуім керек пе?"*, – деп сұрады. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

---

[82] Имам әш-Шә'би табиғиндердің ішінде ең білімділерінің бірі. Ол хижра жыл санауы бойынша, шамамен 100-жылдары қайтыс болды. Мәкхул былай деген: *"Мен әш-Шә'биден асқан білімді адамды көрген жоқпын"*. Қараңыз: "әт-Тахзиб" 3092.

«Өте!*[83] *Өйткені, Аллаһқа қайтарылатын қарыз бәрінен де бұрын өтелу керек!» (әл-Бухари 1754, 1953, Муслим 2/154).

Осылайша, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа қайтарылатын қарызды адамға қайтарылатын қарызбен салыстырды.

Ибн `Аббәс пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сатушыдан алып кетпейінше, сатылып алынған тамақты қайта сатып жіберуді тыйым салғанын[84] хабарлап былай деді: *"Мен бұған кез-келген нәрсені теңестіремін"* (Муслим 1525).

Алайда, алдында айтып өткеніміздей, қиясты тек Құран мен Сүннетте тікелей мәтін келмеген, әрі қажет туған жағдайда ғана қолдануға болады. Ал басқа кездері қолдануға рұқсат етілмейді, әрі бұны сәләфтар қатты қайтарған етін. Ибн Мәс`уд былай деген: *"Егер сендер дін жөнінде қиясқа сүйенетін болсаңдар, онда көптеген тыйым салынған заттарды рұқсат етіп, рұқсат етілген заттарды тыйым саласыңдар!"* (әл-Хәтыб "әл-Фиһих уәл-тутафәқих" 180. Сенімді хабар).

Масруқ былай деген: *"Дінде қияс (салыстыру) пен өз пікірлеріңе сүйенуден аулақ болыңдар!"* (әд-Дәрими 1/191).

Дәлел келтірудің қандай шарттары бар?

Келтірілген дәлел қабылдануы үшін ол ғалымдар атап өткен төрт шартқа сәйкес келуі қажет:

1. Хадис болсын, сахабаның сөзі болсын – мәтін сенімді (сахих) болу керек;
2. Ол күші жойылған (мәнсух) мәтін болмау керек;
3. Ол мәтін Құран мен Сүннеттегі басқа бір мәтінге қарама-қайшы келмеу керек;
4. Келтірілген мәтін орынды болу керек, әрі дәл қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келуі тиіс (Қараңыз: "Бәйрақул-уммә фи қадая мухиммә" 32).

---

[83] Бұл хадисте оразаға тұтуға нәзір беріп қайтыс болып кеткен адамның атынан ораза ұстау туралы айтылып жатыр, Рамазан айындағы ораза емес. Бұл мәселеге байланысты ең дұрысырақ пікір – осы пікір болып табылады және бұл сахабалардың түсінігімен расталады. Ибн 'Аббәс былай деген: *"Егер адам Рамазан айында ауырып, оразасын ұстай алмай қалса, кейіннен қайтыс болып кетсе, әрбір ораза ұстамаған күніне бір кедейді тамақтандыру керек және ол үшін ораза өтеудің қажеті жоқ. Егер ол ораза тұтамын деп ант етсе, оның жақын туыстарынан біреу оразасын өтеп беруі тиіс"* (Әбу Дәуд 2401. Шейх әл-Әлбәни иснадын сенімді деп атады).

'Амрдің анасы Рамазан айының оразасын өтей алмай қайтыс болып кеткені туралы хабар бар. Сонда ол 'Айшадан *"Оның орнына оразаны өтеу керек пе, жоқ па"*, - деп сұрағанда, ол: *"Жоқ, оның жіберіп алған әрбір күні үшін жарты са' (тағамды) кедейлерге таратып бер!"* – деп жауап берді (әт-Тахәуи 3/143, Ибн Хазм 7/4. Имам Ибн әт-Туркумәни иснадын сенімді деп атады).

Бұл пікірді Суннаның имамы Ахмад ибн Ханбал да ұстанған. Әбу Дәуд былай деген: *"Мен Ахмадтың: «Қайтыс болған адам үшін нәзір берілген оразадан басқа, ешқандай оразаны өтеудің қажеті жоқ» дегенін естідім"* (Қараңыз: "әл-Мәсаил" 96).

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Рамазан айындағы парыз ораза да, намаз тәрізді. Ешкім басқа біреу үшін намаз оқи алмайды немесе басқа біреу үшін Ислам қабылдай алмайтыны сияқты (Рамазандағы) оразаны да тұта алмайды. Ал ораза ұстауға ант беруге келер болсақ, ол қарыз сияқты қарастырылады, әрі адам туысқаны үшін қарызын өтеп беруі рұқсат етілгені сияқты мұндай оразаны да туысқаны үшін өтеп беруіне болады"* (Қараңыз: "И'ләмул-мууәққи'ин" 3/554).

[84] Бұл жерде, бір адам басқа бір кісіден азық-түлік өнімдерін сатып алып, кейін сол сатып алынған тауарды алып кетпестен, басқа бір сатып алушыны табады да, оған қымбат бағамен сататын жағдай туралы айтылуда. Мұндай нәрсе қатаң тыйым салынған. Сондықтан, сатып алынған затты сатушыдан алып кетіп, содан кейін ғана барып қайта сату керек.

Соңғы шарт өте маңызды. Дәлел ретінде келтірілген барлық аяттар мен хадистер сырттай сәйкес болып көрінгенімен, кейбір жағдайларда орынды бола бермейтінін білуіміз қажет. Бұған мысал ретінде **«Үкім – Аллаһқа ғана тән»** деген аятқа сүйеніп, ʻАлиді күпірлікте айыптаған хауариждерді келтірсек болады. Нәфиʼ былай деген: *"Ибн ʻУмар хауариждерді ең жаман жаратылыстар деп санаған, әрі ол: "Хауариждер кәпірлерге қатысты түскен аяттарды мүміндерге қарсы қолданады", – деп айтатын"* (Ибн Уәһб. Қараңыз: "әл-Истизкәр" 8/90). Бұл хабарды тағы имам әл-Бухари өзінің «Сахихтар» жинағында бір тарауда келтірген, ал Хафиз Ибн Хәжәр оның иснадын сенімді деді (Қараңыз: "Фәтхул-Бәри" 12/286).

Осыған байланысты ғалымдар келесі қағиданы шығарды: «*Дәлел келтірудің өзі маңызды емес, алайда оны дұрыс түсіну – маңызды*».

Бид`атшылардың дәлелдері қабылданбайтындығы туралы

Имам әл-Ләйс ибн Саʼд былай деген: *"Мен бид`атшылардан бірде-бір нәрсе қабылдамас едім, тіпті оны судың үстімен жүріп бара жатқанын көрсем де"* (Қараңыз: «әл-Иттибәʼ» 35).

ʻАбдур-Рахман ибн Мәһди былай деген: *"Егер адам әлсіз және ауытқыған (шәзз) хадистерге ерсе, естігенінің бәрін айта берсе, әрі барлығынан түгелдей жеткізе берсе, ол ешқашан хадис имамы бола алмайды!"* (Қараңыз: "Жәмʼиул-бәянил-ʻилм уә фәдлих" 1055).

Көптеген бид`атшылар хадистерді[85] ойдан шығарады немесе қасиетті мәтіндерді өз көзқарастарымен қиюластыру үшін оны бұрмалайды. Мұндайлар туралы имам әл-Әузаʼи былай деді: *"Былай айтылды: «Күмәнді нәрсе арқылы тыйым салынған нәрсені рұқсат ететіндер мен құлшылық ету үшін емес, басқа бір мақсатта оқып-үйренетіндерге қасірет болсын!»"* (әл-Әжурри "Әхләқул-ʻуләмә" 65).

Қазы ʻАбдуллаһ ибн Ләхиʼа кезінде хауариж болып, кейін тәубесіне келген бір қарт кісінің сөздерін жеткізіп былай дейді: *"Бұл хадистер – дін, сондықтан өз діндеріңді кімнен алып жатқандарыңа қараңдар! Шын мәнінде, біз бір нәрсені қаласақ, оны хадиске айналдыратын едік!"* (әл-Ләләкәи 1/85).

Имам әл-Хатыб әл-Бағдади былай деген: *"Егер шындыққа қайшы келген жеткізуші өз көңіл-қалауына еретін немесе мазһабқа соқыр еретіндердің қатарынан болса, одан ешнәрсе қабылдамаңдар, тіпті егер ол жақсы жаттайтын кісі болса да"* (Қараңыз: "әл-Жәмиʼул-әхләқи-ррауи" 1/136).

Әрбір мұсылман белгілі бір пікірге еруден бұрын, сол мәселені жақсылап зерттеуі керек және ол белгілі бір нәрсенің дұрыс-бұрыс екенін айтар алдында, діндегі сол мәселенің шынайы үкімі қандай екенін білуге міндетті. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бен сахабалардың жолымен жүретіндер бір

---

[85] Уа мұсылмандар, кез-келген нәрсені тіпті егер сізге сілтемесін көрсетсе де, түгелдей қабылдай берменңдер, себебі имамдардың кітаптарындағы барлық хадистер сенімді бола бермейді. Бұл айтқанымызға әл-Бухари мен Муслим сияқты имамдардың «Жәмиʼу-Ссахих» хадистер жинағы жатпайды, себебі олар ең сенімді кітаптар. Мухаддис ғалым бір хадистің сенімділігін растамайынша мұсылман адам оны қабылдамау керек. Дәл сол секілді сәләфтардан жеткен сөздердің сенімділігін айқындап алу қажет, бұл туралы шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деді: *"Сәләфтар мен ғалымдардан жеткен сөздердің сенімділігін анықтау қажет, әрі олардың мағынасын дұрыс түсіну керек, сондай-ақ Аллаһ туралы және Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы айтылған сөздердің де сенімділігін анықтау қажет"* (Қараңыз: "Мәжмуʼул-фәтәуә" 1/246).

нәрсеге сену үшін ең алдымен дәлелге қарайды, содан кейін барып соған сенеді, ал өз көңіл-қалауына ерген бид`атшылар ең алдымен өздеріне бір сенім алады да, кейіннен сол сенімді растайтын дәлел іздеп жүреді. Имам Уәки′ ибн әл-Жәррах былай деген: *"Кімде-кім өз пікірін растау үшін хадис іздесе – сол бид`ашы"* (Қараңыз: "Замул-кәләм" 337).

Имам Ибн Хазм былай деген: *"Егер бір нәрсе өз көңіл-қалауына сай болса, хабардың сенімділігін одан сайын нығайтып, ал өз көңіл-қалауына сай болмаса, оны әлсіз деп санайтын адамның дінінен әлсіз дін жоқ. Сондай-ақ, тек өз дінімен ойнайтындардан басқа мұндай нәрсені ешкім істемейді"* (Қараңыз: "әл-Мухаллә" 4/180).

Қалай білім іздену керек?

Бұл тақырыпшада білім ізденуге байланысты өте маңызды мәселелерді қозғап кету керек. Мұсылмандардың көбісі білімді кімнен және қалай алу керек екенін білмейді. Ислами университетін бітірген және араб тілін жетік меңгерген (тіпті толық меңгерген болса да) немесе мешіттің имамы болып табылатын адамдардың әрбіріне дінімізді сеніп тапсырып, олардан білім ала беруге болмайтынын жоғарыда айтып өткен едік. Әсіресе, газеттер, касеттер, ғаламтордағы сайттар, кітаптардың әрбірі діни білім алынатын сенімді, әрі дұрыс ақпарат көзі бола бермейді. Білімді тек үлкен ғалымдар одан білім алуға болады деген адамдардан ғана, әрі сенімді ақпарат көздерінен ізденуіміз керек. Жәбрейіл періште пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларына келіп, Ислам, Иман, Ихсан туралы сұрақтар қойып, кетіп қалған соң пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ′Умардан: ***"Әй, ′Умар! Бұл сұрақтарды қойған кім екенін білесің бе?"*** - деп сұрады. ′Умар: *"Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі"*, - деп жауап береді. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Шын мәнінде, бұл – Жәбрейіл, сендерге діндеріңді үйрету үшін келді"***, - деді (Муслим 8). Осылайша, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айналасындағы адамдарды үйрету үшін осы тәсілді қолданып, сұрақ қоюшының кім екенін оларға хабарлады.

Хузайфә былай деген: *"Әдетте, адамдар Аллаһ елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) игілік туралы сұрайтын, ал мен болсам, одан жамандық туралы сұрап жүрдім, себебі оның маған төніп қалуынан қорықтым. Бір күні мен: "Әй, Аллаһтың елшісі! Расында, біз надандық пен жамандықта едік, кейін Аллаһ бізге осы жақсылықты (яғни Исламды) нәсіп етті. Енді осы жақсылықтан кейін жамандық келе ме?" - деп сұрадым. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Йә»**, - деді. Сосын мен: "Ал осы жамандықтан кейін тағы жақсылық келе ме?" - деп сұрадым. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Йә, бірақ ол жамандықпен араласып келеді»**, - деді. Мен: "Бұның мағынасы неде?" - деп сұрағанымда, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Менің басқарғанымнан өзгеше басқаратындар адамдар пайда болады, сендер оларды көріп, істерін құптамайсыңдар»**, - деді. Сосын мен одан: "Ал осы игіліктен кейін, тағы жамандық келеді ме?" - деп сұрадым. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай жауап берді: **«Йә, бұл жамандық – Тозақ есіктеріне шақырушылар болып табылады, ал осы шақыруға жауап берген адамды олар Тозаққа лақтырады!»** Мен: "Әй, Аллаһтың елшісі! Бізге оларды сипаттап берші" – деп өтіндім. Сонда ол (оған Аллаһтың*

игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Олар бізден болады, әрі біздің тілімізбен сөйлейтін болады»****”* (әл-Бухари 3606, Муслим 5/20).

Бүгінгі күндері әрқайсысы өзінікін сөйлейтін уағыздаушылардың саны көбейіп кетті. Пайғамбармыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осындай ескертуінен кейін тақуа мұсылман қалайша білім ізденуде сақ жүрмейді?! Осы уағыздаушылардың артынан ергендердің Тозаққа баратыны туралы пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан сөздерін ұмытпауымыз керек. Өйткені, мұндай уағыздаушылар Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметінен ғой!

ʻАли ибн Әбу Талиб былай деген: *“Осы білімдерді кімнен алып жүргендеріңе қараңдар, расында – бұл дін!” (*әл-Хатыб “әл-Кифәя” 121).

Ибн ʻУмар былай деген: *“Сенің дінің – сенің дінің! Шынында, ол сенің тәнің мен қаның! Сондықтан діндеріңді кімнен алып жатқандарыңа қараңдар!”* (әл-Хатыб “әл-Кифәя” 122).

Сондай-ақ, Мухаммад ибн Сирин, Даххақ, имам Мәлик және т.б. былай деді: *“Шын мәнінде, бұл білімдер – дін, сондықтан діндеріңді кімнен алып жатқандарыңа қараңдар!”* (Муслим 1/23, әд-Дәрими 1/124, әл-Хатыб 2/92).

Сонымен қатар, көптеген бид`аттарға толы «ислами сайттар» туралы атап айту керек, ғаламторға кіріп, түрлі форумдарды ақтару мұсылмандар үшін бір дерт, ауру болған. Білімді қорлап, ғалымдардың атына күйе жағатын осы форумдар дін тарату ұранымен өздерінің тарапынан көп нәрсе қосып, дін туралы дұрыс түсінікті өзгертіп, бұрмалап, мұсылмандарға үлкен зиян әкелді.[86] Діннен тіпті қарапайым білімі де жоқ біреулер ғалымдардың сөздерінен кейін: “Алайда, мен былай ойлаймын…”, “менің ойымша…”, “менің пікірім осындай…” деген сөздер айтуға қалайша батылы жетеді екен?! Осындай форумдарға өте жиі кіретіндер Аллаһтың діні туралы білімсіз сөз сөйлеу қаншалықты ауыр күнә екенін ұмытып, үлкен талас-тартыстарға түседі. Аллаһ Тағала былай деді:

«Тілдеріңнің “бұл – рұқсат етілген, бұл – тыйым салынған” деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар! Аллаһқа өтірік жала жапқан боласыңдар. Шын мәнінде, Аллаһқа өтірік жала жапқандар құтылмайды» (Нәхл сүресі, 116-аят).

Аллаһ Тағаланың:

«**Күдіксіз, Раббым … Аллаһ туралы білмейтін нәрселеріңді айтуға тыйым салды**» (Әʼраф сүресі, 33-аят) деген сөздері туралы Имам Ибн әл-Жәузи былай деді: *“Бұған – берік білімсіз айтылған барлық сөздер мен түрлі пайымдаулар жатады” (*Қараңыз: “Задул-Мәсир” 3/193).

Аллаһ туралы білімсіз сөйлеуді Раббымыз ширкке (серік қосуға) теңеді. Ибн әл-Қайим былай деген: *“Білімсіз фатуа шығарғанда немесе сот үкімін білімсіз шешкенде,*

---

[86] Расында, сәләфтардың айтқан ескертпелерінен кейін адам білімді қалай болса, солай талап етіп, іздене беретін болса, оны Аллаһ Тағала адасушылыққа бастауға лайықты болып қалады, әрі оларға сол керек, себебі олардың өздері соған есігін ашып берді. Әсіресе, бұған ғаламтордағы түрлі сайттар, форумдар және тіпті есімі белгісіз адамдардан білім алуды жатқызуға болады. Аллаһ Тағалаға сол арқылы жақындайтын, осы өмірдегі ең қымбат нәрсең – дініңе, білім іздenуге соншалықты немқұрайлы қарайтындай саған не болды?! Әй, Аллаһ Тағала! Бізге жәрдем бер және адасқандарды тура жолға сала гөр!

Аллаһқа сілтеуді Ол тыйым салды да, үлкен күнәлардың қатарына ғана емес, оны ең ауырына жатқызды. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Айт: "Күдіксіз, Раббым жария немесе жасырын болған арсыздықтарды, барлық күнәларды, еш ақысыз жәбірлеуді, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаһқа серік қосуларыңды және Аллаһ туралы білмейтін нәрселеріңді айтуға тыйым салды"» (Ә'раф сүресі, 33-аят). *Бұл аятта Аллаһ Тағала тыйым салынған істерді төрт дәрежеге бөлді де, оларды кішісінен бастап атап шықты: (оның алғашқысы) арсыздықтар. Екіншісі, біріншісіне қарағанда қаттырақ тыйым салынған іс – бұл зұлымдық. Үшіншісі, алғашқы екеуінен де жаманырақ іс – ширк (көпқұдайшылық). Ал төртіншісі, алдында аталып өткендердің барлығынан қаттырақ тыйым салынған іс – Аллаһ туралы білімсіз сөйлеу. Бұған Аллаһтың Өзі туралы, Оның Есімдері, Сипаттары мен Істері жайлы, әрі Оның діні мен заң ережелері туралы айтылған сөздер жатады"* (Қараңыз: "И'ләмул-мууәққи'ин" 2/72).

Ибн 'Аббәстан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Кімде-кім Құран туралы білімсіз сөйлесе, Қиямет Күні Оттан жасалған жүгенмен жүгенделеді!»*** (Әбу Я'лә. Хафиз Ибн Хәжәр хадисті сенімді деп атады. Қараңыз: "әл-Мәталиб әл-'алия" 3048).

Дегенмен, мұсылман адам осы айтылған тыйымдарды пысқырып та қарамайтын, әрі дін туралы білімсіз сөйлемек түгіл, өз көзқарасын қорғау үшін барын салып, қасарысатын адамдармен кездесіп қалатын болса, олардың адасуларын талқылауға кірісіп, сөз тартыспауы тиіс. Бид`атшылар мен өз көңіл-қалауларына ергендермен тартысып, айтысуды сәләфтар қатаң тыйым салғанын ұмытпауымыз қажет. Имам Ахмад былай деген: *"Сүннет негіздерінен…көңіл-қалауына ерген адамдармен қарым-қатынасты үзіп, дінге қатысты дау-дамайлар мен салғыласушылықты тастау"* (Қараңыз: "Усулю-Ссунна" 23).

Му'ауия ибн Құрра былай деген: *"Діндегі тартысушылық амалдардың түгі қалмай жоқ болып кетуіне әкеп соғады"* (әл-Әжурри "әш-Шәри'а" 21).

Әбу Қиләбә былай деген: *"Өз көңіл-қалауына еретіндерге, оларды тыңдап көмектеспеңдер!"* (*әл-Ләләкәи* 246).

Сондай-ақ, белгілі табиғин Әйюб әс-Сахтияни былай деді: *"Бид`атшыларға қарсы ең жақсы жауап – үндемеу"*[87] (Қараңыз: "әш-Шәри'а" 56).

---

[87] Біреулер бұны дұрыс түсінбей: «Ислам үмметінің имамдарының өздері олармен тартысып жүрсе, қалайша бид`атшылармен тартысқа түспеңдер деп айтады?», - деп сұрауы мүмкін. Бұған жауап – ғалымдар бид`атшылардың өздерімен тартысқа түспеген, тек олардың бид`атының мәнін түсіндіріп, жоққа шығарады. Қарапайым адамдарға осыны түсіндіріп, оларды қасіреттен аман сақтап қалу – ғалымдардың басты мақсаттарының бірі. Яхья ибн Яхья былай деген: *"Аллаһтың жолында жиһәд жасағаннан гөрі, Сүннетті сақтау жақсырақ"* (Қараңыз: "Зәммул-кәләм" 111). Имам Ахмадтан: *"Сіз үшін адам намаз оқып, ораза ұстап және и'тикаф жасағаны артығырақ па, әлде бид`атшылардан сақтандырғаны ма?"* – деп сұрады. Ол былай жауап қатты: *"Адам намаз оқып, ораза ұстап және и'тикаф жасаған кезде, оны өзі үшін істейді, ал бид`атшылардан сақтандырған кезде, оны мұсылмандар үшін істейді және бұл артығырақ"*. (Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 28/231).

Ал өз көңіл-қалауы мен бид`атқа ергендерге келер болсақ, оларға бір нәрсені дәлелдеп тартысқа түсудің қажеті жоқ, өйтіп білімнің дәрежесін түсірмеу керек, оның үстіне өзіңді күмәнға салудан тіптен сақ болу қажет, өйткені егер Аллаһ қаласа, Ол оны тура жолға салады. Әйюб айтқандай, оларға ең жақсы жауап – бұл үндемеу!

Әбу Умәмәдан жеткен хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Адамдар тура жолға түскеннен кейін, тек тартыстардың ғана себебімен әрдайым адасып кетуші еді***» (Ахмад, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ, әл-Хәким. Жақсы хадис. Қараңыз: "Сахиху-ттарғиб" 137).

Алайда, егер дінге жаңалыө еңгізудің жақтасы шынымен-ақ таласуды емес, ақиқатты білгісі келсе, онымен сол тақырыпты білетін, даналық пен жұмсақтық таныта алатын адамның пікір-талас жүргізуінде еш айып жоқ. Аллаһ Тағала былай деді:

«Адамдарды Раббыңның жолына даналық[88] және көркем үгіт арқылы шақыр! Әрі олармен көркем түрде тартыс жүргіз!» (Нәхл сүресі, 125-аят).

Уа, мұсылмандар! Білімді қалай да болса солай, кез-келген адамнан алып, өз діндеріңе немқұрайлы болмаңдар! Білім – сізді Аллаһқа жақындататын дін емес пе? Және де айтылған немесе жазылған нәрсенің барлығына, оларды тексермейінше сене берменіздер! Имам әл-Бәрбәһәри былай деген: *"Замандастарыңның қандай сөздерін естісең де, оны пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары мен ғалымдар айтқан-айтпағанын біліп немесе сұрап алмайынша, асығып, оған сүйенбе!"* (Қараңыз: "Шарху-Ссунна" 27).

ҒАЛЫМДАР ДЕГЕН КІМДЕР?

«Шын мәнінде, бұл білімдер – дін, сондықтан діндеріңді кімнен алып жүргендеріңе қараңдар!»

Кімді ғалым деп атауға қажет және кімнен білім алуға керектігі туралы Ислам үмметінің имамдары көптеген кітаптар жазды. Мысалы, Хафиз ибн `Абдул-Бәрр өзінің "Жәми'ул-бәянил-'илм уә фәдлиһ" 2/43 атты кітабында бір тарауды келесідей атады: «*Кімді фәқиһ немесе ғалым деп атауға болатындығы туралы*».

Имам әл-Фудайл былай деген: *"Шындықты өтіріктен, иманды кісіні кәпірден, шыншыл адамды опасыздан және надан біреуді ғалымнан ажырата алмайтын адамдарды көретін уақыттар келгенде сен не істейсің?!"* (Қараңыз: "әл-Ибәнә" 1/24).

Міне, біздің заманда көптеген мұсылмандар сауатсыз адамдарды ғалымдардан айыра алмайды, соның себебімен кез-келген кісіні ғалым ('алим) деп атап кеткен. Өзін ғалым деп есептейтін немесе қарапайым адамдар оны солай есептейтін әрбір адам, шынымен де, сондай бола бермейді. Шынайы ғалымдар әрқашан аз болған, әрі пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сілемі болсын) өлімінен соң уақыт өткен сайын, олар азая береді. Ибн Мәс'уд былай деген: *"Расында, қазір сендер фақиһтері көп, шешендері аз; сұрайтындары аз, ал беретіндері көп, әрі амалдар көңіл-қалауларын басқаратын заманда өмір сүріп жатсыңдар. Бірақ сендерден кейін фақиһтері аз, сөзшең шешендері көп; сұраушылары көп, ал берушілері аз, әрі көңіл-қалаулар амалдарды басқаратын күндер келеді. Сол үшін білгін, соңғы уақыттары тура жолмен жүру кейбір ізгі істерден де артығырақ болады!"* (әл-Бухари "әл-Әдәбул-муфрад" 2/258).

---

[88] «Даналық» дегеніміз – Құран мен Сүннет, басқа нәрсе емес! (Қараңыз: "Тәфсир әт-Табәри" 6/238).

Хафиз Ибн Хәжәр былай деген: *“Бұл хабардың иснады сенімді және мұндай нәрсені адам өз тарапынан айтпайды”*[89] (Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 10/510).

Хафиз Ибн ‘Абдул-Бәрр былай деген: *“Бүгінгі күндері Ибн Мәс`удтың сөздері ғаламат секілді расталды” (*Қараңыз: “әл-Изтискәр” 6/345).

Бұны айтқан Ибн ‘Абдул-Бәрр мың жыл бұрын өмір сүрген, ал енді біздің уақыт туралы не айтуға болады?!

Ибн Мәс`уд тағы былай деді: *“Қандай күн келсе де, ол міндетті түрде алдыңғы күннен жаманырақ болады, әрі бұлай Қиямет Күніне дейін жалғасады! Мен алдыңғысынан гөрі жақсырақ болатын басшы туралы немесе алдыңғысынан хайырлырақ болатын жаңа жыл туралы айтып тұрған жоқпын. <u>Алайда, сендердің ғалымдарың жоғалып кетеді, сонда сендер олардың біреуін де таппай қаласыңдар.</u> Ал одан кейін, өз пікірлеріне сай фәтуә бере бастайтын бір адамдар пайда болады!”*. Басқа риуаятында: *“Қандай жаңа бір күн келсе де, онда алдыңғысынан гөрі азырақ білім болады”*, – делінген (әл-Фәсауи 3/393. Хафиз Ибн Хәжәр өзінің “Фәтхул-Бәри” 13/21 кітабында бұл хабарды жақсы деді).

Енді, «қазіргі күндері көптеген ғалымдар бар, алайда олардың есімдері белгісіз» дейтін адамдар осы сөздерін неге сүйеніп айтып жүр екен?! Сахабалардың заманынан бері қанша күн өтті? Имам әл-Әуза’и былай деген: *“Сүннет ұстанушылары жоғалып кетпейінше, Ислам да жоғалмайды және бұл құбылыс қалада олардың қатарынан болған бір ғана адам қалмайынша жалғаса береді”* (Қараңыз: “Әхадис фил-фитан уәл-хауәдис” 27).

‘Имран әл-Мункари былай деген: *“Бір күні мен әл-Хасаннан бір нәрсе жайында сұрадым да: “Ал фәқиһтер басқаша демейтін бе еді?” – дедім. Сонда ол: “Саған өкініш болсын! Сен фәқиһты ешқашан көрмегенсің ғой! Фәқиһ – ол бұл өмірден безген, о дүниеден қорқатын, дін бұйрықтарын білетін және Раббысына құлшылық қылатын адам”, – деп жауап берді”* (әд-Дәрими 302, Әбу Ну’айм 2/147).

Исхақ ибн Рахауәйх былай деген: *“Мен пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолын Мухаммад ибн Әсләмнан қаттырақ ұстанған шынайы ғалымды елу жылдан бері әлі естімедім!” (*Қараңыз: “әл-И’тисам” 1/778).

Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін екінші ғасырда өмір сүрген үмметіміздің ұлы имамдарымен замандас Исхақтың бұл сөздеріне назар аударыңызшы! Соған қарамастан ол нағыз ғалым туралы елу жыл бойы естімедім дейді!

Әл-Фудайл ибн ‘Ийәд былай деген: *“Ғалым деп аталатындар көп, алайда ішіндегі даналары аз. Расында, білім даналықты білдіреді,* **«ал кімге даналық берілсе, соған ұлы игілік нәсіп етілді!»** (Бақара сүресі, 269-аят)*”* (Қараңыз: “Әхләқул-‘уләмә” 63).

Демек, жоғарыда айтылған сөздерге сүйене отырып, біз нағыз ғалым болып табылатын үмметіміздің имамдары «ғалым», «фәқиһ» сөздерінің маңыздылығын түсінген, әрі бұлай өздерін де оған лайықты емес есептеп, басқа біреулерді де өйтіп атамағанын аңғарамыз. Сонымен бірге, діннен хабары бар адамның әрбірі ғалым болып есептелмейді. Себебі, Ибн Мәс’уд айтқандай, жыл сайын ғалымдардың саны азайып келеді. Сонымен қатар, біздің уақытта көптеген кітаптар мен дискілерге қол жеткізу мүмкіндігі мол болғанымен, бұдан шынайы ғалымдардың саны көбейіп артпайды. Дей тұрғанмен, бұл қазіргі немесе келешекте болатын ғалымдардың білім

[89] Хафиз Ибн Хәжәр бұл сөздерді Ибн Мәс’уд пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) естіген деп тұр, өйткені сахабалар ғайып нәрселерді немесе болашақта не болатыны туралы өз тарапынан айтпайды.

сапасы, алдында өтіп кеткендерден төменірек болады деген сөз емес. Яки ғалымдардың жеке біреулерінің білім дәрежесінде емес, керісінше ғалымдардың саны аз болатындығы туралы сөз қозғалып жатыр.

Шейх Салих әл-Фәузан былай деген: *"Ислам үмметіндегі сауаты бар адамдар мен ынталы уағыздаушылар ғалымдардың орнын алмастыра алмайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)* ***«Ақырзаманға жақын қарилар көбейіп, ғалымдар азаяды»****, – деп хабарлаған* (әт-Табәрани 3277, әл-Хәким 4/457. Хадистің иснады жақсы). *Сол сауатты адамдар мен уағыздаушылар – қарилар болып табылады, ғалымдар емес, әрі оларға қатысты «ғалым» сөзін қолдану орынсыз. Кез-келген нәрсе атына қарай емес, заттына қарай анықталады. Шынында, фәқиһ болып табылмайтын, әрі көркем сөздер айту арқылы надан адамдардың қалың тобын өзіне тартатындар көп. Алайда, шариғат білімін қажет ететін, мұсылмандардың бастарына төнген (нәуәзил) күрделі мәселелерге жолыққан кезде, мұндай уағыздаушылар мен жалған жігерге толы адамдардың білімі бұл қиыншылықтарды шешіп беруге қауқары жетпейді. Міне сонда, олардың шынайы бет пердесі ашылып қалады. Сол кезде, нағыз ғалымдардың уақыты басталады. Сондықтан, осыған көңіл бөліп, ғалымдарымызбен лайықты түрде қарым-қатынас жасайық, олардың дәрежесі мен қадір-қасиетін ұмытпайық!" (*Қараңыз: "Мухадарат фил-'`ақида уә әд-дә'уә" 2/186-187).

Тағы да атап кететін жайттың бірі, бұл – дін туралы айтылған көп сөз бен ұзақ әңгіме қандай да біреуді үлкен білім иесі екенін білдірмейді. Көбісі сөйтіп ойлайды. Хафиз Ибн Ражәб былай деген: *"Кейінгі ұрпақтың қатарындағы мұсылмандар, адам қаншалықты дін жайында көп сөйлесе немесе көп тартысса, сол адам соншалықты білімді деп есептеп адасушылыққа түсті. Бұл үлкен надандық! Өйткені, егер пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы сахабаларына қарайтын болсақ, олар басқа кез-келген адамнан азырақ сөйлеген еді ғой"* (Қараңыз: "Фәдлю 'илм әс-сәләф 'алә әл-халәф" 46).

Ғалымның белгілері

Ғалым дегеніміз – фәтуә беруге құқығы бар, әрі одан білім алуға болатын, ол туралы басқа ғалымдар ғалым деп атаған кісі. Ғалымдардың мұндай мінездемесі (мақтау сөз) «тәзкия» деп аталады. Тазкия пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бастау алады, ол тазкияны өте жиі қолданған. Мысалы, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Құранды мына төрт кісіден үйреніңдер: Ибн Мәс`уд, Убәй ибн Кә`б, Му`аз ибн Жәбәл және Әбу Хузайфәның босатқан құлы Сәлим»*** (әл-Бухари 3/299, Муслим 7/149).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деді: ***«Осы үмметте халәл мен харам мәселелерін ең жетік меңгерген адам – Му`аз ибн Жәбәл»*** (Ибн Хиббән, Әбу Я'лә. Сенімді хадис. Қараңыз: «әс-Силсилә әс-сахиха» 1224).

«Ғалымдар бір-біріне тәзкия жасайды, бұл оларға Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі тәзкия берген сахабалардан бастау алады. Сахабалар табиғиндерге тәзкия жасаған, ал табиғиндер өздерінің артынан ергендерге тәзкия жасаған, солай тізбек жалғаса берді. Міне, осылай имам Мәлик әш-Шафи'иге, ал әш-Шәфи'и имам Ахмадқа тәзкия жасаған. Дәл осылай, бұл Сүннет әлі күнге дейін жалғасып жатыр, әрі Қиямет Күніне дейін де жалғасын таппақ. Сонда, 'Иса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

болсын) пайда болғаннан кейін, ол келіп Мәһдиге тәзкия жасайды» (Қараңыз: "әл-Кәуәшифул-жәлия ли-фуруқ бәйнә әс-сәләфия уә-ддә'ауәт әл-бид'ия" 230).

Имам Мәлик былай деген: *"Фәтуә беруге лайықты екеніме білім иелерінен болған жетпіс адам куәлік етпейінше, мен фәтуә берген емеспін"* (Әбу Ну'айм 6/316).

Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Кімде-кімді басқа ғалымдар ғалым деп атамай, әрі ғалымдар ол туралы ғалым деп куәлік бермейінше, ғалым болып саналмайды!"* (Қараңыз: "әл-И'тисам" 2/738).

Шейх әл-Әлбәни былай деген: *"Имам әш-Шәтыбидің бұл өсиеті адамдарға белгілі бір білім жеткізуге шамасы жететін ғалымға арналған: ғалымдар оның ғалымдық іске лайықты екеніне куәлік бермейінше, онымен айналыспау. Бұның мәнісі – мұндай адам өз көңіл-қалауына еретін адамдардың қатарынан болуы мүмкін деген қауіп. Қазіргі күні өздерін білімге қатысымыз бар дейтін кейбір адамдарды көргенде, имам әш-Шәтыби не дер еді?!"* (Қараңыз: "әс-Силсилә әс-сахиха" 2/713).

Ғалымдар басқа ғалымдарға, студенттер мен білім ізденушілерге (тулләбул-'илм) тәзкия береді, ал студенттер басқа студенттерге тәзкия бере алады. Алайда студенттер ғалымдарға тәзкия беруге құқығы жоқ. [90] Ғалым дегеніміз – бұл, бүкіл өмірі бойы көптеген жылдарын білім ізденуге арнаған адам.

Ғалым дегеніміз – бұл бүкіл өмір бойы көптеген жылдарын білім ізденуге арнаған адам. Әрі бір ислами оқу орнында бес немесе одан көбірек жыл оқып, кейін білім алуды тоқтатқан адам, ғалым болып саналмайды. Са'ид ибн Жубәйр былай деген: *"Адам оқуын тоқтатпайынша, ғалым болып қала береді. Ал егер ол оқуын тоқтатып, бұған енді мұқтаж емеспін деп шешсе, ол – ең надан адам болып табылады"* (Қараңыз: «Тазкирату-ссами'» 116).

Әбу 'Асым ән-Нәбилден жеткен хабарда, бір күні ол Суфьян әс-Сәуридің жиналысында отырған кезде, білім иелерінен болған бір жас жігіт кіріп келіп, жасы үлкен адамдарға өз-өзін білімі арқылы көрсетіп көтермелей бастады. Сонда қатты ызаланған Суфьян ашуланып былай деді: *"Сәләфтар мұндай емес еді. <u>Олар отыз жыл бойы білім ізденбейінше</u>, имам атағына ұмтылып, төрге шығып отырмайтын еді! Ал сен болсаң, өзіңді жасы үлкен кісілерден көтермелейсің. Тұр да, бұл жерден жоғал, расында, мен өз жиналысымда (мәжлис) сенен төмен адамды көріп тұрған жоқпын"* (Қараңыз: "әл-Мәдхал" имам әл-Бәйхақи 1/388).

Бәрінен де бұрын таңқалдыратын жәйт – үлкен ғалымдарға тіл тигізіп, өздерін олардан гөрі тереңірек білімге иеміз деп санап жүргендер, осы ұлы имамдардың білім ізденген алпыс-жетпіс жылдай уақытының жартысын да өмір сүрмеген!

Сонымен бірге, жоғарыда атап өткен ғалымның белгілеріне мына белгі де жатады – олар ұзақ өмір сүрген егде жастағы кісі болады. Шейх 'Абду-Ссәләм ибн Бәржис былай деген: *"Ғалымды ғалым еместен ажырататын белгілердің бірі – бұл мосқал жас (қарттық). Негізінде, бұл ғалым болудың шарты болып табылмаса да, біздің уақытта жастардан білім алудың себебімен болып жатқан ауыр зияндардың салдарынан және көптеген адамдардың нағыз ғалымды ғалым емес біреулерден айыра алмай жүргендігіне байланысты осыны шарт етіп бекіту керек!"* (Қараңыз: "Мән һум әл-'уләмә" 23).

[90] Бір қызығы – қазіргі кезде, керісінше жағдаяттарды көруге болады, мысалы, бір студент кімнің шейх, кімнің шейх емес; кімнен білім алу керек, кімнен білім алмау керектігін айтып өзінше баға береді!

Шейхтің сөзіне пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі хадисі негіз болып табылады: **«*Қиямет Күні жақындауының бір белгісі – білім кішілерден алынады*»** (Ибн әл-Мубәрак 61, әт-Табәрани 908, әл-*Ләләкәи* 102. Хадистің сенімділігін хафиз ʻАбдул-Ғанни әл-Мәқдиси мен шейх әл-Әлбәни растады).

Ғалымдар арасында «кішілер» деген сөздің мсағынасы жөнінде келіспеушіліктер болған. Біреулері, олардың бид`атшылар екенін айтқан. Басқалары, бұл жерде жастар туралы айтылып жатыр деген. Ал үшінші біреулер, өз пікірлерін сахабалардың сөздерінен жоғары қоятын адамдар туралы айтылып жатыр деген. Бірақ, қайткен күнде де, хадистегі «кішілер» сөзі жалпылай мағынада келген, сондықтан білімді адамдардың осы үш түрінен де алуға болмайды (Қараңыз: "Әхләқу мәхмуда уә әхләқу мәзмумә фи таләбил-ʻилм" 51).

Сонымен қатар, осы хадисте жасы кіші адамдар жайлы айтылып жатқанына Ибн Мәсʼудтың мына сөздері дәлел болып табылады: *"Адамдар білімдерді сенімге лайық, әрі жастары үлкен кісілерден алып жүргенше, игілікте болады. Ал қашан олар білімді жастардан ала бастаса, онда өздерінің кесірлі қалауларының себебімен келіспеушіліктерге тап болады да, кейін мүлдем құриды"* (әт-Табәрани 8589, ʻАбдур-Раззақ 11/249, әл-Бәйхақи 1/275. Хабардың сенімділігін хафиз Ибн Хәжәр растады).

Имам Ибн Қутайба Ибн Мәсʼудтің сөздері туралы былай деді: *"Ибн Мәсʼуд <u>адамдардың ғалымдары жас жігіттер емес, керісінше біраз жыл өмір сүрген қарт шейхтар болғанға дейін, игілікте болатындығын</u> айтқысы келген. Себебі, шейх жастық шаққа тән рахаттарды, қызбалықты, асығыстық пен ақымақтықты ұмытып, білім мен тәжірибеге қол жеткізеді. Енді, оның білімінде күдіктер туындамайды, әрі оны өз көңіл-қалауы арбап алмайды және шайтан оны жас шағындағыдай қателесуге көндіре алмайды. Қарттық бірге салмақтық, айбындылық пен құрмет келеді. Шейхте болмауы тиіс кемшіліктердің бәрі жас жігітке тән болады. Егер жас жігіттер осы қасиеттерге ие болып, фәтуә беретін болса, өзін де, өзгелерді де құртады" (*Қараңыз: "Нәсыхату әһлил-хадис" 93).

Ибн Қутайбәнің сөздерін келтірген имам әл-Хатыб әл-Бәғдәди де «кішілер» сөзі – жастары кіші деген мағына береді деп есептеген!

Ибн ʻАббәстан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«*Береке – сендердің қарттарыңмен бірге*»** (Ахмад, әл-Бәйхақи, әл-Бәззар, әт-Табәрани, әл-Қадаʼи. Хадистің сенімділігін Ибн Хиббән, әд-Дәйләми, Ибн Дақиқ әл-ʻИд пен шейх әл-Әлбәни сияқты имамдар растады. Қараңыз: "Фәйдул-Қадир" 3/128 және «Сахихул-жәмиʼ» 2884).

Ал дінді өз беттерінше жастардың түсіндіруі туралы айтар болсақ, бұл – пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқандай, хауариждерге тән сипаттардың бірі болып табылады: **«*Жастары кіші, ақылдары кем*»** (әл-Бухари 3611).

Имам ән-Нәуәуи осы хадис туралы: *"Біз осы хадистен, білімнің тұрақтылығы мен қуаты қарттық арқылы келетіндігін аңғарамыз"*, - деді (Қараңыз: "Фәтхул-Бәри" 12/300).

Жас адамның істей алатыны – тек үлкен ғалымдардың сөздерін жеткізу ғана. Имам Ибн әл-Мубәрак былай деген: *"Егер жас жігіт үлкен ғалымнан жеткізіп жатса, онда ол кіші емес"* (Қараңыз: "әз-Зуһд" 31).

Бұл – ғалымдардың сөздерін жеткізіп, әрі сілтеме жасаудың орнына, өз беттерінше дін түсіндіріп жүрген қазіргі көптеген студенттердің немқұрайлы қарайтын мәселесі. Тағы да, нағыз ғалым – бұл дінін ашық ұстанатын адам.

Сонымен қатар, адам дін мәселелерін егжей-тегжейлі жетік меңгермейінше, ғалым бола алмайды.

Сонымен бірге, нағыз ғалым – ақиқатты ашық ұстанатын адам. Осы жерде өте бір маңызды мәселені қозғап кету керек. Көптеген мұсылмандар, ақиқат ашық, анық және жария болуы мүмкін емес деп есептейді. Олардың ойынша, ақиқат жасырын, ал нағыз ғалымдар – астыртын тығылып жүретін ғалымдар, ал шындықты ашық айта алатын адамдар ғалым емес. Бұл – діндегі қате түсінік, өйткені Исламда ғалымдардың мұндай сипаты жоқ. Бұған қоса, Аллаһ Тағала Өз дінін ашық және жария етіп, басқа діндерден басым қылған. Аллаһ Тағала былай деді:

«Ол сондай Аллаһ, мүшріктер жек көрсе де дінін бүкіл діндерге үстем қылу үшін елшісін туралықпен, хақ дінмен жіберді» (Тәубә сүресі 33-аят; әс-Саф сүресі, 9-аят).

Шынайы білім әрқашан жария болады, ал шынайы ғалымдар әр уақытта діндерін ашық ұстанады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Менің үмметімдегі бір топ адам ақиқатты ашық ұстануды тоқтатпайды, әрі ол (топқа) қарсы шыққандар оларға ешқандай зиян тигізбейді. Сондай-ақ бұл Аллаһтың әмірі***[91] ***келгенше жалғаса береді!»*** (әл-Бухари 4/187, Муслим 6/52).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздерін ерекше назар аударыңыздар: ***«ақиқатты ашық ұстануды тоқтатпайды»***, яғни анық және ашық ұстанады, құпия және астыртын емес.

Ибн ‘Умар былай деген: *“Бір күні бір кісі пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі, маған өсиет берші!», – деді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Аллаһқа құлшылық қыл да, Оған ешкімді серік қоспа; намаз оқы; зекет бер; Рамазан айында ораза ұста; қажылық пен ‘Умра жаса; мұсылман басшысын тыңда, оған бағын; әрі ашықтықты ұстанып, жасырын болудан аулақ бол!»*** *”* (Ибн Әбу ‘Асым 1070. Шейх әл-Әлбәни хадистің иснадын жақсы деді).

‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азиз былай деген: *“Егер сен адамдардың өздерінің діні туралы басқалардан жасырынып сөйлесіп жатқанын көрсең, олардың адасу негізінде екенін біл!”* (Ибн ‘Абдул-Бәрр «әл-Жәми‘» 2/932).

‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азиз тағы былай деді: *“Білім құпияға айналмайынша, жоғалып кетпейді”* (Қараңыз: «‘Умдатул-қари» 2/129).

Қазіргі кездегі ғалымдардың бір-бірі туралы айтқан сөздері мен рекомендациялары (тазкия)

Ибн Баздың ұстазы шейх Мухаммад ибн Ибраһим шейх әл-Әлбәни туралы былай деді: *“Сүннетті ұстанушы, ақиқаттың көмекшісі және адасқандардың жауы”* (Қараңыз: “Фәтәуә Ибн Ибраһим” 4/92).

[91] Бұл жерде Қиямет Күні жақындағанда болатын, мұсылмандардың бірде-бір жанын қалдырмай алып кететін жеңіл жел туралы сөз болуда.

Ал шейх Ибн Баздың өзі әл-Әлбәни туралы: *"Мен мына аспанның астында қазіргі кезде, шейх әл-Әлбәниден артық білімдірек адамды білмеймін!"*, – деді (Қараңыз: "Кәукәбә мин әимәтил-хуәда" 227).

Шейх ʻАбдул-ʻАзиз Али Шейх және шейх Салих әл-Фәузан шейх әл-Әлбәни туралы былай деді: *"Қазіргі таңдағы Сүннеттің қорғаушысы!"* (Қараңыз: "Мухаддисул-әсри уә нәсыру-Ссунна" 33).

Шейх ʻАбдуллаһ ибн ʻАбдур-Рахман әл-Бәссам былай деген: *"Шейх әл-Әлбәни Сүннетке қызмет ету жолында өзін де, өзінің дүние-мүлкін де аямай жұмсаған біздің заманымыздағы ынталы ұлы имамдардың бірі"* (Қараңыз: "Кәшфу-тталбис" 76).

Шейх ʻАбдул-Мухсин әл-ʻАббәд былай деген: *"Шейх әл-Әлбәни, Аллаһ оны рақым етсін, өз өмірін Сүннетке қызмет етуге, кітап жазуға, Аллаһқа шақыруға, сәләфи дағуатына жеңіс әкеліп, бид`аттармен күресуге арнаған атақты ғалымдардың бірі. Ол Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін қорғаушысы болды, әрі күдіксіз, осындай ғалымнан айрылу – мұсылмандар үшін зор қаза. Аллаһ Тағала оны істеген қызметі үшін ең жақсы сый беріп, Жәннатқа қоныстандырсын"* (Қараңыз: "Хәятул-Әлбәни" 7).

Шейх ʻАбдуллаһ әл-ʻУбәйлән былай деген: *"Мен және бүкіл әлем мұсылмандары имам, атақты ғалым, мухаддис, зәһид шейх Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәнидің өліміне қатты қайғырамыз. Шынында да, оның барлық қадір-қасиетін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, егер де оның сәләфия дағуатын жаңғыртуынан өзге қызметі болмаса, осының өзі-ақ қолжетпес қызметі болған болар еді. Алайда, сонымен қатар, ол – Сүннет негізінде өмір сүріп, бид`атардан сақтандырған және салафияға шақырған ең үлкен уағыздаушылардың бірі еді. Біздің шейхіміз ʻАбдуллаһ әд-Дуәйш айтатын: «Біз көптеген ғасырлар бойы хадистің сенімділігін тексеру (тахқиқ) мәселесінде шейх Насырдай едәуір еңбек еткен адамды көрмедік. Имам әс-Суютидің өлімінен, осы күнге дейін шейх әл-Әлбәни сияқты хадис ғылымын (ʻилму-хадис) кең көлемді, әрі нақты зерттеген адам жоқ»"* (Қараңыз: "Хәятул-Әлбәни" 9).

Шейх Салих Али Шейх былай деген: *"Атақты ғалым Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәниден айрылғанымыз қасірет екеніне еш күмән жоқ, себебі бұл Ислам үмметіндегі ғалымдардың ғалымы, мухаддистерінің мухаддисі еді және Аллаһ Тағала ол кісі арқылы бұл дінді қорғап, Сүннетті таратты!"* (Қараңыз: "Кәукәбә мин әимәтил-худә" 252).

Ал шейх әл-Әлбәнидің өзі былай деді: *"Жер бетінде бірде-бір ғалым қалмады, қазіргі кезде мен білетін бірнеше ғана ғалым қалды. Соның ішінде атақты ғалым – шейх ʻАбдул-ʻАзиз ибн Базды бен әйгілі ғалым – шейх Ибн ʻУсәйминді айрықша атап өткім келіп тұр"* (Тыңдаңыз: "Силсиләтул-худа уә-ннур").

Сонымен қатар, шейх әл-Әлбәниден шейх Муқбил мен әл-Мәдхали туралы сұраған кезде, былай деді: *"Олар Құран, Сүннетке және сәләфтардың жолына шақырушылар болып табылады, әрі олар осы дұрыс мәнһәжға қарсы шыққандармен соғысады, ал кімде-кім осы екеуіне қарсы келсе, онда екеуінің біреуі: я ол надан (жәһил), я болмаса, өз көңіл-қалауына еруші. Егер ол жәһил болса, оны үйрету керек, ал егер ол өз көңіл-қалауына еруші болса, оның жамандығынан Аллаһтан пана тілеу қажет және біз Аллаһтан ондай адамды тура жолға салуын немесе белін сындыруын сұраймыз"* (Тыңдаңыз: "Силсилә худа уән-нур" № 851).

Шейх Ибн ʻУсәйминнен шейх Муқбил туралы сұрағанда, ол былай деп жауап берді: *"Одан мен туралы сұрау керек"*, ал ʻАбдуллаһ ибн ʻУсман шейх Ибн ʻУсәйминнен «Сіз

шейх Муқбил туралы жағымсыз сөздер айтты деген алып қашпа әңгімелер рас па, әлде өтірік пе?» деп сұрағанда, ол: *"Бұл өтірік, Аллаһпен ант етемін, шейх Муқбил имамдардың ішіндегі имам екеніне сенемін"* (Тыңдаңыз: "әл-Қаулюл-әмин фи раса").

Шейх Ахмад ән-Нәжми былай деген: *"Құрметті шейх Муқбил ибн Һәди, Аллаһ оны рақым етсін, сәләфтардың мәнһәжына ерген 'алим болып табылады, оның сәләфи екенін кітаптары мен шақыруларынан көруге болады. Муқбилдің шәкірттері де одан сәләфтардың мәнһәжын оқып-үйренді. Ол үнемі Аллаһ Тағаланың таухиді туралы бастап, ширкпен және оның түрлі көріністерімен күресті; Сүннеті таратып, бид`атшылармен шайқасты"* (Қараңыз: "Имам Муқбил" 16).

Мухаммад Салих әл-Мунәжидтің айтуы бойынша, шейха Ибн 'Усәйминнен: *"Сізден кейін кімге жүгінейік?"* - деп сұрады. Сонда шейх: *"Шейх 'Абдур-Рахман әл-Бәррак пен шейх Салих әл-Фәузанға"*, - деп жауап берді.

Шейха Салих әл-Фәузаннан: "Құрметті шейх, қазіргі кезде көптеген адамдар дағуатпен айналысады, ал жастар нағыз ғалымдарды білгісі келеді, сіз кімге жүгінуге кеңес бересіз? Олардан пайда алып, сабақтарына барып, әрі кассеттерін тыңдауға, сондай-ақ мұсылман үмметінде туындаған бүліктерге байланысты кімге барып жүгінуді насихат етесіз?" – деп сұрады. Сонда шейх Аллаһқа қалай шақыру керек екенін, әрі Оған кімдер шақыру керек екенін өте көркем түрде түсіндіріп, әрі бүгінгі күні Тозақ есіктеріне шақыратын уағыздаушылардың көбейіп кеткенін айтып былай деді: *"Ғалымдардың ішінде біздің шейхіміз 'Абдул-'Азиз Ибн Баз бар, сондай-ақ «Нурун 'алә дарб» бағдарламасында фәтуә беретін ғалымдар да бар. Сонымен бірге, бұл - шейх Мухаммад ибн Салих әл-'Усәймин. Сонымен қатар, ғалымдардың ішінде - құрметті шейх 'Абдул-Мухсин әл-'Аббәд, қадірлі шейх Раби' әл-Мәдхали, әрі шейх Салих әс-Сухайми, шейх Мухаммад Әмән әл-Жәмилер де бар. Бұл кісілер дағуат етуде ынталылық танытады, әрі дұрыс дағуатты саналы түрде бұрмалайтындар мен білмей бұрмалайтындарды жоққа шығарады. Осы ғалымдарды ұстану керек және олардың сабақтары мен кассеттерінен пайдалар алу керек, шынында олардың сабақтары мен кассеттерінде мұсылмандар үшін аса зор пайда бар"* (Тыңдаңыз: "әд-Дә'уә илә-Лаһ").

Йеменнің мухаддисі шейх Муқбилден: "Қай ғалымдарға жүгінуге кеңес бересіз? Кімнің кітаптарын оқып, кассеттерін тыңдау керек?" – деп сұрады. Ол: *"Біз бұл туралы көп айтқанбыз, бірақ қазір мен тағы қайталайын! Олардың ішінде шейх Нәсыруддин әл-Әлбәни және оның ең білімді шәкірттері: 'Али ибн Хасан әл-Халәби, Салим әл-Хиләли және Мәшхур ибн Хасан Али Салмән"*, - деп жауап берді (Қараңыз: "Тухфәтулә-мужиб" 160).

Дегенмен, ғалымдардың тазкиясы өмір бойы сол тазкиямен жүруге жарамайды, өйткені үлкен ғалым біреу үшін тазкия беріп, ал ол кейіннен тура жолдан ауытқыған түрлі жағдайлар бар. Оған мысал ретінде, 'Умар ибн әл-Хаттабтың өзі 'Абдур-Рахман ибн Мулжимге тазкия бергенін айтуға болады. Ол кейіннен тура жолдан ауытқып, хауариж болып кетті, әрі 'Али ибн Әбу Талибті өлтірді. Имам әз-Зәһәби "әл-Мизан" кітабында былай деді: *"Ол құлшылық қылуда ынталы еді, әрі Аллаһқа мойынсұнушы еді, бірақ оның соңы жаманмен аяқталды, өйткені ол мүміндердің әмірі 'Али ибн Әбу Талибті өлтірді, әрі сол арқылы Аллаһқа жақындаймын деп ойлады!"*.

Ибн 'Умар былай деген: *"Кімде-кім жақсы үлгіге ергісі келсе, қайтыс болғандарға ерсін, өйткені тірі адам азғындауға түсіп кетуі мүмкін!"* (Әбу Ну'айм 1/305).

Ибн Мәс'уд былай деген: *"Өз дініңде біреуге еліктеме! Егер бұны істеуге тура келсе, онда қайтыс болғандарға ер, тірілерге емес!"* (әл-Хатыб 1/438, әл-Ләләкәи 131. Иснады жақсы).

Сахабаларды және дұрыс `ақида мен мәнһәжда болып, осы дүниеден өткен имамдар мен ғалымдарды ұстану қажет, сонымен қатар ғалымдардың өздері тазкия берген шәкірттерге сүйену керек, әрі тазкия алған шәкірттері тура жолдан ауытқып кетпеуі шарт.

АЛЛАҺ ТАҒАЛА ОСЫ ҮММЕТКЕ ҒАСЫР САЙЫН ДІН ТІРІЛТУШІСІН (әл-мужәддид) ЖІБЕРЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ

Әбу Һурайрдан жеткен хадисте, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шынында, Аллаһ осы үммет үшін әр жүз жыл сайын олардың дінін тірілтетін адамды жібереді!»***[92] (Әбу Дәуд 4291, әл-Хәким 4/522, Ибн 'Асакир 1/51, Ибн 'Ади 1/123. Хадистің сенімділігін имам Ахмад, әл-Хәким, әл-Бәйхәқи, хафиз әл-'Ирақи, хафиз Ибн Хәжәр, әс-Сахауи, әс-Суюты, имам әл-Мунәуи, шейх әл-Әлбәни мен Муқбил растады).

Имам әс-Суюты аталмыш хадиске байланысты: *"Имамдар бұл хадистің сенімді екеніне бірауызды келісті"*, - деді (Қараңыз: «'Аунул-мә'буд» 11/267).

Мужәддид деген кім? Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыншыл ғой, ол ешқашан өтірік айтпайды және ол әрдайым тек ақиқатты айтады. Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *"Әрбір топ осы хадисте айтылған адам – ол біздің имам деп айта бастады"* (Қараңыз: "Кәшфул-хафә" 1/283).

---

[92] Бұл хадисте «қазіргі кезде нағыз ғалымдар жоқ» деп есептейтін адасқандарға қарсы жауап бар, шынайы нағыз ғалымдар бұрынғы кезде болған, қазір де бар және Қиямет Күнге дейін болады. Сонымен қатар, кейбіреулер «үмметіміздің кейіннен келген ғалымдарынан гөрі, алдыңғы өткен ғалымдар үлкен білімдерге ие болған» деп, немесе «төрт имам сияқты үлкен білімге ие болған имам ешқашан болмаған, әрі болмайды да» деп есептеп қатты қателеседі! Бұл өрескел қателік, өйткені бұған дінде ешқандай дәлел жоқ қой, Құран мен Сүннетте тек жыл өткен сайын ғана ғалымдардың саны азаяды деген дәлел бар. Расында, Аллаһ Тағала уақыттың соңында алдыңғы өткен имамдардан да білімдірек ғалымды жіберуі мүмкін. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Менің үмметім жаңбыр тәрізді: бастапқы кезі жақсы бола ма, әлде соңы жақсы бола ма – білмейсің»*** (Ахмад 10/422, әт-Тирмизи 4/40, әл-Уқайли 110. Хадистің сенімділігін имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи, имам Ибн Хиббән, әл-Бәззар, хафиз Ибн 'Абдул-Бәрр, хафиз әл-Хайсами, Ибн әл-Қайим, хафиз Ибн Хәжәр, шейх әл-Әлбәни растады).

Бұл хадис, Қиямет Күнге дейін осы үмметте барлық игіліктер болатынын білдіреді. Сондай-ақ, осы хадис пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі алдыңғы сәләфтардың үш ұрпағы ең жақсы адамдар екенін айтқан хадиске қайшы келмейді. Қатада былай деген: *"Алғашқы мұсылмандар пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге мүшріктерге (ширк қосатындар) қарсы соғысты, ал мұсылмандардың соңғылары 'Исамен бірге Дәжжәлға қарсы соғысатын болады"* (Ибн 'Ади "әл-Кәмиль" 3/48).

Алғашқы мұсылмандар білімді өздерінен кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырды, ал келесі ұрпақ ол білімді бекітіп, сақтап отырды, ал одан кейінгілер оны (білім) қорғап, тазалады. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шынында, бұл дін бөтен болып басталды, кейін бөтен болып аяқталады. Менен кейін Сүннетімді бүлдірген адамдарды тәртіпке келтіретін бөтендер (ғурабә) үшін Туба болсын»*** (әт-Тирмизи 2630, әт-Табәрани 9/76. Имам Әбу 'Иса әт-Тирмизи хадистің сенімділігін растады. Сондай-ақ мынаны қараңыз: «әс-Силсилә әс-сахиха» 273).

Бұрмалап жіберген Сүннетті тек ғалымдар ғана тәртіпке келтіре алады!

Ибн Кәсир өте дұрыс айтады, өйткені әрбір адасқан топ хадистегі мужәддид – біздің жетекшіміз деп өздерінше байбалам салады. Біреулер «қазіргі заманның мужәддиді – Бен Ладен» десе, ал басқалары Сайд Кутб дейді. «Ихуанул-муслимин» ағымы «біздің заманның мужәддиді – Хасан әл-Банна» деп өз тобының негізін қалаушыны айтады. Ал нұршылар «біздің заманның мужәддиді – Саид Нурси» деп өз тобының негізін қалаушыны айтады және т.б. Сонымен, мужәддид деген кім және оның белгілері қандай, әрі оған қойылатын талаптар қандай?

Хафиз Ибн Кәсир былай деген: *“Мужәддидке кез-келген білім иесі болған түрлі ғалымдар жатады: Құран тәпсіршісі, мухаддистер, араб тілінің граматикасы мен стилистикасының ғұламалары және т.б.”* (Қараңыз: “Бәзлюл-мәжхуд” 17/202).

Имам-мухаддис әс-Сахаранфури былай деген: *“Мужәддид – бұл Сүннетті бид`аттан бөліп беретін, білім мен білім иелерін көтермелеп, бид`а пен бид`атшыларды жаншып тықсыртатын адам”* (Қараңыз: “Бәзәлюл-мәжхуд фи халли Әби Дәуд” 17/202).

Шейх Шәмсул-Хаққ ‘Азым Әбәди былай деген: *“Мужәддид – бұл Сүннеттен бид`атты алыстататын, білімді көтермелеп, оның жақтаушыларына көмектесетін, әрі бид`атшыларды қорлап, күл-талқанын шығаратын адам”*. Ол тағы да: *“Ғалымдардан басқа ешкім мужәддид бола алмайды!”* – деді (Қараңыз: «‘Анул-мә’буд» 11/260).

Сонымен қатар, имам әл-Мунәуи былай деген: *“Ғұламалар былай дейтін: «Ғалымдардан басқа ешкім мужәддид бола алмайды!»”* (Қараңыз: “Фәйдул-Қадир” 2/135).

Хафиз Ибн Хәжәр былай деген: *“Әрбір жүз жыл сайын бір ғана мужәддид болуы міндетті емес”* (Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 13/295).

Шейх Муқбил былай деген: *“Мужәддид – бұл Құран мен Сүннетті жақсы білетін, әрі сәләфтардың түсінігіндегі Құран, Сүннетке еруші ғалым (‘алим)”.* Ол тағы да: *“Араб тілінде “мән” «кім» сөзі жекеше түрде, екеулік түрде және көпше түрде қолданыла береді”*, - деді (Қараңыз: “Фәдаиху уә нәсаих” 67).

Ислам үмметінің имамдарының сөздерінен біз мынан түсінеміз:

1. Ғалымдардан басқа ешкім мужәддид бола алмайды *(ал ғалымдар кім екендігі туралы жоғарыда айтып өттік);*

2. Мужәддид – бұл жай ғалым емес, ол Сүннетті түрлі өзгертулерден тазалап, білімді ұлықтау арқылы Ислам мен мұсылмандарға пайда әкелетін ғалым[93];

3. Сонымен қатар, ол бид`атты әшкерелеп, әрі бид`атшыларды жаншып, езгіге салатын адам.

Ғалымдар осы үмметтің мужәддиді ретінде ‘Умар ибн ‘Абдул-‘Азизді, имам әш-Шәфи’иді, Ахмадті, шейхул-Ислам Ибн Тәймияны және Мухаммад ибн ‘Абдул-Уәһһәбты айрықша атап өтеді (Қараңыз: “Таждиду фил-Ислам” 45-60).

Енді: «Осы талаптарға сәйкес келетін біздің ғасырымызың мужәддиді кім?!» деген сұрақ туындайды. Бұл талаптардың барлығына сай келетін шейх әл-Әлбәни,[94] шейх

[93] Адам үлкен білімдерге қол жеткізіп, Құранды және оның тәпсірін, хадисті және оның түсіндірмесін жатқа білсе де, мужәддид болмауы мүмкін. Мужәддид – бұл ең білімді емес, ол Ислам мен мұсылмандарға пайда әкелетін, әрі дінді жаңғыртатын адам.

[94] Бір күні шейх Ибн Базға: ***«Шынында, Аллаһ осы үммет үшін әрбір жүз жыл сайын олардың дінін тірілтетін адамды жібереді!»*** деген хадисті оқып: *“Осы ғасырдың мужәддиді кім?”* – деп сұрады. Сонда Ибн Баз: *“Шейх Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни, бұл менің пікірім!”* – деп жауап берді (Қараңыз: “Мәжәллә әл-әсалә” № 76).

Шейх Муқбил былай деген: “Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Шынында, Аллаһ осы үммет үшін әрбір жүз жыл сайын олардың дінін тірілтетін адамды**

Ибн Баз және шейх Ибн ʻУсәймин болмағанда, басқа кім болушы еді? Олар өз кезегінде түрлі өзгертулер мен бұрмалаулардан Сүннетті тазартып, дұрыс сенімнің (ʻ`ақида) таралуына тым үлкен септігін тигізді! Мысалы, көптеген адамдар шейх әл-Әлбәнидің кітаптарын оқығаннан кейін «дәлел», «сәләфтар», «мәнһәж» деген сөздерді қолдана бастады.

Еш күдіксіз, осы үш имамның Исламды таратудағы қосқан үлесі өте зор, әрі шынымен, олар дінді қайта жаңғыртып, түрлі ауытқуларды түзеді, ал бұны тек адасқан Сүннеттің жаулары ғана жоққа шығара алады. Аллаһ Тағала бұл үш имамды ұлықтады, Аллаһ Тағаланың Өзі, билік иелері мен олардың жақтаушылары емес, кейбір надандар: "Кезінде Әбу Ханифа мазһабын таратуға халифтер қалай жұмыс жасаса, дәл солай бұл үшеуіне де жарнама жасап, олардың еңбектерінің таралуына көмектесті" деп күмілжиді. Осы имамдарға қарата айтылған мұндай жиіркенішті сөздер – анық адасушылық, өйткені олардың сөзі Мужәддидті көтермелейтін Аллаһ емес, адамдардың өздері дегенді білдіреді. Зайд ибн Әсләм Құрандағы:

«Біз қалағанымыздың дәрежесін арттырамыз» деген аят туралы былай деді: *"Бұл білім! Аллаһ Тағала кімді қаласа, осы дүниеде білім арқылы оның дәрежесін көтереді"* (Ибн Әбу Хатим 4/1335).

Мысалы, шейх әл-Әлбәниге қандай билік иесі жарнама жасады, айтыңызшы?! Әртүрлі ағымдардың жетекшілері мұсылмандарды шошытып, шейхтен сақтандыра бастады, тіпті түбінде бұл алып-қашпа әңгімелер Дамаск қаласының билік иелері оны түрмеге қамап тастауына әкеп соқтырды. Кезінде шейхул-Ислам Ибн Тәймия мен оның шәкірті Ибн әл-Қайим қамалған түрмеге шейх әл-Әлбәни де алты ай бойы қамалды. Оның үстіне керек десеңіз, кейіннен оны Сириядан қуып, елге енді кіргізбейтіндей қып жіберді, осыдан кейін «шейхке кім көмектесті, қалайша көмектесті?» деген заңды сұрақ туындайды. Тіпті, оның қайтыс болғанынша азаматтығы болмаған. Бірақ, бұған қарамастан, оның көптеген еңбектері дүниежүзіне таралды, тіпті шейхке деген қызғаныштың кесірінен оны жек көрген адамдар оның еңбектерін пайдаланды, пайдаланып та жатыр. Аллаһ Тағала батыс пен шығыстың арасындағы миллиондаған мұсылмандарды оның еңбектерін оқып, үн таспаларын тыңдап үлкен пайдалар алуға нәсіп етті!

Кейбіреулер: "Ал сіздер неге тек осы үш ғалыммен ғана шектеліп қаласыздар?" – деп ызылана сұрайды. Бұның еш сөкеттігі жоқ. Егер қазіргі күнге қатысты белгілі бір мәселеге байланысты осы ұлы ғалымдардың пікірі белгілі болса, басқа ойшылдардың пікіріне еріп, оларды қалдыратындай неміз бар?! **«Сондай сапалы нәрсені, сапасыз нәрселерге ауыстырмақшысыңдар ма?»** (Бәқара сүресі, 61-аят).

Басқа көптеген ғалымдардың болуына қарамастан, барлық уақытта адамдар ең жақсы, әрі білімді ғалымдарды ұстанған. Ибн әл-Мубәрактан: *"Тура жолды ұстану дегеніміз не?"* – деп сұрағанда, ол: *"Тура жолды ұстану дегеніміз – бұл әл-Хусайн ибн Уәқид пен Әбу Хамза әс-Суккәридің ұстанған жолын ұстану"*, - деп жауап берген (Қараңыз: "Тарихул-Бағдад" 2/268). Сонымен бірге, одан: "әл-жәмәʼа дегеніміз не?" – деп сұрағанда, ол былай деді: *"Әбу Хамза әс-Суккәри, міне – сол әл-жәмәʼа"* (Қараңыз: "әл-Иʼтисам" 2/771 және "Сунәну-Ттирмизи" 5/335).

жібереді!» деген мужәддид туралы хадисі шейх Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәниге де қатысты деп сенемін" (Қараңыз: "Мәжәллә әл-әсалә" № 23).

Исхақ ибн Рахауәйх былай деген: *“Кезінде әл-жәмә’а – Әбу Хамза болатын, ал біздің кезімізде бұл Мухаммад ибн Әсләм және оның ізінен ергендер”* (Қараңыз: “Хилиятул-әулия” 9/239).

Муһәжирлер мен ансарлардан болған сахабалардың[95] көбісі ғалым болған, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі Ибн Мәс’уд пен Му’азды ерекше атап өткеніне қарамастан, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл сахабалардың ішінен айрықша Әбу Бәкр мен ‘Умарды артық қойып былай деген: «***Менен кейін болатын мына екеуін ұстаныңдар: Әбу Бәкр мен ‘Умар!***» (Ахмад 5/385, әт-Тирмизи 3663. Хадистің сенімділігін имам Ибн Хиббән, әл-Халили, шейх әл-Әлбәни растады).

Міне, сондықтан өз кезеңінде ең білімді болған ғалымдарды ұстану керек.

ҒАЛЫМДАРҒА ЖҮГІНУ БҰЙРЫҒЫ ТУРАЛЫ

Аллаһ Тағала былай деді:

«Егер өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар» (Нәхл сүресі, 43-аят).

Бір күні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір топ адамдардың Құранға байланысты айтысып жатқанын естіп, былай деді: «***Ақиқатында, осы - сендерге дейінгілерді опат еткен еді. Олар Аллаһтың Кітабының аяттарын бір-бірініе соқтығыстыратын.***[96] ***Шын мәнінде, Аллаһ Тағала Кітапты бірі мен екіншісін жоққа шығару үшін емес, бірімен екіншісін растау үшін түсірді. Оның ішінен өздеріңе анық болғанды алыңдар да, ал білмейтіндеріңді білетіндерге қалдырыңдар!***» (Ахмад 2/181, ‘Абдур-Раззақ 20367. Хадистің сахихтығын Ибн Кәсир, әл-Бусайри және әл-Әлбәни растады).

Жәбир ибн ‘Абдуллаһ былай деген: *“Біз сапарда болғанымызда бір адам басын тасқа соғып жарып алды, кейін ұйқыда жатқанда ихтиләм (поллюция) болып жолдастарынан: «Мен тайәмум жасасам бола ма?» - деп сұрады. Олар: «Біз саған (мұны рұқсат ететін) бір ерекше жағдайды көріп тұрған жоқпыз, өйткені сен сумен шомыла аласың», - деп жауап берді. Кейін ол шомылды да, өліп қалды. Ал біз пайғамбарға (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) келіп осыны айтып бергенде, ол: «****Олар оны өлтірді, Аллаһ оларды опат етсін! Білмеген нәрсесін сұрауға шамасы жетпей ме?! Ақиқатында, білімсіздіктің емі – сұрақ қой!*** *» - деді”* (Әбу Дәуд 284, әд-Дарақутни 1/69. Имам Ибн әс-Саккан және шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деді).

Ижтиһәд жасауға қақысы жоқ адамдардың қате ижтиһәдының кесірінен бір мұсылман өлуіне себеп болғанына қатты ызаланған Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашуына назар аударыңыздар! Ал қазіргі таңда,

---

[95] Имам Әбу Зур’а былай деген: *“Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған кезде оның сөздерін тыңдап, әрі басқаларға жеткізетін жүз он төрт мың сахабасы болған”* (Қараңыз: “әт-Тақриб мә‘а-ттадриб” 2/220).

[96] Мұндай нәрсе білімсіз тартыс болған кезде орын алады. Біреу бір аятты, ал екіншісі басқа бір аятты келтіреді және сырттай олар бір-біріне қайшы келетіндей болып көрінеді. Негізінде, Аллаһ Тағаланың шариғатында қарама-қайшылық жоқ, бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

«**Егер ол (Құран) Аллаһтан болмағанда еді, олар оның ішінде көптеген қайшылықтар табар еді**» (Ниса сүресі, 82-аят).

Ал сырттай қайшылықсымаққа келер болсақ, білімнің жоқтығы мен қате түсініктен қарама-қайшы болып көрінуі мүмкін.

сахабаларымен салыстыруға келмейтін адамдар өз көңіл-қалауларының негізінде жүздеген мұсылмандарды бүлдіріп, құрдымға кетіріп жатыр!

Ибн Мәс'уд былай деген: *"Бүгін маған бір адам келіп, мен жауабын білмейтін бір сұрақ қойды. Ол: «Маған мынаны айтыңызшы: егер жақсы қару-жарақталған жігерлі адам әмірмен бірге әскери жорыққа шықса, ал ол бізге орындауға әліміз жетпейтін нәрселерді бұйырса, онда не істейміз?» - деді». Мен былай дедім: «Аллаһпен ант етемін, біз пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге болған кезімізде ол белгілі бір нәрсені бір-ақ рет бұйырса болды – біз оны орындайтын едік, бұдан басқа саған не айтуды да білмей тұрмын. Ақиқатында, Аллаһтан қорқып жүргенше, әрбіріңнің жағдайы жақсы болады, ал егер біреуде белгілі бір нәрсенің дұрыстығы жөнінде күдіктер пайда болса, оның күдігін сейілтетіндей жауап бере алатын адамнан барып сұрасын, бірақ сендер жақын арада ондай адамдарды таппай қалатын уақыт келеді"* (әл-Бухари 2964).

Мешітте шеңбер құрып, топ-топ болып Аллаһты зікір ететін адамдар туралы 'Амр ибн Саләм баяндаған деректі еске түсіріңдер! Оларды көрген Әбу Муса өзінен де артық білетін Ибн Мәс'удтан сұрамайынша ешнәрсе деп айтқан жоқ. Ибн Мәс'уд Әбу Мусадан: *"Ал сен оларға не деп айттың?"* – деді. Ол: *"Мен ешнәрсе деп айтпадым, алдымен сен бұл жөнінде не айтатыныңды біліп алайын деп едім"*, - деп жауап берді (әд-Дәрими 1/68, әт-Табәрани 8628. Хафиз әл-Хайсами мен шейх әл-Әлбәни иснәдтың сахихтығын растады).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атақты сахабасының сөзіне назар аударыңыздар! Ол өзінен гөрі білімдірек адамнан сұрамайынша, еш нәрсе демеді! Ал енді бүгінгі күні, діни білімде Әбу Мусаның тіпті маңына да жуымайтын адамдардың мұсылман үмметіне қатысты бүкіл әлемдік мәселелерді шешуді өз-өздеріне рұқсат етіп алған адамдарға қараңыздар!

Біздің ізгі ата-бабаларымыз белгілі бір нәрсені білгісі келсе, әркез ең білімді болған адамнан сұрайтын. Имам *әл-Ләләкәи* кейбір табиғиндердің былай деп баяндағандарын жеткізеді: *"Біз Мәдинәға келген кезімізде ансарларды кездестіретін едік, бірақ біз Ибн Умарды немесе Әбу Са'идті кезтестірмейінше, олардан ешнәрсе сұрамайтын едік"* (әт-Табәрани 12/430, Ибн Мәндах 11).

Имам Ибн әл-Мәни' былай былай деген: *"Білімнің қасіретке ұшырауының себептерінің бірі – бұл өз-өзімен қанағаттанған, әрі өз білімі мен алғырлығына сенген адамның ғалымдарға жүгінуді, олардан білім алып, олардың ойларының сәулесін жиюды қажет емес деп есептеу болып табылады"* (Қараңыз: "Иршәду-ттуләб" 93).

Сондай-ақ, шейх Мухаммад ибн 'Абдул-Уәһһәбтің «Таухид кітабы» деген танымал еңбегіндегі тағдыр туралы тарауға мына мәселені қосты: «*Сәләфтардың күмәндарды сейілту үшін ғалымдарға сұрақ қою әдеті*» (Қараңыз: "Китәбу-ттаухид" 89).

ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ (ән-нәуәзил)[97] БАЙЛАНЫСТЫ ШЕШІМ ШЫҒАРУҒА КІМНІҢ ҚАҚЫСЫ БАР?

Ислам – өзінің нақты заңдары мен үкімдері бар дін және онда анархияға, тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікке орын жоқ. Шариғат қандайда бір мәселелелерді

[97] «Нәуәзилге» мұсылман үмметінің басына келіп түскен күрделі мәселелер жатады, мысалы, олар – жиһәд, хуруж (мұсылман басшыға қарсы шығу), жаппай бойкот және т.б.

құзыреті жоқ адамдарға шешуге қатаң тыйым салады, әсіресе, бұл Ислам үмметініне ортақ мәселелерге қатысты. Ұлы Аллаһ Тағала былай деген:

«Қашан оларға (мұсылмандарға) аманшылықтан немесе қауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны, пайғамбарға немесе өздерінің іс басындағыларына ұсынса, олардан оның мән-жайын зерттей алатындар білер еді» (Ниса сүресі, 83-аят).

Іс басындағылар – бұл ғалымдар және мұсылмандардың басшылары (Қараңыз "Тәфсир әл-Құртуби" 3/341).

Еш күдіксіз, мұсылман үмметіне қатысты мәселелер ең маңызды және салмақты мәселелерге жатады. Шейх 'Абдур-Рахмән әс-Са'ди аталмыш аятқа қатысты былай деді: *"Бұл - Аллаһтың Өз құлдарына осындай лайықсыз қылығы үшін жасаған сөгісі! Егер мүміндер үшін қауіпсіздік пен қуанышқа байланысты баршаның игілігіне қатысты, немесе олар үшін қауіп-қатермен байланысты маңызды дерек жетсе, оны асығыстықпен таратпауы керек. Олар хабардың қаншалықты рас екенін тексеруі тиіс, әрі оны Аллаһтың елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немесе болып жатқан жағдай туралы хабардар, әрі пайда мен зиян мәселесін игерген, білім мен ақылдылыққа ие болған адамдардың арасында ықпалдыларға жеткізуі қажет. Егер осындай адамдар: «Алынған деректерді жариялау мұсылмандарға пайда келтіреді, оларға күш береді және дұшпандарға қарсы тұруға көмектеседі», - деп шешсе, онда бұл жөнінде бүкіл халық алдында жария етіледі. Ал егер олар: «Осы деректерді жариялау мұсылмандарға ешқандай пайда әкелмейді, әрі оларға пайдадан гөрі көбірек зиян тигізеді», - деп шешсе, онда бұл жөнінде жария етілмейді. Міне, сондықтан Аллаһ Тағала:* **«олардан оның мән-жайын зерттей алатындар білер еді»**, *- деді, яғни маңызды деректерді өзінің дұрыс көзқарастары мен ізгі танымы арқылы талдай алатын адамдар білуі тиіс. Міне, осы жерде «Кез-келген мәселені зерттеуді, соған қабілеті жететін адамға тапсыру керек!» деген маңызды ережеге дәлел боларлықтай нұсқау бар. Сонымен бірге, ешкім маңызды мәселелерді осындай адамдардан бұрын шешпеуі тиіс, өйткені олар дұрыс шешімге жақынырақ, әрі қателіктерден көбірек сақталған. Сондай-ақ, осы жерде естіген нәрсені асығыстықпен жариялауға тыйым салынғандығына нұсқау бар. Мұсылмандар айтайын деп тұрған сөздеріне ой жүгіртіп, әрі олар пайда келтіре ме, жоқ әлде зиян әкеле ме – міне, осыған қарауға міндетті"* (Қараңыз: "Тәфсир әс-Са'ди" 185).

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Шынында, адамдарға сондай уақыттар келеді: сол кезде өтірікшілерге сеніп, шыншылдарға сенбейтін болады; сатқындарға тапсырып, сенімділерде күдіктенетін болады және сөз рууайбидаға беріледі».*** Адамдар: *«Рууәйбида деген кімдер?»*, – деп сұрады. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Жалпыға ортақ үлкен мәселелер жайлы сөйлейтін ақымақ»*** (Ахмад 2/291, Ибн Мәжәһ 4036. Шейх Ахмад Шәкир мен шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деп атады).

Не үшін пайғамбар (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) Қиямет Күнінің белгілері туралы хадистерді айтады және олардың мәні неде? Ғалымдар мұның даналығын былай нұсқаған: біріншіден, Қиямет Күнінің белгілері туралы хадистер мұсылмандар алдын-ала дайындалуы үшін, ал екіншіден, олар міндетті түрде орындалатындығына қарамастан, пайғамбар (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) ескерткен нәрселерден аулақ болу үшін айтылған (Қараңыз: "әл-Мууәфәқат" 2/450).

Келтірілген аят пен хадисте шариғат құзырлы етпеген кісіге бүкіл мұсылмандарға ортақ мәселелерді талқылап, шешуге айқын тыйым салынатындығы анық көрініп тұр!

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Аллаһтың Кітабын, Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін және сахабалардың сөздерін білуші – тек осындай адам ғана мұсылман үмметі душар болған күрделі мәселелерді (нәуәзил) шешуге құзырлы болып табылады, әрі тек солардан ғана осы мәселелер бойынша фәтуә алуға болады"* (Қараңыз "И'ләмул-мууәққи'ин" 4/212).

Имам Ибн әл-Хәж әл-Мәлики былай деген: *"Мужәһид білім иелерінен жиһәдты қалай жасау керек екенін сұрап алмайынша жиһәдқа шықпауы тиіс"*[98] (Қараңыз: "әл-Мәдхал" 2/3).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Жиһәд мәселесін шешуде шынайы білімге ие адамдардың пікірімен санасу міндетті (уәжиб) болып табылады. Дүние мәселесінде тәжірибесі көп, бірақ дін мәселесінде дұрыс түсінігі аз адамдарға келер болсақ, олардың пікірі есепке алынбайды, дәл сол сияқты дін мәселесінде білімге ие, бірақ дүние мәселесінде тәжірибесі аз адамдардың пікірі есепке алынбайды!"* (Қараңыз: "әл-Ихтиярат әл-фиқһия" 311).

Шейх Салих әл-Фәузаннан: «Қазіргі таңда үлкен ғалымдарды қаралап, тіл тигізу, әрі оларды күпірлік пен пасықтықта айыптаулар жиілеп кетті. Әсіресе бұл айыптаулар террористтік актілердің рұқсат етілмейтіндігі туралы фәтуә шыққаннан кейін көбейіп кетті. Сонымен қатар, біздің ғалымдарымыз «Исламдағы достасу және қатыссыз болу» принципін орындауда кемшіліктерге орын беруде деп айтылуда (әл-Уәлә уә әл-Бара). Осы мәселеге байланысты кеңес беруіңізді сұраймыз», - деп сұрады.

Шейх былай деп жауап берді: *"Надан адамға (жәһил) үндемеу қажет және ол Аллаһтан қорқып, әрі білімсіз сөйлемеуге міндетті. Аллаһ Тағала былай дейді:* **«"Күдіксіз, Раббым, арсыздықтарды, олардың ашығы мен жасырынын да, (барлық) күнәларды, орынсыз озбырлықты, сендер Аллаһ оған байланысты ешбір дәлел түсірмеген нәрсеге Онымен қатар құлшылық етулеріңді және Аллаһ туралы білмейтін нәрселерді сөйлеулеріңді тыйым салды", - де!»** (А'раф сүресі, 33-аят). *Жәһилге білімнің болуын талап ететін мәселерге байланысты сөйлеуге рұқсат етілмейді, әсіресе такфир, жиһәд, әл-уәлә уә әл-бәра сияқты үлкен мәселелерде. Ал басшылар мен ғалымдарды ғайбаттап, олардың ар-намысына тиісу туралы айтар болсақ, бұл – өсектің және ғайбаттың ең жаман түрі, әрі бұл тыйым салынған! Қазіргі кезде мұсылмандардың басына*

---

[98] Кейбіреулер жиһәд жүргізу үшін білімге ие болу міндет емес екенін мәлімдейді, әрі өз сөздеріне пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде Ислам қабылдаған адамдар дереу шайқастарға қатысып кеткенін келтіреді, ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: «алдымен білім алыңдар, кейін барып жиһәд жүргізесіңдер!» деп айтқан жоқ қой! Еш күдіксіз, жиһәд жасау үшін білімге ие болу шарт емес. Алайда, жиһәдты қашан, кімдерге қарсы, әрі қалай жасау керектігі туралы білім болу қажет. Ислам қабылдай сала шайқастарға қатысып кеткен сахабалар туралы айтар болсақ, бұл – олар үшін міндетті болған, олар үшін пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі шешім қабылдаған еді ғой, себебі сахабалардың міндеті – бағыну! Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін, жиһәд – бұл мұсылман басшылары мен ғалымдар шешетін мәселе, өйткені бұл іс олардың өкілеттілігіне жатады, әрі осы мәселелерді кім болса сол шешуге қақысы жоқ. Шейх Мухаммад ибн 'Абдул-Уәһһәб былай деген: *"Жиһәд – бұл басшы мен оның шешіміне тапсырылатын мәселе, ал қол астындағы бағынышты адамдар оның шешкен шеміміне бағынуға міндетті"* (Қараңыз: «Мәжму' әл-муәлифәт» 2/360). Сонымен қатар, шейхул-Ислам Ибн Тәймия жиһәд мәселесі туралы былай деді: *"Мұндай аса күрделі де жауапты мәселелерді зерттеу – үлкен ғалымдардың қатарындағы мамандардың жұмысы"* (Қараңыз: "Минһәжу-Ссунна" 4/504).

түскен проблемалар – билік иелері шешетін мәселелердің қатарына жатады. Олар бұл мәселелерді өзара кеңесіп, бірігіп зерттейді, ал ғалымдардың міндеті – осы мәселелердің шариғи үкімін түсіндіріп беру. Халық пен қарапайым адамдарға, әрі енді бастап келе жатқан жас студенттерге келер болсақ, бұл – олардың міндеті емес. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Қашан оларға аманшылықтан немесе қауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны пайғамбарға не өздерінің іс басындағыларына ұсынса, олардан оның мән-жайын білер еді. Егер сендерге Аллаһтың кеңшілігі, мейірімі болмаса еді, шайтанға ермегендерің өте аз болар еді»** (ән-Ниса сүресі, 83-аят). *Мұндай мәселелерде тілді тыю керек, әсіресе такфир (күпірлікте айыптау) және әл-уәлә уә әл-бәра (достасу және қатыссыз болу) мәселелерінде. Адамдардың көбісі бұл мәселелерді жетік білмейді және басқа адамның сыртынан қате тон пішіп, оны адасуда немесе күпірлікте деп қате шешім шығарады, алайда оның шығарған шешімі өзіне қайта оралады. Егер адам өз бауырына: «Әй, кәпір!» немесе «Әй, пасық!» - десе, ал ол іс жүзінде олай болмаса, бұл оның өзіне қайта оралады, Аллаһ бізді бұдан сақтасын! Бұл – өте қауіпті іс, әрі Аллаһтан қорқатын адам, егер ол – осындай мәсеселелерді шешу міндеті жүктелгендердің, яғни бұл мәселелерді зерттеп, жағдайдан шығудың жолын іздеуге тиіс болған басшылар мен ғалымдардың қатарынан болмаса, өз тілін тыюы қажет. Алайда, қарапайым адамдар, немесе білім талап етудің бастауыш деңгейінде тұрғандар адамдардың сыртынан тон пішіп, оларға байланысты қандайда бір үкімдер шығаруға, әрі адамдардың намысына орынсыз тиісуге, ғайбат айтуға, күпірлікте және бұзақылықта айыптауға*[99] *т.б. қақысы жоқ, өйткені бұл оның өзіне зиян тигізеді. Мұсылман адам өзінің тілін тыю керек және өзіне қатысты емес нәрселер туралы сөйлемеу керек. Ол Аллаһтан мұсылмандар үшін көмек және кәпірлер үшін жаза тілеуі қажет. Міне, осы – сенің қақың және міндетің болып табылады. Ал шариғат ережелерін, мұның үстіне қате ережелерін қолдануға, әрі мұсылман басшылар мен ғалымдарының абыройына нұқсан келтіру және олар күпірлік немесе адасушылыққа түсті деп үкімдер шығаруға келер болсақ, бұл – сенің өзіңе қарсы оралып тиетін ұлы қауіп, әй, мұндайды айтушы! Сен айтып жатқандарға келер болсақ, сенің сөздерің оларға еш зиян тигізбейді!”* (Қараңыз: “Фәтәуә әш-шәр’ия” 73-74).

Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кез-келген қиыншылық туындаған шақта білім иелеріне жүгінуді бұйырады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әрбір адам ғалым бола бермейді және әрбір адам фәтуә беруге жарай бермейді. Бұл айтқанымыз діннің кез-келген үкіміне қатысты, әсіресе өмір мен өлім сияқты қиын мәселелерде. Шариғат фәтуә беруге құзірет бермегеніне қарамастан, бәрі-

[99] Пасықтықта айыптау (тафсиқ) – бұл адамды пасық (фәсиқ) деп атау. Көптеген адамдар бұл терминді мағынасын түсінбестен қолдана беретін дәрежеге жетті. Пасықтық (фисқ) екі түрлі болады: үлкен және кіші. Үлкен пасықтық – күнәні рұқсат етілген деп есептеп саналы түрде жасауы. Пасықтықтың бұл түрі адамды Исламнан шығарады, өйткені мұндай адам тыйым салынған нәрсені рұқсат етіп, Аллаһтан және Оның елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгенді жоққа шығарады. Кіші пасықтық – бұл күнәні істеп, бірақ оның күнә екенін мойындап істеу, әрі пасықтықтың бұл түрі адамды діннен шығармайды. Алайда, мұсылман адамды тек ол күнәні ашықтан-ашық жасап, әрі ақиқат пен насихат айтқанына қарамай, күнәсін жасап қасарысып тұрып алған жағдайда ғана пасық деп атауға болады. Ал мұсылмандарды жазықсыздан-жазықсыз пасықтықта айыптап, әрі оларды пасық деп атайтындарға келер болсақ, олардың өздері сондай, өйткені бұл сөз олардың өздеріне қайтып оралады. Ол туралы Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Егер бір адам екінші бір адамды пасықтықта немесе күпірлікте айыптаса, әрі айыпталушы шындығында ондай емес болса, айыптау міндетті түрде оның өзіне оралады»*** (әл-Бухари 6045).

бір фәтуә берумен айналысып жүрген адамдарға келер болсақ, бұның өзі олардың тақуа емес екеніне тікелей дәлел болып табылады. Мұндай адамдардан қалайша фәтуә алуға болады?! Фәтуәдан кейін талап етілетін үлкен жауапкершілікті сезінбей, әрі дінде білімсіз сөйлейтіндерге дайындалған жазаның ауырлығынан қорықпайтын адамға қалайша жүгінуге болады?! Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Қиямет Күні жұртты білімсіз адасушылыққа бастаған адам ең ауыр жазаға тартылады»*** (Ахмад, әт-Табәрани. Жақсы хадис. Қараңыз: «Сәхихул-жәми'» 1000).

Суфьян ибн 'Уәйнә былай деген: *"Ең аз білімге ие болған адамдар пәтуа беруге ең қатты асығады!"* (Қараңыз: "Жәми'ул-бәянил-'илм" 1588).

Бізге діни білімнің барлығын жеткізген сахабалар еді, олар үмметіміздің ең білімдісі болғанына қарамастан, фәтуә шығаруға қатты қорыққан, ал біздің кезіміздегі әртүрлі партиялар мен сахабалардың тырнағына да татымайтын ағымдардың өкілдері еш шімірікпестен мұсылмандардың ғаламдық мәселелерін шешуге қалайша батылы барады екен?! 'Абдур-Рахман ибн Әбу Ләйлә былай деген: *"Мен мына мешітке келетін Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан жүз жиырма адамды көрдім, әрі олардың біреуінен фәтуә беруге немесе хадис жеткізуге сұралса, ол міндетті түрде бауырының осы сұрақтан құтқаруын қалайтын (яғни жауап беруге қорқатын). Алайда, бүгінгі күні білімді деп аталуға таласып жүргендер алға шығып іс насырға шапты, әрі олар сондай сұрақтарға жауап бере бастады, тіпті ондай сұрақ 'Умар ибн әл-Хаттабқа қойылса, ол міндетті түрде Бәдр шайқасына қатысушы сахабаларды жинап, олардан кеңес сұрар еді!"* (Қараңыз: "Мин хади сәләф фи талибил-'илм" 14).

Міне, осы жерде бір заңды сұрақ туындайды: «Діннің күрделі мәселелері бойынша фәтуә беруді мойнына алып отырған түрлі партиялардың жетекшілері мен жақтаушылары 'Умардың білімінің жүзден бір бөлігіне ие ме?!». Пайғамбарымыздың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «***егер менен кейін пайғамбар болса – ол 'Умар болар еді***» деп айтқан. Пайғамбарымыздың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Кітап иелерінің ішінде пайғамбар емес, бірақ Аллаһтан уахи түсетін адамдар сияқты 'Умарға да уахи етіледі***» деп айтқан. 'Умардың пікірін Аллаһ Тағаланың Өзі Құранның он алты жерінде растаған!

Имам Мәлик былай деген: *"Мен өзімнен гөрі білімдірек адамнан сұрамайынша, ешқашан фәтуә бермейтінмін"* (Қараңыз: "И'ләну-ннәкир" 48).

Білімге және фәтуә беруге қақысы жоқ кейбір адамдардың фәтуә беріп жүргеніне келер болсақ, ол осы үшін жауапкершілікке тартылады, ал ниетінің ізгі болғандығы оны құтқармайды. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Үкім шығарушылардың үш түрі болады, екеуі Тозақта, біреуі Жәннатта. Ақиқатты біліп, соған сәйкес үкім шығарушы – Жәннатта. Ақиқатты біліп, бірақ өз көңіл-қалауының негізінде үкім шығарушы – Тозақта. Білімсіз үкім шығарушы – ол да Тозақта»*** (әл-Хәким, әт-Табәрани. Сенімді хадис. Қараңыз: «Сахихул-жәми'» 4446, 4447).

Міне, осылайша пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ниетінің адал, ізгі болғандығына қарамастан, білімсіз үкім шығарушының Тозақта болатынын бізге ескертті. Бүкіл жауапкершіліктің барлығын фәтуә шығарушының өзі ғана мойнына алады деп есептейтін мұсылмандарға келер болсақ, олар қатты

қателеседі. Йә, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Егер біреу білімсіз фәтуә шығарса, осы фәтуәның негізінде жасалған істің күнәсі фәтуәны шығарған адамға жазылады»*** - деген хадисі бар (Әбу Дәуд 3657, Ибн Мәжәһ 53. Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті жақсы деген). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрқашан ақиқат айтады, бірақ оның сөздері нені білдіреді? Осыған назар аударып көрелік. Фәтуә беретін адам бүкіл жауапкершілікті мойнына алу үшін ол фәтуә беретіндей құзіреті болу керек. Көптеген мұсылмандар барлық жауапкершілік фәтуә берушінің мойнына артылады деп рұқсат етілмеген нәрселерді істеп жатады. Олар осы үшін өздері де жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін түсінбейді! Әбу әд-Дарда жеткізген хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейді: ***«Қиямет Күні барлық адамдар белгілі бір жолмен жүрген кезде, бір кісі жанынан өзін өлтірген адамды көріп: «Йә, Раббым! Ол мені (дүние өмірінде) өлтірді», - деп дауыстайды. Аллаһ:*** **«Сен оны не үшін өлтірдің?»** ***- деп сұрайды. Өлтірген адам: «Маған пәленше бұйырды», - деп жауап береді. Сол кезде өлтірген де, оған бұйрық берген де жазаға тартылады!»*** (Ибн Әбу Шәйбә 5/434, әт-Табәрани 10407. Жақсы хадис. Сондай-ақ мынаны қараңыз: “Мәжмә’у-ззауәид” 7/300).

Атқарушы жәй ғана бұйрықты орындағаны үшін жазадан аман қалмағанын көріп отырмыз.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Олар (кәпірлер) Қиямет Күні өздерінің жүгін, сондай-ақ, өздері адасушылыққа бастаған надандардың да жүгін түгел көтерсін. Олардың көтерген жүгі нендей жаман!» (Нәхл сүресі, 25-аят).

Имам Мужәһид осы аяттың тәпсірінде былай деді: *“Олар өз күнәларының ауыртпалығынын және оларға мойынсынғандардың күнәларының ауыртпалығын мойнымен көтереді. Бірақ, олардың өздеріне ергендердің күнәларының ауырпалығын көтеруі, оларға мойынсынғандардың жазасын еш жеңілдетпейді”* (Қараңыз: “Тәфсир Ибн Кәсир” 2/587).

Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: *“Фәтуә беруге қақысы жоқ екеніне қарамастан фәтуә беретін адам – мойынсұнбаушы, күнәһар! Мұндай адамның фәтуәсіне негіздеп белгілі бір нәрсені бекіткен басшы да мойынсұнбаушы, күнәһар! Имам Ибн әл-Жәузи былай деді: «Бәну Умәйя әулетінің әміршілері тәрізді, басшылар фәтуә беруге еш қақысы жоқ адамдарға фәтуә беруге тыйым салуға міндетті. Бұл адамдар өздері жолды білмей оған өзге жолаушыларды сілтеп тұрған кісі секілді. Олар медицинаны білмей адамдарды емдейтін адамдар секілді, олар тіпті осы жоғарыда аталғандардың барлығынан да жаман. Егер басшы медицинаны білмейтін кісіге адамдарды емдеуге тыйым салуға міндетті болса, онда я Құранды, я Сүннетті, я діннен толық хабары жоқ фәтуә берушілер туралы не айтуға болды?!» Біздің шейхымыз Ибн Тәймия мұндай адамдарды қатты сөгіп былай дейтін: «Менен біреулер: “Сіз фәтуә беруші адам өз фәтуәсы үшін сұралады деп ойлайсыз ба?» - деп сұрады. Ал мен оларға: “Егер тіпті наубайханашы мен аспаз да сұралатын болса, онда фәтуә беруші қалайша сұралмайды?! ” – деп жауап бердім?!»”* (Қараңыз: “И’ләмул-мууәққи’ин” 4/217).

Фәтуә беруге қақысы бар адамның белгілері

Белгілі бір адам фәтуә беру үшін Ислам үмметінің имамдары қойған келесідей қатал талаптарына сай болуы тиіс, егер ол талаптарға жауап бере алмаса – фәтуә беруге қақысы жоқ.

Ол кісі Құран мен Сүннетті жетік меңгерген болуы керек, әрі Құран мен Сүннетті дұрыс түсінуі тиіс.

Имам әш-Шәфи'и былай деген: *"Аллаһтың Кітабын білетін; (басқа аяттардың) күшін жоюшы (насих) аяттарды және күші жойылған (мәнсух) аяттарды білетін; анық (мухкәм) және анық емес (муташәбиһ) аяттар мен олардың тәпсірін білетін; қай аяттар – мединалық, ал қай аяттар – меккелік екенін, олардың ұғымын және түсу себептерін білетін адамнан басқа ешкім фәтуә бере алмайды. Сондай-ақ, ол Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін; қандай хадистер күшін жоюшы, ал қайсылары – күші жойылғанын, әрі тілді жетік білуге міндетті. Сонымен қатар, ол әділетті, бейтарап, көп сөйлемейтін болуы керек, қарастырылып жатқан мәселе бойынша келіспеушіліктер туралы білуі қажет, әрі онда талант пен қабілет болуы тиіс. Енді, кім осы талаптарға жауап берсе, ол халал мен харам туралы айтып, фәтуә беруіне болады, ал кім бұл талаптарға жауап бере алмаса – фәтуә бермейді!"* (әл-Хатыб "әл-Фәқиһ уәл-мутафәққих" 2/330).

Яхья ибн Мә'иннан: "Мың хадис білетін адам фәтуә бере ала ма?" – деп сұрағанда, ол: *"Жоқ"*, - деп жауап берді. Одан: "Ал екі мың хадис білетін адам ше?" – деп сұрады. *"Жоқ"*, - деді Ибн Мә'ин. "Ал бес мың хадис білетін адам ше?" – деп сұрақ қойғанда ғана: *"Үміттенемін, бірақ, ол фәтуә беруге кірісетін болса, бұл да оған жеткіліксіз. Кітаптардағы айқын емес, әрі келіспеушіліктерді дұрыс түсінбей, ол кітаптардағы нәрселерді жинау да жеткіліксіз. Ақиқатында, білім – бұл жаттап алынған нәрселердің көптігі емес, бірақ дұрыс түсінік пен мәліметке ие болу!"* – деп жауап берді (Қараңыз: "әл-Жәми'ул-әхләқи-ррауи" 2/174).

Ол кісі туралы ғалымдар ол фәтуә беретін деңгейге жетті деп айтуы керек

Имам Мәлик былай деген: *"Фәтуә беруге лайықты екеніме білім иелерінен болған жетпіс адам куәлік етпейінше, мен фәтуә берген емеспін"* (Әбу Ну'айм 6/316).

Ол осы мәселе бойынша сәләфтардың пікірін білуі керек

Имам Ахмад былай деген: *"Адамдарға фәтуә беруші өзіне орасан зор жауапкершілік алады. Ол өзінен бұрын өмір сүргендердің айтып кеткендерін білуі керек, әйтпесе ол фәтуә бермеуі тиіс"* (Қараңыз: "Тухфәту талибил-'илм" 79).

Фәтуә беру үшін ол кісі білімді тек кітаптардан ғана алған адам болмауы керек

Саур ибн Язид пен Әбу Зур'а сияқты имамдар былай дейді: *"Кітаптардан ғана білім алушылар адамдарға фәтуә бермеуі керек!" (*Қараңыз: "әл-Фәқиһ уәл-мутафәқих" 2/97).

Ибн әл-Қайим былай деген: *"Жұрттың әдет-ғұрыпын, уақытын, орны мен жағдайын ескерместен, тек кітаптарда келтірілген нәрсенің негізінде ғана фәтуә беретін адам өзі де адасады, өзгелерді де адастырады. Адамдардың өмір сүретін жері мен уақытына, әрі темперамент пен әдеттеріндегі ерекшіліктерді ескермей, бірыңғай медициналық кітап бойынша емдей беретін дәрігердің қылмысынан гөрі, мұндай муфтийдің дінге қарсы жасап жатқан қылмысы жаманырақ. Мұндай надан дәрігерлер мен муфтилер дінге және адамдардың денсаулығына ең үлкен зиян тигізеді"* (Қараңыз: "И'ләмул-мууәққи'ин" 3/89).

Сондай-ақ, фәтуәны қарт ғалымдардан алу керек

Ибн Мәс’уд былай деген: *“Адамдар Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары мен үлкен ғалымдардан білім алып жүргенше, игілікте болады. Ал қашан олар білімді жастардан ала бастаса, онда өздерінің кесірлі қалауларының себебімен келіспеушіліктерге тап болады да, кейін мүлдем құриды”* (әт-Табәрани 8589, ‘Абдур-Раззақ 11/249. Хабардың сенімділігін хафиз Ибн Хәжәр растады).

Уа, мұсылмандар! Енді айтыңдаршы, қазіргі күнгі жиһәд, хуруж, немесе такфир сияқты күрделі мәселелер туралы фәтуә беріп жүрген адамдар пайғамбарлардың мирасқорлары болған имамдардың қойған талаптарының біреуіне болса да сай келе ме?! Белгілі бір тыйым салынған нәрсені істеп жатқан мұсылманның ісіне сөгіс айтылған кезде: «Маған бұл - халәл (рұқсат етілген) деп фәтуә берілді» деп айтатынын өте жиі естуге болады.

Сондай-ақ, таңқаларлық нәрселердің бірі – кейбір мұсылмандарға белгілі бір мәселенің үлкен ғалымдар берген түсіндірмесін жеткізген кезде, олар: «Ал біздің мешіттің имамы...» немесе «... араб мемлекетінде осынша жыл оқып келген менің көршім басқаша айтты», - деп жауап береді!

Ғалымдар пайда мен зиян мәселесін ескереді (әл-мәсалих уәл-мәфәсид)

Сонымен бірге, ғалымдар – дін негіздерінің бірі болып есептелетін пайда мен зиян мәселесін ескереді. Қазіргі таңда, өкінішке орай, көптеген мұсылмандар бұл мәселеге түк назар аудармайды, әрі нәтижесінде Исламға да, мұсылмандарға да үлкен зиян тигізетін істерді жасайды. Хасан әл-Бәсри былай деген: *“Бүлік (фитна) басталайын деп жатқанда, ол туралы тек ғалымдар біледі, ал фитна біткен кезде, ол туралы әрбір надан (жәһил) біледі”* (Ибн Са’д “әт-Табәқат” 7/166).

Имам Ибн әл-Мубәрак былай деген: *“Шынайы ғалым дегеніміз - халәл мен харам мәселелерін жақсы білетін кісі емес, өйткені бұл мәселелерді жұрттың көбісі біледі. Шынайы ғалым дегеніміз – бұл пайда мен зиян мәселесін өте жақсы түсінетін адам!”* (Қараңыз “Әлуияту-ннәср” 1/103).

Үмметіміздің ұлы имамдары тарапынан пайда мен зиян тақырыбында көптеген еңбектер жазылған, олардың арасында Ибн Тәймияның, Ибн әл-Қайимнің, әш-Шәтыбидің және т.б. еңбектері де бар.

Құдіретті, Ұлы Аллаһ Тағала: **«Олардың Аллаһтан өзге сиынғандарына тіл тигізбеңдер! Әйтпесе, олар білмей шектен шығып Аллаһқа тіл тигізеді»** (Ән’ам сүресі, 108-аят), - деп бұйырды.

Имам әш-Шәукәни бұл аятты тәпсірлеп, былай деді: *“Бұл аятта егер ақиқатқа шақырып, бид`атқа тыйым салушы (адам) өз әрекеті одан да үлкен харам істеліп, ақиқатқа қайшы келуге және одан да асқан адасушылыққа түсуінен қауіптенсе, онда ол үшін мұны тастау (қалдыру) абзал болады дегенге дәлел бар. Тіпті бұл – міндетті (уәжіп) болады”* (Қараңыз “Фәтхул-Қадир” 2/214).

О бастан пұттарды сөгу – рұқсат етілген іс, тіпті Аллаһқа жақындататын амал, бірақ, ол одан да үлкенірек болған жамандыққа, нақты айтқанда Аллаһтың Өзіне тіл тигізуге әкелуі мүмкін болғандықтан, бұл іс харам болады. Кейбіреулер: «Ғалымдар араб елдерінің басшыларына, немесе Америкаға, немесе тағы басқа біреулерге жағу үшін белгілі бір фәтуәлар беріп жатыр!» - деп айтады, ал шын мәнінде олар тек дінді ол қандай болса, дәл солай жеткізуде. Осында мынандай сұрақ туындайды: Сонда

Аллаһ Тағаланың: «**Олардың Аллаһтан өзге сиынғандарына тіл тигізбеңдер**», - деген аятын мушриктерге жағу үшін түсірді деп айтуға олардың батылы барады ма?!

Бір күні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ‘Айшаға: ***«Әй, ‘Айша, егер сенің халқың соншалықты надандыққа (жәһилия) жақын болмағанда, мен міндетті түрде Қағбаны бұзуды бұйырып, ал кейін одан ажыратылған нәрсені қосар едім және оның есігін жердің деңгейіне дейін түсірер едім, әрі онда екі – батыс пен шығыс есіктерін жасап, оны Ибраһим қалаған іргетастың негізінде қайта көтерер едім»*** (әл-Бухари 1586, Муслим 1333).

Бұл сөздерді пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккені бағындырғаннан кейін, мұсылмандарда күш те, билік те болған кезде айтты, бірақ бұған қарамастан, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайда мен зиянды ескеріп, пайдадан гөрі зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, ондай әрекетті істеуден бас тартты.

Сондай-ақ, сахабалар пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“Неге біз екіжүзділерді өлтірмейміз?!*[100]*”* - деп сұрағанда, ол: ***«Сендер сонда адамдар: “Мұхаммед өз сахабаларын өлтіріп жатыр”, - деп айтуларын қалайсыңдар ма?!»*** - деп жауап берді (Муслим 2584).

Екіжүзділер Аллаһтың дініне кәпірлерден де көбірек зиян тигізетін, алайда, бұған қарамастан, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды өлтірудің салдарынан келуі мүмкін болған зиянды ескеріп, оларды өлтіруге тыйым салды!

Пайда мен зиян мәселесі барлық кезде және барлық жерде ескерілуі тиіс: жиһәдта да, күнәлі істерден тыйюда да, кәпір болған әмірді тақтан құлатуда да, барлық нәрседе!

---

[100] Бұл жерде екіжүзділігі жүректерінде болған, яғни сырттай иман келтіргенін көрсетіп, кәпір болып қала берген нағыз екіжүзділер туралы айтылуда. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан түскен аянның көмегімен, екіжүзділер туралы білген еді. Ал «екіжүзді» деген сөзге келер болсақ, белгілі бір мұсылманға қатысты оны қолдануға тыйым салынған, өйткені пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Кім өзінің бауырына: «Кәпір!», немесе: «Екіжүзді!», немесе: «Жексұрын!», немесе: «Аллаһтың жауы!» - деп айтса, ал ол ондай болмаса, онда бұл - айтушының өзіне қайта оралады»*** (Муслим 1/79). Ал ***«Мына төрт сипат тән болған адам шынайы екіжүзді болады, ал олардың біреуімен ерекшеленетін адам одан құтылмайынша екіжүзділіктің бір сипатымен байқалады. Бұл сипаттармен: оған сеніп тапсырылғанда сатқындық жасайтын; бір нәрсе туралы баяндағанда өтірік айтатын; келісім-шарт жасағанда опасыздық қылатын және біреумен жауласқанда рұқсат етілгеннің шекарасын бұзатын адам ерекшеленеді»***, - деген хадиске келер болсақ, бұл хадисте жүректегі емес, амалдардағы екіжүзділік туралы айтылып тұр (әл-Бухари 34, Муслим 57). Имам ән-Нәуәуи былай деген: *“Бұл сипаттар ізгі мұсылмандарда да көрініп қалуы мүмкін. Кім тілінде және жүрегінде шыншыл болса, бірақ осы сипаттардан біреуін істесе, ол туралы: «Ол – күпірлікке түсті, немесе ол – Тозақта мәңгі қалатын екіжүзді», - деп айтылмайды. Және, ақиқатында, бұл сипаттардың барлығы Юсуф пайғамбардың бауырларының барлығында көрініс тапты!»* (“Шәрх Сахих Муслим” 1/235).

Екіжүзділік екі түрлі болады: үлкен және кіші. *Үлкен екіжүзділік* – бұл адамның иман келтіргенін сырттай танытып, бірақ жүрегінде кәпір болуымен сипатталатын жүректегі екіжүзділік. Мұндай екіжүзділік туралы тек пайғамбар ғана (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біле алатын еді, өйткені жүректердің жағдайын Өзінің уахиларын тек пайғамбарларға жіберген Аллаһ ғана біледі. *Кіші екіжүзділік* – бұл хадисте көрсетілген екіжүзділік. Мұндай екіжүзділіктің түрі үлкен күнә болып табылады, бірақ адамды діннен шығармайды. Сондықтан да, мұндай сипаттар бойынан көрінетін мұсылманға: «Сен – екіжүздісің!» - деп айтпай: «Бұл - екіжүзділіктің көріністері болып табылады», - деп айту керек, өйткені ол иманының әлсіздіген бұл жаман сипаттардан әлі арылып үлгірмеген болуы мүмкін.

Имам әл-ʻИзз ибн ʻАбду-Ссәләм былай деген: *"Түбінде жауды шығынға батырмайтын кәпірге қарсы кез-келген шайқасты міндетті түрде тастау керек, өйткені адам өз өмірін дінді ұлықтау мен мүшриктерді (серік қосушы) шығынға батыру барысында тәуекелге бел бууында пайдалы болған кезде ғана – рұқсат етіледі. Егер осылар болмаса, шайқасуды тастай салу керек, өйткені онда бос адам шығыны, кәпірлерге қуаныш әкелу және мұсылмандар үшін қорлық болады. Және бұл - ешбір пайдасы жоқ түгелідей дерлік зиян болады!*[101]*"* (Қараңыз: "Қауә'идул-әхкәм" 1/95).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай дейтін: *"Бүлікшілердің тобымен соғысу әмірі қабілеттілік пен күштің болуымен шартталады, және олармен жүргізілетін соғыс көпқұдайшылар және кәпірлермен жүргізілетін соғыстан маңыздырақ емес, ал бұл да, сондай-ақ, қабілеттілілік және күшпен шартталатыны белгілі. Кейде шариғи пайда (кәпірлерге) алым-салық төлеуде де, немесе бітімдесуде, немесе келісім-шарт жасасуда да болуы мүмкін, Пайғамбар (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) осылайша бірнеше рет істегеніндей. Және егер имам (әмір) күштің болуын көріп, бірақ (шайқасудан) пайда келуін көрмесе, онда оны қалдыру абзалрақ болады! Және кім шайқасу пайдадан көбірек зиян келтіретінін көріп тұрса, және бұл шайқас - бүлік (фитна) екенін көріп тұрса, ол әмірге бағынуға міндетті болмайды"* (Қараңыз "Мәджму'ул-фәтауә" 4/442).

Шейхул-Ислам сондай-ақ, былай дейтін: *"Әмірге қарсы шығатын топ олардың шығуында өздері түзеткісі келгеннен де көбірек зиян болуы мүмкін екенін білуі керек!"* Қараңыз "Минхаджу-Ссуннә" 3/391.

Ибн Тәймия Бәну Умая әмірлершілеріне қарсы шыққан Ибн әл-Аш`ас пен Ибн әл-Мухалляб туралы былай деді: *"Олармен бірге болғандар жеңіліске ұшырағандай, олар да дәл солай жеңіліске ұшырады. Олар дінді де орнатпады, дүниеуи халді де жақсартпады. Ал Аллаһ дінге пайда әкелмейтін немесе дүниеге пайда әкелмейтін нәрселерді бұйырмайды ғой, тіпті егер оларды орындайтын адам Аллаһқа жақын, тақуа және Жаннат мекендеушілерінің бірі болып табылса да. Олар бүлік кезінде соғысқандары үшін мақталмаған ʻАли, ʻАиша, Тальхад, әз-Зубәйрдан артық емес еді, әрі бұл олар Аллаһтың алдында ұлы орынға ие болуына және басқа кез-келген біруден жақсырақ ниетте болғанына қарамастан!"* (Қараңыз "Минхаджу-Ссуннә" 4/528).

Шейх Ибн ʻУсәймин кәпір болған әмірге қарсы шығу туралы айтып, былай деді: *"Егер біз оны құлатуға қабілетті болсақ, онда біз оған қарсы шығамыз, ал егер мұны істеуге қабілеттілігіміз жетпесе – онда жоқ, өйткені шариғаттың барлық міндеттері (уәжібәт) мүмкіндіктің (құдра) болуымен шартталады. Әрі қарай, егер біз шықсақ, бұл осы әмірдің*

---

[101] Имам әл-ʻИзздың осы сөздері арқылы «Жихадты жүргізу үшін қарсылық көрсету мүмкіндігі жеткілікті!» дейтіндерді әдемі теріске шығаруға болады. Бұл – өрескел қателік, өйткені меккелік кезеңде пайғамбарымызда да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оның жанындағы сахабаларында да қарсылық көрсету мүмкіндігі болды, алайда Аллаһ Тағала оларға шайқасуға тыйым салды, өйткені олардың соғысы көбірек зиян келтіруі мүмкін еді. Ибн әл-Қайим былай деген: *"Аллаһ Тағала мұсылмандарға Меккеде соғысуға тыйым салды, әрі олардың соғысы әділетсіздікке төзу қажеттілігінен де ауыр зиянға әкелмеуі үшін, оларға сабыр етуді бұйырды. Сондай-ақ, соғыстан келетін пайдадан гөрі, өз өмірін, дінін және ұрпағын сақтаудың пайдасы басым болды"*. Қараңыз "И'ләм әл-мууәқи'ин" 2/150.

Аллаһ Тағала жиһад арқылы дінді ұлықтау үшін оны әмір етті. Шейх ʻАбдур-Рахман әс-Са'ди былай деген: *"Жиһад кәпірлердің қанын төгіп, олардың дүние-мүлкін меншіктену үшін жүргізілмейді. Жиһад Аллаһтың діні басқа діндерден үстем болуы үшін және жер бетінде ширк пен хақ дінге қайшы сенімдердің барлығы жойылуы үшін жүргізіледі. Міне дәл осы – бүлік (фитна), әрі егер осы фитна жойылса, мұсылмандар қан төгу мен шайқасуды тоқтатуы тиіс"*. Қараңыз: "Тафсирул-Кәрими-Ррахмән" 78.

тұсында болғаннан да көбірек зиянға әкелуі мүмкін. Және біз оған қарсы шықсақ, ал ол бізден күштірек болса, онда осыдан кейін біз бұрыңғыдан қорланған күйге түсеміз, ал ол өзінің күпірлігінде және жауыздығында бұрыңғыдан да табанды түрде тұрып алады. Бұл сұрақтар шариғатты басшылыққа алатын ақылға мұқтаж. Және осындай мәселелерде біз өзіміздің сезімдерімізден қашықтауымыз керек. Бізге сезімдер рухтандыру үшін керек, бірақ біз опат болуға жетелейтін сезімдердің соңынан ілесіп кетпеуіміз үшін ақыл мен шариғатқа мұқтажбыз!" (Қараңыз "Бәбул-мәфтух" 3/126).

Сондай-ақ, Ибн Таймия да айыпталатын нәрсені түзетуде пайда мен зиян туралы маңызды ережені ескерудің керемет үлгісін көрсетті. Ол былай деп баяндайтын: *«Монгол-татарлар Дамаскке шабуыл жасап, оны алған соң мен өзімнің жақтаушыларыммен бірге олардан болған бір шарап ішіп отырған топтың жанынан өттім. Және менің жолдастарымның біреуі оларға сөгіс айтайын деді, бірақ мен оған: «Ақиқатында, Аллаһ шарапты, ол намаздан және Аллаһты зікір етуден тосып қалатын болғандықтан, тыйым салды, ал мыналарды шарап адам өлтіруден, балаларды тұтқындаудан және мал-мүлікті тартып алудан тосады. Сондықтан оларды қоя сал», - дедім"* (Қараңыз "әл-Истиқамә" 2/168).

Сондай-ақ, пайда мен зиян туралы мәселесіне байланысты көптеген ережелерді шейх Ибн әл-Қайим де өзінің "И'лямул-мууаққи'ин" 3/145-173 кітабында қарастырған.

«Нақты қалыптасқан жағдайды білу» (фиқһул-уәқи') ұғымы туралы

«Фиқһул-уәқи'» деген ұғымды «нақты қалыптасқан жағдайды білу» деп аударуға болады. Бұл жаңадан ойлап табылған термин. Оны біреулер ғалымдардың ауызын жабу үшін: "Олар (ғалымдар) ол жақта (немесе бізде) қалыптасқан нақты жағдай жөнінде хабардар емес!", – деп қолданып жүргені де белгілі. Бұл терминді үлкен ғалымдардың пікірімен келіспеген кез-келген біреу қолдануы мүмкін. Өйткені, ол адам ғалымдардың сөзін білім арқылы теріске шығара алмағандықтан: "Ол ғалымдар біздегі жағдайды білмейді ғой!" – деп айтуынан басқа шарасы қалмайды. Сөйтіп, ондай адам, өзінің қалыптасқан жағдай туралы «керемет» хабардар екендігін алға тартып, білгенін істейді.

Шейх Хаммад әл-Әнсари былай деген: *"Біздің заманымыздың ғалымдары нақты қалыптасқан жағдайды (уәқи') түсінбейді, білмейді дейтіндер қатты қателеседі, әрі мұндай сөз рұқсат етілмеген!"* (Қараңыз: «әл-Мәжму'» 2/584).

Шейх Муқбил былай деген: *"Қалыптасқан жағдайды білу жайында ең жақсы білетіндер – Сүннет иелері, ал бүгінгі күні сол Сүннеттің басында шейх Ибн Баз бен шейх әл-Әлбәни тұр!" (*Қараңыз: "Фәдаиху уә нәсаих" 110).

Шейх Салих Али Шейхқа соңғы кезде кең таралған «фиқһул-уәқи'» термині туралы сұрақ қойылғанда, ол былай деп жауап берді: *"Бұл сөз тіркесі «фиқһ» және «уәқи'» деген екі сөзден құралады, оның әрқайсысын біздің үмметіміздің сәләфтары (ілгеріде өткен ғалымдар) қолданған. Олар «уәқи'» сөзін жеке қолданған, сондай-ақ «фиқһ» сөзін де қолданған, мысалы, «фиқһул-Китаб», «фиқһу-Ссунна», «фиқһул-акбар», яғни '`ақида и т.с.с. Алайда, олар бұл сөздерді бірге «фиқһул-уәқи'» деп сөз тіркесі ретінде қолданбаған. Біздің үмметіміздің ғалымдары 14 ғасырдан бойы «фиқһул-уәқи'» деп аталатын терминді пайдаланбаған, осының өзі бұл атаудың дінге енгізілген жаңалық екендігіне көрсетіп тұр. Ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Кез-келген дінге енгізілген***

***жаңалық – бұл бид`а!»** – деген еді”* (Тыңдаңыз: “Шәрху мәсаилил-жәһилия” қысқартылған).

Сонда, қажылық пен `умраның үкімдерін Құран мен Сүннеттен білетін ғалым адам кедейлігіне байланысты қажылықты да, умраны да өзі жасай алмағандына байланысты басқаларға қажылық пен умраны үйретуге құқығы жоқ па?! Сондай-ақ, хайыз мәселелерінде нақты бір әйелге байланысты үкімді білу үшін ғалым нақты жағдайды (уәқи’) білу мақсатында оны шешіндіріп көріп шыққаннан кейін ғана оған байланысты фәтуә шығару керек деп ойласыздар ма?! Әлде оның өзінен шешім шығаруға қажетті барлық нәрселерді біліп алудың өзі жеткілікті ме? Надандар мен өз көңіл-қалауларының жетегінде жүргендердің дәйексіз сөздерін қабылдасақ, міне осындай көңілге қонбас, ақылға сыймас жәйттарға жетуіміз мүмкін.

Мәдинада өмір сүрген сахабаларға халифаттың түкпір-түкпірінен адамдар фәтуә алу үшін келетін еді, бірақ олардың ешқайсысы: “Сендер ол жерде не болып жатқанын білмейсіңдер ғой!” – деп айтпайтын еді. Сондай-ақ, Ибн Таймия өзінің отанына ғана емес, өзге де жерлерге байланысты фәтуәлар беріп: *“Мен – белгілі бір аймақтың адамы емеспін, мен -Сүннеттің адамымын»*, – дейтін еді (Қараңыз: “әл-Уқуду-ддария” 177).

Кез-келген ақыл иесі қалыптасқан жағдайды білетін, бірақ шариғатты білмейтін адам еш уақытта өздігінше шешім шығара алмайтынын түсінуі керек. Олар жағдайдан шығу жолын өз ойынан шығармай, қалыптасқан жағдай туралы білімді (уәқи’) ғалымдарға жеткізіп, олардың шешімін күтуі қажет. Өйткені, Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда ән-Нәхл сүресінің 43-аятында: **«Егер өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»**[102], – деп осылай істеуді бұйырып тұр.

Бұдан да басқа өзекті болған мәселе – дінде надан болған адамдар өздерін надан деп сезінбей, ғалымдардан бас тартып, мұсылмандардың ғаламдық мәселелерін шешуді өз мойындарына алатындығы. Ең көп зиян мен жамандықты дәл осындай өзінің білімді екеніне күмәнсіз сенген надандардың қабылдаған үкімдерінің кесірінен болады.

Шейх Ибн ‘Усәймин былай деген: *“Кейбір адамдар «фиқһул-уәқи’ті» білімге енгізіп: «Қалыптасқан жағдай туралы білімге ие емес адам – білім иесі емес!» – деп айтады. Олар пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Кімге Аллаһ Тағала жақсылық қаласа, оны дінде фәқиһ (дінде дұрыс түсінік иесі) қылады»****, – деген сөзін ұмытып кетті. Адам үшін қалыптасқан жағдай туралы ізденіп, пәленше мен түгенше немен айналысып жүргенін зерттеп, әрі радио, белгісіз бір парақшаларды оқу, немесе біреулердің жеткізген сөздері сияқты әлсіз және жалған ақпарат көздері арқылы қалыптасқан жағдайды зерттеумен айналысудан гөрі, діннің фиқһын білу, дұрыс құлшылық жасау, әрі таухид пен ықыласты білу жақсырақ! Шындығында, фиқһул-уәқи’ – бұл көңіл-қалауына еру! Сонымен қатар, әрбір адам қалыптасқан жағдайды өзінше сипаттайды”* (Қараңыз: “Шәрх Хилия талиб әл-‘илм” 41).

---

[102] Тіпті егер ғалымдар арасында қалыптасқан жағдай туралы бейхабарлық орын алған деп ойлаған жағдайда да, оларға бұл үшін сөгіс айтуға олар лайықты емес. Олар белгілі бір жағдайда қандай амал жасау керектігі туралы біледі, бірақ барлық болып жатқан оқиғалар туралы хабардар болуға міндетті емес. Сондай-ақ, олардың ешқайсысы қажетті болған барлық нәрсені біліп алмайынша, белгілі бір аймаққа байланысты фәтуә бермейді. Проблема барлығы – қалыптасқан жағдай туралы біліммен шектеліп, әрі діни білімі жоқ бола тұра, білім негізінде фәтуә алу үшін ғалымдарға жүгінбей, мұның орнына өз сезімдері мен эмоцияларының жетегінде кететін адамдарда.

Әсіресе осындай «өздігінен үкім шығарып сөйлеу» жиһәд мәселесіне де келіп тиді. Әй, мұсылмандар, айтыңыздаршы, бұл күрделі мәселелерді кім шешу керек? Шынымен де кез-келген мұсылман қолына қару алып, жасап жатқан істерінің барлығы жиһәд деп атала ма? Шынымен де басына тақия киіп, қолына жайнамаз алған кез-келген адам намазхан ба? Кез-келген құлшылықтың шарты бар болғаны секілді намаздың да шарттары бар, дәл сол сияқты намаздағыдай, жиһәдтың да өз шарттары бар. Имам әл-Бухари өзінің сахих хадистер жинағында бір тарауды *"Жиһадты жүргізудің, жаулармен бітім жасаудың шарттары және осы шарттарды жазу туралы"* деп атаған.

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Құран мен Сүннет жиһадты жасау туралы бұйрықтар мен оның артықшылықтарына толы. Алайда, шариғатта заңдастырылған, Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған жиһад пен кейбір адасқандар жүргізіп жүрген бид`а-жиһадтың айырмашылығын білу қажет! Олар жиһадты шайтанға бағынып жүргізіп жүр, алайда өздері жиһадты Мейірімді Аллаһқа бағынып жүргізудеміз деп ойлайды. Бұл – мұсылмандармен соғысатын хауариждер мен солар сияқты басқа өз көңіл-қалауына ергендер мен бид`атшылардың жиһады сияқты!"* (Қараңыз: "Радду 'аләл-Ахнәи" 326).

Егер тіпті Ибн Тәймияның кезінде де бид`а-жиһадын істейтіндер болған болса, онда біздің кезімізде қасиетті соғыс атын жамылған кейбіреулердің іс-әрекеті туралы не айтуға болады?! Және де мынадай сұраққа жауап беріңіздерші: «Қайсы жиһад – бид`а, қайсысы шариғатпен заңдастырылған екенін анықтайтын кім: шариғатты білетін адам ба, әлде соғыс ісінен хабардар адам ба?».[103]

Өкінішке орай, мұсылмандардың қанын төгумен байланысты мәселелерді еш қиналмай-ақ шешуге кірісіп жүргендердің көбінен нифас немесе хайыз кезіндегі қан жайында сұрасаңыз, олар жауап беруге қиналып: "Білетіндерден сұра", – дейді. Ал бұл дүниеде мұсылманның қанынан асқан құнды нәрсе бар ма?! Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Аллаһ Тағала үшін бұл әлемнің түгелдей опат болуы – иман келтірген адамның жазықсыз өлтірілуімен салыстырғанда маңызы төмен»*** (Қараңыз: "Сахиху-ттарғиб" 3/202).

Кейбіреулер жоғарыда айтылған сөздерге келіспей: "Бірақ, кейде адамдар ғалымдардан түсіндірме күткен кезде олар үнсіз қалады ғой?" – деп айтуы мүмкін. Йә, кейде олар үнсіз қалады, енді үнсіз қалса не болыпты?! Егер ғалымдар кейде үнсіз қалса, мұсылман үмметіне байланысты күрделі мәселелерде не істеу керек екенін кез-келген адам шеше беруге болады дейміз бе?! Шейх Салих әл-Фәузанға: "Кейбір студенттер ғалымдардың үнсіз қалуына өздерінің ренжуін білдіріп жатыр. Осы жөнінде не айтасыз?" – деген сұрақ қойылғанда, ол: *"Кейде пайда үнсіздікте болады, ал кейде пайда сөздерде болады, әрі ғалымдар пайда мен зиянға қарайды да, үнсіздік абзал болған*

[103] Біздің кезімізде жас, әрі діннен бейхабар болған мұсылмандардың жиһад мәселесін ғалымдар емес, мужәһидтер шешу керек деген сыңайлы сөздерді жиі естуге болады. Дәлел ретінде олар имам Ахмадтың мына сөздерін келтіреді (олардың кейбіреулері бұл сөздерді хадис деп те айтады): *"Егер адамдар бір мәселеде қайшылықта болса, онда шекаралас аудандардың тұрғындары (әһл әс-суғур) қандай пікірде екеніне қараңдар"*. Алайда, «әһл әс-суғур» дегеніміз – жиһадта жүрген, немесе шайқастар болып жатқан аймақтарға жақын тұратын, әрі қалыптасқан жағдай туралы көбірек хабардар болған ғалымдар екенін олар біле бермейді. Жиһад мәселелерін мужәһидтерден оқып, сұрау керектігі туралы айтар болсақ, бұл – Аллаһ Тағаланың мужәһидтерден емес, керісінше ғалымдардан сұрауды бұйырған: **«Егер өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»**, – деген сөздеріне қайшы келеді (Нәхл сүресі, 43-аят).

кезде олар сөйлемейді және сөз айту абзал болған кезде олар үнсіз қалмайды. Ал бір нәрселер орын алып жатса, бұл жөнінде кез-келген адамға айта беруге рұқсат етілмейді. Ол туралы Аллаһ Тағала былай дейді:

«Қашан оларға (мұсылмандарға) аманшылықтан немесе қауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны, пайғамбарға немесе өздерінің іс басындағыларына ұсынса, олардан оның мән-жайын зерттей алатындар білер еді» (Ниса сүресі, 83-аят).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия былай деген: *"Шындығында, жауабы – үнсіздік болған сұрақтар бар, дәл шариғат белгілі бір нәрселердің міндетті, немесе басқа нәрселердің харам екендігі туралы Ислам көтеріліп, әрі таралып кетпегенше үнсіздік қылғаны секілді.*[104] *Сондай-ақ, ғалым да ақиқатты жеткізуде және түсіндіруде осылай істейді. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір шариғи заңдарды түсіндіруге мүмкіндігі пайда болған уақытқа дейін Аллаһ Тағала оларды түсіндіруді кейінге қалдырып қойғаны тәрізді, кейде ғалым да белгілі бір нәрселерді түсіндіруді немесе жеткізуді тура келетін уақытқа дейін қалдырып қоюы мүмкін!"* (Қараңыз: "Мәжму'ул-фәтәуә" 20/58).

Әл-Ә'мәш былай деген: *"Үнсіздік те –жауап!"* (Ибн Хиббән "Раудатул-'уқалә" 170).

ҚОРЫТЫНДЫ

Көптеген мұсылмандар білімді лайықты түрде құрметтемейді, әрі бағаламайды, оның басты себебі – қазіргі күні білім әрбір адамға қол жетімді болып қалды, ал бұрындары біздің ізгі ата-бабаларымыз білім іздену үшін ұзақ сапар шегетін еді! Мәселенкей, Жәбир ибн 'Абдуллаһ деген сахаба 'Абдуллаһ ибн 'Унәйстан бір хадис есту үшін оған бір ай бойы жол жүріп барған (Қараңыз: "Сахих әл-Бухари" 1/243). Сонымен қатар, бір күні Хорасаннан келген бір кісі имам әш-Шә'биден бір хадис туралы сұрады. Ал әш-Шә'би оның сұраған хадисін айтып берген соң былай деді: *"Осы хадисті ал! Мен саған бұны жәй әншейін беріп отырмын, ал жұрттар осы үшін Куфадан Мәдинаға сапар шегеді!"* (Муслим 154). Алайда, өзекті өртейтін бір жайт бар: бүгінгі күні, шейх Ибн 'Усәймин айтқандай, адамдар егер дін туралы сұраса, тек білу үшін ғана сұрайды, істеу үшін емес. Ал пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары бастаған сәләфтар білімді тек өмірде жүзеге асыру үшін біліп үйренген еді. Әбу әд-Дарда былай деген: *"Шынында, Қиямет Күні бәрінен бұрын ең қатты қорқатын нәрсем – есепке тартылғанда: «Сен білдің ғой, ал білген нәрсеңнен не істедің?!»"* (Ибн әл-Мубәрак "әз-Зуһд" 39, әл-Хатыб 45. Шейх әл-Әлбәни хабарды жақсы деді).

---

[104] Ұзақ уақыт бойы көптеген тыйымдар бекітілмеген еді, әрі осыда Аллаһ Тағаланың даналығы болған. 'Айша былай деген: *"Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алғашқы түскен сүрелер – Тозақ пен Жәннәтты егжей-тегжейлі бейнеленген сүрелер еді. Ал адамдар Исламда орныққан кезде, бұйрықтар мен тыйымдар уахи етілді. Егер де алғашқы уахилар шарап ішуге тыйым салғанда еді, онда адамдар: "Біз ешқашан шарап ішуді қоймаймыз!" – деп айтар еді. Егер де алғашқы аяттар зина жасауға тыйым салғанда еді, онда адамдар: "Біз ешқашан зина жасауды қоймаймыз!" – деп айтар еді"* (әл-Бухари 4993).

Осы еңбекті оқыған әрбір адамға айтарымыз: «Енді біліп алған нәрселеріңе еріңдер!». Суфьян ибн ‘Уяйнә былай деген: *“Жақсы мен жаман туралы білетін кез-келген адам ақыл иесі бола бермейді. Шын мәнінде, ақыл иесі – бұл жақсы нәрсені көріп, соған еретін, әрі жаман нәрсені көріп, одан бойын аулақ ұстайтын адам!”* (Қараңыз: “әл-Хилия” 8/339).

Имам әш-Шәфи’и былай деген: *“Білім – бұл жаттап алынған нәрселер емес, білім дегеніміз – бұл пайда әкелетін нәрсе!”* (Қараңыз: “әл-Хилия” 9/123).

Уа, мұсылмандар! Әһлю-суннаның атын жамылып, надандардың көз алдында бос, әрі негізсіз дәйектермен ақиқатты теріске шығарып жатқан, адасуға жетелейтін адамдардан сақ болыңыздар! Ибн әл-Қайим: *“Өз көңіл-қалауына ергендердің әдеті – Сүннетті өтірік арқылы теріске шығару болып табылады”*, – деген (Қараңыз: “Шифәул-ғалил” 26).

Сәләфтардың жолымен жүруді қаламайтын, әрі белгісіз бір жаңадан шыққан нәрсеге шақырушы адамдардан аулақ болыңдар! Ибн Тәймия былай деген: *“Бид`ашылардың белгісі – ізгі ата-бабалардың ізінен еруден бас тарту (әс-сәләфу-ссалих) болып табылады”* (Қараңыз: “Мәжму’ул-фәтәуә” 4/155).

Ал, өз көңіл-қалауына ілесіп, тек өздерінің дүниетанымына сәйкес келетін нәрсемен ғана шектелетін адамдарға келер болсақ, бұл – тәкәппарлық, әрі сол тәкәппарлықтың кесірінен олар Аллаһ Тағаланың дінін тани алмайды. Құдіретті Аллаһ Тағала ол жөнінде:

«Жер жүзінде орынсыз түрде даңдайсып тәкәппарланғандарды белгілерімнен бетін бұрып жіберемін», – деп ескертеді (Ә’раф сүресі, 146-аят).

Суфьян ибн ‘Уяйнә былай деген: *“Бұл сөздердің мағынасы – Аллаһ Тағала ондай тәкәппарланған адамдардан Құранды түсіну қабілетін алып қояды”*(Ибн Әбу Хатим 2/239).

Имам әз-Заркаши былай деген: *“Құранның мағынасы мен құпиясы мына адамдарға ашылмайды: жүрегінде бид`а, көңіл-қалауы, дүниеге деген махаббаты бар адамдарға, күнә істерде ынталылық танытатындарға немесе иманын күшейтуге ұмтылмайтын әлсіз имандыларға; немесе егер ол білімі жоқ тәпсіршінің сөзіне сүйенетін болса; немесе тек өзінің ақылымен жеткен нәрсені қолданатын болса. Аталған әрбір белгі (білім алуға) кедергі болады, әрі біреуі басқасына қарағанда мығым болуы мүмкін”* (Қараңыз: “Тәфсир әс-Суюты” 1/81).

Әй мұсылмандар, әһлю-Сунна ғалымдарын қадірлеңдер және олар Аллаһтың діні мен мұсылмандарға ұлылықты, сондай-ақ күпірлік пен кәпірлер үстінен жеңісті бізден гөрі артығырақ қалайтынын біліңдер! Ақиқатқа ілесіңдер, тіпті сізден барлық адам бас тартса да! Әртүрлі партиялар мен жамағаттарды қолдаушылардың санының көптігіне алданбаңдар!

Ибн Мәс’уд былай деген: *“Жамандықта жетекші болғаннан гөрі, ізгілікте ілесуші болған жақсы”* (Ибн Әбу Шәйбә 37188, Ибн Уәдах 1/78. Иснады сенімді).

Имам әл-Әуза’и былай деген: *“Сәләфтардың ізінен ер, тіпті егер барлық адамдар сенен бас тартса да. Адамдардың пікірінен аулақ бол, тіпті егер олар өз сөздерін әдемі етіп көрсетсе де” (*Қараңыз: “әш-Шәри’а” 1/193).

Имам әл-Фудайл ибн ‘Ийяд былай деген: *“Тура жолға ер, әрі саған құтылғандардың санының аздығы зиян тигізбейді. Адасқан жолдардан аулақ бол, әрі опат болғандардың санының көптігімен алданба!”* (Қараңыз: “әл-Әзкар” 238).

1200 жыл бұрын өмір сүрген ғалым Юнус ибн ʻУбәйд былай деген: *“Бүгінгі күні кейбіреулердің Сүннетке шақырғаны таң қалуға лайықты, бірақ одан да қатты таң қалдыратыны – біреулер осы шақыруға жауап беріп, Сүннетті қабылдап жатқаны!”* (Әбу Нуʻайм “әл-Хилия” 3/21).

Сол сияқты 1200 жыл бұрын өмір сүрген имам Әбу ʻУбәйд әл-Қасим ибн Саләм былай айтқан: *“Сүннетке ерген адам қолына шоқ ұстаған адам секілді. Қазіргі кезде мен үшін мұндай адам Аллаһтың жолында қылыш сермеген адамнан да артығырақ!”* (Қараңыз: “Тарихул-Бәғдад” 12/410).

Біз ең алдымен өзімізді өзіміз, одан кейін барлық мұсылмандарды сәләфтардың жолын ұстануға, әрі пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жалғыз дұрыс болған жамағатында болуға шақырамыз! Осы жамағаттың басшылығында ол өзінің мирасқорлары болған – ғалымдарды қалдырды!

Осы еңбектегі ақиқатқа сәйкес келгені – Мейірімді, Құдіретті Аллаһ Тағаладан, ал егер бір нәрселерді қалыс қалдырсақ немесе қателескен жеріміз болса – бұл бізден және адамдарды тура жолдан ауытқытып, адастыруға барын салатын шайтаннан, ал Аллаһ Тағала – Ол Ұлық және Пәк – кез-келген кемшілік атаулыдан алыс!

Сөз соңында әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақтар айтамыз!
Пайғамбарымызға, оның отбасы мүшелеріне, сахабаларына және олардың ізінен шынайы ықыласпен ілескендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Әдебиеттер

1. **«Жәми'ул-бәян 'ан тауили аяил-Құран»** Ибн Жәрир ат-Табәри.
2. **«Әхкәмул-Құран»** Әбу Бәкр ибн әл-'Араби.
3. **«Жәми'у ли әхкәмил-Құран»** Әбу 'Абдуллаһ әл-Құртуби.
4. **«Мә'алиму-ттанзил»** әл-Бәғауи.
5. **«Тәфсирул-Құранил-'Азым»** Ибн Кәсир.
6. **«Тәфсирул-Кәрими-Ррахман»** 'Абдур-Рахман әс-Са'ди.
7. **«Әдуәтул-бәян фи тәфсирил-Құран бил-Құран»** Мухаммад Әмин әш-Шәнқити.
8. **«Фәтхул-Бәри шәрху Сахихил-Бухари»** Ибн Хәжәр әл-'Асқаләни.
9. **«Шәрху Сахихи Муслим»** Яхъя ибн Шәраф ән-Нәуәуи.
10. **«'Аунул-мә'буд, шәрху Суннан Әби Дәуд»** Шәмсул-Хаққ 'Азым Абәди.
11. **«Тухфәтул-әхуәзи, шәрх Жәми' әт-Тирмизи»** Мухаммад 'Абдур-Рахман әл-Мубәракфури.
12. **«Сунан ән-Нәсаи»**.
13. **«Сунан Ибн Мәжәһ»**.
14. **«Сунан әд-Дәрими»**.
15. **«Китабу-Ссунна»** Ибн Әби 'Асым.
16. **«Фәйдул-Қадир би шәрхил-Жәми'и-ссағир»** 'Абдур-Рауф әл-Мунәуи.
17. **«Силсиләтул-әхадиси-Ссахиха»** Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни.
18. **«Сахихул-жәми'и-ссағир»** Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни.
19. **«Сахиху-ттарғиби уә-ттархиб»** Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни.
20. **«әл-Мәтжуру-ррабих фи cауәбил-'амәли-ссалих»** Шәрафуддин әд-Думьяты.
21. **«Китабул-'илм»** Әбу Хайсамә.
22. **«Китабул-иман»** Ибн Әби Шәйбә.
23. **«Усулю-Ссунна»** Ахмад ибн Ханбал, Уәлид ибн Сайф Насырдың **«Сабилюл-Жәннә»** түсіндірмесімен.
24. **«Шәрху-Ссунна»** Әбу Мухаммад әл-Бәрбәһәри.
25. **«әш-Шәрху уәл-ибәнә 'алә усули Ссуннати уә-ддиянә»** Әбу Абдуллаһ Ибн Батта.
26. **«Әхләқул-'уләмә»** Әбу Мухаммад әл-Әжурри.
27. **«Шәрафу әсхабил-хадис»** әл-Хатыб әл-Бәғдади.
28. **«Жәми'ул-бәянил-'илм уә фәдлих»** Ибн 'Абдул-Бәрр.
29. **«әл-Амру билл-мә'руф уә-ннәхью 'анил-мункәр»** Ибн Тәймия.
30. **«әс-Сиясату-шшәр'ия»** Ибн Тәймия, шейх Ибн 'Усәйминнің **түсіндірмесімен**.
31. **«Жәми'ул-'улюми уәл-хикәм»** Зайнуддин Ибн Ражәб.
32. **«әл-И'тисам»** Әбу Исхақ Ибраһим әш-Шәтыби.
33. **«Әхадис фил-фитани уәл-хауәдис»** Мухаммад ибн 'Абдул-Уәһһәб.

34. **«әд-Дарарийул-мәдыя шәрху-ддарарул-бәхия»** Мухаммад әш-Шәукәни.
35. **«Фәтхул-Мәжид шәрху Китаби-ттаухид»** ʻАбдур-Рахман ибн Хасан Али Шейх.
36. **«әт-Таʼлиқату-ссания»** Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни.
37. **«Фиқһул-уәқиʼ»** Мухаммад Нәсыруддин әл-Әлбәни.
38. **«Шәрху әрбәʼина-Ннәуәуи»** Мухаммад ибн Салих әл-ʻУсәймин.
39. **«Қаулюл-муфид шәрху Китаби-ттаухид»** Мухаммад ибн Салих әл-ʻУсәймин.
40. **«Шәрху Рияды-ссалихин»** Мухаммад ибн Салих әл-ʻУсәймин.
41. **«әл-Мәхражу минәл-фитна»** Муқбил ибн Хади әл-Уәдиʼи.
42. **«Раддул-жәуәб»** Ахмад ибн Яхья ән-Нәжми.
43. **«Мәнһәжу-ссәләфи фил-ʻ`ақида»** Салих ибн Саʼд әс-Сухайми.
44. **«әл-Уәжиз фи мәнһәжи-ссәләфи-ссалих»** ʻАбдул-Қадир әл-Әрнәут.
45. **«Мән хумул-ʻуләмә»** ʻАбдус-Саләм ибн Бәржәс.
46. **«Муʻамәләтул-хукәм фи дауил-Китаби уә-Сунна»** ʻАбдус-Саләм ибн Бәржәс.
47. **«әл-Амру би люзуми жәмәʼатил-муслимин уә имамихим, уә-ттахзири мин муфәриқатихим»** ʻАбдус-Саләм ибн Бәржәс.
48. **«Силсиләтул-мәнәхия-шшәрʼия»** Салим әл-Хиләли.
49. **«әл-Фәуәидул-хисан»** Салим әл-Хиләли.
50. **«Лимәза-хтартал-мәнһәжә сәләфий»** Салим әл-Хиләли.
51. **«Изхарул-хақил-мубин фи-ддифәʼи ʻан ʻуләмәил-муслимин»** Мухаммад ибн Хамд ибн ʻАтиқ.
52. **«Мәдарику-нназар фи сияса»** ʻАбдул-Мәлик Рамадани әл-Жәзаири.
53. **«Фәтауәл-ʻуләмәул-акәбир фимә ухдира мин димәин фил-жәзаир»** ʻАбдул-Мәлик Рамадани әл-Жәзаири.
54. **«әс-Сабилю иләл-ʻиззи уә-ттамкин»** ʻАбдул-Мәлик Рамадани әл-Жәзаири.
55. **«Тағайрул-фәтуә»** Мухаммад ибн Салим Бәзмул.
56. **«Муʻамәләтул-ʻуләмә»** Мухаммад ибн Салим Бәзмул.
57. **«Кәшфу шубухат фи мәсаилил-ʻахди уәл-жиһад»** Фәйсал әл-Жәсим.
58. **«әл-Қаулюл-бәдиʼ фи мәʼрифәти зууил-фәдли уә-шшәрфи-ррафиʼ»** Яхья ибн Мухаммад әд-Дайләми.
59. **«әл-Ғулюу уә музахирихи фил-хаятил-муʼасыра»** ʻАли ибн Яхья әл-Хаддади.
60. **«Уә жәдил-хум би-лләти хия әхсан»** Ибн Сахбәт әл-ʻУтайби.
61. **«Тамйизул-уләмә минәл-муфәккиринә уәл-хутабә»** Мухаммад ибн Саʼид ибн Раслән.
62. **«Танбихул-әфәдыл ʻалә талбисати әһлил-батыл»** Мухаммад әс-Сауәмиʼи.
63. **«Тафжират уәл-әʼмәлюл-ирхабия»** Әбу ʻАбдул-Әʼлә Халид әл-Мисри.
64. **«әл-Кәуәшифул-жәлия ли фуруқи бәйнә сәләфия уә-ддәʻауәтил-хизбийә әл-бидʻия»** Мухаммад ибн Рамазан әл-Хажири.
65. **«Фәслюл-хитаб фи-ттахзири мин фитнәти таʼаддудил-жәмәʼати уәл-әхзаб»** Салих ибн ʼАбдуллаһ әл-Яфиʼи.
66. **«Рисаләту әхауия лимәза таракту дәʻуәтал-ихуәнил-муслимин уә табәʻту әл-мәнһәж әс-ссәләфи»** Фәйсал Қаид әл-Хашиди.
67. **«Мәʻалим фи мәнһәжи-ттаифәтил-мәнсура»** Фәиз ибн Хусайн әс-Саләх.
68. **«әл-Хауи мин фәтәуә-шейх әл-Әлбәни»**.
69. **«әл-Фәтәуә шәрʼия фил-қадая әл-ʻасрия»**.

70. **«әл-Фәтауәл-мухиммә фи табсырил-умма»**.